




ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы



М. Балақаев, Е. Жанпейісов,
М. Томанов, Б. Манасбаев

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СТИЛИСТИКАСЫ



Білімді жазып үйренейік



**М. Балақаев, М. Томанов,
Е. Жанпейісов, Б. Манасбаев**

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СТИЛИСТИКАСЫ

Оқулық

Өңделіп үшінші басылуы

АЛМАТЫ, 2005

ББК 81.2 Каз-5
Б-22

*«Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығын өңдеп,
басылымға дайындаған Бердібай Шалабай,
филология ғылымының докторы, профессор.*

Б 22 Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б.

Қазақ тілінің стилистикасы. Оқулық, 3-ші басылым.
– Алматы: «Дәуір», 2005 ж. – 256 бет.

ISBN 9965-749-07-8

Бұл оқулықтың қазақ тілін толық меңгеріп, жазу, оқу, өз ойын, пікірін білікті, шешен деңгейде жеткіземін деп талап етушілерге үлкен көмегін тигізетіні сөзсіз. Қазіргі кезеңде қазақ тіліне жазу мен мәнерлеп сөйлеуге шорқақ және оның ішінде көркемдеп, әдемі жазу әдістерін грамматикалық тұрғыдан қолдануы төмен азаматтар арамызда көбейіп келеді. Осы тұрғыдан алғанда бұл кітаптың ұстаздарға, студенттерге, журналистерге және қазақ тілін толық меңгерсем деген азаматтарға пайдалылығы өте зор.

Б 4602020400
462(05)-05

ББК 81.2 Каз-5

ISBN 9965-749-07-8

© Балақаев М., Томанов М.,
Жанпейісов Е., Манасбаев Б.

© Қазақстан жоғары оқу
орындарының қауымдастығы

АЛҒЫСӨЗ

Ұсынылып отырған кітап «Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығының үшінші басылымы. Екінші басылымы жарыққа шыққан 1974 жылдан бергі уақытта стилистика ғылымының даму деңгейі де өсті, стилистика пәнін оқытуда да көптеген жаңа, оң тәжірибелер жинақталды. Бұл айтылғандардың үстіне еліміз тәуелсіздік алып, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Осыған орай қазақ тілінің қолдану өрісі кеңейді, функционалдық стильдерінің аясы да бұрынғыға қарағанда әлдеқайда артты. Осы өзгерістер стилистика оқулығының жаңадан жазылатын нұсқасында ескеріліп, кейін баспадан шығарыла жатар, ал әзірше бұрынғы оқулықтың да құндылығы жойылмағандығын, осы уақытқа дейін пайдаланып келе жатқанын және осы күні студенттердің қолына түсе бермейтін, сирек кездесетін кітапқа айналғандығын ескеріп, баспа ұжымы бұл оқулықты қайта шығаруды қолға алып отыр.

Осыған байланысты жаңа басылымда оқулықтың теориялық бөлімі сол күйінде қалдырылып, тек мысалдары ғана қазіргі заманға лайықталып және кеңестік кезеңнің сөз қолданыстарына тән кейбір сөз орамдары ғана өзгертілді.

Оқулықтың «Стилистиканың жалпы мәселелері» (1-11§), «Фразеология» (29-42§) тақырыптарын Б. Манасбаев, «Лексиканы» (12-28§) – Е. Жанпейісов, «Морфологияны» (43-48§) – М. Томанов, «Синтаксис» (49-58§) тақырыбын М. Балақаев жазған.

Б. Шалабай,
филология ғылымының докторы, профессор

Бірінші бөлім

СТИЛИСТИКАНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

§ 1. Стилистика курсының міндеті мен мақсаты

Стилистика - тіл білімінің бір саласы. Оның тарихы әріден басталғанмен, қазақ тіл білімінде стилистика мәселелерін зерттеуге жаңа-жаңа көңіл бөліне бастады. Қазақ тілі стилистикасының мәселелері арнайы зерттеу нысаны бола алмай келді. Сонда да қазіргі қазақ оқулықтары мен оқу құралдарында және көркем шығарма тілі жайында жазылған еңбектерде тіліміздің кейбір стильдік құбылыстары жайында жазылған азын-аулақ пікірлерді кездестіруге болады. Орыс тіл білімінде стилистика мәселелерінің зерттелуі көптен бері қолға алынып, бұл саладан біраз жұмыстар жарияланды. Солардың ішінен А. М. Пешковский, Л. В. Щерба, В. В. Виноградов, Г. В. Винокур, А. Н. Гвоздев, А. И. Ефимов, В. П. Мурат сияқты зерттеушілердің еңбектерін атауға болады. Стилистиканың бірқатар проблемалық мәселелері 1954 жылы “Вопросы языкознания” журналы ұйымдастырған дискуссия материалдарында да қамтылған.

Журналда көтерілген негізгі мәселелер: стилистиканың мақсаты мен міндеті, тілдік құбылыстардың стилистикаға қатысы, функциональды стильдер, тіл білімінде стилистиканың алатын орны т. б. Ондағы сөз болған мәселелерді қорыту ретінде академик В. В. Виноградовтың мақаласы жарияланды¹. Осы дискуссиядан кейін стилистика мәселелерін зерттеу жұмысы жандана бастады, көп кешікпей стилистика жөнінде еңбектер жарық көрді.

Стилистикадағы негізгі ұғымдардың бірі — с т и л ь.

¹ В. В. Виноградов. Итоги обсуждения вопросов стилистики “Вопросы языкознания”, 1955, № 1.

Оны осы күнге дейін әркім әр түрлі түсінеді. Себебі стиль терминінің мазмұны кең, оның жұмсалатын орны көп¹. *Стиль* — латынша *stylos* (қазақша — жазу құралы) деген сөз. Латын тілінде кейіннен стиль сөзі “жазу мәнері” деген мағынада қолданылатын болған.

Оның осы мағынасы Европа білімпаздарының арасына көп тараған. Орта ғасырларда Грецияда, Римде *с т и л ь* — сөзге сендіру, нандыру тәсілі, стилистика — риторика (шешендік) өнері болып саналған. Үнді оқымыстылары стильді мәнерлеп сөйлеу, ал стилистиканы мәнерлеу туралы ғылым деп есептеген. Кейін, ұлттық әдеби тілдің қалыптасу дәуірінде, кейбір елдерде стиль белгілі бір әдеби жанрға тән тілдік құрал деген ұғымда қолданылды. Бұл ұғым Россияға да кең тараған болатын. Мысалы, Ломоносовтың үш стилі (жоғары, орташа, төмен) осы жанрлық принципке негізделген.

Сөйтіп, лингвистикада “стиль” жазу мәнері, сөзге сендіру тәсілі, мәнерлі сөйлеу және белгілі бір әдеби жанрға тән тілдік құралдар жүйесі деген сияқты көптеген мағынада қолданылып келген. Ал стилистика көбінесе шешендік өнері туралы ғылым ретінде танылған. Ол тек ХХ ғасырдың бас кездерінде ғана шешендік өнерінен бөліне бастайды. В. Г. Белинский былай дейді: “Сөйлеу өнерінің, әсіресе жазу өнерінің, зерттеуді өте қажет ететін өзінің техникалық жақтары бар”². Белинскийдің пікірінше, тіл өнерінің осы “техникалық жақтары”, яғни тілдің қолдану тәсілдері мен заңдылықтарын зерттеу мәселесі (риторика емес), стилистиканың үлесіне тиеді. Бірақ стильдің жалпыға танылған белгілі анықтамасы әзірге жоқ. *Стиль* терминінің алғашқы мағыналары қазір де жойылмағандықтан сол ұғымдар негізінде стилистиканы тіл білімінің маңызды саласының бірі деп тануға болады; стилистиканы дербес пән ретінде оқытудың мәні зор.

Стилистика - ең алдымен *с т и л ь* туралы ғылым. *Стиль* деп белгілі бір тілдегі лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тәсілдердің қолданылу принциптерін айтамыз.

¹ “Стиль” термині әдебиет тану, бейнелеу өнері, музыка тағы басқа ғылым салаларында да кеңінен қолданылады.

² В. Г. Белинский. Избр. соч., М., 1948, стр. 147

Бір ұғымды айтып, не жазып жеткізу үшін қажетті тілдік тәсілдерді сұрыптап қолдануға болады. Бұл ретте әсіресе тіліміздегі синонимдер мен оның варианттары көбірек пайдаланылады. Мұндай синонимдердің түрі әр алуан: лексикалық синонимдер мен фразеологиялық синонимдер, морфологиялық синонимдер (варианттар) мен синтаксистік синонимдер. Лексикалық синонимдерге мына тәрізді сөздер жатады:

- | | |
|---------------------|---------------------|
| 1) <i>Айту</i> | 1) <i>Мылжындау</i> |
| 2) <i>Сөйлеу</i> | 2) <i>Көпіру</i> |
| 3) <i>Міңгірлеу</i> | 3) <i>Көку</i> |
| 4) <i>Күмілжу</i> | 4) <i>Оттау</i> |
| 5) <i>Мыңқылдау</i> | 5) <i>Бөсу.</i> |

Бұл синоним сөздердің бәрі сөйлеудің әр түрлі сипатын білдіреді. Әр түрлі жағдайда қолданылады. Сондықтан олардың мағыналық рендері біркелкі емес. Бірі жағымды, бірі жағымсыз, бірі кекесінді, бірі тұрпайы ренде қолданылатынын аңғару қиын емес.

Біреудің сөзін сөйлеп, біреуді жақтау деген ұғымды тұрақты сөз тіркестері арқылы беруге болады.

*Сойылын соғу,
жыртысын жырту,
шашбауын көтеру*

сияқты синонимдес фразеологизмдер біздің тілімізде көп кездеседі. Сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарынан басқа олардың әр түрлі қосымша рендері болады:



Бұл сөйлемдердегі сөздердің лексикалық мағыналары *сөйле, мылжында, көпір, көкі* болса, ал грамматикалық ма-

ғыналары *-ды, -ді* арқылы берілген. *Сөйледі, көп сөйледі* және *мылжындады, көпірді, көкіді, көк езу болды* деп қолдануда айырмашылықтары жоқ емес. Соңғыларының қосымша рендері басым сезіледі.

Тіліміздегі сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарынан басқа осындай қосымша реңін эмоциональды-экспрессивті бояу дейді. Оларды сондай-ақ тілдің стильдік сапасы немесе мәнерлі тәсілдері деп те атайды. Стильдік сапа немесе мәнерлегіштік сипат тек лексика мен фразеологияға ғана тән құбылыс емес. Стильдік сапа - тілдік единицалардың қай-қайсысына да тән құбылыс. Морфологиялық тұлғалар мен синтаксистік құрылыстардың да мәнерлегіштік сипатын дәлелдейтін көптеген мысалдар келтіруге болады: *сөйлегіш, сөйлемпаз, сөзшең, сөзуар, сөз құмар* т. б.

Бұл сөздердің де, жоғарыда келтірілген мысалдардай, эмоциональды-экспрессивті бояуы айқын сезіледі. Осы сөздерге мұндай өң, бояу беріп тұрған морфологиялық тұлғалар (форма) екенін аңғару қиын емес.

*Долларшыл топ — соғыс құмар бөспенің,
Тілейміз біз жер бетінен өшкенің.*

(“Бейбітшілік даусы”).

Осында *соғыс құмар* деген сөздің *соғысқор, соғысшыл* сияқты әр түрлі ренділікті білдіретін синонимдері бар. *Ашушаң, ашуқой, ашуланшак, ашуланғыш* дегендердің де синонимдес екенін байқаймыз. Кейде мұндай рең дамыту тәсілімен де беріледі. Мысалы: *көгілдір, көкшіл, көкшілтім, көктеу, көгірек, көк, өте көк, шымқай көк, тым көк*. Морфологиялық тәсілмен берілетін жеке ұғымдарды синтаксистік тәсілмен де түсіндіруге болады. Мысалы:

Ақылды — ақылсыз емес.

Біледі — білмей тұрған жоқ.

Түсінеді — түсінбейді емес.

Түсінді — түсінбей тұрған жоқ.

Синтаксистік құрылыстың ойды айтып немесе жазып жеткізуде айрықша мәні бар. Әдетте сөйлемдердің айтылу-

ына, қолдану тәсіліне қарай әр түрлі реңдері болады. Олар көбінесе сөздердің орын тәртібі және сөйлемнің құрылысы арқылы беріледі. Бірінші мысал:

1. *Сені шақыра барған кім?*
2. *Сені кім шақыра барды?*
3. *Кім сені шақыра барды?*
4. *Кім сені шақырды?*
5. *Сені кім шақырды?*
6. *Шақырған кім сені?*

Алдыңғы үш сөйлем бір-бірімен мағыналас, *шақырушы кім?* деген ұғымды білдіреді. Ал соңғы сөйлемдердің мағыналары екі ұшты, айқын емес. Біріншіден, *шақырушы кім* деген ұғымды білдірсе, екіншіден, ол адамның келгенін жақтыртпау реңі сезіледі. Екінші мысал:

1. *Бүгін күн ыстық.*
2. *Бүгін күн ыстық екен,*
3. *Бүгінгі күннің ыстығын-ай!*
4. *Бүгін күн қандай ыстық!*
5. *Не еткен ыстық күн!*
6. *Мұндай да ыстық болады екен!*

Бұл мысалдарда күннің ыстықтығы әр түрлі реңмен берілген.

Сөздердің сөйлемдегі орын тәртібінің қалай орналасуының айрықша стильдік мәні бар. *Ахмет бүгін лекцияға келген жоқ* деген сөйлемді алайық. Егер лекцияға келмеген Ахмет екеніне баса көңіл бөлгіміз келсе, онда сөйлемді былай құрамыз. *Бүгін лекцияға Ахмет келген жоқ.* Ал Ахметтің лекцияға келмей қалғаны тек бүгін ғана дегіміз келсе, *Ахмет лекцияға бүгін келген жоқ* дер едік.

Сөздердің орын тәртібі жеке-жеке сөздердің мағыналарының өзгеруіне ғана әсерін тигізіп қоймайды, сонымен бірге бүкіл сөйлемге ықпал жасайды. Оны, *тіпті, да/де, та/те* арқылы келетін сөйлемдерден аңғаруға болады. Мысалы: *Бұл сұрақ Омаров сияқты студентке де қиын болар* (мұның мағынасы: *Бұл сұрақ Омаровтай жақсы студентке де қиын*). *Бұл сұрақ та Омаров сияқты студентке қиын бо-*

лар (мұндағы мағына: Омаровтай нашар студентке бұл сұрақ та қиын).

Сөйлеуде (речь) сөз бен сөйлем құрылысының дұрыс және айқындығының үстіне, дыбыс үйлесімділігі (благозвучие) болуы да шарт. Дыбыс үйлесімділігі, біріншіден, біркелкі дыбыстардың бір жерге жиналуынан сақтандырса, екіншіден, сөйлеудің мәнерлілігін арттырады. Сондықтан дыбыс үйлесімділігі оқуға және тындаушының қабылдауына үлкен жеңілдік туғызады. Бұл — фонетикалық тәсілдердің практикалық мәні.

Әр түрлі стильдік сапа, мәнерлегіштік сипат тілдік единицалардың барлығында да болады. Сондықтан стилистиканың объектісі — лексикология, семасиология, грамматика және фонетика зерттейтін единицалар. Бірақ тіл білімінің бұл салалары тілдік единицалардың стильдік сапасын қарастырмайды.

Лексикология және стилистика. Лексикология сөздердің шығу тегін, сөз құрамын, оның баю жолдарын қарастырса, стилистика сөздердің қолданылу заңдылықтарын, сөздер мен сөз тіркестерін экспрессивтік тұрғыдан дұрыс пайдаланылу принциптерін зерттейді.

Семасиология және стилистика. Семасиология — тіліміздегі бейнелегіш тәсілдердің мағынасын, оның өзгеру заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Семасиологиялық стилистиканың міндеті — тіліміздегі бейнелегіш құрамдарды топтастырып, олардың стильдік қызметін, қолданылу заңдылықтарын көрсету.

Грамматика және стилистика. Стилистика грамматиканы да өзінің зерттеу нысаны ете алады. Ол грамматикалық құбылыстарға стильдік талдау жасайды. Бірақ грамматикалық талдау мен стильдік талдау тәсілдері бір емес. 1. **Морфология** сөздердің тұлғалық көрінісін және грамматикалық мағынасын, яғни сөздердің құрылысын, өзгерілуін және құрамын талдап топтастырады. Стилистика ойды мәнерлі (выразительно) жеткізу үшін морфологиялық формаларды (тұлғаларды) қандай жағдайда қалай қолдануға болатындығын қарастырады. Яғни морфологиялық тұлғадағы сөздердің, олардың варианттарының (синонимдерінің) ішінен сөйлеу не жазу арқылы жеткізілетін ойдың эмоциональды-экспрессивті реңін білдіре алатындарын сұрыптап қолдану принциптерін зерт-

тейді. 2. Синтаксис сөйлемнің құрылысын, сөздердің тіркесу заңдылықтарын қарастырады. Ал ойды білдіретін сөйлемдердің айтылуына, қолдану тәсіліне қарай әр түрлі рендері болады. Ол қосымша мағыналар көбінесе сөздердің орын тәртібі мен сөйлемнің құрылысы арқылы беріледі. Ойды мәнерлі жеткізуде синтаксистік бұл тәсілдердің маңызы зор. Стилистика синтаксистік құралдардың мәнерлілігін, оны дұрыс пайдалану заңдылықтарын зерттейді.

Фонетика және стилистика. Фонетика тілдегі дыбыстардың жасалуын, жүйеленуін зерттесе, стилистика дыбыстарды, оларға тән белгі, интонация, қайталау, дыбыс үйлесімділігі сияқты фонетикалық ерекшеліктерді белгілі мақсатқа икемдеп, қайткенде де мәнерлі құрал ретінде пайдалану жағын көздейді. Стилистика фонетикалық единицалардың мәнерлі қолдану заңдылықтарын зерттейді.

Біз бұл салыстырудан тіл білімінің әр саласынын зерттеу объектілері де, мақсаттары да бір-бірінен өзгеше екенін байқаймыз. Сөйтіп фонетика, грамматика, семасиология тілдің құрылысын қарастырса, стилистика тілдік единицалардың қолданылу заңдылықтарын зерттейді.

Стилистика жалпы халық тілінің стильдік жүйелерін, жалпы халықтық тілдің ауызекі және жазба түрлері, олардың өздеріне тән ерекшеліктері, әдеби тілдің стильдерін тегіс қамтиды.

Сөйтіп стилистика тілдік единицалардың мәнерлегіштік мүмкіншіліктері мен олардың қандай формада және стильдің қай түрінде қалай қолданылатыны туралы мәселелерді қарастырады.

§ 2. Жалпы халықтық тіл және оның формалары

Тіл — қоғамдық құбылыс. Тілдің даму тарихы қоғамдық өмірмен тығыз байланысты. Тіл қоғам өмірімен бірге жасап, бірге дамиды. Қатынас құралы¹ болып саналатын тілдің адам қоғамында алатын орны ерекше зор.

¹ В. В. Виноградов. ... важнейшие общественные функции языка общение, сообщениe, воздействия. "Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика". М., 1963, 6-бет.

Қоғам мүшелерінің бір-бірімен қатынасы олардың бәріне бірдей түсінікті ортақ тіл арқылы жасалады. Ол ортақ тіл жалпы халықтық тіл деп аталады.

Қолдану ерекшелігіне қарай жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша түрлері болады. Мұнда ескеретін бір жай: “ауызша”, “сөйлеу тілі” мен “жазбаша” және “кітаби” дегендерді бір-бірімен мағыналас деп қарауға болмайды¹. Сондай-ақ тіл мен сөздің (речь) де өз алдына жеке ұғымдар екенін ескерген жөн.

Тіл мен сөз әрқашанда диалектикалық бірлікте қаралады.

Тіл мен сөзді бір-бірінен бөліп ажырату үшін, ең алдымен тілдің қандай элементтерден тұратынына көңіл аударған дұрыс. Тіл құрайтын элементтер: *морфема, сөз, сөз тіркесі* және *сөйлем*. Бұларды *тіл жүйесі* деп те атайды.

Тіл жүйесінсіз (морфема, сөз, сөз тіркесі) сөйлеу болмайды. Тіл жүйесі арқылы адамдар өзара пікір алысады.

Сөз² (речь) тұтас бірлікте танылып қабылданылады. Солай болғанымен оның ішкі мазмұны және сыртқы формасы болады.

Сөз ауызша және жазбаша болып бөлінеді.

Ауызша сөйлеуде әр түрлі сазды үн шығады, яғни адамдар айтайын деген ойын бір-біріне үнді тіл арқылы жеткізеді. Сөйтіп, бірінің айтқанын бірі естиді. Сөйлеуде есту сезімі қатысады. Ауызша сөйлеу интонациялық құбылмалылыққа өте бейім тұрады. Ол тілге әр түрлі мәнерлік, әуезділік сипат береді. Интонация³ деген ұғымға сөйлеу темпі, сөйлеу сазы, дауыстың құбылуы, екпін т. б. сияқтылар енеді.

Сөйлеу өзінен өзі болмайды. Сөйлесу үшін, екі не одан да көп адам қатысуы шарт.

¹ Орыс тілінде жазылған стилистикалық еңбектерде бұл терминдерді бір-бірінен ажырату қажет екендігіне ерекше көңіл бөлінген, мысалы, В. Г. Костомаров о разграничении терминов “устный и разговорный” “письменный”, “книжный”, (“Проблемы современной филологии” М., Наука 1965) және Т. Г. Винокур. “О содержании некоторых стилистических понятий” — (стилистикальные исследования М., 1972,) т. б.

² Речь — ұғымы контексте қарай тіл, сөйлесу, сөз делініп те қолданылды

³ Интонация (латынша *intonare*) дауыстап айту

Жазбашада бұл көрсетілген ерекшеліктер болмайды. Өйткені, онда ой қағазға жазылып жеткізіледі. Яғни жазу тілдің, көзге көрінетін белгілері (дыбыс құрамы, сөз тіркесі) арқылы адам ойын жеткізу тәсілі ғана.

Жазбашада ой тілдің көзге көрінетін белгілері қағазға жазылып жеткізілетін болғандықтан, онда ауызша сөйлеудегідей әңгімелесушінің қатысып отыруы шарт емес.

Сонымен жазу - ол белгілі бір текст. Бұл түрлі текстер (газет, журнал, кітаптардағы материалдар) әр жай, күйді білдіріп хабарлайды. Ал, хабар — тіл фактісі. Мысалы, Абайдың шығармасы - жалпы тіл фактісі.

Біріншіден, мұнда Абайдың поэзия тілімен сөйлеуінің нәтижесінде тіл жүйесі (дыбыс құрамы, сөз тіркесі және сөйлем) белгілі бір қалыпқа түскен.

Екіншіден, Абайдың тілі — ол қазақ тілінің фактісі. Ал сөйлеуде де, жазуда да тіл жүйесі пайдаланылады. Оларға дыбыс құрамы, сөз тіркесі және сөйлем жатады. Сондықтан сөйлеу де, жазу да - тіл фактісі болып есептелінеді.

§ 3. Әдеби тіл және оның нормасы

Сөйлеу де, жазу да сөз қолдану заңдылығына сүйенеді. Жалпы халықтық тілді жұмсаудың дәстүрлі үлгісі болады.

*Сөйлей білмес жаманның,
Сөзі өтпес бір пышак;
Сөз білетін адамның
Әр сөзіне бір тұзақ.*

Осы мақалдың қай кезде, қай ғасырда қалыптасып нақыл сөзге айналғанын білу қиын. Бірақ оның мазмұнын біркелкі түсінеміз. Өйткені мақалда сөз қолдану туралы айтылады. Сонымен *тіл нормасы деп адамдардың бір-бірімен қатынас жасау нәтижесінде қалыптасып бекіген, жалпы халыққа тегіс танылған тілдік құбылыстарды айтамыз.*

Тіл нормасы — тарихи құбылыс. Ол сөйлеу және жазу арқылы қалыптасып, адамдардың санасында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, дамып, жетіліп отырады. Соған

орай, әр кезде тіл қолдану заңдылықтарын білдіретін ұғымдар да өзгеше болады. Мысалы, белгілі бір тарихи кезең үшін “дәстүр” деп қолдану орынды болса, қазір “тіл нормасы”, “әдеби норма”, “әдеби тіл” терминдері қалыптасты.

Әдеби тіл ұғымын дұрыс түсіну үшін, алдымен “әдеби” сөзінің терминіне түсінік бере кеткен жөн. Әдебиет сөзінің қазақ тіліне арабшадан ауысқаны белгілі. Орыс тілінде әдебиет (литература) латынша (“*littera*”) жазу деген сөзден алынған. Ал әдеби тіл (литературный язык), әдеби норма (литературная норма) деп жоғары тіл нормасы мағынасында қолдану орыс тілінің ықпалы екенін аңғару қиын емес.

Әдебиет ұғымына әлеуметтік мәні бар жазу үлгілерінің бәрі енеді, мысалы, саяси әдебиет, ғылыми әдебиет, медициналық әдебиет және көркем әдебиет (поэзия, проза драма т. б.). Ал бұлардың барлығы да жалпы халықтық тілдің жазбаша түріне жатады да **ә д е б и т і л д е** (жазба тілге қойылатын талапқа сай) жазылады. Сонымен бірге, сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары бір-бірімен ара қатынаста болады.

“Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет тарихи даму үстінде бір-бірімен қарым-қатынаста болып, фольклор жазба әдебиеттің қалыптасуына ықпал жасайды. Оны әсіресе, Орта Азия халықтарының әдебиетінен байқауға болады. Қырғыз, қазақ жазба әдебиетінің дамып, қалыптасуына фольклорлық шығарманың реалистік тенденциясы әсер етті”.

Фольклордың жазба әдебиетке, оның қалыптасуына тигізетін ықпалы туралы З. Кедрин: “Қазақ ауыз әдебиеті дәстүрінің өмірге бейімділігі соншалықты, ол өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының ұлы ағартушылары: орыс армиясының офицері Шоқан Уәлихановтың (1835—1865); қазақ мектебінің бірінші оқулығы мен хрестоматиясының және алғашқы көркем проза тәжірибесінің авторы, педагог Ыбырай Алтынсариннің (1841—1889) және ұлы ақын, философ, ағартушы Абай Құнанбаевтың (1845—1904) аттарымен байланысты пайда бола бастаған жазба әдебиет: ешбір өңдеуді қажет етпей-ақ сол табиғи қалпында енді”¹, — дейді.

Әдеби тілдің нормасы жазба тіл арқылы қалыптасып,

¹ З. Кедрин. Своей дорогой, “Вопросы литературы”, 1958, № 7

шыңдалып отырады. Ал оның өнделіп жетілуі және халық арасында тарап, жалпыға танылуы ұлттық әдебиеттің дамуымен байланысты болды. Қазақта тұңғыш жазба әдеби тіл үлгісін жасағандар - Абай мен Ыбырай. Олар жалпы халықтық тіл қорының тек түсінікті формаларын ғана шығармаларында қолданған. Фольклорлық бай мұраны шебер пайдалана білген. Сөйтіп, Абай мен Ыбырай шығармалары жалпы халықтық тіл қорының бай қазынасының ең тамаша қасиеттерін бойына сіңірген. Сондықтан да, ол шығармалар көркем сөздің ерекше үлгісі ретінде мәңгі жасамақ.

Ескерте кететін бір жай, әдеби тіл мен көркем шығарма тілі екеуі бір ұғымды білдірмейді. Әдеби тіл, ол тек көркем шығарманың ғана тілі емес, жалпы жазба тіл түрлерінің бәрі түгел қамтиды. Солай бола тұрса да көркем шығарма тілінен оның шеңбері тар. Өйткені, әдеби тіл - сөйлеуде және жазуда пайдаланылып нормаланған тілдік белгілер. Ал нормаланған тілдің “қ а л ы п т ы л ы ғ ы” басым болады. Көркем шығармада олай емес, онда стильдік мақсатта жалпы халықтық тілдегі қарапайым, тұрпайы және жергілікті ерекшелік сипатындағы сөздердің бәрі де қолданылады. Сондықтан әдеби тілден оның аясы кең. Сонымен бірге тілдің басқа формаларына қарағанда, көркем шығарма тілі көрнекті орын алады. Көркем шығарма тілінің даму тарихы бірден қалыптаса қоятын құбылыс емес, көркем шығарма тілінің маңызды рөлі, әсіресе ұлт тілінің қалыптаса бастаған кезінен, әсіресе осы жаңа дәуірдегі әдеби тілімізден айқын сезіледі.

§ 4. Стилистика және оның жалпы халықтық тілге қатысы

Стилистиканың міндетін жалпы халықтық тіл мен әдеби тілден бөліп қарауға болмайды.

Жалпы халықтық тіл негізгі қатынас құралы ретінде өмірдің барлық саласында пайдаланылады. Осы негізгі қатынас құралы жалпы халықтық тілді белгілі бір жүйелілікке, нормаға салатын әдеби тіл.

Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің ауызша және жазба-

ша түрлерінің негізінде қалыптасады. Сондай-ақ жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша формалары стильдердің де қалыптасуына негіз болады (Бұл жөнінде 3 параграфта айтылады).

Стилистика жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша формалары мен оның стильдерінде тілдік белгілерді (сөз, сөз тіркес, сөйлем) қалай қолдану қажет екендігін көрсетеді.

Стилистика тілдің қолдану заңдылықтарын зерттейтін ғылым болғандықтан, тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді. Тілдік құралдарды дұрыс, ұтымды қолдана білудің қоғамдық үлкен мәні бар.

Тілдік белгілерді сұрыптап қолдану заңдылықтары әдетте айтылатын ойдың мазмұнына байланысты. Ойлау жұмысының нәтижелерін тіл сөз арқылы бейнелейді. Ал сөз арқылы жеткізілетін ой мен оның мазмұнының арасында тығыз байланыстылық болады. Егер ой түсініксіз болса, онда сөз де түсініксіз шығады.

Мысалы: *“Палеонтолог-мамандар бұл теңіз корольдары планетамыздың дамуындағы тас көмір дәуірінде болған деп топшылайды, бұдан үш жүз миллион жылдай бұрынғы ол кезде “дүние шатырының” қазіргі алып таулы аймағы орнында ұшы-қиырына көз жетпейтін мұхит шалқып жатқан”* (газеттен).

Сөйлемді түсіну өте қиын. Айтылатын ойды сауатты жеткізе білмеу тек сөйлеушінің не жазушының жалпы мәдениетінің төмендігін ғана білдіріп қоймайды, сонымен қатар ол адамдардың бір-бірімен түсінісуін де қиындатады. Сондықтан ауызша не жазбаша түрде айтылатын ойдың түсінікті, нақтылы болуына айрықша көңіл бөліп, оның мазмұнын дәл бере алатын тілдік құралдарды сұрыптап қолдана білудің маңызы зор. Мына бір газет оқушысының хатын алайық:

“Айтпағым көп ретте келіншектер от басында қалып қояды. Кейде күйеуінің бір мезгіл орынсыз ашуына килік-се үндемейді. Бірақ әркім де өмірдегі, өз еншісіндегі қызықтан, жақсылықтан құр қалмауы керек емес пе? Тұрмысқа шыққасын тоқырау керек пе? Жок. Осыған орай әріптестерім, жас келіншектердің көңіліндегілерін білгім келетінін де жасырмаймын” (газеттен).

Хат қысқа жазылған. Бірақ мұнда автордың ойы

түсініксіз, жас келіншектерді нендей игілікті, жақсы іске шақыратынын айқын, нақтылы жеткізе алмаған. *“...Күйеуінің бір мезгіл орынсыз ашуына киліксе үндемейді”, “тұрмысқа шыққасын тоқырау керек пе?”* - дегендерді қалай түсінуге болады? Тілді бұлайша қолдану логикалық қате болып есептеледі. Сонымен бірге, хатта кейбір: сөздердің стильдік бояуы ескерілмей қолданыла салынған: (Айтпағым, әріптестерім). “Айтпағым” деп қолдану қарапайым сөйлеу тілінде орынды: әріптестерім - кітаби лексика (орысша *коллеги* деген сөздің аудармасы), жалпы қолдануға болады, бірақ дәл осы тексте “замандастарым” десе, дұрыс болатын еді.

Баяндау түрінде жазылған материалдарда қарапайым және жергілікті ерекшелік сипатындағы сөздерді қолдануға болмайды. Бірақ, стилистикалық бұл талап ескеріле бермейді: *“...Өсу, орлеу жылдарының ә п е р г е н жеңістерін көз алдыңнан тағы өткергің келеді”* (газеттен). *Аламан бәйге 25 шақырымға мөлшерленді. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығып, дараланар сәтті тағатсыздана күтіп, қиқулаған қалың көрерменнің үні боз даланы жаңғыртады.* (газеттен)

Сол сияқты сөйлеу тілі ыңғайында жұмсалатын *“апай”* сөзінің және ресми қатынаста қолданылатын *“жолдас”* сөзінің газет заметкаларында қолданылуы да дұрыс емес. Бірақ газеттерден ондай мысалдар аз кездеспейді.

Қалыптасқан (штамп) сөздердің де талғамсыз қолданылуына мысалдар табылады: *Құнан бәйгеде Гермес деп аталатын жылқының мәртебесі ерекше биік болды* (газеттен).

Сөз қолданудың бұл үлгісінен ресми документтер мен кеңсе іс қағаздарының ықпалы баса сезіледі.

Қалыптасқан сөздердің бірқатары кез келген жерде орынсыз қолданылатындығы байқалады. Мысалы, *өндіру* сөзі мынадай тіркестерде жұмсалып жүр: астық ө н д і р у; сүт ө н д і р у; жүн ө н д і р у; қаракөл ө н д і р у; жұмыртқа ө н д і р у; қоян ө н д і р у; торай ө н д і р у т. б.

Осылар текті қалыптасқан сөздер сөйлеген сөзді және жазба тілді бір сарынды, бір әуезді жасап, тілдің экспрессивтік-эмоциональдық бояуы мен оның мәнерлегіштік қасиетін әлсіретеді. Тілді қолданудағы кемшіліктер тек осы ай-

тылғандармен ғана шектелмейді. Мұндай құбылыс синонимдерді, көп мағыналы сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін және грамматикалық тұлғаларды пайдалануда да кездеседі. Бұл сияқты сөйлемдерді болдырмау үшін сөз қолдану заңдылықтарын жақсы білу қажет.

Стилистика әдеби нормадан ауытқымай, тілді тек дұрыс қолдануды үйретеді, әдеби тілдің стильдік сапасын, мәнерлегіштік қасиетін арттыру жолын көрсетеді. Стилистика жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша формаларын, оның әр түрлі стильдерін зерттеп, олардың бір-бірінен айырмашылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін қарастырады. Стилистика тілдік құралдардың стильдік белгілерін анықтап, оған сипаттама береді. Стилистиканың объектісі болатын негізгі мәселелер - осылар.

§ 5. Әдеби тілдің стильдері

Стиль ұғымы да сөйлесу (речь) және оның формаларымен байланысты қаралады. Стильдердің негізгі арқауы — сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары.

Қоғамдық өмірде қатынастың көптеген түрінің болуына байланысты онда тіл біркелкі пайдаланылмайды. Өйткені адамдардың қатынасы әр түрлі жағдайда жасалады. Әр түрлі жағдайда, әр түрлі сөйленіп, әр түрлі жазылады. Мысалы: *“Тыңдаңыздар, Алматыдан сөйлеп тұрмыз!”* бен *“Әй, тыңдасандаршы!”* дегенді салыстырсақ; біріншіден, әдеттегі, күнде радиодан естіп жүрген ресми хабар түрі де, екіншіде - үйреншікті сөйлеу тілі бар. Формасы жағынан екеуі де — ауызша, бірақ айтылып жеткізілуі әр басқа.

Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында қотеріле алған билігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезімі, сергектігі көп салалармен тармақтана-молыға келіп, тағы да сол ана тілдің алтын қорына қосыла береді, ажарлана береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да береді. Тіл диалектикасы - жасаған сайын жасара беруінде. Ана тілі дегеніміз - сол тілді жасаған, жасап

келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

(Ғ. Мүсірепов.)

*Ана тілің - арын бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!*

(Қ. Мырзалиев)

Мысалдың скеуінде де ана тілі туралы сөз болған. Екі мысал да сөйлеудің жазбаша түріне жатады. Ал жазылу тәсілі жағынан біріншінің публицистикалық стиль, екіншінің көркем сөз (поэтикалық) стилі екенін аңғару қиын емес.

Немесе, мынадай фактіні алайық; ғылыми стильде оқулық жазылады және лекция оқылады. Мұнда оқулық — жазбаша, лекция — ауызша яғни сөйлеудің әр түрлі формасы бір стильде келген. Сөйтіп, сөз (речь) формасы мен стиль ұғымдары бір емес.¹

Ф о р м а — ол тіл құралдарының көмегімен болатын сөйлеудің (речь) сыртқы көрінісі;

С т и л ь — ол белгілі бір қатынастың түрінде тілдік бірліктерді сұрыптап пайдалану арқылы, ойды жеткізу мәнерінің көрінісі.

Форма — тұрақты ұғым. Мәселен, тілдің ауызша түрі адам қай кезден бастап сөйлесе, содан бері бірге жасап келеді; және бұдан былай да жасай бермек. Стиль болса,— ол тарихи категория. Сондықтан тарихи бір кезеңде кейбір стильдердің болмауы заңды құбылыс деп саналады.

Стильдер қалай қалыптасады? Стильдер жасалатын қатынастың ерекшелігіне қарай тілдік единицалардың сұрыпталып қолданылу нәтижесінде дамып жетіледі. Демек, сөйлену жағдайына байланысты, әр алуан стильдік бояуы бар (стильдік ыңғайдағы) тілдік құралдар пайда болады.

“Тілдегі стильдердің дамып жетілуі белгілі бір жанр-

¹ В. Виноградов. “Вопросы языкознания”, 1955, №1

дың пайда болуымен байланысты. Сондықтан әдеби тілдің стильдерін таптастыруда ең алдымен жанрлық принципті негізге алу қажет”¹.

Ал жанрлардың пайда болуы, жазба әдеби тілдің даму қалпын көрсетеді. Жазба тілдің жетіле түсуі ғылым мен техника, әдебиет пен өнер салаларының дамуына байланысты. Ғылым және мәдениет салаларының дамуы жаңа жанрлардың пайда болуына ықпал жасайды. Ол жанрға сай тілімізде жаңа стиль қалыптасады.

Кейінгі жылдары қазақ тілінің тек грамматикалық құрылысы жетіліп, лексикасы молығып қана қоймай, сонымен бірге, қазақ әдеби тілінің стильдер жүйесі, функционалды стильдері де дамиды.

Стиль - тілдің бәріне тән құбылыс. Стильдерді таптастыру проблемасы да тіл білімінде әлі тиянақты шешілмеген даулы мәселенің бірі. Стильдерді таптастырудың дәстүрлі, қалыптасқан, бұрыннан белгілі принципі жоқ. Тіл стильдері туралы қазір де әр түрлі көзқарастар бар². Адам тілді қатынас құралы ретінде өздерінің барлық жұмыс салаларында қолданған.

Сөйтіп, стиль дегеніміз — өмірдің белгілі бір саласында қолданылып, тарихи қалыптасқан тілдік құралдардың жүйесі.

Басқа тілдер сияқты қазақ тілінің де әр түрлі стильдері бар. Олар: сөйлеу стилі және кітаби-жазба стильдер.

¹ А.И. Ефимов. История русского литературного языка, М., 1961, 15-бет

² А. Н. Гвоздев. “Очерки по стилистике русского языка” деген кітабында стильдер кітаби және сөйлеу стиль болып бөлінген. Бұлардың өзі бірнеше стильге бөлінеді. А.И. Ефимов “История русского литературного языка” (1954) деген кітабында мынадай стильдерді атап өтеді: 1) Көркем беллетристикалық стиль; 2) әлеуметтік – публистикалық стиль; 3) ғылыми шығармалар стиль; 4) профисонолды-техникалық стильдер; 5) ресми қағаздар стиль; 6) эпистолярлық стиль. В.П. Мурат (Об основных проблемах стилистики” (1957) стильдерді төмендегіше бөлген; 1) әдеби сөйлеу тілі стилі; 2) поэтикалық; 3) саяси; 4) ресми іс-қағаздарының стильдері; 5) ғылыми стилі; 6) карапайым сөйлеу стиль. Ал Э. Ризельде: 1) көркем дебиет стилі 2) публистикалық стиль; 3) баспа сөз стилі; 4) ғылыми әдебиеттер стиль; 5) іс-қағаздар стилі; 6) шешендік стиль 7) телеграф стиль; 8) радиохабарларының стиль; 9) ауызша ресми қатынастың стиль; 10) почта стиль және т.б. (“Иностранные языки в школе”, 1952, №2.

§ 6. Сөйлеу стилі

Сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қатынасында пайдаланылады. Сондықтан, онда тілдің коммуникативтік функциясы баса сезіледі.

Сөйлеу стилі белгілі бір жағдайда тікелей жасалатын қатынас стилі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты. Ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді. Яғни үйреншікті жағдайда адамдар қысылмай еркін сөйлейді. Өйткені онда күнделікті өмірге байланысты мәселе сөз болады. Сондықтан сөйлеу тақырыбына сай тұрмыста көп жұмсалатын үйреншікті сөздер мен сөз тіркестері қолданылады. Бұл сөйлеу - тіліне тұрмыстық сипат беріп, оны қарапайымдандырады¹. Мысалы:

- *Денсаулық қалай, мықты ма?*

- *Жаман емес.*

- *Қайда дем аласың жазда?*

- *Үйде.*

(Сөйлеу тілінен).

- *Мылжындап барасың ант ұрған.*

- *Құдай ақы, рас. Біздің қатыннан күрт сұрап әкетті*

(Ф. Мұстафин).

Жоғарыдағы мысалдардың тақырыбы да, сөйлеу жағдайы да әр басқа. Соған орай, олардың лексикалық құрамы да өзгеше болып сұрыпталған (қарапайым және тұрпайы сөздер). Тек лексикасы ғана емес, сонымен бірге, ол сөз үлгілерінің сөйлем құрылысына, ондағы сөздердің орын

¹ Қарапайым сөйлеу деген мағынада. Ал қарапайым сөзінің мағынасы өте кең. Ол ресми емес, кенеттен дайындықсыз тұрмыста сөйленген сөздің түрлерінің бәрін қамтиды. Бұл ұғымды біз әзірше шартты түрде алдық. Орыс тілінде оны В. В. Виноградовтың термині бойынша, "Обычно-бытовой стиль" деп жүр. Ол термин әлі де орнығып, бекімегенге үксайды. Мәселен, О. В. С и р о т и н и н а оны былай түсіндіреді: "Видимо, бытовой тип и обычно-бытовая речь — это разные стороны одного того же явления. Тип речи связано с ее характером, термин "обычно-бытовая речь" отображает, прежде всего тематику и условия общения" ("Вопросы социальной лингвистики" деген мақалалар жинағында, Л., 1969, 387-бет).

тәртібіне қарай әрқайсысының өзіне тән әуезділігін және мәнерлік қасиетін аңғару онша қиынға соқпайды.

Сөйтіп, сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігін жасайтын айрықша белгісі — жағдайға (ситуация) байланысты сөйлеу мәнері. Сөйлеу мәнеріне қарай тілдік единицаларды қолдану өзгешелігі болады. Ол ерекшелік ең алдымен, ондағы лексика-фразеологиядан байқалады.

Өмірдің барлық саласында сөйлеу тілі кеңінен пайдаланылады, бірақ оның атқаратын қызметі және тілдік жүйенің пайдаланылуы бір текті болып келмейді. Солай болғандықтан сөйлеу тілін зерттегенде оның формасын, түрін және стилін ескерген жөн (мәселен күнделікті тұрмыс тақырыбы мен ғылыми тақырыпта сөйлеу үлгілері және жиналыстарда, радио мен телевизорда сөйленген сөз т.б.).

“Тәжірибені жетілдіре берсең, оған есең кетпейді”, - дейді әкем. Әкем ұзақ жылдар бойы осы совхозда шопан болып істеді. Ал, менің де әкенің құтты таяғын қабылдап алғаным алты жыл болды. Содан бері өзім қабылдаған міндеттемемді артығымен орындап жүрмін. Көрсеткішімде төмен болып көрген емес. Еңбек жолында талай-талай қиыншылықтар да кездеседі. Оған өз басым мойымадым.

Он айдың ішінде обылысымыздың ауыл-селоларын түгел дерлік аралап, концерт қойдық. Біздің көрші Солтүстік Қазақстан, жақында құрылған Торғай обылыстарындағы болып өнер көрсетуіміз шеберлігімізді арттыра түсті десек, асыра айтқандық болмас еді. Біз болған екі обылыстың да көрермендері жылы қабылдап, аудандық, обылыстық газеттерде біз жөнінде игі тілек білдірген мақалалар жарық көрді¹.

Мұнда әңгіме шаруашылығы туралы болғандықтан, сол салаларға қатысты кәсіби сөздер (қарамен берілген) көбірек қолданылған. Бірақ жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай осында қарапайым, тұрпайы сөздер мен диалектизмдер кездеспейді. Өйткені сөздер формасы жағынан ауызша болып, тілдік құралдарды пайдалануда әдеби норма мұқият ескеріледі.

Сонымен, сөйлеу тілінің қарапайым түрінің лексикасы-

¹Бұл мысалдар пленкаға жазылып, радиодан берілген материалдардан алынды.

ның құрамына көбінесе қарапайым, тұрпайы сөздер және диалектизмдер мен кәсіби сөздер енеді. Бұлар, әсіресе, алдын ала дайындықсыз, кенеттен сөйлегенде қолданылады.

Сөздердің ауыспалы мағынада қолдану амалы сөйлеу тіліне мәнерлегіштік әрі бейнелегіштік қасиет береді.

Ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздер, сол сөз болатын зат не құбылысқа адамдардың жағымды не жағымсыз көзқарасын білдіру құралы болып саналады. Сөйлеу тілінің эмоционалдық қасиеті, басым болғандықтан, бұл құралдар сөйлеуде жиі пайдаланылады. Сонымен бірге, сөйлеу стилінде әдетте, олардың көп қайталанып, тұрақталған түрлері жұмсалады.

- *Түу, ит-ай... Сонша ұмытпай жүр бәрін...* (С. Сейфуллин).

- *Алда көргенсіз ит-ай. Нәрестедей жаныма аузы қалай барды екен. Тұра тұр бәлем, итаяқтан сары су ішкізермін* (Ғ. Мұстафин).

Осы мысалдарда “ит” сөзі біріншіде жағымды эмоцияны (сүйсіну); екіншіде жағымсыз эмоцияны (жек көру) білдіреді. Бұлай қолдану қарапайым сөйлеу түрі үшін орынды.

Сөйлеу тілінде жұмсалатын ауыспалы мағынадағы сөздер де құрамы жағынан әр түрлі: қарапайым, тұрпайы және жалпылама қолданылатын сөздер болып келеді. Ал жасалуы жағынан *м е т а ф о р а* (*өзін бір тұлкі екенсің*); метонимия (*аудитория тынышталды*); синекдоха (*үйінде қанша жан бар*) т. б. жіктеледі.

Тілді бейнелі жасайтын құралдың бірі - **фразеологизмдер**. Фразеологизмдерге идиом, мақал-мәтел, нақыл сөздер енеді. Бұл тұрақты сөз тіркестері көпшілік жағдайда сөйлеу тілі ыңғайында жұмсалады.

- *Шіркін, үріп ауызға салғандай екен* (сөйлеу тілінен).

- *Ит жанды ит тірілді ғой деп қос қабаттаған қамшы бас-көзімді жауып кетті...* (Ғ. Мүсірепов).

Осы сөз үлгілеріндегі тұрақты сөз тіркестері эмоциональды бояуы жағынан біртекті болып келмеген. “*Үріп ауызға салғандай*” (сүйкімді, жақсы); “*Ит жанды*” (төзімді) дегендер жағымды эмоцияны білдіреді.

Сөйлеу тілінің фразеологизмдері қолдану ыңғайына

қарай қарапайым, тұрпайы, жергілікті ерекшеліктегі және кәсіби болып жіктеледі.

Қарапайым фразеологизмдер: *“ит жанды”, “өзін білме, білгеннің тілін алма”* т. б.

Тұрпайы фразеологизмдер: *“ит жоқта шошқа үреді; сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды”* т. б.

Жергілікті ерекшелік сипатындағы тұрақты тіркестер: *жедел беру - нұсқау беру; бүйірін шертіп шығу - тойып шығу; бой қаққан - араласпаған*¹ т. б.

Кәсіптік сипаттағы фразеологизмдер: *шопан ата таяғы* (қойшылар туралы); *ашық сабак* (мұғалімдер тілінде); *эфирге шығу* (радио мен теледидарда); *кұлап қалу* (студенттердің тілінде) т. б.

Грамматикалық құбылыстардың да экспрессивтік және стилистикалық мүмкіндіктерін жоққа шығаруға болмайды. Тек ол лексика мен фразеологизмдерге қарағанда солғын сезіледі. Бірақ кітаби-жазба стильдермен салыстырғанда, сөйлеу тілі грамматикасының экспрессивтік және стилистикалық мүмкіндіктері басымырақ. Оны, әсіресе, синтаксис саласынан аңғаруға болады².

Сөз қайталау тәсілі³: *баласы бала-ақ екен, түсіндірудей түсіндіреді екен. Немесе: айтқаным айтқан, айтатынымды айтам, расы рас, үлкені үлкен* т. б.

Сұраулы сөйлем:

- *Естіп пе ең, келді ғой?*
- *Кім?*
- *Әбіл.*
- *Қайда?*
- *Осында. (Б. М а й л и н).*

Не болмаса:

- *Рас, қызбен танысайын деп ем.*
- *Қайдағы?*
- *Шәмшия ше! (Б. М а й л и н).*

Болымсыз сөйлем:

- *Інім енді саған келмейді.*

¹ *Ғ. Қалиев. Ш.Сарыбасев. Қазақ диалектологиясы, Алматы, 1967, 105-бет.*

² *Р.Амиров. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи (1972) деген еңбегінде бұл мәселені кең қамтиды.*

³ Мысалдар осы көрсетілген кітаптан алынады.

- *Келмейді емес, талай жалынды.*
- *Сұраған соң айтқан шығар.*
- *Сұраған соң емес, әдейілеп барып айтыпты.*

Немесе:

- *Немене, енді кеш қалдым ба?*
- *Қайдағы кеш! Бәріміз де оқып жүрміз ғой (А. Шәмкенов).*

Сөйлеу тілінің фонетикасы мен морфологиясының да ерекшелігі бар. Бірақ, ол өз алдына бөлек зерттеу объектісі.

Сөйлеу тілі диалогқа құрылады. Диалог репликалар тізбегінен тұрады да, қысқа, тұжырымды болып келеді.

- *Бүгін келесің бе?*
- *Келем.*

Мұнда сөйлеуге қатысушы екі адам. Бірі — сұрақ қоюшы, екіншісі — жауап қайтарушы. Олар бірінің айтқанын бірі естіп, тез түсінеді. Тез түсінісу сөйлеудің қандай жағдайда өтуіне, дауыс ырғағы интонацияға және басқа да дене қимылдарымен тікелей байланысты. Әсіресе, интонацияның маңызы ерекше. Мысалы, “бүгін кел” дегенді басқаша да құбылтып айтуға болады:

- Бүгін келсін бе?*
- Бүгін келмейсін бе?*
- Бүгін келесін ғой?*
- Бүгін келсейші..?*

Диалогта айтушының көңіл күйі, сезімі еркін, жеңіл бейнеленіп, оңай түсініледі. Мысалы, “Бейімбет Майлиннің диалогқа құрылған “Ыбыраймыз”, “Ыбыраймын” деген өлеңінде сөйлеу тілінің ерекшеліктері өте шебер берілген.

- | | |
|----------------------|------------------------------------|
| - <i>Уа, кімсіз?</i> | <i>Тоске такқан шеніміз бар,</i> |
| - <i>Ыбыраймыз.</i> | <i>Патшаға жаққан ебіміз бар,</i> |
| - <i>Жаймысыз?</i> | <i>Құдайға шүкір, қойдан жуас,</i> |
| - <i>Жаймыз.</i> | <i>Момақан ғана еліміз бар.</i> |

- | | |
|------------------------------|-----------------------------------|
| - <i>Уа, қайдан келесіз?</i> | <i>Біз — бай,</i> |
| - <i>Сайлаудан келеміз.</i> | <i>Біз — құдай!</i> |
| - <i>Елге ойран сап,</i> | <i>Күш — сынасса, жүн болады,</i> |
| - <i>Ойнаудан келеміз.</i> | <i>Кім келеді сайма-сай.</i> |

Міне, мұнда сайлаудан қуанышты қайтқан Ыбырай байдың көңіл күйін ауызекі сөйлеу тілінің үлгісінде, оған

тән тілдік тәсілдерді мәнерлі қолдану арқылы автор өте дәл бейнелейді. Кеше ғана сайлауда болып, патшаға жаққаны үшін шен алып, “Ыбыраймыз, Біз - бай, біз - құдай”,— деп, асып-тасыған байдың өмірі ұзаққа созылмайды. Енді ол соттан қайтып келе жатады. Мойнына су құйылған, көңілі су сепкендей басылған, сондықтан ол сылбыр сөйлейді.

- *Уа, кімсің?*
- *Ыбыраймын.*
- *Жаймысың?*
- *Жаймын.*
- *Қайдан келесің?*
- *Соттан келемін.*
Соттан емес-ау,
Оттан, келемін.

- *Білдің бе?*
- *Білдім ғой.*
- *Қалай екен.*
- *Арыз берген малай екен.*
- *Солай ма екен?*
- *Солай екен!*
- *Не дейді?*
- *Ақы сұрайды.*

- *Қанша?*
- *Он мың сом*
- *Он мың сом?*
- *Нең қалад?*
- *Нем қалсын.*
Қатын қалад,
Мен қалам

- *Шенің қайда?*
- *Тозған.*
- *Елің қайда?*
- *Күні озған.*
- *Енді не етпексің?*
- *Бітем!*
- *Бітсең біт:*
Мен де соныңды күтем!

(Б. Майлин).

Ақын диалогтың құрылысын шебер пайдалану арқылы өлеңнің көркемдік қасиетін арттыра түскен.

Сөйлеу тілінің ерекше бір түрі - монолог. (Монолог - бір кісінің сөзі). Монологты сөз өте күрделі ойға құрылып, әр түрлі тәсілмен жеткізіледі. Мұнда кітаби-жазба стильдерге тән ерекшеліктер мен заңдылықтар қатал сақталады. Сондықтан монолог әдеби сөйлеу үлгісіне жатады.

Монологта белгілі бір тақырыпты әңгімелеп айтып беру мақсаты көзделеді. Саяси, ғылыми және басқа да тақырыптар да әңгімеленеді. Тақырып аясының осындай кеңдігінен, монологты сөз көптеген түрге бөлінеді. Олар:

көпшілік арасында, жиналыста, радио мен теледидардан лекция, баяндама, консультация т. б. сөйленген сөз¹.

Сонымен бірге радио мен телевизордан сөйлеудің басқа да жаңа формалары қалыптасты: Радиоинтервью, телеинтервью және радиорепортаж, телерепортаж т. б. Бұл формаларда сөйлеу тілінің маңызы айрықша. Мысалы, интервьюді алатын болсақ, оның құрылысы диалогқа ұқсас келіп, ал сөйлеу тәсілі әдеби үлгіде болады.

Міне, бұл айтылғандар сөйлеу, тілінің жұмсалымы аясы күн сайын кеңі түсіп, тұрмысқа әдеби сөйлеу үлгісі де еркін ене бастағандығын дәлелдейді.

§ 7. Кітаби-жазба стильдер

Кітаби-жазба стильдер, осының алдында талдау жасалған сөйлеу стилі сияқты, өмірдің белгілі салаларында пайдаланылып танылған ұлт тілінің нақтылы түрі болып саналады. Олар әр саладағы атқаратын қызметіне (функциясына) қарай іс қағаздар ресми стиль, публицистикалық стиль, ғылыми стиль және көркем сөз стиліне бөлініп жіктеледі. Кітаби-жазба стильдердің былайша бір-бірінен ажыратылып бөліне бастауы қоғамдық ой сананың жоғарылығынан болады. Неғұрлым қоғамдық ой жоғары болса, солғұрлым ұлт тілінің маңызы артады. Бұл тұста, күнделікті сөйлеу мен кітаби-жазба стильдерінің бір-бірінен ерекшеліктері айқындала түседі. Әдеби тілде сөйлеу, жазу талабы артады. Өйткені, “тек сөйлеу тілінің үлгісімен жазу - ол тілді білмегендік болып саналады”². Сөйлеу тілі өзінің қоғамда атқаратын қызметіне қарай, белгілі бір шеңберде пайдаланылуы қажет. Кітаби-жазба стильдерде де, әсіресе көркем шығарма мен публицистикада сөйлеу тілінің элементтері тек стильдік мақсатта жұмсалса ғана орынды.

¹ В. Виноградов. *Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика*. Москва, 1963, 20-21-беттер.

² А. С. Пушкин. *Письмо к издателю. “Русские писатели о языке”*. Ленинград, 1959, 77-бет.

Кітаби-жазба стильдер¹ жалпы халықтық тілдің жазбаша формасының негізінде қалыптасады да, кітаби сипатта болады. Бұл стильдер қатынастың жазбаша формасында жиі жұмсалатындықтан мұнда тілдік құралдар сұрыпталып қолданылады, кітаби жазба стильдер сөйлеу стиліндей тікелей қатынас жасауда көрінбейді. Сондықтан, онда қаралатын ғылым, заң жобалары, іс қағаздары, ресми құжаттар және басқа да осылар сияқты қоғамдық маңызды мәселелер жан-жақты толық қамтылып, логикалық жүйелілікті бұзатын қажетсіз детальдар болмай, нақтылы, дәл жазылуы керек, мұндай талап кітаби-жазба стильдердің бәріне бірдей қойылады. Бірақ ол стильдердің өмірдің қай саласында жұмсалатыны, қандай қызмет атқаратыны қатал ескеріліп, өздеріне тән сөз қолдану заңдылықтары сақталады. Мысалы, ғылымда терминдердің қолданылуы басым болса, публицистикада саяси, әлеуметтік мәнді сөздердің жиі пайдаланылуы заңды құбылыс. “Әр стильдің өзіне тән тілдік құралдарды қолданудағы осындай ерекшеліктерімен бірге, олардың ортақ белгілері де болады. Мұндай ортақ белгілер ресми, ғылыми және публицистикалық стильдерден байқалады. Ол стильдерде жалпы халықтық тіл құралдары әдеби нормаға сай қолданылады. Ал, сөйлеу тілі мен көркем шығармада бұлай емес, оларда жалпы халықтың тіл байлығы сарқа пайдаланылады.

Сөйлеу стилі мен кітаби-жазба стильдер өз ара тығыз байланыста болады. Мысалы, жоғарыда сөйлеу стилінің ауызша және жазбаша формада болып келетіндігі айтылды. Сол сияқты кітаби-жазба стильдердің де ауызша, жазбаша формалары бар, мәселен, “халықаралық жағдай туралы” жазылған мақаланы немесе, осы тақырыпта жасалған

¹ Бұлайша іс қағаздары мен ресми стильдік және публицистикалық, ғылыми, көркем сөз стильдерінің жинақталып “кітаби-жазба стильдер” деп аталуы, біріншіден, олардың “шығу тегі”, қалыптасу негізін көрсетсе, екіншіден, ол стильдердің кітабилығын (книжность) аңғартады. Ал кітабилық стильдік белгі орыс тілі стилистикасы туралы жазылған еңбектерде “функциональды стильдер” делініп жүр. Мұнда “функциональды” сөзі стильдердің қай салада қандай қызмет атқаратынын аңғартады; Мысалы, іс қағаздар стилі - кеңседе, ғылыми стиль — ғылым саласында т. б. Сондай-ақ орыс тілінде “стильдер жүйесі” (“система стилей”), “әдеби тіл стильдері” (“стили литературного языка”) деген терминдер де қолданылады.

баяндаманы алатын болсақ; мақала - жазбаша, баяндама ауызша құрылады. Солай болғанымен де бұл екі форма да публицистикалық стильге жатады. Ғылыми стиль де осындай екі формада жұмсалады. Бірақ ол кейбір жағдайда ғана байқалады. Өйткені, ғылыми стильдің де өзінің даму, қалыптасу заңдылығы бар. Ол даму заңдылығы әр кезде, әр түрлі болды. Бұрын Октябрь революциясына дейін ана тілімізде ғылыми еңбектер жазылмағаны белгілі. Ал қоғамда, аз уақыттың ішінде ғылым жедел қарқынмен дами түсті. Енді қазақтан шыққан ғалымдар көбейіп, ана тілімізде мақала, оқулық және монографиялық еңбектер жазатын дәрежеге жетті. Осындай жазба еңбектердің негізінде қазір қазақ тілінде ғылыми стиль қалыптасып дами бастады. Бірақ қазақ тіліндегі ғылыми стильдің өзіндік ерекшелігі бар. Ол ерекшелік - қазақ ғалымдары өздерінің зерттеу еңбектерін екі тілде; қазақша және орысша жазатындығы. Мысалы, қоғамдық ғылымдар, оның ішінде әсіресе филология ғылымдарының: әдебиет, әдебиет тану және тіл білімі сияқты салаларының зерттеулері қазақ тілінде жазылады. Ал математика, физика, химия, биология тағы басқа да, осылар тәрізді дәл ғылымдар саласы орыс тілінде зерттеледі. Бұл фактілер ғылыми стильдің әлі де жетіліп дами түсетінін көрсетеді.

Іс қағаздары мен ресми стильдің де ғылыми стильге ұқсас жақтары байқалады. Ол ұқсастық ең алдымен тіл қолданудан аңғарылады.

Іс қағаздары мен ресми құжаттар тілінің ерекшелігі, онда факті дәл көрсетіліп, бір ізбен жүйелі жазуға айрықша мән беріледі. Өйткені іс қағаздары да, ресми құжаттар да ерекше қатынас жасау құралы болып саналады. Жоғарыда айтылған ғылыми шығармалар сияқты, бұл қағаздардың түрлері де екі тілде пайдаланылып жүр. Дегенмен, кеңсеге қатысты қағаздар және ресми құжаттар қазір көбінесе орыс тілінде жазылады. Олардың ішінде үкімет хабарлары, Қазақстан Парламентінің құжаттары, Заңдар, тағы басқа осылар тәрізді мемлекеттік құжаттар орысшадан қазақ тіліне аударылып, газетке басылып отырады. Сондықтан, қазақ тілінде қолданылып жүрген қалыптасқан сөз орамдарының көпшілігі орыс тілінің ықпалымен жасалған: *қызу мақұлдау, қызу қарқын, тұрмыстық қызмет, қызмет көрсе-*

ту, жүзеге асыру, камтамасыз ету, өз күшінде қалдыру, қол жеткен табыс, кең жол ашу, іске қосу, мәселе көтеру, алғыс жариялау, сөгіс жариялау т. б. Мұндай сөз орамдары іс қағаздары мен ресми құжаттарда дайын тілдік единица ретінде жұмсалып, ол қағаз үлгілеріне кеңселік сипат береді.

Қалыптасқан сөз орамдары қазір газетке басылып жүрген әкімшілік орындарының есебінде, баяндамада және газет хроникасы мен репортажда көбірек кездеседі. Мысалы, *“тракторлар күрделі жөндеуден өтті, “электр жүйесі іске қосылды”, “қызу мақұлдады”* т. б. Бірақ газеттерде қалыптасқан сөз орамдарын әр уақытта дұрыс қолдануға мән берілмейді: қайта шамадан тыс көп қайталанылып қолданылғандықтан, олар газет тілін сүреңсіздендіріп жүр. Оған мынадай мысалдар келтіруге болады: *“мектеп үйлері күрделі жөндеуден өткізілді”, “өсімдік төрт рет судан өткізілді”,* немесе, *“... тұрғын үй іске қосылды”, тілдік тәсіл-дердің іске қосылуы...”, “ауыр жағдайды ескерген Бейсенкүл Дәулеттей, Иманкүлдай үйелмелі-сүйелмелі өрімдей қос інісін жұмысқа қосты”* не болмаса *“...жаңа цехты қатарға қосу көзделіп отыр”, “Шардара аудандарының шаруашылықтары көзделген 37 қораның орнына 57 қораны қатарға қосты”, “Әби жөндеп қатарға қосқан тракторлардың бәрі қызу еңбек сонында жүр”, “қой қызу төлдеп жатқан кез”, “кішкентай Иранның ата-анасы ер жүрек жігітке қызу алғыс айтты”* т. б.

Стильдер бір-бірімен тығыз байланысты. Сөйлеу стилі, кітаби-жазба стильдер мен кітаби-жазба өз ара байланысты болады. Әсіресе, бұл жай көркем шығармада көбірек кездеседі. Онда жалпы халықтық тілдің ауызша, жазбаша түрлері түгел пайдаланылады.

“Құрметті Берсиев жолдас! Тары рекордын жасау күресіндегі тәжірибеңізді халыққа кең тарату үшін Бүкіл одақтық ауыл шаруашылық көрмесінің бюросы бір мақала беруіңізді өтінеді...

(**Ф. Мұстафин**).

Немесе:

Бұйрық

Шахтёрлерді боқтап, ұрып жұмыс істеткендігі үшін бригадир Владимир Сергеевті орнынан аламын. Оның орны-

на бригадир етіп екпінді Елемес Жайлыбекұлын тағайындаймын (С. Ерубаяев).

Осы мысалдардың алдыңғысы ресми хат, екіншісі - бұйрық. Бұлар өмірде пайдаланылатын іс қағаздары үлгілерінің көшірмесі емес, - солар текті жазылып, қалыпқа келтірілуі (воспроизведения).

Әдеби шығарманың көркемдік құралы - тіл. Тіл арқылы өмірдің тұтас картинасы жасалады. Үлкен полотноға салынған суреттің көп түсті бояуындай, әдеби шығармада келтірілетін сөйлеу формалары мен стильдер де, көркемдік деталь ретінде пайдаланылып, бір тұтас картина жасайды. Сондықтан көркем шығарманың мәні, ондағы жекелеген сөздерде емес, сол сөздерден салынған суреттің, бай мазмұнында.

Жоғарыдағы кітаби-жазба стильдердің кейбір ерекшеліктері сөйлеу стилімен салыстырылып жалпы айтылады. Сонымен қатар кітаби-жазба стильдердің¹ өз ара байланысты болатындығына мысалдар келтіріледі. Төменде, кітаби-жазба тіл негізінде қалыптасқан іс қағаздары мен ресми стильге және ғылыми, публицистикалық, көркем сөз стильдеріне қысқаша тоқталып, сипаттама беру көзделді.

§ 8. Іс қағаздары стилі мен ресми стиль

Қатынас құралының бұл түрлері де күнделікті өмір қажетінен туып, өз алдына орныққан болек жүйе болып саналады. Іс қағаздар стиліне әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс қағаздары белгілі бір форма бойынша жазылады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Кеңсе іс қағаздарының үлгілеріне өтініш, сенім хат, қол хат, анықтама, мінездеме, шақыру билеті, хабарландыру, мәжіліс хат, қатынас қағазы, акт, мәлімдеме, шарт, міндеттеме, бұйрық, есеп және т. б. жатады. Іс қағаздары көбінесе, сол үлгі бойынша жазылады. Мұндай қағаздарды

¹ Стильдердің қай түрін алсақ та, олар өз алдына жеке-жеке зерттеу тақырыбы. Сондықтан, оқулықта барлық стильдерді толық қамтып, жан-жақты талдау жасау мүмкін емес. Оны оқулықтың көлемі көтермейді де.

жазу онша қиынға соқпайды. Ол алдын ала танысып жаттығу, дағдылану арқылы менгеріледі.

Ресми стильдің көлем, мазмұн және жазылу формасы жағынан іс қағаздарынан біраз ерекшеліктері бар. Ресми қағаз белгілі бір қалыпқа (штампқа) түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады. Ресми стильде көбінесе заң, жарғы, үкімет органдарының қаулылары, Республика парламентінің жарлықтары, халықаралық шарттар, келісімдер, нота, үкімет хабарлары жазылады.

Мұндай мемлекеттік құжаттарда саяси-публицистикалық лексиканың, әкімшілік терминдерінің қолданылуы басым келеді. Мысалы: *Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Украинадағы Төтенше және өкілетті елшісі Амангелді Жұмабаев Қазақстан Республикасының Молдова Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі қызметін қоса атқарушысы болып тағайындалды* (газеттен). Осы мысалда сөйлем құрылысы жағынан жалпы жазба тіл нормасынан ауытқушылықты байқаймыз. Ал лексикалық өзгешелігі бірден көзге түседі. Мұнда саяси өмірге тән арнаулы сөздер мен сөз тіркестері қолданылған. Ресми стильдің ерекшелігін мына төмендегі үлгілерден байқауға болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8-тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі- Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімінде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сон-

дай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

...

Қазақстан Республикасының Президенті
Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, 2004 жылғы қазанның 11-і, №1459

Ресми стильге жататын мемлекеттік құжаттар жанр және мазмұн жағынан әр түрлі болып келгенімен, олардың барлығына ортақ жалпы сипаты болады:

1. Белгілі бір қалыптасқан үлгіде, баяндау тәсілімен жазылады.

2. Лексика-фразеологияның құрамы (саяси-публицистикалық сипатта, әкімшілік терминдер мен күрделі терминдер, қысқарған сөздер) өзгеше болып келеді.

3. Ойдың логикалық жүйелілігін сақтау мақсатымен сөйлем күрделі құрылады.

Сонымен қатар, экспрессивті, бояулы тілдік құралдар қолданылатын кейбір текстер де бар. Мәселен, халықаралық ұйымдарды, даңқты қалаларды және жеке мекемелер мен белгілі қоғам қайраткерлерінің мүшелі тойына арналған құттықтаулар болады. Құттықтау текстерінің қайсысы болса да жігер, қуатқа толы, жақсы тілектер айтылып, жылы сезіммен жазылады. Сондықтан онда эмоциональды бояулы сөздердің қолданылуы заңды құбылыс.

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді бекіту туралы.

Астана 2003 жылғы 25 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Президенті
Н. Ә. НАЗАРБАЕВ.

Астана 2004 жылғы мамырдың 25-і. №554-ІІ ҚРЗ

Қазақстан Республикасының заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі арасындағы Қазақстанда Қарағанды облысының ауылды сүмен жабдықтау жобасы үшін қарыз туралы келісімді бекіту туралы

Алматыда 2003 жылы 2 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі арасындағы Қазақстанда Қарағанды облысының ауылды сүмен жабдықтау жобасы үшін қарыз туралы келісім бекітілсін.

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н. Ә. Назарбаев.**

Астана 2004 жылғы мамырдың 26-сы. №555-ІІ ҚРЗ

Қазақстан Республикасының заңы

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз (Нұра өзенін тазарту жобасы) туралы келісімді бекіту туралы

Вашингтонда 2003 жылғы 17 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз (Нұра өзенін тазарту жобасы) туралы келісім бекітілсін.

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н. Ә. Назарбаев.**

Астана 2004 жылы мамырдың 26-сы №556ІІ ҚРЗ

Хабарландыру

“Мал шаруашылығы және мал дәрігерлік ғылыми - өндірістік орталық” РМҚ мына тауарларды мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс өткізетінін хабарлайды: эмбриондарды криоконсервациялау үшін қажетті бағдарламалық тоназытатын шағын аппаратын – 1 дана...;

Жеткізілетін тауарлардың техникалық срекшеліктері, жеткізілетін мерзімі және орны конкурстық құжаттамада көрсетілген.

Конкурсқа “Мемлекеттік сатып алу туралы” ҚР Заңының 8-бабы-

ның 1-тармағындағы біліктілік талаптарға сай келетін барлық әлеуетті жеткізушілер жіберіледі...

Конкурстық өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі – 2004 жығы 16 маусымда сағат 13.00-де

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2004 жылғы 16 маусымда сағат 14.00 –де мына мекен – жайда ашылатын болады: Алматы қ., Жандосов к-сі, 51, №203 бөлме. Әлеуетті жеткізімшілер конверттерді ашу кезінде катыса алады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефондар арқылы алуға болады: 8 (3272) 21-42-41, 21-43-66.

Жеделхат

Құрметті “Жас Алаш”!

Мен ешқашан ешбір басылымға соның ішінде “Жас Алаш” пен оның 25 мамырдағы 3-бетінде соз болған “Үш қиян” газетіне де өзім туралы ешқандай қолқа салып көрген емеспін.

Мұхтар Әуезовтың ұлы азаматтық тұлғасы мен суреткерлік мұрасын зор құрмет тұтатынымды, сондай-ақ аға, іні, замандас қаламдастарымның шығармашылық жетістіктеріне ілтипатпен қарайтынымды оқырман қауым сөйлеген создерім мен жазған мақалаларымнан біледі деп ойлаймын.

Әдебиетте де, саясатта да атақ жарыстырып, бақ асыруды емес, шамамның келгенінше, әлеуметке айтар ойымды ортаға салып тұруды басты мұрат санаймын. Жазғандарым мен айтқандарым біреуге ұнар, біреуге ұнамас. Ол үшін мен ешкімді жазғырмаймын. Ұнататындарға да, ұнайтпайтындарға да айтар отінішім: даттасаңыздар да, тек менің өзіммен болып, мен үшін басқалардың бастарын ауыртпасаңыздар екен.

Ә. Кскілбайұлы

§ 9. Публицистикалық стиль

Публицистика (латынша: publicus — көпшілік, әлеумет) - қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады.

Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазыл-

ған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі бір тілде публицистиканың өз алдына бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық сананың өскенін, артқанын көрсетеді. Тілдің басқа стильдері сияқты публицистикалық стиль де бірыңғай болып келмейді. Бірқатар лингвистер публицистикалық стильдің жазбаша түріне саяси тақырыпқа жазылған газет, журналдардағы мақалалар, памфлет, очерк т. б. шығармаларды, шешендік сөздерді публицистикалық стильдің ауызша түріне жатқызып жүр.

Публицистикалық стильдің жазба түрінің ең алғаш қалыптаса бастауы халықтың жалпы мәдениеті мен экономикасына байланысты. Мәдениеті ерте дамыған елдерде публицистикалық жанр ерте қалыптасады. Оған орыс тілі мысал бола алады. Россияда XVIII ғасырда ең бірінші газет жарық көрді; сықақ журналдар шыға бастайды. Радищевтің “Петербургтен Москваға саяхаты” сол кезде жалынды публицистикалық шығарма болып есептелген.

XIX ғасырдың екінші жартысы публицистикаға үлкен өзгерістер енген кез болды. Бұл кезде революцияшыл-демократтар публицистиканы царизмге қарсы күрес құралы етіп жұмсады. В. Г. Белинский, Н. А. Добролюбов, Н. Г. Чернышевский сияқты сыншы-публицистер өздерінің сын мақалаларында қоғамдық құрылысты қатты сынға алып, революциялық идеяны қуаттады. “Қазақстанда революциядан бұрын баспа орны атымен жоқ еді. Бірен-саран шыққан кітаптарда қазақ тілі бұрмаланып басылып жүрді. Қазақ тілінде ең тұңғыш басылған кітаптың бірі - “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” қиссасы (ең алғаш 1816 жылы басылыпты). Шоқанның, Ыбырайдың, Абайдың т. б. шығармалары Петербургте, Қазан мен Уфада, Орынбор мен Ташкентте шыққан. 1913 жылы басылған азын-аулақ кітаптардың ішінде Спандияр Көбеевтің “Қалың мал” романы, “Айна”, “Қарлығаш” деген өлеңдері мен поэмалары Қазанда жарық көріпті¹”.

Октябрь революциясынан кейін мәдени-ағарту мәселесі қолға алынып, оны жедел оркендету талабы қойылды. “1919 жылы 26 декабрьде В. И. Лениннің қолымен Халық

¹ Ә. Бектөмісов. Кереметтің кереметі. “Лениншіл жас”, I. III, 1964.

Комиссарлар Советі қалың еңбекші бұқараның сауатсыздығын жою туралы шаралар белгіледі. Осы қаулыда және партия мен үкіметтің 1920 жылдардың бас кезінде шыққан нұсқау-директиваларында ұлттардың ана тілінде мектеп ашу, газет-журналдар шығару, әдебиетін өркендету мәселелеріне айрықша көңіл бөлінді. Осы жылдары шыға бастаған “Қазақ тілі” (1919 ж., Семей), “Дұрыстық жолы” (1919 ж., Орда), “Жаңа өмір” (1920 ж., Ташкент), “Тіршілік” (1918—1919 ж., Ақмола), “Ұшқын” (1919—1920 ж.ж., Орынбор), “Кедей сөзі” (1920 ж., Омбы) және басқа советтік газеттердің бетінде басылған өлеңдер мен әңгімелер алғашқы революциялық жеңісті қуанышпен қарсы алған тілек-мақсатты бейнелейді¹. Бұл баспа органдарынан осындай мақсатта жазылған публицистикалық шығармаларды да көп кездестіреміз.

1920 жылдары республикалық тұңғыш газет “Еңбекші Қазақ” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) шыға бастайды. Бұл тұста қазақ публицистикасы жаңа белеске кетеріледі. Көптеген кеңестік идеологияны насихаттайтын шығармалар қазақ тіліне аударылып басылды. Орыстың революцияшыл-демократ жазушыларының шығармалары қазақ тіліне аударыла бастады. Осындай игілікті істер қазақ публицистикасының шындалып жетіле түсуіне белгілі дәрежеде ықпал-әсерін тигізді.

Кеңестік кезіндегі әдебиетіміздің ірі өкілдерінің бірі Сәбит Досенгаев әйел теңдігі туралы мәселені өзінің алғашқы публицистикалық шығармаларында сөз етеді. Оның “Қазақ әйелдері туралы” деген тақырыппен 1918 жылы жазылған мақаласынан үзінді келтірейік:

Дүниеде жұқанағы бар нәрсе тәрбиесі болса, жасалмақ, ұлғаймақ, тәрбие болмағанда, нашарламақ, жоғалмақ. Адамда екі түрлі қуат бар; біреуі - ақыл қуаты. Ақыл қуатының тәрбиесі - ғылым, тәжірибе. Екінші - дене қуатының тәрбиесі - жүру, тұру, іске айналу (гимнастика). Осы екі тәрбиенің қапысыз болып орнына келуіне бір-ақ шарт бар, ол - еркіндік (свобода).

Адам баласы екі түрлі заттан құралғанда (біреуі еркек, біреуі әйел болып), туысы бірдей болғанымен, тұрмысы

¹ Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері. Алматы, 1958, 14-бет.

бірдей бола алмай, өмір қатарында әйелден еркек әлдеқайда үздік жүр...

... Қысқасы, казак әйелдері өздерін еркектің пайдасы үшін ғана жаратылған бір хайуан есебінде ұғады. Сондықтан өздерінде осы тұрмыстарына наразылығы жоқ. Жалғыз-ақ, олардық шырқын күндестік қана бұзады.

Сөйтіп, олардың жігері тұрмыстық табанында езілген, мақсаты - “көйлегім көк, тамағым тоқ болса екен” ғана. Хат танытын әйел казак арасында жоққа есеп. Газет оқыған, заманның жайы-нан хабары бар әйелді казак арасында көзінде көрмейді. Бірақ соншама мұң болып сезілсе де, соншама қараңғы надан болса да, басқа түрік әйелдеріне қарағанда артықшылық жерлері де жоқ емес. Мысалы, аса бір үлкен ақсақалдан, яки бөтен бір кісіден болмаса, жасырынып, қашқак тұрмайды. Сөзге ашық, әзілге ұсталық, әдепті жайдарылық олардың ілгері басуына ыңғайлылығын көрсетеді”¹.

Сол кездегі әдеби көркем публицистикада қоғамдық осындай тақырыпқа айрықша маңыз берілген. Мұндай шығармалардың қай-қайсысында болмасын *азаттықтың, бостандықтың* жалынды үні айрықша сезіледі. Ол уақыттағы шығармаларда ауызекі сөйлеу тілінің әсері басым болғаны байқалады, сөз қолданылуы қарапайым болып, сөйлемдері қысқа-қысқа келеді. Саяси-әлеуметтік термин сөздерді қолданғанда, олардың баламасы тек ана тілінен алынған болатын. Мысалы: *революция - төңкеріс, совет - кеңес, режим - низам, помещик - алпауыт* т. б. немесе интернационалды терминдер бұрмаланып қолданылған; *көменес* (коммунист), *пәлсепе* (философия), *пидал* (феодал) т. б. Осы күні мұның бәрі бір қалыпқа түсті, әдеби нормаға сай қолданылады. Бұл публицистикалық шығарманың тілінің сапалылығын арттырып, мазмұнды болуына үлкен ықпал жасады. Сонымен қатар публицистиканың өзі әдеби тілімізді жаңа сөздер, жаңа сөз тіркестері және күрделі сөйлем құрылыстарымен байыта түсті. Тілімізге еніп жатқан жаңа ұғымдар мен терминдер төл сөзімізге айналды. Мысалы “Егемен Қазақстан” газетінде басылған мына бір мақаланы алайық: *Академияның Қоғамдық ғылымдар*

¹ С. Донстасв. Шығармалар, Алматы, 1957, 394-396-беттер.

бөлімшесінде ғалым хатшы болып қызмет етіп жүргем. Бір күні академик Әлкей Хақанұлы біздің кабинетке келіп:

- Сейіт мен Ленинградта болып ем. Сені Виктор Жирмунский сұрады. Мен осында істейтініңді айттым. Сен оған хабарлас! - деді.

- Жарайды аға! - дедім сәл қысылыңқырап. Өйткені, Әлкей Хақанұлы бұлай бетпе-бет жеке сөйлесуім бірінші рет. Жұмыс бабымен ресми түрде көбінесе телефон арқылы байланыс жасап жүретінмін. Бұл жолы ол кісінің өзі келуі - мен үшін өте тосын жағдай еді және мен туралы мұндай әңгіме болады дегенді еш ойлаған емеспін.

Әлкей Марғұланның есімімен аспирант кезімнен таныс болатынмын. Әсіресе, орталық ғылыми кітапханадағы қолжазба қорын сүзіп жүргенімде, Әлекең жазып көргем. Оның үстіне ол кісінің фольклорға арналған еңбектерін де жақсы білуші едім. Әсіресе, Мәскеудегі Ленин кітапханасындағы докторлық диссертациясын мұқият оқығам-ды.

Қазіргі кезде публицистика зор қарқынмен даму үстінде. Публицистика — қоғамның әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуіне ат салысатын айбынды құралы. Публицистикалық шығармаларда еліміздің ішкі-сыртқы саясаты және мәдениет пен мораль проблемалары сияқты өзекті мәселелері сөз болады.

Публицистикалық стильге қойылатын талап - қандай тақырыпқа жазылса да, логикалық жағынан дәлелді, көңілге қонымды болуы қажет. Ол - тілдік құралдарды қолдана білуден байқалады. Публицистиканың қоғам өмірімен тығыз байланыстылығы оған үгіт-насихаттық сипат береді. Сондықтан публицистикалық шығарманың тақырыбына, мазмұнына сай сөздер мен сөз тіркестерін сұрыптап қолдана білудің және қажетті синтаксистік құрылысты пайдалана білудің үлкен мәні бар.

Публицистикалық стильде тілдің эмоциональды элементтері және сөзді образды қолдану сияқты әдеби стильге тән құбылыстар да кездеседі. Бұл оның әдеби стильге жақындығын көрсетеді. Ал оның фактіні толық және логикалық жүйелі баяндау тәсілі жағынан ғылыми стильге жақын екені байқалады.

Публицистиканың жанры әр алуан. Сол жанрлардың түріне, өзгешелігіне қарай оның тіл ерекшелігі болады. (Бас

мақала, информациялық хабар, очерк, халықаралық шолу, памфлет, радио мен телевизордан берілетін хабарлар т. б.)

Публицистикалық стильдің ауызша түрі - шешендік сөз. Публицистиканың бұл түрі өте ерте дамыған¹. Біздің дәуірімізге дейінгі 335 жылы жазылған Аристотельдің “Риторикасында” шешендік сөздің құрылысына жан-жақты талдау жасалынады. 1748 жылы Ломоносовтың “Краткое руководство к красноречью” деген кітабы басылып шығады.

Қай халықтың болмасын шешендік өнері оның мәдениетінің бөлінбес бір саласы болған. Қазақ тілінде шешендік өнерінің теориясы болмаған. Бірақ, басқа халықтардай, қазақ халқы да шешендік өнерге айрықша мән берген. “Көне замандардағы шешендер, философтар сөзді бағалағанда, құдайға теңеп, “құдай текті жоғары” деп көтермелейді. Қазақтың халық арасынан шыққан шешендері “өнер алды - қызыл тіл” деп сөздің шын мәнін дұрыс аңғарып, адам баласына нәрсе де емес, өнер екендігіне ақылдары жеткен”².

Шешендік сөз бұрын таптық көзқарасты білдіру үшін де жұмсалатын құрал саналған. Оны әр кездегі тарихтан-жақсы аңғаруға болады. Қазақтың ертедегі шешендік сөзінің тақырыптары: *ру тартысы, барымта, жер дауы сияқты немесе тойларда айтылатын мақтау сөздер, ақыл, кеңес, біреу өлгенде көңіл айту* т. б.

Осындай шешендік сөздердің үлгілерінің қай-қайсысында да М. Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясынан кездестіруге болады. Романда Тобықты мен Уак руларының араздасу-жанжалдары былай берілген:

“Осы елдің бәрінің аузында Оразбайдан тараған бір ғана желік пен пәле тілеген суық сөз жүр. Оны Әзімбай осында келе жатып Абай үйіне соққанда, “Оразбай айтып жіберген сөз” демей өз сөзі қып айтып шыққан-ды.

¹ Мысалы, В. Г. Белинский былай дейді: “Риторика - получила свое начало у древних. Социализм и республиканская форма правления древних обществ сделали красноречье самым важным и необходимым искусством, ибо оно отворяло двери к власти и начальствованию. Удивительно что все и каждый хотели быть ораторами, хотели иметь влияние на толпу посредством искусства красноречиво говорить?” (Полное собр. соч., т. 8, 506—509-беттер).

² Қазақ әдебиетінің тарихы, Алматы, 1948, 277-бет.

“Жау үлкені — елдің жауы, дау үлкені — жердің дауы” деп бір лаурайды. Соған ілесе Оразбай және айтқан: Уақ пен менің алты алас, бес бересім жоқ. Өз басым үшін емес. Тобықты намысы үшін, ел бағы үшін атқа мінемін! Уақ болса, елге жаулық етіп отыр деген сөзді және де көптің аузына таратып жатыр.

Уақ Тобықтының күз күзеуін, қыс отарын, көктемгі кең жайылысы өрісін алып жатыр. Кімдікін алып жатыр? Тобықты аруағына меншікті болған қоныс-өрісті алып жатыр. Ендеше намысын шабақтап өртеп жатыр. Осы көктем күзеу Қаракұдық, Торекұдық, Обалы, Қоғалы, Шолақ, Еспе, Қанай, Қарағаны, Босжымба, Аяқжымба - бәрі-бәрі Оразбайдың әкесі Аққұлы ғана меншіктеген жер ме еді? Құнанбай ғана пайдаланып па? Байсал, Бөжей немесе Малдыбай, Бурақан ғана өріс-қоныс етіп пе еді? Құдай кәні, тілесе Тобықтының бар атасының ұлы бірде кезек етіп, бірде қысқы жылқысына отар етіп, немесе осы бүгінгідей көктемде өріс етіп пайдаланып келмеп пе еді? Сол жерді алғалы отыр! Қазақ - қазақ болғалы іргелі дауының үлкені жер дауы емес пе? Сол жер үшін, желік үшін емес, өзім үшін емес, көбің үшін, міне, туың көтердім, алдына түстім! - дейді Оразбай.

Тағы бір орайда: Тартынған тартынып, бұққан бұғып қала берсін. Жер ашуы - жан ашуы, салдым барымды. Арыңды жақтадым, Тобықты! - деп те сілтеген.

Жиренше Оразбайға:

- Ендігі, Тобықтының туы сенің қолыңда! Намыс туы - сол! Саған ермсітін Тобықты ел емес! Намыс үшін, жауға жігер танытып сен шыққанда, ұстаған жерде қолымыз, тістеген жерде тісіміз кетсін! Уатып алдымызға салып бер осы Уақты! — деген.

Оразбай Уақтың аты аталғанда еліріп, сұрланып қатты қозғалып алды.

- Шықылдаған арбасына мәстегін жеккен өңшең егінші, масақшы, күрек-шоттан керегін іздеген ку кедей! Аталы ел боп, іргелі жұрт боп белдесе бір сәрі. Қырық рудан құрылып, қырық-жамау болған басымен “Көкен еліміз” деп көкиді дейді. Осы “ұстасқанда кімісімен ұстасамын” десең де, көзге түсер күйікалы жері жоқ. Өңшең “күм жиылып тас болмас, күл жиылып бас болмас” дейтін, сайда саны,

күмда ізі жоқтар. Енді шапқанда солардық кырық руы бір араға жиылған қара қорда бір нөпірін бұздырайын деп отырмын. Өңшен тырмашы, балташы, орақшы, соқашы, диханшы дей ме ылғи ыңыршақ, мінген ырымы жаман суырларды сойғызайын деп отырмын!” - дейді.

Бұл келтірілген мысалда шешен өз дәуірінің, өз заманының, өз руының жоғын жоқтайды, соған орай сөз саптайды.

Өз заманында өз руының билеп-төстеуші зорлықшыл тобымен “мыңмен жалғыз алысқан” данышпан Абайдың әр кезде айтқан сөздерінің ақыл-кеңесші, адамгершілікке шақырған терең философиялық ой деуге болады. Мысалы, “Абай жолы” романында Әуезов Оразбай мен Абайдың айтысын былай құрған:

- Тағы салдын ба өртінді? Өртеп қал, Абай!

Абай сасқан жоқ. Даусын Оразбай даусынан асыра, қатты котерді де, мысқылдай сөйледі:

- Өрт деймісің?! Өрттің бәрі жаман дегенді саған кім айтты?

- Иә, өрт жақсылық демексін ғой сонымен, ә?

- Өрттің жаманы да бар, жақсысы да бар. Шіріген шеңгел, құраған түп-түбір кәрі тікенектерді әдейі өртейтін де кез болады. Оларды тамыр-түбірімен жойып, залалын құртады. “Орнына жаңа көк шықсын”, “жаңа жас өмір тусын”, “соған анау жол берсін” деп салады. Бар пәлені білгенде соны білмей не қара басты?

“Абай” эпопеясының негізгі арқауы шешендік сөз десе де болады. Мұнда шешендік сөздің көптеген түрлері кездеседі. Сонымен бірге романда мағынасыз, бос, жаттанды болған кейбір шешендік сөздерге сын айтылады:

“Бұрынғы қазақтың би мен бсгі, алымпаз ақыны жырласа немесе кейінгі заманда мұсылманшылық, діншілдік үгітін көп таратқыш қожа-молда жоқтау жазса, татымал болған арзан шындықтар қаптаушы еді. Онда бос мылжыңдап, сөз қосарлап “Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, канаты бүтін сұңқар жоқ” деп бір кетеді. Немесе көбінесе соңғы замандарда “Құдайдың досы пайғамбар да кеткен” деп сөз бастайды. “Мұғаммед досты шаһарнап кеткен” дейді. “Кербалада Қасен-Құсайын да өлген. Ақ пайғамбар достысы Қамза да қаза болған” дейді.

Осындай қайғыны айтамын деп қайдағыны кезетін қаңғыма сөздер көбейетін” (214-бет).

Қазіргі кезде шешендік өнерінің өрісі кеңейе түсіп, оның мазмұны да өзгерді. Саяси қайраткерлер мен ғалым, жазушылар, барлық идеология қызметкерлерінің армиясы сөз өнерін дамытып, жалпы тіл мәдениетін арттыруға өздерінің үлестерін қосуда. Мәселен, біз күнделікті өмірде өзіміз тыңдап, естіп жүрген насихатшылар мен үгітшілердің, лекторлар мен баяндамашылардың және митингіде, жиналыстарда сөйлеуші адамдардың ішінен сөз өнеріне айрықша мән беретін, шешен сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз.

§ 10. Ғылыми стиль

Ғылыми стиль - жазба стилінің бір түрі. Бұған қазақ тілінде әр салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылыми стильде зерттеу объектісі болатын - зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді. Ал, пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін мұнда логика заңына, яғни дұрыс ойлау заңына, сүйену қажет. Сондықтан, ғылыми стильде логиканың маңызы ерекше. Ғылыми шығармалар жалпы халықтық әдеби тілде жазылады. Бірақ тілдік тәсілдерді пайдалануда, оның өзінің ерекшелігі болады.

Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшелік: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады. Сөздің көп мағыналылығы, образды сөздер мұнда аз кездеседі. Ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады. Мысалы, тіл білімінде *лингвистика, лексика, фразеология, семасиология* т. б. физикада *анод, вакуум, атом, атомдық салмақ, шама* т. б. Сонымен бірге белгілі бір ғылымның саласында қолдану аясына байланысты жалпылама лексиканың кейбір сөздері термин сөзге айналады. Ғылым ылғи алға басып дамып, отыратыны белгілі. Ғылымның дамуымен бірге жаңа ұғымдар туып отырады. Оны белгілейтін жаңа сөз - *неологизмдер* - туады. Ғылымның белгілі бір саласында қолдану нәтижесінде пайда болған неологизмдердің өмірінің ұзақ, қысқа болуы ғылымның сол саласының өмірде алатын орнына, практикалық мәніне байланысты. Мысалы, *менеджмент, банк,*

демеуші, нарықтық экономика т. б. бір кезде ғылыми-теориялық еңбектерде термин ретінде ғана қолданылса, қазір жалпы халықтық лексикаға айналып отыр. Сол сияқты *ғарыш, ғарышты игеру, ғарыш бағдарламасы, несиелік технология* сөздері де өздерінің практикалық мәнімен танылып, берік қалыптасты.

Ғылыми стильде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылыс пайдаланылады. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі - мұнда ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделуінде. Сонымен бірге, әрбір ғылым саласының өзінің ерекшелігіне қарай баяндау тәсілінде кейбір өзгешеліктері болады. Мысалы, химия оқулығында былай делінген: *Газ күйіндегі қандай заттың болса да грамм-молекулалары бірдей жағдайда, бірдей көлем алады*¹. Физикада: *Бір инерция моментінен екінші инерция моментіне көшу мына теория бойынша орындалады: кең келген айналыс осіне қатысты инерция моменті сол оське параллель, ауырлық центрінен өтетін оське қатысты инерция моменті мен дене массасының сол дене ауырлық центрінің айналыс осінен қашықтығы. квадратының көбейтіндісінің қосындысына тең болады*².

Бұл келтірілген мысалдарда жалпыға бірдей түсінікті бола бермейтін *молекула, инерция, масса, ось* сияқты көптеген термин сөздер - осы мамандықтағы адамдарға ғана таныс. Сонымен қатар, ұғымның түсіндірілуі де ғылымның басқа салаларынан өзгеше берілген. Әсіресе қоғамдық ғылымдарда тілдің еркін және мәнерлі қолданылатыны байқалады. Оны В. Г. Белинскийдің мына бір сөзінен аңғаруға болады. *“Сана дегеніміз - өмірдің рухы, оның жаны, поэзия дегеніміз - өмірдің күлімдегені; оның тасқынды айқын жүзінің тез ауысып отыратын түйісігі. Жаратылыста сирек кездесетін әдемі әйелдер болады, бірақ оның сол сымбатты көркемдігінің жансыздығымен таң қалдырғанымен де, жүріс-тұрысында икемдігі, грация болмаса, мұндай әйелдер өзінше асқан көркем болғанымен де және сізді таңырқатқанымен де, оның кездесуі сшкімнің жүрегін теб-*

¹ Б. А. Бірімжанов. Жалпы химия, Алматы, 1962, 34-бет.

² С. Э. Фриш және А.В. Тиморева. Жалпы физика курсы, 1 том, Алматы, 1962, 137-бет.

ірінте алмайды, оның көркемдігі махаббат туғыза алмайды, сондықтан махаббатсыз сұлулық та, өмір де, поэзия да жоқ”¹.

Екінші бір мысал, Мұқтар Әуезовтің зерттеу еңбектерінен: “...Абай лирикалық, эстетикалық тақырыптарының махаббатқа арналған жайына тағы да тыңнан жазған екі өлеңмен оралды. Бұлары: “Қызарып, сұрланып”, “Көзімнің қарасы”. Бұрын да осы тақырыпқа әр алуан үлгіде оралып соғып отыратын ақын мынау екі өлеңінде және де екі алуан өзгешелік байқатады. “Қызарып, сұрланып” өлеңі Пушкин, Лермонтов шығармалары сияқты үлкен бір шындықпен, *ыстық жалынмен* жырланған. Махаббатты табиғаттың *көркем бесігіне бөлеп* көрсетеді. Жасырын кеште алғаш кездесіп, сөз таба алмай, тек қана лүпіл қаққан жүрекпен, *қабақпен* сыр танытқан жастар көрінеді. Өрепкіген қуаныш арасында *алабұртқан дағдарыс* та бар. Сәт сайын ауысқан сол күбылыстар ол жастардың ақыл, сезімін билеген. Бар тынысы бусанып көрініп туған жанды махаббат жырланады.

Бұл өлең махаббат психологиясын аса нәзік сезінген шеберлікті танытады. Ақын осындай терең күйде жалындаған шындық пен табысқан жүректерді құптап, қостайды. Шын махаббат сөзсіз, үнсіз-ақ танылсын, ыстық жалынды кеуденің тынысымен-ақ білінсін, айтылып болмастай ыммен, емсүрінмен танылатын болсын дейді. Сондай ғашықтықты жастарға үлгі еткенде, бір жағынан, интимная лирика арқылы нәзік сырды тереңдетеді. Екіншіден, өзінің реалистігіне берік ақын аса нақты жайларды суреттейді. Түстей тұманға, белгісізге батқан қиял жоқ. Абайдың махаббат жайындағы ең нәзік, ең көркем терең сөздері осы өлеңнен көрінген”².

§ 11. Көркем әдебиет стилі

Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз - ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Тіл

¹ В. Г. Билинский. Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1948, 88-бет (казакша).

² М. Әуезов. “Әр жылдар ойлары”, Алматы, 1959, 122-бет.

көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады.

Тіл адам баласының іс-әрекеттерінің барлық жақтарын тегіс қамтиды. “Тілдің қимыл өрісі шексіз”. Адам өз ойын жеткізу үшін ғана сөйлесіп қоймайды, көңіл күйін, эмоциясын білдіру арқылы басқа адамдардың да сана-сезіміне әсерін тигізеді. Ол әсер сөйлеу тілімізде айтушының өз түсінігі бойынша, өз ойын тіл құралы арқылы жеткізе білуінен болса, көркем шығармалар — жазушының өмір тануына, дүние сезінуіне, көзқарасына сол өмір фактісін жинақтап, қорытып бейнелі тілмен жазу мәнерінен болады. Сөйлеу тілімізде сөздер бұрыннан машықталған үйреншікті қалыпта жұмсалады, ал көркем шығармада сөздер сараланып, белгілі стильдік мақсатта қолданылады. Көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма - өмір фактілерін жанжақты терең қамтитын жанды организм. Онда адам да, ан да, құс та, табиғат та — бәрі де қатысады. Тұрмыс салт, шаруашылық, экономика салаларының қалпы, даму жолдары көрсетіледі. Көркем шығармада көптеген кейіпкерлер болады. Олар жағымды, жағымсыз образдарға бүлініп, топталады. Олардың әрқайсысының өз алдына жеке-дара сырт пішіні - портреті - жасалып, іс-әрекеттері, ой-өрісі, өмір тануы суреттеледі. Ол кейіпкерлердің тіл ерекшеліктері болады. Сөйтіп типтік образдар жасалады. Шығармалардағы адамдар табиғат қоршауында әрекет жасайды. Мұның бәрі шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшелігін айқындауда маңызды рөл атқарады. Шығарманың көркемдік қасиеті ондағы қайталаусыз жасалған әр алуан образдар мен өмір құбылыстарының картиналары бейнелеулер арқылы көрінеді. Мысалы:

*Азуы — алмас, тілі — у,
Арам көңіл, ала ту,
Кең жемсаулы, кең қарын,
Найзадай түйреп қолдарын
Қорқау қасқыр — “жан” жүрді¹.*

С. Мұқанов осы бір шумақта бұқара халықты рақым-

¹ С. Мұқанов. Тандамалы өлеңдер, Алматы, 1954, 58-бет.

сыз езіп, жаншып, өктемдігін жүргізген қиянатшыл заманның мейірімсіз өкілдерінің жиренішті кескін-кейпін ұтымды тенеу, эпитеттер арқылы оқушының көз алдына елестетеді.

Осындай суреттеуге М. Әуезовтен тағы бір мысал: *Қызылды-жасылды қылып сәнмен жиылған жақсы үйлерде қалың көрпе, құс жастықтарға көмілген жуан билер, күндіз-түні семізді кертіп жеп, кекірігі азғанша майға бөгіп жатқан. Бұлар, малына індет келген ауылдың иттері сияқты, жаны шығып, күйрығын сыртқа салып, көзі қызарып құтырғандай қанталап, қауып түсетін сияқты түр көрсетеді¹.*

Немесе, *...долданып құтырған Қоқыштар, Сәрсендер жуан-жуан жақсы киімді, боқтығы күшті үлкендер...*

Бұл мысалдардан образды сөздердің атқаратын қызметі ерекше сезіледі. Сонымен бірге мұнда сөз қолдану, сөйлем құрылысы, тіпті контекст - барлығы да экспрессивті берілген. Автор тілдің экспрессивті-эмоционалды тәсілдерін шебер пайдаланған. Жазушы суреттеп отырған шындықты оқушы көзбен көргендей айқын сезінеді. Мұнда жағымсыз образ тілдік тәсілдерді бейнелі, экспрессивті қолдану арқылы жасалған. Осылайша сөзді метафоралы қолдану арқылы жасалған образдар тез қабылданып, ойда ұзақ сақталып, сөз қолданысы тұрақталып, бейнелі сөздердің үлгісі молығады.

Образ жасаудың сөзді метафоралы түрде қолданудан басқа да көптеген тәсілдері бар. Оны төмендегі мысалдан көруге болады: *Бақтығұл атқа мінісімен: "Әйдә, тарт!" - деп тебініп жіберіп, қозғалып кетті. Көп сәйгүліктің аяғы сатыр-сұтыр басып, шымды жерді дүңк-дүңк еткізіп, үстеріндегі ер-тұрман, қару-сайман бір-біріне шалдыр-шылдыр, тықыр-тықыр соқтығып, ымырт қараңғылығын қуалай тартып береді².*

Автор мұнда әр түрлі дыбыстарды еліктеуіш сөздер арқылы бейнелеп отыр. Осы тұста оқушы көп аттың тұяғы тиген жердің дүңкілін, ер-тұрманның шылдырын айқын естіп тұрғандай сезінеді.

¹ М. Әуезов. "Қараш-қараш", Алматы, 1960, 53-бет.

² М. Әуезов. "Қараш-қараш", Алматы, 1960, 42-бет.

Көркем шығарма тілі - күрделі мәселе. Көркем шығарманы жасайтын - жазушы. Шығармадан жазушының *өзіндік ерекшелігі, шеберлігі, стилі* байқалып отырады. Шеберлік мәселесін шығарманың тілінен бөлек алып қарауға болмайды. Шеберлік мәселесі тілге тікелей қатысты. Сондықтан да жазушының шеберлігі жайында сөз еткенде, ең алдымен оның тілінен бастаған жөн¹.

Шеберлік дегеніміздің өзі - тар шеңберде алғанда, адам бейнесі, табиғат көрінісі, қимыл, іс-әрекет сияқты әдебиеттік түрлі образдарды жасау үшін қажетті сөздерді талғап, ұқыптылықпен қолдана білу. Мұндай образдарды жасау үстінде сұрыпталатын сөздерге әрқашан да жаңа мағына, қосымша реңдер берілетіні белгілі. Сөздердің ондай жаңа қосымша мағынасы мен реңдері образды ойды эстетикалық жағынан байытып отырса ғана құнды болмақ. Образды ой дегеніміз - суреттелетін зат, құбылыстың формасын сөз арқылы шебер бейнелей білу.

Көркем әдебиет - "сөз арқылы әдемі түрде суреттелетін искусство". Әдебиетшілер болсын, тілшілер болсын көркем шығарма тілін сөз еткенде, екеуінің де негізгі объектісі - әдеби шығарма. Өйткені әдеби шығарманың негізгі құралы - тіл. Жазушылар да құрылысшылардың кірпіштен салған биік әсем мұнарасы сияктандырып өмірдегі сан алуан құбылыстарды бейнелі сөз өрнегі арқылы қиюластырып, көркем образдар жасайды. Көркем образ жазушының шеберлігіне, оның жалпы халықтық тіл байлығын жетік меңгеріп, шұрайлы сөз образдарын қолданып шебер суреттей білуіне байланысты. Сонымен бірге жазушы шығармасының тілі, оның стиль ерекшелігі шығарманың мазмұн, идеялық жақтарымен байланысты қарастыруды қажет етеді.²

Жазушының стилі - көркем шығарма жазу үстінде қалыптасатын әр жазушының өзіндік мәнері, сөз қолдану тәсілдері. Жазушының стиль ерекшелігі, оның өзінің өмір тануына, шығармасының идеялық мазмұнына сай жалпы халықтық тіл қазынасын меңгеріп, оны қалай қолданғандығынан байқалады. Ал жазушылардың тілдік құралды қолдану тәсілдері біркелкі болмайды. Өмірдегі адамдар қан-

¹ К. Федин. О мастерстве. Сб. "О писательском труде". М., 1955, 319-бет.

шалықты көп болып, олардың түрлері бір-біріне ұқсас келмейтіні тәрізді жазушылардың да жазу мәнерінде, стилінде ұқсастық бола бермейді. Әр акын-жазушылардың өзіндік ерекшелігі болады. Акын-жазушылардың өзіндік стиль ерекшеліктері, жазу мәнері жалпы халықтық тілдің негізінде қалыптасып жетіледі.

Жазушының стиль ерекшелігі - жалпы халықтық тілдің жалғасы ретінде дамитын әдеби тілдің маңызды бөлшегі.

Жазушының тілі, өзіндік (индивидуальды) стилі - ол сол дәуірдегі көркем әдебиетке тән тілдік тәсілдерді өзінің эстетикалық талғамына сай өзінше пайдаланып дамыту жүйесі. Жазушының өзіндік стиль проблемасы - ең алдымен әдеби шеберліктің, ұлттық көркем әдебиеттің проблемасы¹. Сондықтан әдеби тілдің даму жолдарын, қалыптасу үрдісін жете түсіну үшін жеке жазушылардың шығармасының тілін зерттеп, олардың сөздерді сұрыптап қолдану тәсілдерін, жалпы халықтық тілдік құралды қалай меңгергендігін және әдеби тіл үлгісін байытып тыннан қосқан жаңа сөз үлгісін айқындап, жан-жақты талдау жасап көрсетудің көркем сөз стилистикасында мәні зор.

Көркем шығарма тілінің осы уақытқа шейін қалай зерттеліп келгені туралы академик¹ В. В. Виноградов. "О языке художественной литературы" деген кітабынан толық мағлұмат алуымызға болады. Автор бұл еңбегінде кеңес дәуіріндегі көркем шығарма тілінің зерттелуіне арналған ғылыми еңбектер мен мақалаларға талдау жасап, ондағы жетістік пен кемшіліктерді көрсетіп, көркем шығарма тілінің зерттелуі жайында құнды пікірлер айтқан. Академик В. В. Виноградовтың аталған еңбегінің құндылығы - жазушының өзіндік стилі орыс әдебиетінің даму заңдылықтарымен байланысты қаралуында. Бұл тәсіл - жазушының тіл ерекшелігін зерттеушілердің бұдан былайғы жерде айрықша көңіл болатын мәселесі.

Қазіргі стилистикаға байланысты жазылып жүрген зерттеу еңбектері мен мақалаларда, көбінесе оның зерттеу объектісіне, шығарманың тілін зерттеу тәсіліне баса көңіл бөлініп жүр. Бұлар көркем сөз стилистикасы саласындағы

¹ В. В. Виноградов. "О языке художественной литературы", Москва, 1969, стр. 85.

бүгінгі таңдағы маңызды мәселе екені даусыз. Бірақ көркем сөз стилистикасының басы ашылмаған басқа да мәселелері аз емес.

Көркем шығарма тілін зерттеуде кездесетін бір қиындық - оның проза, драма, поэзия сияқты жанрларды қамтып, көп жанрлы болып келуінде. Әр түрлі жанрлардың әрқайсысының өзіне тән тіл ерекшеліктерін зерттеу әдістері жөнінде белгілі бір нұсқау беру қиын. Шығарманың жанрлық ерекшелігіне қарай, тіл өзгешелігі болатындығы әдебиет теориясының оқулықтарында және кейбір лингвистикалық еңбектерде тиіп-қашты айтылады. Ал арнайы жазылған еңбек әзір жоқтың қасы.

Тіліміздегі басқа стильдерге қарағанда, көркем сөз стилінің аясы кең. Мұнда барлық стильдердің элементтері кездеседі¹. Тілдік тәсілдер көркемдік мақсатта жұмсалады. Образды сөздер жиі қолданылады. Әр жазушының өзінің талғамына қарай тіл ерекшелігі, қолдану тәсілі болады. Ол ерекшеліктердің бәрі бір-бірімен ара қатынаста болып, көркем әдебиет стилінің басқа стильдерінде қайталанбайтын, айрықша жүйесін жасайды.

Көркем әдебиет сөз өнері ретінде ғана танылмайды. Ол өмір қиындығын біліп тануымызға ықпал жасайтын, біздің өміріміздің эстетикалық жағын қамтитын қоғамдық құбылыс болып саналады. Сондықтан акад. В. В. Виноградовтың: “Көркем шығарманың тілін зерттеу мәселесі тіл білімінен де, әдебиет танудан да өз алдына айырмашылығы бар филология ғылымдарының айрықша бір бөлек саласы болуға тиіс”², - деген пікірі әбден дұрыс.

¹ Ол жөнінде § 7 кара.

² Литературоведение и современность, “Вопросы литературы”, 1959, № 10.

Екінші бөлім

ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

1. ЛЕКСИКА

§ 12. Қазақ тілі лексикасы туралы жалпы түсінік

Лексика, лексикология және стилистика - бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. *Лексика деп — әдетте тілдегі барлық сөзқорын айтады. Лексикология сол сөздік құрамды тексеретін ғылым; яғни тіл білімінің сөз мағынасын, оның шығу тегін зерттейтін саласы. Ал стилистика әр түрлі стильдерді, мысалы, әдеби тілдің стильдерін, сөйлеу және көркем әдебиет стильдерін зерттейді, әр алуан тілдік құралдардың экспрессивтік-эмоционалдық қасиеттерін талдайды. Қазақ тілінің сөз қоры лексикология тұрғысынан мынадай бірнеше негізгі салаға бөлінеді: байырғы сөздер (бұл әдеби тіліміздегі ең үлкен, басты арна), араб, парсы тілдерінен ауысқан, монғол тілінен, туыстас кейбір түркі тілдерінен келген, орыс тілінен және сол арқылы шет елдер тілінен енген терминдер мен түрлі жаңа сөздер. Ал лексиканы тілдегі жалпы стильдер тұрғысынан жіктейтін болсақ, әлгі санап өткен салаларды енді мүлдем басқаша топтауға тура келеді. Өйткені осы аталған әр алуан тіл қабаттарының қай-қайсысы да стилистикамен тығыз байланысты. Бір де бірі одан сырт емес. Рас, сала-сала бұл сөздердің әдеби тіл, сөйлеу, көркем әдебиет стильдеріндегі қолданылу дәрежесі біркелкі емес, түрлі-түрлі болып келеді. Олардың белгілі бір қолданылу аясы, өзді-өзіне лайық стильдік қызметі бар. Мысалы, мына бір үзінділерге көңіл аударып көрейік. Білігі артық Қарашаш (Батырлар жыры); *Заявление - арыз, Тексеру бізге парыз* (І. Жансүгіров); *Сойлеп қор тіл мен жақ. Сөзіңнің бәрі хақ* (С. Сей-*

фуллин); *Атаның адал батасын, ананның ақ сүтін ерлікпен ақтау саған* парыз (Б. Момышұлы); *Бізге бригадиріміз Кудрявцев сияқты білікті құрылысшы болу әлі ертерек* (газеттен); *Қазақ халқының, оның ескі тайпаларының, талай тарихи шытырман кезенді өткермегі де хақ, талай жазу-сызу жоралғыларына бірде тікелей, бірде жанамалай жанаспағы да хақ* (ғылыми мақаладан). *Жерді тыңғылықты, өндеп, баптау ең алдымен тракторшының парызы* (газеттен). Осы үзінділердегі *білік* (білікті), *парыз*, *хақ*, *ұлан* лексикамызда жалпы белгілі сөздер. Бірақ, олар тіліміздегі әр түрлі стильдерде қолданылуы жағынан бірдей емес. Оны жоғарыда келтірілген мысалдардың өзінен-ақ оңай байқаймыз. Ілгерідегі мысалдарды өз ара салыстыру арқылы да осыны аңғарамыз. Бұл арада әр түрлі стильде қолданылған бір сөзге әдейі тоқталып отырмыз. Өйткені ондай жеке сөздің стиль түрлерінің кез келгеніне жарасып, қонымдылық табуы мүмкін емес. Дегенмен қай тілде де қандай бір сөз болмасын, ол өзінің табиғаты, жалпы қолданылу ерекшелігі жөнінен көбінесе белгілі, бір ғана стильге бейімірек тұрады. Лексикология мен стилистиканың бір-бірімен байланысты, олардың әдетте өз ара тығыз қарым-қатынаста болатыны міне осыдан. *Парыз* есімін тракторшы дегенмен қосақтау, яғни *тракторшының парызы* деу қай жағынан да келісіп тұрған жоқ. Бұдан гөрі *тракторшының міндеті* түрінде қолданылғаны әлдеқайда орынды. Дұрысының өзі де сол. Себебі парыз сөзі көбінесе көркем әдебиет стиліне тән құбылыс. Кейде публицистикалық стильде де қолданыла береді. Ал күнделікті баспасөз бетінде жарияланып жататын ресми шағын хабарда парыз есімін пайдалану, оны және тракторшы дегенмен тіркестіру стиль шартына үнемі дәл келе бермейді, ұтымды да болып шықпайды. Ол сондай-ақ ғылыми стильге де, ресми кеңсе тіліне де үйлесімді емес. Мұны, яғни қандай да бір тілдік құбылысты, стильдік өңіне қарай талғап қолдану қажеттігін, сондай-ақ *ұлан*, *саңлақ*, *марқаю* сөздерінен де айқын көруге болады.

Сол бұйырмаған махаббат-достықтан біткен екеуінің баласы, жөргектегі нәрестесі жас ұлан мынау шеткі Ақшоқының елсіз биігінің басына апарып тасталды (М. Әуезов); *Еңлік үнімен қыз жүрегі сыр айтса, Кебек тілімен ұл арманы, ер ашуы, ұлан жаны жоқталса болмас па* (осында); *Бұл*

бастаманы өндіріске енгізген тапқыр ұландар қазірдің өзінде 45 мың адамды қол жұмысынан босатты (газеттен). Автомобиль транспорты да кемеліне келіп маркайды (газеттен.) Жапырақтар жалнайды. Жас қозылар маркайды (І. Жансүгіров); Ел құрметіне бөленіп, көзге түсіп жүрген саңлақ сауыншылар бізде көп (газеттен). Мен-дағы мұндай кезде жымаң қаққам, Мінгенмін не саңлаққа сумаң қаққан (І. Жансүгіров).

Әуелі мұндағы *саңлақ* сөзінің қолданылу ерекшелігіне, стильдік бояуына тоқталып көрейік. Бұл да негізінен сол көркем әдебиет стиліне тән құбылыс. Ол әдетте ақын, жазушылардың шығармаларынан жиі кездесіп отырады. *Саңлақ* және *сауыншы* сөздерінің қатар қолданылуынан жатықтық емес, қайта жасандылық сезіліп тұрады. *Парыз, саңлақ* сөздері ара-тұра сойлеу стилінде де айтылады. Ғылыми стильде, газет, журналдарда ақпарат түрінде шығып жататын қысқа материалдарда, ресми кеңсе стильдерінде мұның екеуі де сирек ұшырасады. *Саңлақ сауыншы* немесе *тракторшының парызы* деу құлаққа да тіпті ерсі естіледі. *ұлан, хақ, білік* есімдері мен *марқаю* етістігін де дәл осы тұрғыдан алатын болсақ, бұлардың да жоғарыдағы қолданылуының қайсысы орынды, қайсысы жасанды екенін білу қиын емес. Мысалы, “*Білігі артық Қарашаш*” деген жолды “*Білімі артық Қарашаш*” деп өзгертуге де болар. Бірақ дәл осы контексте, осындай ескі жыр шумақтарына *білім* зат есімінен гөрі көне форма *білік* сөзінің өзі көбірек үйлеседі. Ал *білікті құрылысшы* дегендегі *білікті* өз орнында тұрған жоқ. Контексте стиль ерекшелігіне сай жұмсалмаған. Бұл арада және бір ескертетін нәрсе: *білік* білім сөзінің ғана орнына емес, ақыл деген мағынада да қолданылады. Оны осы себепті де кез келген стильде келтіре беруге болмайды. Сондай-ақ *автомобиль транспорты маркайды* мен *жас қозылар маркайды* дегендерді немесе *тапқыр ұландар 45 мың адамды қол жұмысынан босатты* мен *ұлан жаны жоқталса болмас па* деген екі үзіндіні салыстырсақ та, жоғарыдағы тәрізді ерекшелікті: қандай бір сөздің болса да, белгілі бір стильге көбірек бейім тұратынын аңғарамыз. *Маркайды* етістігі қозыға байланысты айтылғанда, айнала-сындағы сөздермен қиюласуы да, үйлесімі де өте табиғи, жым-жігі білінбейді. Бұған керісінше *автомобиль транс-*

порты маркайды дегеннен мұндай жатықтық көрінбейді. *Парыз, санлақ* есімдері тәрізді бұлар да (*хақ, ұлан, білік, маркаю* сөздері де) негізінен көркем әдебиет стиліне, ара-тұра публицистикалық мақалалар мен ара кідік сөйлеу тілінде қолданылады. Демек, лексиканың стильдік сипаты әдетте тіліміздегі әр сала сөздердің белгілі бір стиль түріне бейімділігіне не онда қолданылатындығына қарай анықталады.

Әдеби сөйлеу және көркем әдебиет стильдерінде сөздердің өзді-өзіне тән жұмсалып қабілеті аңғарылады. Мұндай өзгешелік әсіресе көркем әдебиет стилі мен кеңсе, ғылыми, публицистикалық стильдердің арасында айқынырақ сезіледі. Көркем шығарма тілінің қазақ тілінің байырғы сөздері болып келеді. Онда әдетте тілде бар сөздің қолданылмайтыны аз байқалады. Стильдік мақсатқа керегіне қарай, мұнда байырғы құбылыстар да термин де, сөздер де, диалектизм де кездесіп отырады. Бірақ солардың ішінен көбінесе көркем әдебиет стилінде жұмсалатындары да бар. Мысалы: *Қайта жолдастары осыны айтқалы көңіліне амалсыздықтың бір жадаулығы да келіп еді* (М. Әуезов). *Күңгірт, сұрғылт қыс аспанында көшпе бұлттар өркеш-өркеш боп, терістікке қарай маңып, ауып барады* (сонда). *Мен малыма өзім иемін - деп, Нұржан шірене түсті* (Б. Майлин). *Самаурынын быжылдатып, мына сабалақ сары баланы күтіп бұл әйел отырады да қояды. Отасқандарына жыл да толмаған. Ойын-күлкіге батып жайрандайтын кезі ғой шыны* (сонда).

Бұл келтірілген мысалдарда *жадаулық, күңгірт, сұрғылт, маңу, шірену, быжылдау, сабалақ, отасу, жайрандау* деген сөздер өзге стиль түрлеріне қарағанда, әсіресе көркем әдебиетте жиі байқалады. Жеке сөздерден байқалатын осы ерекшелікке байланысты, олардың әр түрлі стильдік бояуына қарай, лексиканы жалпы салаға топтастыруға болады.

§ 13. Бейтарап (стильаралық) лексика

Тілдегі сөздердің көпшілігінен белгілі бір стильдік бояу аңғарылады. Соған байланысты олардың қолданылу аясына, ерекшеліктеріне қарай бірнеше лексикалық топқа

бөлінеді. Лингвистикалық әдебиеттерде лексикалық топтар саны әр түрлі қаралып жүр. Мысалы, жалпы қолды тұрмыстық лексика, сөйлеу тілі, әскери, кітаби, поэтикалық, диалектілік, ресми-іс қағаздар лексикасы, т. б. Сондай-ақ бұдан өзгереді, яғни әлгі аталған салаларды топтап, жинақтап беру әдісі де бар. Бұл әдіс бойынша лексика үш салаға бөлінеді: *сөйлеу тілі, бейтарап және кітаби лексика*. Оқулықта осы соңғы түрі негізге алынып отыр.

Тілде *стиль* түрлерінің (ғылыми, ресми-кеңсе, публицистикалық, көркем әдебиет) екеуінде не үшеуінде бірдей қолданылатын сөздер де, немесе барлығында кездесетіндері де бар.

Мысалы: *Күз аспаны күнгірт, бұлыңғыр, ауада дымкыл сыз бар* (М. Әуезов). *Аспан әлемінен жер бетіне келіп жатқан сан миллион сәулелер, космос сәулелері деп аталатын сәулелердің табиғаты...* (Физика). *Бақанастың өз өңірінде өспейді. Өзге қай жерде бар* (М. Әуезов). *Ауадан гөрі таза оттеkte заттардың тотығу процесі күшті жүреді* (Химия).

Бұл үзіндіден аспан, ауа, жер, су, өзен, тау аттарының ғылыми стильде де, сондай-ақ көркем әдебиет тілінде де қолданыла беретінін көреміз. Олар өзге стильдерде де жұмсалады. Міне, мұндай сөздерді, яғни стиль түрлерінің қай-қайсысында да қолданылатын тілдік құбылыстарды бейтарап немесе стильаралық **л е к с и к а** деп атайды. Мұның кейбір үлгісін әр түрлі еңбектерден, ғылыми әдебиеттерден, оқулықтардан, көркем шығармадан, жоғарыдағы мысалдардан аңғаруға болады. Оны сондай-ақ мына бір жолдардан да байқау қиын емес. Таудан *соққан салқын ызғар қатал мінездердің ызғары сияқты* (М. Әуезов). *Өзен жағасына келсе Оспан, Смағұл бастаған көп кішілеу балалар, мөлдір суда асыр салып...* (сонда). *Тау беткейінің горизонт жазықтығымен жасайтын бұрышы* (Тригонометрия). *Өзеннің енін анықтау үшін оның бір жақ жағасына...* (сонда). *Гидросульфидтер суда әжептеуір жақсы ериді* (Химия).

Бейтарап лексикаға жататын сөздер қай тілде де сан жағынан біраз бар. Оған ең алдымен жоғарыда аталған аспан, жер, су, ауа, жел, өзен, тау тәрізді табиғат құбылыстары жатады. Осы сөздер көркем әдебиет стилінде де; ғылыми, ресми-кеңсе, публицистикалық стильде де қолданыла

береді. Олардың әр түрлі стильдерде жұмсалыуына бірер мысал келтіре кетейік. *Тау басында жел тұрды білем* (М. Әуезов). *Ең қызығы Шолпандағы жел ылғи бір-ақ жаққа, яғни планетаның айналуымен бағыттас соғады, екен* (Физика). *Денеге жерден шығып кетуге мүмкіндік беретін жылдамдық осындай болады* (сонда). *Бұнда қалың боп көпсіп жататын күм мен боз топырақтан аяқ алып жүру бір жүк* (М. Әуезов). *Фосфорит, күм және көмірдің ұсақталған қоспаларын электр пешінде ауа жі-бермей жоғары температурада қыздырады* (Химия).

Сондай-ақ абстракт мағыналы сөздер де бейтарап лексикаға жатады. Өйткені олар да белгілі бір ғана стильде емес, әр түрлі де жұмсалып отырады. Мысалға *қасиет* деген сөзді алып көрейік. Бұл ресми-кеңсе стилінде де, ғылыми және публицистикалық стильде де қолданылады. Дәл осындай ерекшелік анықтау деген етістіктен де аңғарылады. Ол да ресми-кеңсе және ғылыми стильдің екеуінде бірдей келе береді.

Сол нығындағы ажал періштесі өлімге қарай сүйресе, оң нығындағы өмір періштесі оны өлімнен бөтен жаққа алып қашқандай (І. Есенберлин “Махаббат мейрамы” 3 бет).

Эволюция барысында Жер айналасында тірі организмдер өмір сүретін ерекше қабықша немесе сфера түзілді (Биология 9-10 сынып Биосфера жер планетасы биомассасының қасиеттері 1096).

Таңғажайып табиғаты, аспанға шаншыла тік көтерілген көп қабатты үйлерінің әсерінен есіле кетіп, өзімді құдды бір шетелде жүргендей сезіндім. Қазақ әдебиеті 1.10. 2004.

Аспан әлемінен жер бетінен келіп жатқан сан миллион сәулелер, космос сәулелері деп аталатын сәулелердің табиғаты (физика).

Буы бұрқырап төңкерілген үлкен қара қазандай аспан, төбеден төніп, жаңбыр қиғаштай екілене себелеп соғып тұр. (Б. Момышұлы “Москва үшін шайқас” 38 бет).

Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануарлардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көмек-көмек лақылдайды (Ж.Аймауытов “Ақбілек”).

Бейтарап лексикаға жататын, яғни стиль түрлерінің жал-

пы қай-қайсысында да келе беретін мұндай сөздер қазақ тілінде осылар ғана емес. Олар көп және әр тарап болып келеді. Біз солардың кейбіріне тоқталдық.

Сондай-ақ, стиль түрлерінің бәрінде емес, кейбірінде ғана қолданылатын сөздер де бар. Мысалы, лексиканың белгілі бір тобы өзінің стильдік бояуына байланысты көбінесе сөйлеу стиліне тән болып келеді де, сонда жиірек қолданылады. Ондай сөздер сөйлеу тілі лексикасы деп аталады.

§ 14. Сөйлеу тілінің лексикасы

Адамдардың күнделікті қарым-қатынасында, қызмет бабында (баяндамада, лекцияда, неше алуан сұрақ-жауапта, жарыс сөзде, басқа да ретте) стильдік бояуы әр түрлі сөздердің қай-қайсысы да жалпы айтылады. Бірақ оның бәрі сөйлеу тілі лексикасына жатпайды. Мысалы, қай тілде де, ғылыми стильде, ресми-кеңсе стилінде негізінен қолданылмайтын, тіпті көркем әдебиет пен публицистикалық стильдердің өздерінде де онша көп кездеспейтін, қайта бұларға қарағанда сөйлеу стилінде жиірек айтылатын белгілі бірер тобы болады. Сөйлеу тілі лексикасы міне осындай сөздерді қамтиды. Алайда мына жағдай есте болуы керек. Сөйлеу стиліне тән бұл сөздер басқа стильдерде қолданылады деуге болмайды. Бірақ сөйлеу стиліндегідей дәрежеде емес. Олардың өз алдына сөйлеу тілі лексикасы деп аталуы міне осы жағдайға - қолданылу аясына байланысты. Көбінесе-көп сөйлеу стиліне, яғни сөйлеу тілі лексикасына тән ондай сөздерге қарапайым сөздер, *табу, эвфемизм, диалектизмдер және кәсіби сөздер* жатады.

§ 15. Қарапайым сөздер

Қарапайым сөздер, табу мен эвфемизмдер көркем әдебиетте әсіресе сөйлеу тілі стилінде жиі қолданылады, ол көркем әдебиет стилінде белгілі бір көркемдік мақсат үшін жұмсалады. Қарапайым сөздер кейде публицистикалық

стильден де байқалады. Бұлардың эстетикалық, эмоциональ-дық әсері, бейнелілігі өте-мөте көркем әдебиет стилінде ұтымды келеді.

- *Биыл сен осы жиырма түлкі алғыздың-ау, Ержан.*

- *Жиырмаға жете қойған жоқ әлі... - дейді де, Ержан қолын акмойнаққа созады. Тағы сылқ-сылқ, тағы бүлк-бүлк... Акмойнақ қырлы стакандарға тағы да еңкейді (Ғ. Мүсірепов).*

Көбінесе сөйлеу тілі стилінде айтылып, ал әдеби тіл стильдерінде сирек ұшырасатын белгілі бір сөздер бар. Олар тұрпайы мағыналы сөздер. Мұндай қарапайым сөздер ара-тұра көркем әдебиет стилінде белгілі бір стильдік мақсатта жұмсалады.

Жастау жігіт қойнынан бүктелген қағазды шығарып, Қамшлаға қарап күлімсіреді:

- *Мынаған доңғал басыңды басып жіберші — деп.*

- *Жоқ, жолдас, кеңсеге бар, мөрді қалтаға салмаймын, кеңседе болады, - деп Қамшла жауапты қысқа қайырды (Б. Майлин). Скендір сияқты судырлар елдің үрейін ұшырып: (сонда).*

Осы мысалдардағы доңғал бас (мөр), судырлар (белсенділер) қарапайым сөздері кейіпкер тілінде айтылып тұр. Мұндай стильдік мақсаттағы қарапайым сөздер, негізінен, кейіпкер тілінде қолданылады.

Сөйлеу стиліндегі кейбір теңеу құралдары әдетте тым қарапайым, тіпті қарадүрсін, дорекі болып келеді. Сөйлеу стиліндегі мұндай сөздердің бәрі бірдей көркем әдебиет стилінде қолданыла бермей, тек авторлық рсмаркада ғана ара-тұра кездеседі. Бұл тәрізді жекелеген қарадүрсін сөз қолданыс ертеректегі әдеби шығармалардың тілінде, атап айтқанда, авторлық баяндауда ұшырасатын. Бұған сол кезгі көркем әдебиет үлгілерінен бірер дәлел келтіре кетейік. *Алпысқа қалай қарайсың? - сексенді көзіме тықты, жарықтығым. Берген жоқпын. Осы кезде сайтапдай Ерден жетіп келді; Шал елу тынды тастағасын, "тағы, бес тын тастайын, саған да ырым болсын" деді, бес сом тастап тұрған немедей (С. Мұқанов). Әзірленіп қойған екен, бармасаң ол да, мен де қатты ренжимін деп талақтай жабысты.* Бірақ былайғы жерде тілдегі мұндай теңеу құралдары көркем әдебиет стилінің өзінде де сирей бастады. Өйткені, жазушы-

лардың бірте-бірте сөз қолданудағы талғамы, шеберлігі арта түсті. Шынында да, сөйлеу стиліндегі ондай тым қарабайыр сөздер көркем әдебиет стилінің табиғатына, тұтас контекст көлеміндегі көркемдікпен еш үйлеспейді, қайта оны тұрпайыландырып нұқсан келтіріп тұрады. Мысалы: *Сағындықтардан бөлінгеннен кейін сүзисуге аңдысқан бұқадай, Мұрат пен Қайролла біразға дейін пәлендей басты кеңеске кірісе алған жоқ (сонда). Жұман дейтін көлбақадай тырбиған біреу менің келгенімді хош алып...* (Б. Майлин). *Мұндай жерде Шакшайдың қимылына ілескен емес. Ол сайтанша жүреді* (І. Жансүгіров). *Сүлей атынан секіріп түсіп, еркелеген иттей уәкілдерге келіп, қайнандай бастағанда* (Ғ. Мұстафин).

Сөйлеу тілі лексикасын стильдік тұрғыда сипаттағанда мына бір сөздерді де өз алдына бөле, жеке айту керек. Мысалы *пошым, неме, “көзір”, пәленше, түгенше* тәріздес қарапайым сөздердің, варваризм атаулының, да тіл байлығына жататыны мәлім. Бірақ олар да белгілі бір стильде ғана жұмсалады. Әлгі сөздер, мысалы, сөйлеу тілі лексикасына тән. Осы себепті көбінесе сөйлеу стилінде қолданылады. Сондай-ақ, кейде белгілі бір стильдік мақсат үшін көркем шығармада да, сықақ-мысал түрінде жазылған очерктерде де кездеседі. Ал қалған стиль түрлерінде сирек ұшырасады, негізінен көркем әдебиет стилінде ғана қолданылады.

Түбінде Абайды үлкен жазаға ұшырататын болса, бұл іс бір үлкен көзір болып... (М. Әуезов). *Түпкі үйдің есігінен кептеліп бір қырынан шыққан жеңгей қолындағы бір бөлке нан мен шөлмек пошымдас ораулы газетті көргенде “бұл байғұсты бірдеме шалған екен” деді* (газеттен).

Тәуір екен тапанша?

Түсі суық неме екен (І. Жансүгіров).

Пәленшені ұрам деп,

Түгеншені қырам деп... (Абай).

Сондай-ақ мына бір-екі сөздің қолданылуына да сәл көңіл аударып көрейік. Семей облысында күндіз-түн, толассыз соғатын жаяу борасынды *акжорға* деп атайды. Бұл

тәріздес әзілді астары бар, бейнелі сөздер ел ішінде неше алуан. **Аққұйрық** есімі де сондай. Екеуі де негізінен қарапайым сойлеу стиліне бейім тұрған сөз. Бұлардан халықтық әзіл, ирония айқын сезіледі. Көркем әдебиет стилінде әдетте осы сала сөздер де жиі жұмсалып, белгілі бір «Стильдік мақсат үшін әдейі пайдаланылады. Бірақ **“ақжорға” дейтін жаяу борасынның жүрмейтін күні жоқ. Биылғы жұт қысында ақжорға ақ боранға айналмаған шақтарында күндіз-түн толассыз соғады (М. Әуезов). Терісінен соққан суық жел ақжорғамен даланы обмы қарға, опқа толтыра береді (сонда). Бұл кезде тергеуші Зенковқа қат-қат “аққұйрық” дейтін делдал араласып еді; Қаттаулы аққұйрықтар да Казанцевтің темір сандығына салынған-ды (сонда).**

Ақжорға, аққұйрық сөздерінің көркем әдебиет стиліне жақындығын осы келтірілген үзінділерден айқын көруге болады. Бұлар ғылыми немесе ресми-кеңсе стильдерінде қолданылмайды.

Сойлеу тілі лексикасына стильдік бояуы жағынан **т а б у** сөздер мен **эвфемиздер** де жатады. Табу, эвфемизм - бір-біріне мағыналары жақын, мәндес терминдер. Әлдебір, діни нанымға, ескі әдет-ғұрыпқа байланысты айтуға болмайтын, сондай-ақ цензуралық ретпен де қолдануға тыйым салынған сөздерді табу (эвфемизм) деп атайды. Бір жағдайды, хабарды тура айтпай, тұспалдап жеткізетін сөздер де **т а б у** (эвфемизм) делінеді. Өйткені стиль тұрғысынан алғанда, тура сөзден гөрі (яғни ашық түрде, тура айтуға карағанда) оны ауыстырған тұспал сөздің өзі ұтымды. Табу мен эвфемизмнің көбінесе-көп сойлеу стилі мен көркем әдебиетте қолданылатыны олардың осы ерекшелігімен тығыз байланысты.

Қазақ қоғамында бұрынғы кезде келін ата-енесінің, бабаларының не қайынағаларының атын атамайтын. Олармен аттас басқа да түрлі заттарды тұспалдап, басқаша атайтын. Келіннің күйеуінің туған-туыстарына қоятын аттары табу сөздерге (эвфемизмге) жатады. Бұлар көбінесе сойлеу тілі стиліне тән құбылыс. Табу сөздер сондай-ақ көркем әдебиет стилінде де қолданылады. Себебі автор көркемдіктің шарты бойынша кейіпкер тілінде кездесетін осы тәрізді, яғни табу түрінде келетін сөздерді де қадағалап отырады. Мысалы: *Шырайлым-ау, күйеуінің онысы несі,*

алайын деп отырғанда сені тастап кеткені қалай (Б. Майлин). Жаным-ау, алпамсадай болған кім десем, мынау кенжем ғой... Әйгерімнің кенжем дейтіні Оспан болатын... Кенжем! Түпқатып шыққансың ба? Алыстан келген жолаушыдайсың ғой. Әйел ілгеріде күйеуінің де, жасы үлкен жалпы еркек атаулының есімін айтпай, “әлгі”, “үлкен кісі” дейтін. Келін немесе жас әйел тарапынан айтылатын табу (эвфемизм) үнемі бұлай жеке сөз түрінде келе бермейді. Қазақ тұрмысында бұрынырақ кезде тұтас бір ауыл түгелдей үлкен аталарының атымен аталатын. Мысалы, ауыл егер Сексен деген кісінің атымен аталса, оны жүзден жиыртасы кемнің, ауылы дейтін салт болған. Сөйлеу стиліндегі табудың (эвфемизмнің) бұл түрі ғылыми стильден, ресми-кеңсе стилінен, тіпті публицистикалық стилден де кездеспейді. Ол негізінен сөйлеу стилі мен көркем әдебиет стиліне тән.

- Үлкен кісі, жүзден жиыртасы кем ауылының жігіттері қайда жатады секі?

— Шырағым, ондай оспағыңа шорқақ едім.

— Тәңірі деген, жүзге жиыртасы жетпесе сексен болмайтын ба еді!

— Е, Сексен ауылының жігіттері ме? ... Жүзден жиыртасы кем ауылының жігіттері, далаға шығыңдар! Қатындарың қарға батып жатыр (Ғ. Мүсірепов).

Адамға байланысты әлде бір жайсыз, суық хабарды, ауыр жағдайды сарт еткізіп айтып салмау да әріден келе жатқан ескі әдет. Мысалы, қазақ тілінде өлді дегенді әр түрлі астарлы сөзбен айтады. Өлді дегеннің орнына қолданылатын астарлы, ауыс мағаналы сөздер де *табуға* (эвфемизмге) кіреді. Табудың (эвфемизмнің) осы түрі де көбінесе сөйлеу стилі мен көркем әдебиет стилінде қолданылады. Себебі, сөйлеу стилінде, әсіресе көркем әдебиет стилінде “өлді” дегеннен гөрі, *жан тәсілім қылды, үзілді, өтті, қоштi* тәрізді сөз айту жат, суық хабарды жіңішкелеп, өте бір жұмсақ, нәзік түрде жеткізу (суреттеу) жағынан алғанда, жатық, ұтымды. Оны мына бір үзінділерден анық көруге болады.

Осы күннің ертеңінде суық сыбыс анық боп, Бөжей қайтыс болды деген хабар да жетті. Өткен түні, ел жатар кезде жан тәсілім қыпты (М. Әуезов). Сол сәтте Мағаш

үзіле берді (сонда). *Соның артынан, ұзақ түннің баяу таңы жаңа сызат беріп ата берген шақта Әбіш үзілді (сонда). Осылайша айналасы айықпаған сұр тұман, заман ішінде ұлы жан дүниеден көшті. Ұлы кеуденің ыстық демі тоқталды. Өмірден Абай кетті (сонда).*

§ 16. Диалектизмдер. Кәсіби сөздер

Диалектизм, кәсіби сөздер стилистика мәселесімен тығыз байланысты. Солай екенін оларды стиль түрлеріне қатысы жағынан алып талдағанда айқын көреміз. Бірақ, диалектизм мен кәсіби сөздердің стильге қатысын бірдей деуге болмайды. Өйткені бұлардың озді-өзіне тән ерекшелігі, бір-бірінен айырымы бар. Кәсіби сөздер диалектизмге қарағанда, көркем әдебиет және сөйлеу стилінде көп кездеседі. Белгілі бір көркемдік мақсатпен әдеби шығарма тілінде жұмсалады. Сондай-ақ, публицистикалық, стильден байқалады. Диалектизм ғылыми, ресми-кеңсе стилінде де қолданылады. Кәсіби сөздер қажетіне қарай стиль түрлерінің қай-қайсында да бола береді. Кейбір кәсіби сөздің диалектілікте сыңары болуы мүмкін. Кәсіби сөздің ондай диалектизм түрінде келетін сыңары (яғни варианты) стиль түрлерінің бәрінде бірдей қолданылмайды.

Көркем әдебиет стилінде кейбір диалектизм әдеби тілдік баламасы тұрса да қолданылады. Бұл - таза стильдік мақсатпен байланысты мәселе. Ксйде бір сөйлесімде бір сөзді екі рет немесе одан да көбірек қайталап қолдануға тура келеді. Егер ондай әдеби сөздің жергілікті халық тілінде диалектілік сыңары бар болса да оны жазушылар көркем әдебиет стилінде қолданады. Бірақ Жамбыл облысы тұрғындарының, тіліндегі *ашық-машық* сөзі сияқты диалектизм сөз қайталаудан қанша қашқанмен де, көркем әдебиет стилінде, авторлық ремаркада қолданылмайды. Осы *ашық-машық (топса)* немесе Жайық маңында аманбыз, сау-сәлеметбіз деген ұғымда жұмсалатын *мұз қара көк (мұздай қара көк деп те айтады)* тәрізді диалектілік құбылысты автор сөзінде қолданудың орынсыздығын былай қойғанда, кейіпкер тілінің өзінде де үнемі ұтымды бола бермейді. Демек, жергілікті тілдік ерекшелікті көркем әдебиет стилінде қолдануда да белгілі бір шек бар.

Диалектизмнің көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы екі түрлі: бірі - авторлық ремаркада, екіншісі - диалогта. Авторлық ремаркада, кейіпкер тіліндегімен салыстырғанда, диалектизм аз қолданылады. *Тәжірибесіз қызалаң еш нәрсе түсінбесе керек... Қызалақ сәби өзі де дәл көгершін тәрізді (сонда). Қанат ағай Қарынбай бөлесін көз нәлетімен атып, басын шайқайды... Бригада мүшелерінің бәрі де Тоғайәліге көз нәлеттерін жаудырды (сонда). Дауысы пәті шықты ғой, не бітіріп қайтты екен (Ә. Нұрпейісов). Күн кештете күндізгі ыстықтың пәті қайтайын деді (сонда).*

Ақын жазушылардың қай-қайсысының да шығармасынан (мүмкін біреуінде аз, екіншісінде одан көбірек болар) диалектілік ерекшелік кездеспей отырмайды. Өйткені, әр адам, әсіресе әрбір сөз шебері - таза әдеби тілдің ғана емес, сонымен қоса белгілі дәрежеде, белгілі бір аймаққа тән диалектіні де сақтаушы. Жазушы диалектизмді өзінің авторлық баяндауында әдейі қолдануы да мүмкін. Мұның көркем әдебиет стиліне еш оғаштығы жоқ. Мысалы *ат жегу* деудің орнына кей жерде *ат шегу* деп те айтады. Соңғы - диалектілік ерекшелік - *ж* мен *ш* дыбысының алмасуы. Осы алмасу көркем әдебиет стилінде оқта-текте бірлі-жарым басқа сөзден де байқалады. Көркем әдебиет стилінде кейде жеке сөз түріндегі, яғни лексикалық диалектизм де кездеседі. Мысалы:

Абай күз бойы озінше бір оқшау, жалғыз болған. Көбінше домбыра тартып, күй күңірсенте береді. Шешен қоңыр домбыра биыл тіпті ділмәр болып алғандай. Көп-көп сырлар айтады. "Саймақтың сары өзенін" тартса да, "Қос қыздың жылағанын", "Боз торғайдың шырылдағанын тыңдаса да баяғы сарын көп жайды баян ететін болды"¹. Шак қана үн қатып, тек қаққан белгі атқан еді (М. Әуезов). Шалқалап барып шак қалдым... Шаршап, талып, шак жеттік (Ә. Сәрсенбаев).

¹ Әуелде "дұрысы жырлағанның болар, әлде бір кездейсоқ катеден осылай шырлағанын болып кеткен шығар" деп ойлаған едік. Бірақ олай болмай шықты. Кітаптың барлық басылымын (1942,48,53,55,61 жылы шыққандарын түгел қарап шығуға тура келді. Бәрінде де 364,373,363,364, 351-беттерді қара) – шырлағанын. Жазушының өзі қолжазбасында қалай екен деп, оны да қарадық. Онда да осылай – шырлағанын делінген (ЛММА. КПР. №2. 421-бет).

Көркем әдебиет стиліндегі авторлық ремаркада шырлағанын, шак, кызалак, пәтті, пәті, көз нәлеті тәрізді жергілікті диалектілік ерекшелік сирек ұшырасады. Көркем әдебиет стилінде диалектизм көбінесе диалогта қолданылады. Автор жергілікті жердің тіл ерекшелігін, сөз байлығын аңғартуды көздеп, кейіпкердің қай жақтың адамы екенін байқату үшін әдейі қосады. Ал әдеби тілдегі стильдерде: ғылыми еңбектерде, саяси әдебиеттерде, оқулықтарда, ресми стильде диалектизмдер көркем әдебиет стиліндегі сияқты қолданылмайды.

Ал кеңсе іс қағаздары стилінде жергілікті жердің тіл ерекшелігі оқта-текте кездесуі мүмкін. Бірақ ондағы диалектизм көркем әдебиет стиліндегімен бір емес. Көркем әдебиет стиліндегі диалогта қолданылған диалектизмге қарап, кейіпкердің қай жердің адамы екенін, қай жердің жергілікті тіл ерекшелігімен сөйлеп тұрғанын бірден білуге болады.

Осы қылғаныңа исі Үйсін, Дулат мұқым тегі ұлы жүз баласы мың мәртебе алғыс айттық, саған. Ояққа сондай жақсы атың барып жатса, бұяқта досың артып жатсын... Тағын айтқын, айтқылашы, інішегім. Кеудеме, саңылау көрмеген кеудеме нұр төккендей болдың-ау, мүдем тегі (М. Әуезов). — Абай дария болғанда былайғы жүрген бәріміз жар шұқанақ екеміз ғой тәйір, шіркін. Бірді күлдіріп, бірді жұлдырып айталы десек те, табатынды таппаппыз да... Көріп отырмыз, о яғын айтпай-ақ қойғын (сонда). — Еше сол Абайдың Пушкин, Лермонтовтан қазақша жазғанын білесің бе?... А, еше, ол созді мен есітпей бомайды (сонда).

Диалектизмге қарағанда, кәсіби лексиканың қолданылу аясы кеңірек. Лексиканың бұл саласына белгілі бір аймаққа ғана тән кәсіп түрлерімен, мысалы, көмір өнеркәсібімен, мақта өсірумен, балық шаруашылығымен байланысты сөздер, термин ыңғайында әр түрлі атаулар жатады. Бұлар стиль түрлерінің, жалпы қайсысында да азды-көпті кездесіп отырады. Әсіресе белгілі бір мақтағы жергілікті халықтың күнделікті ауыз екі тілінде және сол облыстың газет тілінде жиі қолданылады. Кәсіби лексика элементі белгілі бір көлемде әдеби шығармалардан да байқалады. Мысалы:

Мен бүгін сүген ұстадым. Аудың жалғыз көзіне сағалынан ғана ілініп тұр екен. Ол неменің асау болатыны қайда?

- Қыста балықта қауқар қала ма.

- Балықтың ішінде, жарықтық, бекіре ғой жуасы...

- Онан көрі берегіректе, балық тондататын үлкен мұз қала бар. Мұз қаланың түкпірінен енгезердей біреу шықты. Бұл осы промсолда қара жұмысшы. Жаз айларында балықты бабына келтіріп тұздайтын солельщик (Ә. Нұрпейісов).

Жазушы мақташы не балықшы өмірін суреттеуді мақсат етсе, ол сол шаруашылық саласында бұрын-соңды пайда болған термин сөздерді, жаңа атауларды аттап кете алмайды. Автор оларды көркем әдебиет стилінің шарты бойынша ретіне қарай, қажетінше пайдалана білуге тиіс. Өйтпесінше жазушы өзінің алдына қойған көркемдік мақсатқа толық жете алмас еді. Жоғарыдағы тәрізді белгілі бір кәсіп адамдары туралы жазылған шығармада кәсіби лексика элементтерінің азды-көпті кездесіп отыратыны міне осы себепті.

Пароход енді сол барған жолын кеңейтуге кірісті. Енді экспедиция үш мотор, он шақты мотофлюгаларға, кішкене қайықтарға бөліне тиеліп, “айқасқа” ұмтылды... Қақпақтары ашылған трюм терсінен іркілдеген ақ майлар шорши қарғып палубаға түседі. Екі ит балықты екі қолына алып Акмамбет те кубрикке құлайды. Рубка ішінен тек алдыңғы бағытты болмаса, өзге тұсты болжай алар емеспін (Ә. Сәрсенбаев).

Осы үзіндідегі ит балық, сүген, бекіре, ақ май, мұз қала, промсол, солельщик, пароход, экспедиция, мотор, мотофлюга, қайық, трюм, кубрик, рубка атаулары кәсіби лексикаға жататын сөздер.

Мұндай жеке термин түрінде қалыптасқан кәсіби сөздерді көмір ондірісіне байланысты да келтіруге болады. Ондай кәсіп түріне қатысты арнаулы терминдер мен әр түрлі атаулардың тым жиілігі шығарма тілінің жалпы көркемдігіне нұқсан келтіреді. Сондықтан, жазушылар әдетте кәсіби сөздерді өздерінің шығармаларында тек орнымен ғана пайдалануға ұмтылады. Оны, мысалы, мына бір үзінділерден айқын көруге болады.

Шахты асты. Негізгі штректің оң жақтағы еңбектеп жүретін лавадың жоғарғы, ең түбінде, үңгірде 5 адам шамдарын кірептерге іліп қойып, көмір шауып жатыр. Штректегі сырылдаған вагон даусы далаға жарыққа шыға алмай қабырғаға соқтығып, көмір сияқты опырылып, ұнтақталып жерге түсетін сияқты (С. Ерубасев). Жер астында уклон, штректерден соңғы бұл бір үлкен жол, бірсыпыра лава, пештердің көмірі осымен өтеді.

Кәсіби лексиканың әр кезгі даму көрінісін белгілі дәрежеде көркем әдебиет стилінен де көруге болады. Мысалы, әлгі штрек, лава, уклон, креп дегендер сол 1920-30 жылдарда өндірісте жиі кездесіп отырады. Бірақ, халық шаруашылығының неше алуан саласындағы, атап айтқанда, ғылым мен техникадағы, сондай-ақ өзге де кәсіп түрлеріндегі күнделікті өзгеріске сәйкес бұлардың кейбірі қолданудан шығып қалды не оларға жаңа атаулар қосылды. Айталық “Менің құрдастарымнан” “Қарағанды” романы әлдеқайда соң жазылды. Онда да өндіріс өмірі, кеншілер тұрмысы суреттеледі. Кәсіби лексикада кейін пайда болған атаулар, тың ұғымдар бұл шығарманың тілінен де айқын сезіледі. Мысалы: *Алдында қос темір жолдың түйіскен басында барабан. Барабанға оралған сталь арқаншың екі ұшы екі вагонеткада... Көміршілердің қолында - врубмашина, электровоз, электрлі балға, конвейерлер ойнайды... Машина қайланы жойса, темір астау адам терін суша төккен, ташке, шана түгілі лавадан вагонеткаларды қуды. Электр теңсеген раштак ондаған адамнан өнімдірек істессе де, әкім қанағаттанбапты* (Ғ. Мұстафин).

Кәсіби лексика публицистикалық стильде де, мысалы, түрлі жол жазбада, очеркте т. б. ара-тұра қолданылады. Автор оны мұнда да сол суреттеліп отырған уақиғаны оқушының көз алдына нақтылы түрде, дәл елестету үшін пайдаланады.

Сонымен МРС-қа барып реюшка алдық. Онымыз желкенмен жүретін үлкен қайық. - Қайықты басқарушы кім? - деген менің сұрауыма: “Бұл араның тілінде ондай басқарушыны көршік дейді... Мәштің (мачта - кемеңнің ортасында желкенді көтеретін дінгек) жоғарғы жартысына көлденең жайылып, жарғанаттың қанатына ұқсап керіліп тұрған

парызды *Мүсілім оң қабырғадан сол қабырғаға шығарды* (С. Мұқанов).

Қазақ тілінде кәсіби сөздер әр алуан қаулы-қарарда, есеп құжаттарында, анықтама-мәлімет қағаздарында, яғни ресми-кеңсе стилінде де кездесіп отырады. Олар сондай-ақ ғылыми стильде де, атап айтқанда, арнаулы зерттеу еңбектердің тілінде де қолданылады. Мысалы: *“Бұл айтылған анықтамалар, мысалдар және фактілер (распор, сүзгі, ақан, шаң т. б.) профессионалдың лексиканың жаргоннан кейбір әлеуметтік топтардың тіліндегі өзгешеліктен (арголық т. б.) айырмашылығын ашып көрсетеді. Профессиналдың лексиканың элементтері әр алуан кәсіптің, өндірістің туып дамуымен байланысты жасалады және лексикалық (завод, цех т. б.), лексика-семантикалық (ұйық, балық ұйығы т. б.), морфологиялық (ұйық, ұю т. б.), стилистикалық (мықын, жылымның мықыны т. б.) жағынан ерекше өзгешелікке, кәсіпшілік, өндірістік сипатқа иелік етеді”* (Ғылыми мақаладан).

§ 17. Кітаби лексика

Кітаби лексикаға саяси әлеуметтік терминдер, әр алуан техникалық атаулар т. б. жатады. Бұлар өздерінің стиль түрлеріндегі қолданылу аясына қарай бір-бірінен өз ара ерекшеленеді. Мысалы, ғылыми стильде, әр түрлі оқулықтар тілінде терминдер, техникамен байланысты сан сала атаулар көбірек ұшырасады. Мысалы:

Химиялық элементтердің барлығы дерлік тотықтар түзе алады. Көпшілік қышқылдар суда жақсы ериді: Негізгі және қосымша топша дегеніміз оттегі бойынша валенттілігі бірдей... (Химия). Өз ара перпендикуляр екі жасаушы арқылы жүргізілген қиманың ауданын табыңдар: Берілген түзуден берілген жазықтыққа перпендикуляр етіп... (Геометрия). ХІХ ғасырдың аяқ, кезінде белгілі Шолған оптикалық құбылыстар жарықтың толқын түрінде таралатынын көрсетті. Сол толқындар таралатын орта шартты түрде эфир деп аталады (Физика). Үлгі баулар бойынша өнімді есепке алу дәнді дақылдарға, және талшықты және жемшөптік дақылдарға қолданылады. Мөлдек-

тен түскен дәннің өнімін мына теңдеу ойынша есептеп шығарады (Биология).

Химия, биология, физика оқулықтарында кездесетін то-тықтар, қышқылдар, топша, оттеқ, валенттілік, теңсіздік, теңдеу, шама, косынды, көбейтінді, жанама, диаметр, кесінді, перпендикуляр, жасаушы, кима, түзу, жазықтық, жарық, толқын, эфир, тығыздық, тербеліс, серпінділік, да-қыл, мөлдек сөздері қазақ тілінің лексика қорына жататын сөздер. Олар ғылыми стиль саласында термин ретінде, атау түрінде қалыптасты. Бұл сөздер көбінесе зерттеу еңбек-терде, оқулықтар тілінде қолданылады. Ал көркем әдеби-етте, ресми-кеңсе, публицистикалық стильде сирек ұшыра-сады. Лексикалық топтардың осылай бір-бірінен ара жігі ашылып, өз алдарына даралана түсуі, бас-басына сарала-нып шығуы - әдеби тілдегі функционалдық стильдердің, көркем әдебиет, сөйлеу стильдерінің әрқайсысының өзіндік табиғатына, мазмұн-мақсатына байланысты. Әрбір стильдің негізгі және қосалқы белгілері болады. Шығармада бас-тан-аяқ лексикалық құрамдағы байырғы сөздердің мол қол-данылатындығы көркем әдебиет стилінің негізгі белгісі. И. Р. Гальпериннің атап көрсетуінше, ғылыми стильдің мұндай негізгі белгісі - термин сөздердің жиілігі¹. Рас, ғылыми стильдің ауызша формасында сөйлеу тілінің ерек-шелігі едәуір орын алуы мүмкін. Бірақ термин сөздердің, әр түрлі атаулардың жиілігі бұл ретте де сол негізгі белгі ретінде ерекшеленіп тұрады.

Дәл ғылым саласындағы арнаулы терминдер мен атау-лардың стильдік сипаттамасын жоғарыдағы зерттеу еңбек-терден, оқулықтардан, келтірілген мысалдардан айқын көруге болады. Осы ретте, яғни қазақ тілі лексикасының стильдік сипаттамасына тоқталғанда, қоғамдық ғылымдар-мен байланысты қалыптасқан термин сөздер де ерекше көңіл аударады. Өйткені дәл ғылымға тән терминдер мен атауларға қарағанда, қоғамдық ғылымдар саласына байла-нысты қалыптасқан терминдер мен атаулар қай стильде бол-са да жиірек кездесіп отырады. Мына бір үзінділерді алып көрейік.

¹ И. Р. Гальперин. К проблеме дифференциации стилей речи. Жи-нақ: Проблемы современной филологии М., 1965, 69—71-беттер.

Танымның сезімдік және рационалдық сатыларын қарастыра келіп, олардың бір-бірімен тығыз байланысты екенін тағы да атап өткен жөн (Философияның бастауыш курсы). Алғашқы қауымдық құрылыстағы ең көне семья формасы топты некеге негізделген. Жұп семья тағылық дәуірдің соңында қалыптаса келе, варварлық дәуірде әбден кәмелетіне келіп, қоғамдары басты семья формасына айналды. (Х. А. Арғынбаев. Қазақ халқындағы семья мен неке. Монография). Қоғамдық қордан әрбір семьяның алар үлесінің артуы, жұмыс және еркін уақыт арақатынасының өзгеруі - бәрі де ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін сарқа пайдаланумен астарлас істер (ғылыми мақаладан). Осындағы таным, сезімдік саты, рационалдық саты, топты неке, жұп семья, варварлық, қоғамдық қор, еркін уақыт терминдері көбінесе ғылыми стильде, саяси әдебиеттердің тілінде қолданылады. Олар сондай-ақ ресми-кеңсе, сөйлеу стилінде де кездесіп отырады. Дәл ғылымда техникада қалыптасқан терминдерге қарағанда, қоғамдық ғылым саласындағы терминдер әр түрлі стильде жұмсалады, яғни бұлардың стильдердегі қолданылу аясы кеңірек. Кейбір сөзді ғылыми, кеңсе, ресми іс қағаздары стильдерінде қолдану сәссекел көрінеді. Ал оны көркем әдебиет стилінде пайдалануға әбден болады. Мысалы: *Сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның кслері мен кетерін паш етеді* (М. Әуезов). *Қарагөздің Сыбанбай аулына барғысы келмей жүретіні паш болып қалған* (сонда). *Ал 28 қазанда Қазақстанның биыл да мемлекетке миллиард пұт астық, бергені дүнис жүзіне паш стилді* (газеттен). *Бұлар ұзын бойлы, сіңірлі, өңшең атаң жілік, атпал азаматтар көрінеді* (М. Әуезов). *Құнанбай жүз елудей атпал азаматқа ең жүйрік аттарды мінгізіп, қолдарына тегіс сойылдарын тас татып, айбалта, найза бергізді* (сонда).

*Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,
Бірінің бірі сөзін құп алмай жүр* (Абай).

*Сәбидің көп жуылған жорегіндей
Сайын қыр қалған екен сары ала боп*
(Қ. Мырзалиев).

Мұндағы атпал, қарындас, паш, сайын — көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стильде жиі қолданылады. Бұл сөздер ғылыми стильде, ресми іс-қағаздары стилінде кездеспейді. Өйткені атпал да, сайын да, ағайын-туыс, бауыр мағынасындағы қарындас та қазіргі сөйлеу стилінде сирек айтылады. *Паш* сөзі көбінесе көтеріңкі стильге тән.

Кітаби лексикада аударма әдебиет арқылы, кальки жолымен қалыптасқан *тіркеме, айналым, сілтеме, біріншілік, кіріс, шығыс, жүлдегер, сүрлем, пішендеме, шамшырақтар, аманат, кешен, айдар, егемен бейнетаспа жанкүйері, шешім, қарар, қаулы, сенім қағаз* тәрізді толып жатқан балама сөздер, терминдер, әр түрлі ұғым атаулары неше алуан. Бұлардың да стильдік сипаты, қолдану аясының кеңдік дәрежесі бірдей емес. Мысалы, әсіресе ресми-кеңсе стилінде айқын көрінеді.

Мектепке дейінгі тәрбиенің нормативтік құқықтық және оқу-әдістемелік базасы құрылды. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 82 атаудан тұратын 19 оқу-әдістемелік кешен әзірленді, сынақтан өткізілді және 2003/2004 оқу жылында алғаш рет енгізілді.

1999 жылы Қазақстанда балалардың міндетті мектеп алды дайындық бағдарламасымен қамтуға әсер етті. (Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы)

Білім беруді халықаралық стандартты жіктеу (БХСЖ) Ұсынымдарына сәйкес кәсіптік білім беру және кадрларды даярлау жүйесін қайта құрылымдау; (сонда)

Орталық коммуникациялық тарап құрылып, оған Білім және ғылым министрлігінің орталық аппаратының тарабы және облыстық білім департаменттерінің телекоммуникациялық тараптары қосылған. (сонда)

Жоғарыда келтірілген әр сала сөздер, термин мен түрлі атаулар жалпы жазу тәжірибесінде қай стильде болсын үнемі қолданылады. Кітаби лексикаға жататын неологизмдер де осылай жиі жұмсалады. Ал архаизмдер бұларға қарағанда әлдеқайда сирек жұмсалады.

§ 18. Көнерген сөздер мен неологизмдердің қолданылуы

Тілдің сөздік құрамы баяу болса да, үнемі өзгеріп отырады. Себебі халықтың әлеуметтік өміріндегі: өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы, ғылымдағы және техникадағы, өнер мен мәдениет саласындағы әркезгі даму, олардағы ертелі-кешкі жаңалықтар лексикаға да үнемі ықпалын тигізіп отырады. Осы ретте кейбір сөздің қолданылу аясы бірте-бірте тарих бастайды не кеңі түседі. Ал жеке сөздің қолданудан жалпы шығып қалуы бірден бола қоймайды. Өткен дәуірлерде болған кейбір наным, әр түрлі әдет-ғұрып, күнделікті пайдаланып келген жекелеген үй мүлкі, шаруашылық бұйымдары халық тұрмысында бірте-бірте азайып, кейін ақыры мүлдем жоғалып кетеді. Соларға қатысты сөздер мен атаулар да ескіре бастайды, өте сирек қолданылатын болады, Мысалы: *би, болыс, старшын, елубасы, онбасы, отарба, қосын, бәйбіше, тоқал, әменгер, күндес, сеп, ояз, дулыға, шарайна, дуан, ұя, пері, періште, дию, азан, ысқат, отамалы, өлара, тоғам, сәукеле, жыға, барымта, құн, дабыл, кит, ілу* т. б. Міне бұлар тілде көнерген сөздер деп аталады. Көнерген сөздер архаизм және историзм болып екіге бөлінеді.

Ел өміріндегі, халық шаруашылығындағы ұдайы болып жататын қарқынды дамуға сәйкес небір жаңа ұғымдар, көптеген тың сөздер қалыптасады. Солардың бұл жерде кейбірін ғана атауға болады. Мысалы, *спутник, планетаралық станция, салмақсыздық, атом мұзжарғышы, көрермен, оқырман, балмұздақ, аялдама, жүлде, айналым* (бірінші айналым дегендегі), *көпсайыс, бессайысшы, космос, космодром, космонавт, астронавт, шамшырақтар, тілші* (тіл зерттеуші), тілші (газет тілшісі), *әзірлік сапы* т. б. Бұл тәрізді неологизмдер тілімізде өте көп. Ал қазіргі көркем әдебиет стиліне, сөйлеу стиліне қатысы жағынан алғанда бұлардың (көнерген сөздер мен неологизмдердің) әрқайсысының өзді-өзіне тән ерекшелігі бар.

Көнерген сөздер ара-тұра сөйлеу стилінен де кездесіп отырады, әсіресе өткен дәуірдегі оқиғаны суреттейтін, тарихи шығармада жиі ұшырайды. Мысалы, *исі, игі, селебе, келе, би, болыс, елу басы, он басы, ауылнай, старшын, то-*

қал, бәйбіше және осы сияқтылар әдеби шығарма стилінде белгілі бір көркемдік мақсат үшін жұмсалады. Халықтың бұрынғы өмірі, тұрмыс жағдайы туралы шығарма жазуда автор сол кезгі сөз үлгілеріне, сол уақытқа тән әр түрлі атауларға зер салып, сол өзі суреттеп отырған уақыттың тілімен сөйлетеді. Көркем әдебиет стилінде қолданылатын көне сөздердің мағынасы қазіргі оқушыға, әсіресе жастарға көбінесе түсініксіз болып келеді. Мысалы келе сөзі қазақ тілінде ағайын ауқымы, елі-жұрты, ортасы, сөзге, қатарға деген ұғымда да, жол-жора, рет-жөні, айтыс, талқы деген мәнде де жұмсалады. *Тентегі үшін келесі қарыздар болмаса. Осы елге, өз келеңе келгенде осы отырған бәрімізге салық. Мына Тобықтының ағайын келесі сендерге бір сөзді сынатқалы отырмыз. Олар сойыл соғар. Бірақ келеге әсте кірген емес. Ас келесі солай ғой. Жұрт келесіне салармыз. Ел келесінен қалыспайтын пысық сөзуар, өзі мысқылшыл Абралы отыр* (М. Әуезов).

Бағы, тауарық сөздеріне келсек, бұлар осы күнде жиі айтылатын, әркімге әбден түсінікті баяғы, тарих есімдерінің көне формасы. Мұндай сөздер көркем әдебиет стилінде, мысалы тарихи тақырыпқа, бұрынғы өмір жайлы жазылған шығармаларға, жазушының өз баяндауына көбірек жарасымды. Сондай-ақ, тіліміздегі *арсы, дабыл, шың* - бұлар да көне сөздер. Соңғы скеуі көбінесе эпостық шығармаларда жиі ұшырайды. Арсы - арман, тілек мағынасын білдіретін сөз. Жоғарыда аталған келе, арсы, дабыл, шың, бағы, тауарық сөзі ескілікті оқуы бар қарт адамдардың сөйлеу тілінде, көркем әдебиетте және ғылыми стильде кездеседі. Ғылыми еңбек тілінде ілгеріде аталған көне сөздердің бәрі бірдей кездесе бермейді, оқулықтарда және бір атау түрінде келген, нақтылы мағыналы көне сөздер ғана қолданылады. Мысалы: дабыл, шың, сауыт, елу басы, старшын, тоқал, әмеңгер тәрізділер. Ал онда ісі, игі, келе, селебе, арсы, бағы сияқты көне сөздер ісгізінен қолданылмайды. Бұлар ресми, кеңсе, іс қағаздары стилінде жалпы сирек ұшырасады. Сөйлеу тілінде, публицистикалық және көркем әдебиет стилінде олардың бәрі (нақтылы мағыналы атау түріндегі көне сөздер де, абстракт мағыналы көне сөздер де - қай-қайсысы да) кездесіп отырады. Дабыл, сауыт, шын сияқты көне сөздер эпостық жырларда жиі болады.

Алтын терек арсыға құлаш ұрған ардақты азамат, сен олмейсің дейді Әйгерім сазы. Бұл жөнінде бағы заман ғұламалары жазым кеткен дағуалар бар. Оралбайды жеңгенімен, өмірді, тауарыңты жеңе алмас. Шәке ерінің қасына байлаған дабылды қатты даңғыратып, соғып жіберді. Шынды шабуыл жалғыз козді жалмауыздың өзіне беттеп жөнелгенде (М. Әуезов). Алдына дабыл төңкерген, Артына сауыт бөктерген... Барабан соғып, шын қағып (Қобыланды).

XIX ғасырдағы әкімшілік атауларының ішінде әсіресе болыс және би есімдері ерекше көңіл аударады. Өйткені осы сөздерге байланысты әр алуан терминдік сөз қолданыстар қалыптасты. Мысалы: *болыс, болыстық сайлау, болыстық старшын, болыс кеңсесі, төбе би, “тіретей” би, “тіретей” билер, долынжы би, урядник, стражник, аға сұлтан, кандидат, атшабар, елу басы, он басы, почтабай, ояз, ол тұста сондай-ақ күн, барымта, дуан, дуан басы, қол, қол басы, жатақ, бас жатақ, орта жатақ, аяқ жатақ, жасауыл, дүре, майыр, приказдың бастығы, үкілі почта, “еңбекшерік”, “кәсіпшерік”, қарашығын, недоимка сияқты көне сөздер де айтылды. Көпшілігі историзм, біразы - архаизм. Қазір қай-қайсысы да негізінен көркем әдебиет стилінде (онда да тарихи шығармаларда), ғылыми стильде (тарих оқулықтарында және осы тақырыпты зерттеу жұмысының тілінде) ғана қолданылады. Оқта-текте ресми және сөйлеу стилінде (баяндама, лекцияда) жұмсалады. Архаизмдер ресми-кеңсе стилінде өте аз кездеседі. Олардың ең көп қолданылатын жері - көркем әдебиет стилі. Оны мына бір үзінділерден айқын керуге болады.*

Сыбан, Тобықты, Керей, Уақ болыстары, кандидаттары, долынжы билері қастарына тілмаштарын алыпты (М. Әуезов). Ұлық үйлерінен урядниктер, стражниктер де шықты. Мынау жалғыз ояз емес, көп төренің тобы ғой (сонда). Бұны биыл Құнанбай өзі аға сұлтан болғаннан кейін осы Тобықтыға болыстық старшын еткенді (сонда). Осында “еңбекшерік”, “кәсіпшерік” болысып орналасып қалған көптеген елдің үйлері бар (сонда). Мұндайлық айналма пәленің ашық аты — “недоимке”, “қарашығын” және биыл түскен “түндік басы” (сонда). Өтсп біріншінің старшыны еді (сонда). Соның Дәмежан қорасы тұрған жағы бас жа-

тақ атанады еді (сонда). Дуаны бұл болыстардан бөлек болса да, жері көршілес Керей де бар. Жасауыл әр шақырғанға келмейді (сонда). Енді бұл қосын өздерінен басқа дүниеден түгел қол үзіп жалғыз қалды (Ғ. Мүсірепов).

Соңғы сөйлемдегі қосын көне сөзі тарихи тақырыпқа жазылған публицистикалық еңбектерде де қолданылады. Публицистикалық, стильде, сондай-ақ, өзге де кейбір көне сөздер кездеседі. Мысалы *серіктік, қосшы ұйымы, қосшы одағы* (союз қосшы), *ортақшыл жастар, астық, салғырты, азық-түлік салғырты, тұтыну салғырты* т.б.

Хан басын қарашыға теңгеру жеңіл болмаса да, өз алдына жұрт болып тұра алмайтұғын болған соң, хандарымыз халқымен Россияға қосылған (Айқап).

1912-інші жылғы 15-ші июльде шыққан закон бойынша ауыл халқы үшін волостной сот сақталған да, жоқ бола тұрып бұлай етудің жөні жоқ.

“Хирург үшін де ультрадыбыстардың орны ерекше. Ол хирургтың қолындағы қандауыр пышақтың (скальпель) да, пісіру аппаратының (сварочный аппарат) да орнын баса алады” Жетісу “УЗИ-дің тиімділігі” 13шілде 2004ж.

Ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің даму барысында да кейбір атаулар көне сөзге айналады. Мысалы, *бодия, атбарабан, қайла, бу* (шахтадағы), *жезл, суфляж, жарты казарма, толкач пионер* (темір жолдағы), *жылу мөлшері, жылу беру, жылу алмасу, жылу сыйымдылық* (физикадағы) қазір жалпы пайдаланылмайды. Бірақ ғылыми стильде осылардың қай-қайсысы да қолданылады. Кейбіреуіне мысал келтірейік.

Бірақ жылу тегі теориясының негізінде қалыптасқан “жылу мөлшері”, “жылу беру”, “жылу алмасу” және “жылу сыйымдылық” тәрізді ескі ұғымды білдіретін терминдер физикада қалып қойды (ғылыми мақаладан).

Ұя, серіктік, кандидат топтары, азық-түлік салғырты тәрізді біраз көне сөз кезінде, яғни сол 20-30 жылдардың ресми-кеңсе стилінде де қолданылған. Мысалы: *Бұдан былай бірнеше колхозға не бірнеше ауылға ортақ ұялар, не кандидат топтары құрылмасын* (газеттен). *Ұсақ кәсіп кәперетсесі орындарының жұмысын қайта құруға белсеніп қатынасып, артельдің, серіктіктің кәперетсе-шаруашылық жағын нығайтуға айырықша көңіл бөліңсің* (сонда).

§ 19. Неологизм

Неологизмдер стиль түрлерінің жалпы қай-қайсысында, тіпті сөйлеу стилінде де азды-көпті қолданылады. Олар көбінесе ғылыми стиль мен публицистикалық стильде жиі ұшырасады. Өйткені неологизмдер көбіне-көп сонда (сол стильдерде) қалыптасады. Бірақ, көркем әдебиет стиліндегі неологизмдер мен өзге стильдердегі неологизмдер бір емес. Осы екі сала неологизм бір-біріне ұқсамайды. Мысалы, *оқырман, балмұздақ, аялдама, жасанды жер серігі, кіші механизация, Қазақстан сағаты, биікшілер, озаттар тұғыры, ұстаз - бригадир* тәрізді жекесөз не бір тұтас тіркес (орам) түрінде келетін неологизмдер бар. Бұлар әсіресе публицистикалық стильде жиі көрінеді. Сондай-ақ ресми-кеңсе және көркем әдебиет стилінен де кездеседі. Ғылым мен техника саласындағы неологизмдер өте көп. Олар сол ғылыми стильдің өзінде жиі пайдаланылады. Неологизмнің сондай-ақ тағы бір түрі бар. Ол - контекстік неологизмдер. Бұлар публицистикалық, өте-мөте көркем әдебиет стиліне тән.

Жоқтықтың барлыққа жіберген келгіші біз дегендей шаттана жайнайды (М. Әуезов). *Шабарман емес, сабарман ғой* (сонда). *Тоғжанды жылаулар жүрекпен жоқтайды* (сонда). - *Абай аға, Міне осындай жылаулар жайымен келдім. Жылаулар халықтың қасынан табылсам дейтін бопты. Тағы да Мағашқа алғаш өткен күндердей ағылып, төгіліп келіп жатқан жылаулар көп* (М. Әуезов). Ал мұндай неологизмдер үнемі жалпы халықтық сипат ала бермейді. Жеке жазушының шығармасында ғана кездеседі. Көркем әдебиет стиліндегі неологизм әдетте әлдебір тосыннан жасалған, мүлдем жаңа сөз емес. Неологизм (көркем әдебиет стилінде, публицистикалық стильде) тілде жалпы бұрыннан бар, белгілі сөздің негізінде жасалады. Жазушы иә ақын тілдегі дайын үлгі (модель) бойынша сөздің тұлғалық жағына түрлі өң беріп, өзінше құбылтып қолданады. Ал өзге стильдерде (сөйлеу тілі, ғылыми,-кеңсе, ресми стильдерде) неологизмнің мұндай контекстік түрі кездеспейді. Публицистикалық стиль мен көркем әдебиет стиліндегі неологизмдер өте әр тарап болып келеді. *Ал, малдан, бұ байғұсты, сөзді созба Балалат, Қолбасалат сал ауызға... Ал,*

гүрсілдет! Балғалат! Ал, ұрандат! Алғалат (І. Жансүгіров). Сенің арың - арлайтыным өмірде (Б. Майлин): Жүз әулие, мың пір кеп милағанмен (С. Торайғыров). Мен колхозда төлшімін (Т. Бердияров). Сүйем мен өлмейтұғын жыршылықты (С. Баймолдин). Біріншілік көрермен, жүлде, жүлдегер, шамшырақ неологизмдері қазақ тілінде осы он-онбес кальки жолымен пайда болды. Бірақ, уақыт өте келе қолданылуда тосандығы сезілмей кетті. Олар қазір публицистикалық стильде жиі кездесіп отырады.

Қазақ халқының болашақ даму жолы, бақытқа, тәуелсіздікке, өркениет өлкесіне алып барар жолы әбден таптаурын болған, өзімізге белгілі қара жол емес. Ол тек нарықтық экономикаға апарар ауыр да қиын жол, қажырлы еңбекті, іскерлікті, білімді, ұйымдастырушылықты қажет ететін тың жол. (Ег. Қаз.)

Аты бар да, заты жоқ, "Шығыс кәсіпорын" деген шекпенді жамылып, негізгі ісінен мүлде бөлек, көбіне алыпсатарлық, делдалдық әрекеттерге бой тұрған мұндай ұжымдардың қаржы-қаражат операцияларын қалай жүргізіп жатқаны да бақылаудан тыс.

(Ег. Қаз.)

Міне, қоғам дамуымен байланысты жеке сөз осылай қолданудан біртіндеп шығып қалады не жаңадан пайда болып жатады. Қоғам дамуы сондай-ақ белгілі дәрежеде адамдардың рухани эстетикалық жетілуіне де, олардың өздерін қоршаған дүниені экспрессивтік, эмоционалдық тұрғыда түйсінуіне де, жалпы сөз мағынасына да әсерін тигізеді.

§ 20. Сөздің экспрессивтік және эмоционалдық бояуы

Тіліміздегі сөздер өздерінің экспрессивтілігі жағынан да әр түрлі. Демек экспрессивтік сапа белгілі бір сөздерден ғана байқалады. Мысалы: адам, көл, қабырға, үлкен, сусын, бала, тау, көтеру, аға, таныс, киім, шөп, отын тәрізді бір топ сөзді қылпың, тыраш, қакшу, тойтаңдау, жортақы, дедектеу, қаздандау, кымындау, шал-жию, кымку, көсти-ту, төпелеу, дардию, тыраю, ызғыту, еміну, тырбықай, пысықай, күқай, тықак, шыпжықай, тұштақай дегендермен өз ара салыстырсақ, өздерінің көркемдік бейнелілігі, эстетика-

калық әсерлілігі тұрғысынан бұлардың екі сала нәрсе екенін оңай аңғаруға болады. Мысалы, соңғы топтағылар ғана экспрессивті сөздер. Бұлар көбінесе көркем әдебиет стилі мен сөйлеу стилі және публицистикалық стильдерде жиі жұмсалады.

Экспрессивтік бояу - жеке сөздерге де, фразеологиялық орамдарға да, сөз формаларына да, синтаксистік конструкциялардың қай-қайсысына да тән сипат. Бірақ бұл арада мына бір мәселенің бетін аша кету керек. Әдетте әр сөздің өзіне тиісті қолданылу *ерекшелігі, белгілі бір стиль түріне бейімі, яғни стильдік сипаты* болады. Мысалы, жоғарыда талданған *саңлақ, парыз, пәті, еше, аға сұлтан, онбасы, ультрадыбыстық қондырғы, салмақсыздық, мұзқала, шырайлым*, т. б. кез келген стильде қолданылмайды. Кейбіреуі ғылыми стильге тән болса, өзге бір тобы көркем әдебиетте тиімді, ал енді бір саласы ресми кеңсе қағаздарына лайықтырақ. Бұлардан басқа тағы бірқыдыру сөз стиль түрлерінің бәрінде кездесіп отырады. Мысалы, бейтарап лексика солай. Демек, тілдегі сөздің қай-қайсысының да өзіндік қолдану аясы, дәлірек айтқанда, белгілі бір стильдік сипаты болады. Ал тілдегі сөздің қай-қайсысының да экспрессивтік бояуы бола бермейді, *бала мен бөбек, бүлдіршін* дегенді, немесе *қала мен кент, шаһар* есімдерін өз ара салыстырып көрейік. *Қала, бала* сөздері экспрессивті емес. Ал бұл екеуіне қарағанда, *бөбек, бүлдіршін, кент, шаһар* дегендерден экспрессивтік бояу айқын сезіледі.

Экспрессивтік бояу әдетте екі тұрғыда сөз етілуі тиіс. Біріншіден, лексикалық мағынасы әуелден экспрессияға бейім тұратын сөздер, екіншіден, қолдану процесінде жүре келе экспрессивтік бояу алатын есімдер мен етістіктер. Бірақ сөздің лексикалық мағынасында экспрессивтік өң үнемі бола бермейді. Әрбір жазушы белгілі бір образ жасау үстінде өз шығармасының тіл көркемдігін жетілдіре түсу үшін бейнелеу құралының осы түрін де ретіне қарай пайдалануға тырысады. Экспрессивтік сөз қолдану тәсілі автордың жалпы сөз байлығына ғана емес, сондай-ақ материалды көркемдік мақсатқа сай қаншалықты дәл іріктеп ала білуіменде тікелей байланысты. Сөздің мұндай экспрессивтік қызметі публицистикалық, сөйлеу стильдерінде, әсіресе көркем әдебиет стилінде барынша ерекшелене түседі.

Бүгілген бойында құнысып, қозғалақтай берді. Кейде жер шұқып қап, кейде қымыңдап, қозғақ қағады (М. Әуезов). Қызыл Құлжаны қымқырып алып, өз үйіне қарай жөнеле берген болатын (сонда). Шаптығып қатты ұрсып, асығып келе жатқан кіші шешесі Айғызды таныды (сонда). Жаңа жамыраған қозылар ауылдардың екі жағындағы адырларға тырағайлап өріп барады.

*Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың..
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпын
(А б а й).*

*Қаза болды Мұради, ажал оны қақшыды
(Р у д а к и).*

*Тартына берме тайтаңдап...
Күй шіркін ылпылдап, бипыңдады
(Ілияс Жансүгіров).*

Экспрессивтік бояу тілдің жалпы әр түрлі қабатынан ақ байқалады. Әдеби нормада әбден тұрақтап кеткен қала зат есімі кейде көркем әдебиет стилінде *шаһар* түрінде қолданылып кетеді. Өйткені қаладан гөрі шаһар түрі айтылса, одан әлдебір пафостық әуен, поэтикалық сарын сезіліп тұрады, көркемдігі де әсерлі шығады. Бірақ бұған қарап, қала сөзі бұл стильде мүлдем қолданылмайды екен деуге болмайды. Тіліміздегі *жырақ* сөзі де сондай, ол да *қашық*, сын есімімен қатар қолданылады. Қашық сөзіне қарағанда, мұның да экспрессивтік бояуы көбінесе көркем әдебиет стилінде айқын сезіледі. *Шаһар*, *жырақ*, сөздерінің көркем әдебиет стиліндегі экспрессивтігін мына бір мысалдардан айқын көруге болады.

Бәрінде ел аз, иесіздік мол. Іргелі мекен, өнерлі шаһар жоқ (М. Әуезов). Қазіргі бұлтсыз аспандай алысқа, тазалық рақатқа шақырып, жыраққа мензейді (сонда).

Шаһар сөзінің экспрессивтік бояуы алдыңғы сөйлемде анық көрініп тұр. Көркем әдебиет стилі үшін *өнерлі қала* дегеннен *өнерлі шаһар* тіркесі жарасымды. Жалпы, осындай жекелеген сөздердің қай-қайысының да экспрессивтік бояуы негізінен көркем әдебиет стилінде айқынырақ

көрінеді. Сөйлеу стиліндегі мына бір экспрессивтік құбылыс кейде көркем әдебиет стилінде де өте ұтымды пайдаланылады. Мысалы, дағдылы ауызекі тілде, кекесінді, юморлық ыңғайда кейбір адам жөнінде *сәлпекбай* немесе *бөспебай* деп те өз ара айтылады. Мұндағы экспрессивтік бояу Сәрсенбай, Мұратбай тәрізді кісі аттарының ізімен жасалып тұр. Осы әдісті жазушы кейде таза стильдік мақсатқа, көркемдік, ұтымдылық үшін пайдаланады. Мысалы, Ғ. Мүсірепов *“Желкеден бір-екі рет түйіп жіберді”* немесе *“бір-екі рет желкелеп жіберді”* деудің орнына былай дейді: *Қолхоздың көпшілігі тосқауыл тосқан жаудың үгіті екеніне түсініп, Есілбай мен Сүгірбай молданы сәлдесінен бастап иманына дейін сыпыра боқтап, үйіне де бір қуып тыққан. Бір-екі рет Желкебай да беріп жіберген.* Сөйлеу стиліндегі бұл тәрізді экспрессивтік бояу басқа автордан да байқалады. Мысалы, І. Жансүгіров келген қонақтардың күн көріс, дәулет дәрежесінің біркелкі еместігін бір сөзбен ғана өте әсерлі етіп суреттейді. *Қыр мен қаланың қоспасынан құралған бай аулының рені сияқты олардың қонағы араласпай болушы еді.* Академик В. В. Виноградов айтқандай, тілдің экспрессивтік сапасы стильді қалыптастырудың бір құралы болып табылады¹.

Экспрессивтік бояу сондай-ақ тілдегі кейбір көне құбылыстан да айқын сезіледі. Мысалы, бояу зат есімі көркем әдебиет стилінде кейде көне бояқ формасында қолданылады. Оның (бояқ сөзінің) көркем әдебиет стиліндегі экспрессивтік бояуы мына бір өлең жолынан анық көрінеді.

*Қозға енді, бота көзім, Қызыл атым,
Сертті істе өнерінді қызынатын!
Көк бояқ ең далада күлаш керіп,
Жұлдыздай коктегі ағып сызылатын*

(С. Сейфуллин).

Экспрессивтік бояуы бар жоғарыдағы тәрізді жеке сөз, кейбір көне құбылыс сөйлеу стилінде, публицистикалық стиль мен көркем әдебиет стилінде көбірек кездеседі. Ал

¹ В.В. Виноградов. *Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика.* М., 53-бет.

ғылыми және ресми кеңсе стильдерінде сирек ұшырасады.

Экспрессивтік бояу қай стильде болса да әр түрлі болып келеді. Лексикалық мағынасының өзінен экспрессивтік бояу білініп тұратын сөздердің қатарына селтию, іншік, көйту, желкебай, араласпай, итіну, тырағайлау, шертию алшию, көститү, сүңгіту, сөлектеу, қылпын, құйтыңдау, қымыңдау, құқай, күйкі т. б. жатады. Бірақ бұлардың өздері де білдіретін мағыналарына қарай өз ара бірнеше түрге бөлінеді. Оны мына тәрізді тұтас сөйлем ішінде контекстік қоршаудан айқын көруге болады: *Кейбіреулер тыраштанып жуынып жатыр* (С. Сейфуллин). *Жез мұрты мысықтың мұрты құсап селтиеді де тұрады* (Ғ. Мүсірепов). *Сөлектеп, алдымды орап, екеуің бір болмайсың* (М. Әуезов). *Ақыры Абай мен Тәкежан алшайысып кетті* (сонда). *Жалаудан желде сарпайды* (С. Сейфуллин). *Тек кез келгенді белуардан көстите береді* (М. Әуезов). *Солтабақтарды үй ішіне сүңгітіп жатыр* (сонда).

Осы сөйлемдердің қай-қайсысы да экспрессивті. Бұлардағы экспрессивтік бояу сөйлемнің мазмұнына түрліше стильдік өң беріп тұр. Өйткені жоғарыдағы *тыраштану, селтию, сөлектеу, алшайысу, көститү, сүңгіту* етістіктері белгілі дәрежеде автордың суреттеліп отырған оқиғаға деген көзқарасын аңғартады. Экспрессивтік сөздер көркем әдебиетте әдетте осындай белгілі бір стильдік мақсат үшін қолданылады. Экспрессивтік бояу *тыраштану, селтию, сөлектеу, сарнау, жалаңдау* дегендердегі сияқты бірыңғай жағымсыз мағынаға құрылмайды. Көбінесе көркем әдебиет стилінде жиірек қолданылатын *тыраштану, селтию, сөлектеу* сөздерінің экспрессиясы кейінгі *алшайысу, сарнау, көститү, сүңгіту* етістіктерінің экспрессиясынан өзгешелеу. Ол үшеуінде кекесінді, келемеж сарыны басым. Экспрессивтік бояу әдетте не бір түрлі әзіл-оспақ, юмор түрінде де, салтанатты көтеріңкілік мәнінде де, адамның мінез-құлқына, көңіл-күйіне байланысты да болады. Бірақ экспрессивтік бояудың осы қатпар-қабаттарының бәрі қай стильде болса да үнемі түгел көрінбейді, кез келген көркем шығарма тілінен бәрі бірдей байқала бермейді. Себебі бұл әрбір автордың тіл шеберлігіне,

әрбір шығарманың жазылу стилімен тікелей байланысты.

Әзіл сынқылды майысқан қатар салдарға қарсы басты. Жаяу салдардың қастарында өңшең ірікті сұлу келіншектер келеді екен (М. Әуезов). Өзүйінде шертиген паңы құрсын (Абай). Манастыкөп көйткізді (М. Әуезов). Шокша сақалы шанжау-шанжау боп,; тырағайлап шыққан (сонда). Ысқақ пен әйелі майы туралған біртабаққа итіне түсті (І. Жансүгіров). Сасық іншік түбінде Отыр жалғыз келіншек (С. Сейфуллин).

Осы мысалдардағы *сылдырлы, сынқылды, ірікті, шертию, тырағайлау, итіну, іншік* сөздері өздерінің экспрессивтік сипаты жағынан әр түрлі. Мысалы *итіну, шертию, көйткізу* етістіктерінің экспрессивтік бояуы мысқылға, сықаққа құрылған. Ал *желкебай, араласпай, тырқу, тырағайлау* сөздерінің экспрессивтік бояуынан сыпайы юмор айқын сезіледі. Егер автор тырағайлап деудің орнына әр жерден сирек шыққан десе, одан дәл мұндай экспрессия байқалмас еді. *Іншік* сөзінің негізгі, лексикалық мағынасының өзі экспрессиялы. Жоғарыдағы өзге экспрессивтік сөздердің мағынасы сән-салтанатқа, тойдуманды жиынға мензейді. Бұлар контекске әлде бір қотеріңкілік сипат береді. Мысалы, *сынқылды, ірікті* сөздерінің стильдік экспрессивтік бояуы *тырқу, тырағай, желкебай* сөздерінің *итіну, көйткізу* етістіктерінің экспрессивтік бояуына ұқсамайды. *Іншік* кейіпкердің тұрмысының жүдеулігін керсететін экспрессивтік сөз. *Ірікті, сынқылды* есімдері негізінен көркем әдебиет стиліне тән сөздер.

Экспрессивтік сөздер сондай-ақ публицистикалық стильде де қолданылады. Мысалы, тіліміздегі *сабаз* зат есімінде де, *жалаңдату* деген етістікте де экспрессивтік бояу бар. Экспрессивтік бояу олардың лексикалық мағыналарының өздерінен-ақ аңғарылып тұр. Осы екі сөз көркем әдебиет стилінде ғана емес, кейде публицистикалық стильде де (мысалы, саяси әдебиет тілінде де) жұмсалады. *Жеңіліп қалғаннан кейін біздің сабаздар жылап жіберді және қиын жағдай туралы байбалам салды* (В. И. Ленин. Таңдамалы шығармалар. Үш томдығы, I том, Алматы, 1962, 366-бет).

§ 21. Сөз және оның мағынасы

Тілдің стильдік мүмкіндігі жалпы халық шаруашылығының, қала мен ауылдың өсу-өркендеу қарқынына, халықтың заттық және рухани мәдениетінің даму дәрежесіне сәйкес бірте-бірте жетіле түседі, кеңейіп отырады. Сөздің түрлі ауыс мағыналары міне, осы тұста қалыптасады. Олар белгілі бір стильдік қажетке байланысты, сөздің негізгі (тура) мағынасынан келіп шығады. Ауыс мағына екі түрлі: бірі - жалпы халықтық стильде, екіншісі - оған керісінше, яғни белгілі бір автордың сөз қолдануында жалғыз-ақ рет не өте сирек кездесетін ауыс мағынада келеді. Соңғыны әдетте контекстік ауыс мағына деп атайды. Сөздің осы тура, ауыс және контекстік мағыналарын мына мысалдардан анық көруге болады. *Күйме алыстап барып, сар көделі белден аса берді* (М. Әуезов). *Ұзақ кешкен тірлікте қай белдің астында жүрсем де, артымда отырған бір бел - өзін еді?* (сонда). *Қазір бетпақдаланың ойы мен қыры көкпенбек бояқтай* (Ә. Көшімов). *Қыр жолаушысы сияқтанған саптамасы бар* (М. Әуезов). *Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма... Тәтті ауыздан дәм кетпей* (Абай).

Осы үзіндідегі бел, қыр, тәтті ссімдері өздерінің тура мағынасында да, сондай-ақ ауыс мәнде де жұмсалған. Бел сөзінің қолданылуы ерекше көңіл аударады. “*Сар көделі белден аса берді*”. Бел бұл арада өзінің нақтылығы, тіке мағынасында келіп тұр. Ал содан соңғы екінші сөйлемнің бір өзінде бел зат есімін жазушы катарымен екі рет әдейі қолданады. Бірақ скеуі де екі түрлі ауыс мағынада: “*Қай белдің астында жүрсем де...*”. Мұндағы бел сөзі қай жерде жүрсем де дегенді аңғартады. Ал “*бір бел өзін еді*” дегендегі бел тірек, сүйеніш ұғымында алынған. Қыр сөзі де солай. Ол да әуелі тура мәнде, содан соң ауыс мағынада қолданылған.

Тәтті ауыз дегендегі *тәтті* сын есімінің мағынасы - контекстік. Тәтті сөзі ауыз зат есімімен тіркесіп, көркем әдебиет пен публицистикалық стильдерде ғана (онда да өте сирек) алынады.

Жалпы халықтық (сондай-ақ контекстік те) ауыс мағына үш түрлі: метафоралық, метонимиялық және синекдохалық жолмен жасалады.

§ 22. Метафора

Метафораның (ауыс мағыналы не әсірелеу мағынасындағы сөздің) ең көп қолданылатын жері - публицистикалық стиль мен әсіресе көркем әдебиет стилі. Сөздің метафоралық мағынасы шешендік сарындағы өсиет өлеңдерден, мақал-мәтелден, айтыс жырларынан, қиссалардан, жұмбақ пен жаңылтпаштардан, ауыз әдебиетінің өзге де үлгілерінен кездеседі. Бірақ осылардың ішінде өте-мөте көркем әдебиет стилінде жиі және әр тарап түрде келіп отырады.

Сөз бақпаған момын ағайынның бәрі де Қодарды қараламады (М. Әуезов). Өмір бойы кімге кездессе де ылғи тарқап кеткен базардың соңына ілінумен өткені ме? Өткен соң базар, Қайтқан соң ажар... Сен едің базарым (Абай). Бұзау тіс қамшы күйрығын шаншып алып қайқайып барады (Ғ. Мүсірепов).

Осы үзіндідегі қараламады деген етістік метафоралық тәсілмен өзінің тікелей мағынасынан шығып, стильдік жана ұғымда жұмсалған. Метафораның ең басты стильдік ерекшелігі - бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігі. Ол сондықтан да көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады. Ал, ғылыми, кеңсе, ресми іс қағаздары стильдерінде метафора дәл мұндай дәрежеде кездеспейді. Поэтикалық метафора көркем әдебиет стилімен тығыз байланысты. Әрбір жазушы образ жасауда осы метафоралық сөз қолдану тәсіліне көбірек барады. Мысалы: *Даусы гүжілденкіреп шығатын, жарықшак үнді Ділде Әйгерімнің жүзінен көз алмайды (М. Әуезов). Барлық жаңағы жас әйелдердің шыншыл сезгіш жүздерінде жағалай дуылдап шапшаң толқын, жеңіл қызғылт нұр жүгірді (сонда). Сол кеште үнсіз қоңыр тартып, жайлау-жайлауларына қайтысты (сонда).* Бұл мысалдардағы метафоралық сөз қолданыстар мыналар: жарықшак (үн), жеңіл (нәр), қоңыр тартып. Көркем шығармада метафоралардың стильдік қызметі неше алуан болып келеді.

Бұл қағазда Ғайша жүрегiнiң қайғысы мен өз өмiрiнiң өкiнiштi арманын түгендеп, тiзiп жазып едi (М. Әуезов). Сондай кездiң қарсаңында өз елiнiң iшiмен қағаздасып жату лайық емес (сонда). Молдалар қызылды сезген қара-

күстай жанталасып жүр (М. Әуезов). Ылғи қызыл бер деп, тағы керілмейді (сонда). Қызылы қырманымның мая, қырдай (Керімбеков).

Қағаз, қызыл метафоралары тура мағынада да, метафоралық мағынада да қолданылған. Жалпы халықтық сипат алып кеткен мұндай метафоралар тілімізде өте көп, бұлардың қолданылу аясы, стильдік бояуы әр алуан болып келеді.

Аласы аз қара көзі нұр жайнайды...

Бұл іске кім виноват

Я Семейдің қаласы?

Я қазақтың аласы?...

(А б а й).

Осындағы *аласы* сөзі екі түрлі мағынада: біріншіден, тура мағынада (*аласы аз көз*), екіншіден, метафора ретінде жұмсалып тұр. Ол көбінесе жалпы халықтық сипаттағы метафорлық мағынада (*ала ауыз, ала қол, мал аласы сыртында, адам аласы ішінде, алтау ала болса тәріздес тұрақты тіркестер құрамында*) жұмсалады. Ал көркем әдебиет стилінде белгілі бір көркемдік қажетке орай бұл тұрақтылық үнемі сақтала бермейді, яғни жоғарыдағы сияқты тіркестердің ара жігі кейде ашылып, ондағы компоненттер ара-тұра өз алдарына жеке-жеке де қолданылады. Абай *ала* сөзін *әділдік, адалдық, береке-бірлік, жоқтық, алауыз* мағынасында, дағдылы сөз орамын өзгертіпкіреп, өзінше стильдік ыңғай беріп, жаңаша қолданып отыр. Бірақ ол бұл жерде де (*ала сөзі*) өзінің жалпы халықтық ауыс мағынасынан ажырамаған. Осы тәріздес стильдік құбылу тәтті сын есімнің метафорлық мағынасында да айқын байқалады. Мысалы, оның мына бір олең жолдарындағы қолданылуына көңіл аударып көрейік.

Тәтті ауыздан дәм кетпей...

Уылжыған тәтті жас

(М. Әуезов).

Жақынның сөзі тәтті деп...

Мінезі тәтті болмайды...

*Жылы тәтті жауап айт.
Жақсы ән мен тәтті күй...*
(А б а й)

Бұл үзінділерде тәтті сөзі бес рет қолданылған. Алдыңғы екі мысалдағы ауыс мағынасы контекстік қана, яғни тәтті жас, мінезі тәтті орамдары жалпы халықтық аяда айтыла да, қолданыла да бермейді. Ал тәтті күй, сөзі тәтті тіркесіндегі тәтті сын есімінің метафоралық мағынасы ондай емес. Мұнда олар жалпы халықтық ауыс мағынада қолданылып тұр. Олай дейтініміз жақсы ән мен тәтті күй деген сөз орамы қазақ оқушысының қазір қай-қайсысына да таныс, түсінікті. Тәтті сөзінің қолданылуындағы стильдік ерекшелік әсіресе мына бір контексте көрінеді.

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?

Бұл арада тәтті сөзі өзінің тура мағынасында ма, әлде жалпы халықтық сипаттағы метафора ретінде қолданылып тұр ма - дәл айту қиын. Себебі оны дәл осы жолда тура мағынасында да, ауыс мағынада да алып қарауға болады. Жазушы екеуін қатарластыра, қабаттастыра пайдаланған. Автор тәтті сөзін стильдік мақсат үшін әдейі қолданып отыр. Тура мағына мен метафоралық мағына бір-бірін толықтырып, бірімен-бірі астасып кеткен. Тәтті сын есімінің мұндағы ең негізгі стильдік мәнінің өзі де осы.

Метафора біткеннің бәрі бірдей жалпылық сипат алып кете бермейді. Өйткені ол сөздің тура (лексикалық) мағынасымен және қандай стиль түріне бейім, соған байланысты. Демек, кей сөздің метафорлық мағынасы белгілі бір стильде контекстік қана болып келеді, яғни белгілі бір ғана аяда көрінеді. Мұндай, контекстік метафора көбінесе көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стильден байқалады. Ол әр автордың өзіндік сөз қолдану шеберлігімен байланысты мәселе. Себебі, метафора түрінде келген ондай сөз белгілі бір контексте бірақ рет қана ұшырасады да, басқа жерде қайтып қолданылмайды. Жалпы тілдік аяда кездеспейді. Сөздің метафоралық мағынасы стильдік құбылыс дегенде, әсіресе оның осы контекстік мағынасы негізге алынады. Контекстік метафора сөздің жалпы халықтық ауыс мағынасынан бөлек тұрған нәрсе емес. Р. А. Будагов атап көрсеткендей, көркем әдебиет стиліне тән кон-

текстік ауыс мағына жалпы халықтық ауыс мағынадан келіп шығады¹.

Мұндай контекстік метафора үнемі жалпы халықтық сипат ала бермейді.

*Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек...
Терін сатпай, телміріп көзін сатып,
Оқыған білер әр сөзді...
Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп,
Жүрмесін деп, аз ғана сөз шығардық
(А б а й).*

Жоғарыдағы қызыл, тер және сөз есімдері контекстік метафоралар. Алдыңғысы, мысалы, сырты жылтырақ, ал ішінде түгі жоқ бос кеуде, ойсыз, жеңілтек адам деген мағынада қолданылған. Оның мұндай мағынада жұмсалып тұрғандығын жалпы контекске, яғни айналасындағы сөздердің өз ара мағыналық байланысына қарап та байқауға болады. Ақын терін зат есімі арқылы *енбегін* дегенді айтпақшы. Ал сөз есімі екі түрлі метафоралық мағынада жұмсалып тұр. Біріншіден, оқыған адам әр түрлі нәрседен хабардар болады, көп біледі деген мәнді білдірсе, екіншіден, соңғы шумақта өлең (өлең шығардық) мағынасында қолданылған. Сойтіп контекстік метафора көбінесе көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стильге тән ерекшелік. Ол әрбір ақын, жазушының сөз қолдану қабілетімен, жеке өзінің ғана шеберлігімен тығыз байланысты.

*Жүрсе екен өлеңімде жаз көркіндей
Жасыл ой, жасыл сезім, жасыл ырғақ*

Осы екі жол өлеңдегі жасыл сын есімі жас деген мағынада қолданылып тұр. Мұндай контекстік метафора ғылыми, кеңсе, ресми стильдерде сирек ұшырасады. Жасыл ой, жасыл сезім, жасыл ырғақ тәрізді контекстік мағынадағы метафоралар сөйлеу стилінде жалпы халықтық сипат алып кете алмайды. Міне, сондықтан да әрбір жазушы өзінің

¹ Р. А. Будагов. Введение в науку о языке, М, 1965, 45-бет.

кейіпкерін сөйлеткенде, сөздің әлгі тәрізді мағынасын, яғни контекстік мәнін де үнемі талғап отырады.

*Мұқандай кең ақыл, кемеңгер
Мүрдеге сияды демендер.
Соны ойлап тайыздар тарынар
Тереңдер тереңге тереңдер*
(М. Әлімбаев).

Жоғарыдағы екі сөздің метафоралық мағынасы ерекше көңіл аударарды. Олар - *тайыздар, тереңдер*. Алдыңғы сөз - ойсыз, пасық адамдар мәнінде жұмсалып тұр. Соңғысы тереңдер, бұған керісінше - ойлы, ақыл-парасаты мол, білімді адамдар деген ұғымда алынған. Екеуінің (*тайыздар* мен *тереңдер* сөзінің) тура, лексикалық мағынасы да сондай қарама-қарсы. Ақын қарсы мәнді екі сөзді стильдік мақсат үшін қатарластыра, әдейі осылай жұмсап отыр. Шағын елендегі стильдік ұтымдылық - лексикалық мағынасы қарама-қарсы екі сөзді жарыстыра қолдану арқылы жасалуында. Соңғы жолда бір ғана терең сөзі үш рет қайталанған. Үшеуі де метафоралық мағынада берілген: *Тереңдер тереңге тереңдер...* Мұндай кейбір жеке сөздің ара-тұра осылай қайталанып келіп отыруы, тілде жалпы бар құбылыс. Ол көбінесе коркем әдебиет пен публицистикалық стильдерде болады. Мысалы, терең сын есімін Абай қарсы мәндегі үстірт сөзімен қатар алып қолданады. Екеуі де өздерінің тура мағынасында емес, метафора ретінде шендестіріледі. Үстірт сөзі бұл арада ілгерідегі тайыз сөзімен мағыналас. Абай оны сондай-ақ жеке алып та, қарсы мәнді сөзбен қатар қоймай да, қосарламай да жұмсайды! Қай-қайсысында да ол контекстік метафора ретінде келіп тұр.

*Аспаса ақылқайраттан
Тереңге бармас үстірттер...
Тіршіліктің несі сән
Тереңге бет қоймаса...
Көңілге түрлі ой түсер
Әр тереңге нұсқасаң*

Осындағы тереңге есімінің өзекті, түкпірлі, терең ойға,

парасаттылыққа, үлкен мақсатқа, үлкен іске, әрекетке деген метафоралық мағынасы жалпы халықтық емес, контекстік ғана. Көркем әдебиет стилінде кейбір метафораның мағынасы тұтас бір контекст ішінде ғана айқындалады. Бұл ретте ондай метафораның контексте әлденеше рет қайталанып қолданылатын да кезі болады. Мысалы, *Ғ. Мүсірепов* бір ғана *қоңыр* сөзінің өзін бір контекст ішінде мына төмендегіше неше түрлі құбылтып қолданған. *Қоңыр көлеңке үйдің қоңыр сәулесі Шайзаны да қоңырландырып, сұрғылтқа тандық түс береді. Үй де қоңыр, көлеңке де қоңыр. Қоңыр үйдегі тұрмыс та қоңыр. Қоңыр үйдегі жандар да қоңыр. Қоңыр ойлы Шайзаның әні де қоңыр. Қоңырлатып, ыңырсып өлең айтып отырады. Өлең емес, қоңыр күймен ішіндегі зарын төгіп отырады.*

Осы үзіндіде *қоңыр* сын есімі он үш рет қайталанады. Екі-ақ жерде етістік түрінде (*қоңырландырып, қоңырлатып*) қолданылады. Ал қалған жердің бәрінде есім қалпында жұмсалған. Алынған мысалдардағы *қоңыр* сөзі тоғыз жерде өзінің тура мағынасында, алты жерде метафора ретінде келген (*тұрмыс та қоңыр, жандар да қоңыр, қоңыр ойлы әні де қоңыр, қоңырлатып өлең айтады, қоңыр күймен*). Осы метафоралар контекст арқылы бірінің стильдік сырын бірі аша түскен. Шебер суреткердің *қоңыр* сын есімін әр сөйлем сайын осылай жарыстыра қолдануы кездейсоқ емес. Контексте кірген әрбір сөйлемді жеке-жеке алып талдасак, *қоңыр* сөзінің шын мәніндегі стильдік қызметі толық ажыратылмай қалады. Автордың *қоңыр* сөзін бұлай әр түрлі құбылтып қолдануынан кейіпкердің бір сәткі көңіл күйін, ішкі жан дүниесін, айналасындағы өмір құбылысымен, сыртқы ортамен органикалық байланыста нағымды суреттегенін байқауға болады. Демек, жазушының *қоңыр* сөзін соншама көп қайталап қолдануындағы мақсаты біреу-ақ. Ол - өзінің суреттеп отырған кейіпкерінің тұрмыс жағдайындағы тапшылықты, осыған байланысты оның басындағы көңілсіздікті, көңілінде бұдан басқа да әлдеқандай алаң бар екенін керсету. *Қоңыр* сөзінің тұтас контекстегі метафоралық мағынасы автордың осы мақсатына бағындырылған.

Кәрі және күндегі машығы бойынша бесік жырын айтады... Осындай қоңыр кештің қоңыр күйі. Бейуағына

жеткен әженің өмірлік көй-көйі (М. Әуезов). Мұндағы *қоңыр күйі* дегендегі метафораның (яғни *қоңыр* сөзінің) дәл мағынасын тұтас контекстке қарап қана ажыратуға болады. Автор бұл арада оны сәл бір кірбің, мұң мәнінде қолданып отыр. Біз сөзді осылай метафоралық мәнде әлденеше рет қайталап қолдану арқылы белгілі бір көркемдік мақсатқа жету - көбінесе әдеби шығарма стиліне тән ерекшелік. Сөзді жалпы қайталап қолдану сөйлеу стилінде де жиі кездеседі. Бірақ, сөйлеу стиліндегі сөз қайталаудың сипаты басқарак. Өйткені мұндағы қайталаулардан (яғни бір сөзді бірнеше рет қолданудан) көркем әдебиет тіліндегі қайталаулардағыдай көркемдік, стильдік астар байқалмайды. Бұл айырмашылық сөйлеу стилі сарынында жазылған шығармалардан, әсіресе ондағы авторлық баяндаулардан айқын көрінеді. Мұндай, сөйлеу стилі үлгісіндегі сөз қайталаулар ертерек кезгі, мысалы, 1920-30 жылдардағы прозада көбірек. Олар мына тәрізді болып келеді. *Көшенің кейбір бұрыштарындағы панар орнатқан бағаналардың қасына, панар жағушылар келіп, жоғарыдан панарды бұрап түсіріп май кұйып, жағуға қамданысты* (Т. Жомартбаев). *Иесіне еркелеген иттей бұлаңдап жаңа келгендер ояздың алдына барып бұлаң қақты. Олардың бұл бұлаңдауы басымыздағы бағымыз қалса, сен арқылы қалар деген бұлаңдас еді* (Ә. Әбішев).

Метафоралар, яғни ауыс мағыналы не әсірелеу мәнінде алынатын сөздер көбіне-көп көркем әдебиет стилінде қолданылғанмен, ара-тұра өзге стиль түрлерінде де кездеседі. Мысалы, олар публицистикалық стильде де бірқатар жерде жұмсалады. Әдеби шығармалардағы метафора мен публицистикалық, саяси еңбектердегі метафора стильдік қызметі жағынан өз ара бірдей болып келе бермейді. Себебі, көркем әдебиет стилінде жалпы халықтық сипаттағы метафоралармен қоса, контекстік те метафора қолданылады. Публицистикалық стильде негізінен жалпы халықтық сипаттағы метафора жиі пайдаланады. Ал публицистикалық стильден контекстік метафора оқта-текте ғана ұшырасады.

Ұлтымыздың тепсе темір үзер ұл-қыздары күрк-күрк жөтеліп жүр. Тым жасарып кетіпті күрт ауруы (газеттен).

Метафора (ауыс мағыналы сөздер) ғылыми стильде де қолданылады. Мұнда тек жалпы халықтық сипаттағы метафоралар, яғни ауыс мағынасы кімге болса да жақсы

түсінікті, әбден орныққан сөздер ғана пайдаланылады. Контекстік метафоралар ғылыми стильде жалпы кездеспейді. Бұл - ғылыми стильдің өзіндік сипатымен, оған тән ерекшелікпен тығыз байланысты. Ғылыми әдебиеттерде, оқулықтарда қолданылатын сөздердің мағынасы жұртқа жете таныс, жеңіл сөздермен, оңай тілмен жазылады. Сондықтан оларда үнемі жалпы халықтық сипаттағы метафоралар ғана қолданылып отырады. Мысалы: *Бірінші топқа масса, энергия, өріс тәрізді қазіргі физика ғылымының қаңқасын құрайтын негізгі ұғымдар жатады* (Ғылыми мақаладан). *Игі бастамалардың тиегі жұмысшы табы болды* (сонда). *Пирамиданың табаны тең қабырғалы үш бұрыш* (Тригонометрия). *Берілген конусқа іштей сызылған шардың беті сол конустың табанымен тең шамалы* (Геометрия).

Метафора сондай-ақ ресми кеңсе стилінде де қолданылады. Мұнда да негізінен сол жалпы халықтық сипаттағы метафоралар жұмсалады. Бірақ стиль түрлерінің ішінде метафора жалпы көркем әдебиет және публицистикалық стильдерден жиі байқалады. Ал басқаларға қарағанда ғылыми, ресми-кеңсе стильдерінде біршама аздау кездеседі. Мысалы, ресми-кеңсе стилінде мына тәрізді метафоралар қолданылады:

Кадрларды даярлау жүйесін әлемде жалпы қабылданған бакалавр-магистр моделіне көшірудің негіздері қаланды. (Қазақстан Республикасында білім берудің дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы) *Қазақстандық және шетелдік білім берудің бағдарламаларын, білім туралы құжаттарды өзара есепке алу және өзара тану тетіктерін әзірлеу процесі баяу жүруде, ол студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын тежейді.*

(Сонда)

Ғылыми ұйымдардың жоғарғы оқу орындарының білім беру процесіне қатысуы болмашы. Білім берудің мазмұны мен ғылымның қазіргі жағдайының арасындағы алшақтық маман даярлаудан жаңа ғылыми идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, жаңа технологияларды алға апарушы және қазіргі заманғы технологиялық процестерді басқара алатын зеріттеуші маман даярлауға толыққанды көшуді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. (Сонда)

§ 23. Метонимия

Метафораға қарағанда, метонимияның (ауыс мағынасы бір зат пен екінші бір заттың өз ара ұқсастығының негізінде жасалатын сөздердің) қолданылу аясы әлдеқайда тар. Метафора стиль түрлерінің қай-қайсысында (бірінде аз да, басқасында одан көбірек) қолданылатын болса, метонимия мүлдем олай емес. Метонимия тілдегі стильдердің бәрінде бірдей қолданылмайды. Ал ғылыми стиль (тіпті қоғамдық ғылымның өзінде де) мен ресми-кеңсе стилінде жалпы кездеспейді. Оның көбірек қолданылатын жері - көркем әдебиет стилі. Метонимияның көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы метафорадан гөрі өзгешелеу: яғни бұл екі тропаның жазушы шығармаларындағы жұмсалу дәрежесін бірдей деуге болмайды. Өйткені, метонимияны көркем әдебиетте қолдану мәселесі, яғни оның шығармадағы аздығы немесе көптігі ең алдымен әрбір жеке автордың сөз қолдануындағы өзіндік шеберлігімен тығыз байланысты. Шығармада метонимияны қолдану үшін белгілі дәрежеде шеберлік қажет. Метонимияның кей жазушыда азырақ, кейінде одан көбірек болатыны міне осы себепті. Осы тұрғыдан алғанда, метонимияны М. Әуезов пен Ғ. Мүсіреповтің қолдану шеберліктері ерекше көңіл аударады.

Теңіз қарнын семсердей тілгілеп жүрген жалғыз өзі ғана емес екенін көкқасқа енді абайлады. Өзімен ата тегі бір Азат-мая нәсілінің естияр еркектері түгел құтырынып, олар да жарқырап ағып, жорық, әнін салып жүр. Теңіз астында найзағай көбейген, жарқылдау көбейген. Сол найзағайлар барлық ана балықтарға ұлы жорықтың бет алысын, жөнін сілтейді (Ғ. Мүсірепов).

Жазушының мұндағы найзағай деп отырғаны - көкқасқа тәріздес ата балықтар. Әрине, “Теңіз астында ата балық көбейген. Сол ата балықтар барлық ана балықтарға ұлы жорықтың бетталысын, жөнін сілтейді” деп те жазуға болар еді. Бірақ мұның көркем экспрессивтік, эмоционалдық бояуы алдыңғыдан әлдеқайда солғын да, өте көмескі. Жазушы соны алдын ала ескеріп, ата балық деудің орнына найзағай метонимиясын әдейі және өте тапқырлықпен, дәл қолданып отыр. Демек, метонимия - көркем әдебиет стиліне барынша тән құбылыс. Көркем әдебиет стилінде мето-

нимияны қолдануда қалыптасқан мынадай бір тәсіл бар. Мысалы, әлгі найзағай зат есімін немесе сондай басқа бір сөзді метонимия дәрежесінде келтіру үшін, алдымен оны - дай (дей) қосымшасын жалғап, бір рет қолданып алады. Бұл метонимияның қандай мағына білдіріп тұрғанын аңғару үшін де қажет.

Көкқасқа бұлардан ығысқан жоқ. Қанды ауыздар тобын қақ ортасынан найзағайдай жарып өтті. Құлқын тырбаңымен жүргендер найзағайды қалай ұстай алсын, ауыздарын ашқан бойы қала берді (Ғ. Мүсірепов). Алғаш кездескен құламадан аналықтар да көп іркілмей өтті... Бір сәт құлама үстінде күміс қанжар лақтырысып, ойнап жүрген біреулер бардай еді. Томеннен жоғары қарай лақтырған қанжарлар күн көзінде бір жарқ стіп қалды да, суға шаншыла түсіп жоқ болды (сонда).

Жоғарыдағы *найзағай* метонимы тәрізді, мұндағы *қанжар* метонимы да сол балық мағынасында қолданылған. Метонимия көркем әдебиет стилінде тек жеке сөз түрінде ғана емес, тұтас бір орам, тіркес болып та келіп отырады. Мұндай орам түріндегі метонимияның мағынасы да жалпы контекстен аңғарылады. Метонимияның өзіндік осы ерекшеліктеріне байланысты, ол өзге стиль түрлерінің көбінде қолданылмайды. Метонимияның табиғаты, оған тән сипат-ерекшелік көркем әдебиет стилінде ғана жан-жақты, толық көрінеді. Бұған ілгеріде келтірілген үзінділер де, сондай-ақ мына бір мысал да әбден дәлел бола алады.

Алдыңғы күні Ержан аңшы үйіне екі түлкі әкеліп еді. Екеуі де алтайы қызыл, алтындай жымпындайды екен... Қалың қызыл алтынның бетінде азғана ақ қылаң күміс сызықтар бар (Ғ. Мүсірепов). Жемсауын шалқайта ұстап, темір найзаларын тоса берді. Тырнақты да білекті екен (сонда).

Бұл үзіндідегі метонимиялық мәнде жұмсалғандары: қалың қызыл алтын және ақ қылау күміс сызықтар, темір найзаларын деген сөз орамдары.

§ 24. Синекдоха

Сөздің синекдохалық мағынасы басқа стиль түрлеріне қарағанда әсіресе сөйлеу стилі мен көркем әдебиет, публи-

цистикалық стильдерде көбірек байқалады. Ал ғылыми, ресми-кеңсе стильдерінде ондай дәрежеде кездеспейді. Синекдоха өте-мөте көркем шығармада неше алуан стильдік мақсатта жұмсалады. Бұл жеке жазушылардың тіл байлығымен, сөз қолдану шеберлігімен байланысты.

...Құнын айтпаймын. Бірақ Қарашоқыны қайтесің? Ол мына баланың сыбағасы емес пе еді? (М. Әуезов). Қарашолақпен алғаш тоғысқан жерде тайталаста, біздің қостың абыройын айрандай төкті-ау (сонда). Амандаса келген, қайырлы болсын айта келген Байсал, Құлыншак дәл бүгінгі күн амандасу емес, Бөкенші, Борсаққа қыр көрсете келіп тұр (сонда).

Алдыңғы сөйлемде Қарашоқыны емес, сол жерде өлтірілген Қодарды қайтесің деген мағына берілген. Сондай-ақ қостың абыройы. Бөкенші, Борсақ деген жеке сөз тіркесі мен жалқы есімдер де осындай ауыс мағынада қысқа қайырылған, яғни соңғы екі мысалда әңгіме қостың өзі туралы емес, онда тұратын адамдардың абыройы жөнінде және Борсақ, Бөкенші руларының адамдары жайында болады. Бұл сияқты сөздер көркем әдебиетте кейіпкер тілінде де, авторлық баяндауларда да келе береді. Әрине, “қостың абыройы” тіркесі қостағы адамдардың абыройы жөнінде айтылғаны түсінікті. “Қарашоқыны қайтесің” дегендегі Қарашоқы “Қодар өлтірілген жер” мағынасында қолданылып тұрғанын оқушы контекстке, шығарманың сюжет желісіне қарап түсінеді.

Әдетте қандай бір зат не құбылысты дәл өз атауымен атамау, яғни оны басқа белгісімен, не бір бөлшегімен атаудағы күнделікті сөйлеу тілі аясында, сондай-ақ түрлі жазба еңбектерде, әсіресе көркем шығарма стилінде де кездеседі. Бірақ бір атауды осылай синекдохалық мағынада жұмсауда коммуникативтік функциядан гөрі; стильдік мақсат басым жатады. Синекдоха тәсілі арқылы жасалатын стильдік реңк қазіргі көркем шығарманың қай-қайсысының тілінен де аңғарылады.

Қонақ үйлер дағды бойынша көп жеді... Ділде келісімен ас жасалып, төр де, шымылдык іші де ас жеді (М. Әуезов). Менің алдымнан жемірілген өкшелер жырым-жырым шалбар балақтары отіп жатты (Ғ. Мүсірепов). Термостар біресе поселкеге қарай, біресе шыңырауға қарай жөнкіледі. Өзге тамақтар азаяр емес (сонда).

Шынында да, синекдохалық сөз қолдану тәсілі көбіне-көп сөйлеу тілі табиғатына бейім тұрады. Сөздің метафоралық, метонимиялық мәнінен гөрі, синекдоханың білдіретін мағынасын оқушы әдетте оңай байқайды. Ол (синекдоха) осы ерекшелігіне байланысты көркем әдебиет стилінде көп те және барынша жан-жақты пайдаланылады. Жазушылар оны өзінің айтайын деген ойына әлде бір әзіл нышанын, юморлық өң беру үшін де жиі қолданады. Мысалы: *Үйлерінде қонақ жоқ, оңаша шығар дем ем. Жаңағы арбаның үстіне тиіп қойған сақалдарың немене? Сақалдарың тамашалайым деп, өздерін танымай да қалдым. Қайдан келген, қандай сақалдар бұлар?... Абай таңертен тұрып, бетқолын жуып, Дәмежанның шайына асықпай кеп отырғанда түндегі бұл сұраған сақалдар бірі артынан бірі шұбыра кеп еді... Жаңағы сақалдар Абайдан бұрын қол қойып еңсере тиіскенде...* (М. Әуезов). *Сақал-мұртына мұз қатып, шақыр-шұқыр басып келген кім десем, ауыл екен ғой* (сонда). Синекдохалар сондай-ақ публицистикалық стильде де қолданылады. Олар күнделікті баспасөз бетінде әр тарап болып келеді. Мұнда да сол белгілі бір ойды ықшам түрде, ұғымға қонымды етіп жеткізу мақсаты көзделеді. Мұндай мақсатта жұмсалған синекдохалардың қай-қайсысы да жалпы халықтық сипат алған. Сондықтан оның мағынасын кім де болса бірден дәл түсінеді. Мысалы мына бір үзінділердің өзінен-ақ оны анық байқауға болады. *Бұл турнирге еліміздің 200-ден астам былғары қолғап шеберлері қатысты* (газеттен). *Үлкен кілемнің айла-тәсіліне қанық аға буын спортшылармен бірге жастар да кубок жолындағы сынға түседі* (сонда).

Мен жиналғандардың екінші қатарынан, ағамыздың зайыбына жақындау жерден орын алғанмын (газеттен).

Батыр ағамызды ауыл болып, жылы сезімінен, аса бір қимастықпен шығарып салдық (газеттен).

Ондай болса Шымкентіктерге не жарық. Олар қолға алам десе, қазақта ескерткіш орнатуға лайық талант көп емес пе! (газеттен)

Синекдоха қолжазба түрінде жазылған публицистикалық мақалаларға да жиі қолданылады. Оның стильдік қызметінің өте әр тараптылығы, көркемдік жағынан да соншалықты ұтымдылығы публицистикада айқын көрінеді. Мы-

салы, бір колхоздағы екі Социалистік Еңбек Ері жөнінде жазылған мақаладағы жұлдыз деген синекдохаға көңіл аударайық.

- Аға, қай отарға тартамыз?

- “Қос жұлдыздың” аулына...

- Бұл кісі біздің “Қос жұлдыздың” жасы үлкені – Күнболат Сейітов... Серікті “Қос жұлдыздың” екіншісі - Нұртай Шаймерденовты шақырып келуге жіберді... “Қосжұлдызбен” әңгімелесе, пікірлесе келгенде шопан еңбегінің ауыр да абыройлы екеніне қанықтық... Осынау “Қос жұлдыздың” еңбек жолдары соның куәсы болғандай (газеттен).

§ 25. Сөздің көп мағыналылығы және омоним

Көп мағыналы сөздер өздерінің сырт формасы жағынан омонимдерге ұқсайды. Олардың осы сырт ұқсастығы бірінен-бірін ажыратуда көп ретте қиындық та келтіріп жүр. Студенттер стилистика сабағындағы талдау жұмыстарында бұл сөзге байланысты кейде қате де жіберіп жатады. Мысалы, ай зат есімі - қазақ тілінде әдетте көп мағыналы сөз де, сондай-ақ омоним ретінде де қаралады. Ол көп мағыналы сөз ретінде астрономиялық атауда (ай туды, ай батты), уақыт өлшемінде (екі ай, айдан асты), теңеу құралы қызметінде жұмсалып әдемілік, көрік ұғымында (айдай, ай десе аузы..., Айсұлу), ауыс мағынада (айға қолы жеткендей) білдіреді. Демек, ай есімі төрт түрлі мағынада қатар қолданылып тұр. Төрт жердегі ай сөзінің ұғымы басқа-басқа болғанымен, олардың арасында мағыналық байланыс бәрібір сақталған. Төрт жердегі ай да айналып келгенде бір-ақ сөз. Омоним де осындай, сыртформасы (тұлғасы) бірдей сөз. Осы жағынан алғанда, ай сөзі тілімізде омоним түрінде де айтылады: *кәріліктің айы етті, соның айы өтіп тұр, ай Айша, бері келші, айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау*. Міне осылардағы “ай”-лар және әлгі көп мағыналы сөз ретінде келген “ай”-лар өз ара омоним. Немесе ат сөзін алайық. Ат - зат есім, ат - етістік. Алайда, бұл екі “ат”-тың арасында да, сондай-ақ жоғарыдағы “ай”-лардың арасында да мағыналық байланыс жоқ. Екеуі жеке-жеке екі сөз. Көп мағыналы сөз бен омоним стиль түрлеріне

қатысы жөнінен де өзді-өзіне тән ерекшеліктері, айырмашылығы бар, бір-бірінен алшақ тұрған құбылыстар. Ерді осы екеуін стильдік сипаты жағынан жеке-жеке алып талдайық.

Сөздің көп мағыналығы жалпы халықтық ауыс мағынаның негізінде жасалады. Көп мағыналы сөз қай стильде болса да қолданылады. Бірақ, оның ең көп жұмсалатын жері - көркем шығарма.

Бер жағына бір кірпіштен соң бір кірпішті қойып, телмірген көздерден денесін жасыра бастады (М. Әуезов). Қалаға барып ескі көздерді көрген соң, қыр есіңнен шығып кетті (сонда).

*Бүгінгі күн түрленген қынаулымын
Айналамда көз де көп сынаулымын (сонда).*

Әжесі тірі болған күн Қасымның көңілінен сұлу сағымдай, жазғы-тұрғы мамық түсті бұлттай болып, қайта оралмастай боп жоғала бастады. Қасымның үміті, жарық күні де батты. Сізді мен күткемін, ол кезде сіз үшін кіммен болса да, кетісуге шыдағамын. Бірақ ол күндер өтті (сонда).

Бұл үзіндідегі көз және күн сөзінің екеуі де көп мағыналы. Екеуінің осылай түрлі-түрлі мән алуы көбінесе көркем әдебиет стилінің табиғатымен тығыз байланысты. Өйткені, жазушы мұнда әрбір тілдік құбылысты белгілі бір көркемдік мақсатта қолдануға тырысады. Ал ондайға әдетте көп мағыналы сөздер бейімірек. Мысалы, жоғарыда келтірілген көз сөзі әуелі адам деген ұғымды, одан соң таныс мағынасын, соңғы сөйлемде ел (жұрт) мәнін білдіріп тұр. Көз есімінің әр алуан мағынасын осылай түрліше ыңғайда пайдалану - жалпы сөз қайталаудан қашқандық. Көп мағыналы күн сөзінің стильдік қолданылу аясы бұдан да әр тарап. Соны авторлар көркем әдебиет стилінде өте шебер пайдаланады. Ілгерідегі мысалда күн сөзі кез, уақыт (шак) мәнінде алынған. Бірақ стильдік жатықтығы жағынан *әжесі тірі болған кез* (уақыт) деуден гөрі *әжесі тірі болған күн* деген ұтымдырақ. Сондай-ақ қайғысыз, қамсыз шағы (кезі), ол кез (ондайға бел байлаған кез), ол уақыт дегенге қарағанда, үмітті жарық күні, ол күндер (өтті) деп алғанның

көркемірек екенін, стильдік жағынан ұтымдылығын оңай байқауға болады. Әсіресе күн есімінің көп мағыналылығы сөйлеу стилінде, өте-мөте көркем әдебиет стилінде жан-жақты көрінеді. Ол тіпті бір ғана Абай өлеңдерінің өзінде неше алуан стильдік астар береді. Солардың (бәрі емес) кейбірі мына төмендегі тәрізді:

*Не күн туды басыңа...
Не қорлық, құр қылжанмен күн өткізбек...
Ит қорлық, немене екен сүйткен күні...
Сасып қалдым күн тығыз
Тың тұяқ күнім сүйтсе де
Қор болды жаным
Сенсіз де менің күнім...
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз (Абай).*

Күн сөзі мұнда не зор (туды), *қиын-қыспақ не жағдай уақыт, кез, өмір, келешек* деген тәрізді мағыналарда жұмсалған. Сөзді осылай әр қырынан алып, түрлі мәнде қолдану, яғни көп мағыналы сөзді бұлай пайдалану публицистикалық стильде (жоғарыда айттық), сөйлеу стилінен де ара-тұра байқалады. Өзге стильдерде: ғылыми, ресми, кеңсе қағазы стильдерінде көп мағыналы сөздің қолданылуы мүлдем басқаша.

Көркем әдебиет стилінде ақын, жазушылар өздерінің шығармаларында көп мағыналы кейбір сөзді екі не үш мағынасында қатар алып та жұмсай береді. Жарыстыра пайдаланады. Ресми кеңсе, ғылыми стильдерде көп мағыналы сөзді пайдаланудың бұл түрі жалпы сирек кездеседі. Мысалы, жаңағы күн сөзінің сондай-ақ көп мағыналы жан зат есімінің бір сөйлемдегі қайталануына сәл көңіл аударып көрейік.

Сонымен кәрі әженің ықтиярынан бір күн шет жайлап көрмеген Жәмеш алдыңғы күнін өз бетімен ойлағанда жоқты. (М. Әуезов). Әжесі өлген соң, көңілінде бір күн тіршілігіне сүйсінгендей ашық күн болған жоқ (сонда). Мейрам күннің түс мезгілінен бері қарай бақшаға барамыз деп әзірленген бозбаламен әйелдер күн батардан-ақ бөлек-бөлек жайрандаған топ болып үзілместен келіп жатыр (сонда). Келер күні күн көтеріле бере... кәнігі Көкқасқа көп ұзамай Құламаға кезігетіндерін сезінді.

Бұл күніме бір күні
Боламын ғой деймін зар
Менің де күнім күн емес
Екі күймек бір жанға әділет пе,
Қаны қара бір жанмын жаны жара
(А б а й).

Соңғы екі жол өлеңінде *жан* сөзі үш рет келтірілген. Екі жерде адам мағынасында (бір жанға, бір жанмын) алынған. Одан соңғы, яғни ең кейінгі жолдағы жан көңіл ақыл-ой, сана деген мәнді аңғартады (жаным жара көңілім қаяу уайымдымын, мұндымын деген тәрізді мазмұнда айтылып тұр). Ал бірінші жолда автордың осы екі мағынаны қайсысында алып отырғанын дәл басып айту қиын. Өйткені оқушы оны адам ұғымында да сондай-ақ тура жан мағынасында да түсінуге болады. Автор бұл сөзді бірінші жолда осы екі мағынада тіпті бірдей алғанда да ұқсайды. Сөздің көп мағыналығымен байланысты мұндай өзгешелік көркем әдебиет тілінен жиі ұшырасады. Осы ерекшелік ғылым мен техника жөніндегі зерттеулерден, оқулықтардан үнемі байқала бермейді.

Жоғарыдағы екі жол өлеңде үш рет қолданылған *жан* есімінің мағыналық сипаты әр басқа, яғни стильдік қолданылуы жағынан осы үш жердегі *жан* сөзі өз ара бір емес. Сөздің көп мағыналығы мен стилистиканың бір-біріне қатысы деген мәселе міне осы тұрғыда аңғарылады.

Бұл сөздің осы бір стильдік ұтымдылығы, яғни оны жоғарыда аталған екі мағынасында қатар қойып жұмсау тәсілі көркем әдебиет стилінде жалпы жиі кездесіп отырады. *Жан* есімі әлгі екі түрлі мағынасында, кейде бір өлең жолының өзінде-ақ бұлай іркес-тіркес келіп отырса, енді бірде ол басқарақ ыңғайда, бір-бірінен сәл алшақтау да қолданылып келеді. Мысалы:

*Тән сүйгенін бермесе,
Жан шыдамас жаны ашып...
Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?!..
Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ...
Сүйер жансып, “сүйкімді бет берем” деп...
Қысылған жерде жан жалдау...*

*Сол досты сая таппай іздейді жан.
Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім*
(А б а й).

*Жауымнан айырған жан алсын дейін,
Әлібек жаны болса іле кусын,*
(М. Ә у е з о в).

*Бір жапына сыйып тұр бар дүниенің мол жаны,
Талай жан өткен екен шамшырақтай
Айтыста ақылымен жан шыдатпай*
(О. Х а й я м).

Бір сөзді осылайша қайталап қолданудың нәтижесінде оның стильдік қызметі, мағыналық аясы кейде сәл өзгере түседі. Сөйтіп, стильдік қолданылу ерекшелігіне қарай көп мағыналылығы барынша айқын көрінеді. Мұны ілгерідегі үзіндіден байқауға болады: *Сүйкімді тірі жанға неткен жансың...* Бұл жолдағы жан сөзінің бірінші қолданыстағы ұғымы ел дегенге бейімірек. Ол тірі есімімен мағыналық байланысқа түсіп, елдің бәріне (бар елге) дегенді білдіріп тұр. Ал бұған жарыстыра қолданылған жан есімі кәдімгі адам мәнінде алынған. Демек, автордың айтайын дегені: *елдің бәріне сүйкімді не еткен адамсың* деу. Бірақ ақын бұл ойын осылай созалаңға салмайды, шұбалтпайды. Қайта көп мағыналы бір сөздің өзін әр түрлі мәнде қатарластыра алып жұмсайды. Солай еткендіктен өлең жолындағы әрбір сөз стильдік жағынан өз ара ұтымды орайласқан, ондағы ой да анық. Жан сөзінің көп мағыналылығымен байланысты сөз қолданыстағы осындай стильдік ұтымдылық прозалық шығармалардан да кездеседі. Жанды жеген азаппен қиналып шыққан Қарагөзді білген жан жоқ (М. Әуезов). Қостадым, жаным, жаныңмен үріккен зарыңды (сонда). Соңғы мысалда да жан есімі екі түрлі мәнде қолданылған, алдыңғысында айналайын, қарғам тәріздес мағынада алынған да, кейінгіде өзінің тура ұғымында жұмсалып тұр. Демек әр түрлі стильдік ыңғайда құбылтып қолданудың нәтижесінде жан сөзінің көп мағыналылығы бұл сөйлемде өзінің тағы бір қырын аша түскен.

Тілімізде сондай-ақ көп, мал сөздері де көп мағыналы болып кездеседі. Мұнында қолданылудағы стильдік аясы әр жақты. Жеке бір сөздің әр түрлі мағыналары әдеби тілдегі стильдердің бәрін де және сөйлеу стилінде де (рас бірінде аз, екіншісінде одан көбірек) қатар келтіріледі. Бірақ солардың ішінде көп мағыналы сөздің қолданылуындағы осы бір стильдік ерекшелік көбінесе жеке ақын, жазушылардың тілінде белгілі бір көркемдік мақсатқа байланысты барынша ерекшелене түседі. Мысалы:

*Абұйыр, атақ сол жанда
Кімді көп жұрт мақтаса.
Ол мақтаудан не пайда
Көп мақтауын таппаса,
Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек
Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек...
Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің..
Мал құмар көңлі - бек соқыр,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек...
Арын сатқан мал үшін ант ұрғанның
(А б а й).*

Жоғарыдағы жолдардағы көп ссімі де, мал сөзі де ғылыми стильде, кеңсе, ресми, іс қағазы стильдерінде дәл мұндай дәрежеде қолданылмайды. Жалпы көп мағыналы сөзді сан алуан құбылтып, көбінесе көркем әдебиетте, сондай-ақ публицистикалық стиль мен ара-тұра сөйлеу тілінде, қоғамдық ғылым саласындағы зерттеулерде пайдалануға болады. Өйткені ауыс мағынада, ауыс мағынадан келіп шығатын көп мағыналық та әуелі соларда жиірек қалыптасады.

Көркем әдебиет стиліндегіге қарағанда көп мағыналы сөзді әсіресе қатар алып қолдану жағы публицистикалық стильде сирек ұшырасады.

“Моральдық басымдықты” қайткен күнде де қолдай отырып, күн сайын шамалы болса да табыстарға жетіп отыру керек (В. И. Ленин. Жастар туралы, 219-бет). Сондықтан *жұртшылық, жұмысының болашағы бұлыңғыр, күні күнгірт еді* (“Ғани Мұратбаев”, 1972).

Көп мағыналы сөз кейде ғылыми стильде де қолданы-

лады. Мысалы сағат сөзі бір сөйлемде өзінің екі түрлі мағынасында да ара-тұра қолданылады.

Егер сағат әр сағат сайын соғып отыратын болса, ол бір тәулік ішінде неше рет соғады (Алгебра).

§ 26. Омоним

Омонимдер (сырт формасы, дыбыстық құрамы бірдей, бірақ білдіретін мағынасы әр түрлі сөздер) жеке тұрған қалпында стиль түрлерінің жалпы қайсысында да қолданыла береді. Омонимдерді қатар алып, қабаттастыра қолдануға келгенде, стиль түрлерінің бәрінен мұндай ерекшелік байқалмайды. Олардың бір контексте не бір сөйлемнің өзінде дәл осылай өз ара жарыстыра пайдалану, көбінесе публицистикалық стиль мен сөйлеу, көркем әдебиет стильдерінен айқын көрінеді.

Омонимдердің әдеби шығарма стиліндегі көркемдік қызметі әр түрлі. Бұл - әрбір жазушының, шеберлігімен байланысты құбылыс. Бірақ көркем әдебиет стиліндегі омонимдер мен сөйлеу стиліндегі омонимдерді бір-бірінен ажыратуда біраз қиындық бар. Себебі, көркем әдебиет стилінде қолданылатын омонимдердің көпшілігі - күнделікті сөйлеу стилінде әбден қалыптасып, жалпы халықтық сипат алып кеткен сөздер. Ал бұлардан басқа, көркем әдебиет стиліне бейім тұратын омонимдердің қашан да контекстік сипаты басым болып келеді. Сырт тұлғасы бірдей, екі сөздің өз ара омонимдік қатынасы белгілі бір контекстінде ғана байқалады. Мысалы: *Қара түнде қара баспаса, Ертісті арлы-берлі кезген қайықшыны қашан көрдің* (М. Әуезов). Мысалдағы түс мәніндегі қара сын есімі әдебиеттегі албасты мағынасындағы қара сөзімен омонимдік сипат алып тұр. Бірақ қара сөзі осы контексте ғана омоним бола алады.— *Қара қасқа кедей болсам да, қара ниет болмаспын деуші ең. Жамандық сенің жатың еді. Қасиетің сол еді. Сен қартайған шағыңда бізді қара басайын деді ме* (М. Әуезов). Мұндай, контекстік (стильдік) омонимдер ақын, жазушыларда біркелкі бола бермейді. Өйткені жоғарыдағыдай контекстік омонимдердің көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы автордың сөз қолдану шеберлігімен байланысты.

*Аяғыңды аңдап бас, ей Жақсылық!
Өз басында жының бар бір бақсылық...
Қарсақ, жортпас қара адыр,
Қарамай неге шабасың...
Бір атқа жүз құбылған, жүзі күйгір'
(Абай)*

*Қызған жанға жану деген сөз емес
(Сағди)*

*Туғандай еді әдейі арнап шешесі
Жандырсын деп, жігіт жанын өртесін (сонда).*

Суы молдығына және ақ, от, қара отына қарап қоныс етеді (М. Әуезов). Кәрілі көздерін бір түйреп қалып, қатқабаттап өрген темір сымдай шор саусақтарын, тоса берген кәрің ұстасса-ақ айрылмастай екен (Ғ. Мүсірепов). Тас қара мінезін ұнатпай қалған ұябасар... Күншығысқа қарай тартып берді (сонда). Тас қаралың қарасы өшкен соң ұябасар ойынға өзі түсіп кетті (сонда).

Соңғы екі сөйлемге көңіл аударайық. Ақырғы сөйлемдегі екі рет қайталанған қара сөзі - көп мағыналы сөз. Ал ең соңғы мысалдың алдындағы сөйлемде екі рет қолданылған қара есімі - өз ара омонимдік қатынаста жұмсалған, яғни олар омонимдер.

¹ Осы жолдағы алдыңғы жүз-сан есім, кейінгі жүз-ар, ұят мағынасында қолданылып тұрған зат есім. Демек бұлар омонимдер. Қазақ тілінде дыбыстық құрамы, яғни сырт тұлғасы осылармен бірдей, бірақ мағынасы басқа және бір сөз бар. Ол-кіші жүз, орта жүз, ұлы жүз дегендердегі жүз. Мұның мағынасы жөнінде айтылып жүрген пікір әр түрлі. Ал, бұл сөз жайлы біздің ойымыз ол пікірлерден өзгереді. Мысалы, А. Габэннің неміс тілінде жазылған Көне түркі грамматикасында (Лейпциг, 1950, 357 бет) жүз деген жеке-жеке үш омоним қатар келтіріледі. Бұл үшеуінің соңғысы звено (цепи), колсно, поколенце ("Глиса") мәніндегі сөз екен. Көне түркі тіліндегі осы сөз тыва, хакас тілдерінде қазір дыбыстық құрамы жағынан сәл басқашарак болып, яғни мүс түрінде "суставка" мағынасында айтылады, ал алтай тіліндегі "йүстүк" "кольцо" мәнінде қолданылады. (В.И. Рассадин. Фонетика и лексика тофаларского языка. Улан-Уде, 1971, 199) Міне, осы деректерге сүйенсе отырып, қазақ тіліндегі әлгі кіші жүз, орта жүз, ұлы жүз дегендердегі жүз сөзі ұрпақ, буын деген мағына білдіреді демекпіз. Екіншіден, қазақ тіліндегі бұл буын, ұрпақ мағынасындағы жүз сөзі- сонау, көне түркі заманынан келе жатқан құбылыс.

§ 27. Синонимдер

Синонимдер қай стильде болса да бәрінде бірдей дәрежеде қолданылмайды. Ресми-кеңсе, ғылыми стильде синонимдердің жеке бір сыңарлары кейде ретіне қарай қолданылады. Ал екі, не үш синоним бірдей қатар жұмсалмайды. Бұлай тек публицистикалық және сөйлеу стилінде, көбінесе көркем әдебиет стилінде жұмсалады. Мысалы, ағайын және қарындас сөздерінің өз ара синонимдік сипаты бар. Бірақ, соңғы сөз көбінесе көркем әдебиет стилінде ғана қолданылады, сөйлеу тілі стилінде өте сирек айтылады. Жалпы туыс, ағайын мағынасындағы қарындас негізінен көркем әдебиет стилінде, шешендік стильде, ара-тұра сөйлеу тілінде қолданылады. Серт, уәде, ант сөздері бір-бірімен мағыналас. Жеке күйінде стиль түрлерінің қай-қайсысында да қолданыла береді. Екеуі, не үшеуі қатар көбінесе көркем әдебиет стилінде, сондай-ақ публицистикалық стильде кездеседі.

Ара ағайынның сөзін айттың, қарындастың көз жасын айттың, шырағым Абай, қарындасқа қайырымы бар бала деп естуші ем (М. Әуезов). Қысылған халқың, қаумалаған қарындасың - бауырыңнан пана табар байтерек болыңдар. Жем үшін осындайда қарындастың қанын ішкендіктен қабан атанған. Ана Көбекеннің басына қарай тарт! Кеңгірбайдың зиратына барып тұрып, серт уәдені сонда шешеміз. Бұнысы бір ант, серттей... Дәрмен өз інінен Абай қабырына қарап, үздіксіз бір ант-серт айтып отырғандай болды (сонда).

Жазушы да, ғалым да, басқалар да синонимді әдетте бір сөзді қайталай бермеу үшін қолданады. Синонимдер әсіресе көркем әдебиет стилінде жиі жұмсалады. Көркем әдебиет стилінде синоним белгілі бір ойды толықтыра түсу, нақтылап, дәлді айту ыңғайында қолданылады.

Бұның ар жағындағы ішкі тайталас, тартыстың біреуін де Әзімбай айтқан жоқ... Абаймен араз, қырбай болса... Әр үйдің жас әйелі, ересек естияр баласы болса, тіпті кішкене інішектерін, қарындастарын ертіп, ап...; Қалың қарындас арасында жырлап көріскен шешен ділмәр да аз емес. Дәмежан бұл орысқа Абай көрсеткен ықылас, бейілді өзінің жүйрік зейінімен жақсы аңдаған еді. Сол Сармолла

айтып жүрген сөзді бұл өз тарапынан да жұртқа жеткізу борыш-қарыз тәрізді. Денесі де жуан, ісі де жуан қырыс қыңыр бір болыс - осы.

М. Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясында осылар тәрізді контекстік (стильдік) синонимдер жиі ұшырайды. Мысалы, *дәлел-далбай, жайылыс-өріс, әлек-алқын, кейіс-қияс, кек-қыжал, әмір-бұйрық, жыныс-ұлыс, жаза-кесік, бұла-болпаш, тыным-тыйым, шабуыл-шандуыл* сияқты үстеме мағыналы синоним қосарлары неше алуан. Мұндай синонимдер публицистикалық стильде, сондай-ақ сөйлеу тілі стилінің өзінде де сирек ұшырасады. Бұлар негізінен көркем әдебиет стиліне тән. Жалпы сөйлеу тілі стиліне тән синонимдер бар да, публицистикалық, көркем әдебиет стилінде қалыптасқан синонимдер өз алдына бір бөлек. Бұл екі топ синонимнің әдеби тіл аясындағы қолданылуы бірдей емес. Көркем шығармада автордың өзіндік стиль ерекшелігіне байланысты қолданылатын синонимдердің кейбіреуі ғана жалпы халықтық сипат ала алады. Ал, көпшілігі белгілі бір публицистикалық стильдегі, әсіресе көркем әдебиет стиліндегі синонимдердің біразы контекстік синоним. Ресми-кеңсе, ғылыми стильдерде мұндай контекстік сипаттағы синонимдер қолданылмайды. Оларда тек көркем әдебиеттегі, публицистикалық стильдегі және сөйлеу тіліндегі жалпы халықтық сипат алған синонимдер жұмсалады. Онда да екеуі, не үшеуі қатарымен емес, бір ғана сыңары алынады. Ал көркем әдебиет, публицистикалық, сөйлеу тілі стильдерінде әсіресе контекстік синонимдер керісінше қос-қосымен, қабат жұмсала береді. Мысалы:

Бар бұтақтан, гүл жапырақтан, дән нәрден айрылыпты, ажырапты... Мен олейін, бірақ сол сан жылдарда сенің желдерің қуып әкеткен гүлдерім, дәндерімнен ұрпак, нәсіл қалар ма? Енді бір кезекте, Оразбай өзінің қыңыр, қияс, қаскөй мінезі бойынша орайын тауып... (сонда). Осы тұрпат-сияқтарын көріп аңдаған соң Абай (сонда). Ішінде кейбір егес-қияс жауап тұрса да қарсы сөйлесе алмады (сонда). Мұнды қыз Керейдің ішіндегі Шақантайдан өзінік тең тұсын, күштарын табады (сонда).

Синонимдер сияқты дублет создер де осылай әр түрлі стильдік қызмет атқарады. Мысалы, мына тәрізді бірнеше дублетті алып көрейік: *қала-шаһар (шәр)-кент, мырза-*

жомарт, дарқан-шүлен, халық-қалайық, жамағат-уалаят, тырбану-тырману т. б. Бұл дублеттерді кез келген стильде қолдана беруге болмайды. Әрқайсысы әр түрлі стильге лайықты. *Халық, мырза* (кейде жомарт та), *қала* сөздері стиль түрлерінің қай-қайсысында да жұмсала береді. Ал *шүлен, дарқан, халайық, жамағат, уалаят, кент, шаһар* сөздері тек көркем әдебиетте, публицистикалық-шешендік стильде, кейде сойлеу тілінде қолданылады. Ғылыми, ресми-кеңсе стильдерінде бұлар кездеспейді. Кент, дарқан, шаһар, шүлен сөздері әдеби шығармада белгілі бір көркемдік қызмет үшін қолданылады.

Әр үйдің терезелерінен жылтырап шам сәулесі көрініп, ақ орамалды кент әйелдері терезе жабуға шықты (Б. Майлин). *Пауеске жақындаған сайын ат-сайманның кенттікі скені байқалып...* (Ғ. Мүсірепов). *Шөлден шүлен боп туған сергегім.* (М. Әуезов). *Абай оқи отырып, сонау алыс мұнар ішіндегі шаһар уалаяттарға беттеп, “осы сапарға өзім жүрер ме едім” деп, қызығып та қояды* (сонда). *Бар үлгілері басқа салдар, өзге халық арасында, бейне бір бөтен уалаят, бөгде халық тобындай* (сонда). *Жамағат жиналмасын. мұсылманшылық қарызын ада қылмасын дейсіз бе* (сонда).

Синонимдер сондай-ақ публицистикалық стильде де жиі жұмсалады. Олар мұнда да сол белгілі бір ойды жан-жақты түсіндіру, толықтыра түсу мақсатында пайдаланылады. Синонимдер саяси әдебиеттердің өзінде де осындай қызмет атқарады. Бұлардың көркем әдебиет пен публицистикалық стильдегі қолданылу жиілігі автордың жазу стилімен тікелей байланысты. Демек, синонимдерді кейбір автор өзінің шығармасында жиі де және өте шебер жұмсайды. Публицистикалық стильде кейде дублет сөз де қолданылады.

Бұл кісінің ошпес ерлігі мен батырлығы, өжеттілігі мен табандылығы туралы аңызға айналған әңгімелер республикамыздың түкпір-түкпіріне жетіп жататын (газеттен).

Баукең бұл шақыруды ризашылықпен қабылдап, бізге қарай жақындады. Сөйтіп арасанның ең құрметті деген біраз азаматтары халқымыздың аяулы батыры, ұлы қорғаушысы өздерінің туған жерінде, қасиетті дастархан басында кездесті (газеттен).

Туралық пен әділдіктің ақ жолынан таймады (газеттен).

Ол қоғамдық мәдени өмірдің қайнаған ортасында, әсіресе тілге қатысты мәселенің бәрінде өз үнін, өз пікірін ашық та, анық айтып жүр (газеттен).

Синонимдер кейде ғылыми стильден де кездеседі. Мұнда сол көркем әдебиет, публицистикалық стильдердегідей жарыстырыла, қатарымен қолданылады.

Сонымен тілді құрастырушы элементтер және тілдің бүтіндей құрылымы уақыт азған сайын дамып, жетіліп отырады (оқулықтан).

Тілдің әр түрлі жақтарындағы өзгеріс оның жүйесінің бүлінуіне де, жайылып кетуіне де соқтырмайды (сонда).

Тілді синхрониялық тұрғыдан қарастыру қаншалықты қасиетті және маңызды болса, оны диахрониялық тұрғыдан қарастырып зерттеу де соншалықты қажетті және маңызды (сонда).

§ 28. Антонимдер

Антонимнің де әрбір стиль түріндегі қолданылу дәрежесі әр басқа. Рас, көп мағыналы сөз, омоним, синоним тәрізді, антоним де жеке тұрған күйінде стильдердің жалпы қай-қайсысында да қолданыла береді. Мысалы *қара мен ақ*, *іші мен сырты*, *аз бен көп* дегендер өз ара антонимдік қатынастағы, яғни *қарама-қарсы* мағыналы сөздер. Бұлардың бәрі де жеке-жеке түрінде кез келген стильде жұмсала береді. Бірақ қарсы мәнді мұндай сөздерді қатар алып, қабаттастыра қолдану кейбір, стильде (публицистикалық-шешендік, сөйлеу тілі, көркем әдебиет стилінде) ғана мүмкін болады. Ғылыми, ресми-кеңсе стильдерінде антоним сөздер сирек ұшырайды. Көркем әдебиет стилінде антонимдердің қызметі де айрықша байқалады. Бұл ерекшелік олардың мағыналық табиғатымен байланысты. Өйткені, тіліміздегі осы қарсы мәнді сөздерді ақын, жазушылар өз ара қатар алып, шығарма тілінің көркемдігіне жұмсайды.

Ақ денесі ашылып, қара шашы төгіле жайылып жатыр (М. Әуезов). *Бұлардың тобынан жырылып қалған сұлу қыз ақ қойлек, қара кемзелімен ауылдың түсін ашып. Жана*

қара шапанын ақ білегіне арта салып... (сонда). Алқа-қотан тігілген қара ала үйлердің қалың ортасында бір-бір ақ үй жарық айдың қара су ішіндегі суретіндей жарқырай түседі (сонда). Сені қара түнде, ақ боранда, қатер үстінде ажалдан айырғанда... (сонда). Олай болса, Құнанбайдың да сырты бұлардың ішін білмеген, елемеген кісі тәрізді болатын (сонда). Асанбай үйіне кіріп келгенде дудырап кеткен ұзын қара шаштарын аппақ шаң басып, қысқы аязда ұзақ жолда кездесер ақбас қара бура сияқты еді (Ғ. Мүсірепов). Қыран баласына дүние әрі кең, әрі тар. Достары да аз емес, жаулары одан да көп. Азияның аязына, Африканың ыстығына шыдар ұрпақ керек (сонда).

Антонимдер сондай-ақ публицистикалық стильде де қолданылады. Онда да сол белгілі бір ойды әсерлі етіп жеткізу мақсатында қосарлана жұмсалады.

Жиналыста азшылығы көпшілігінің пікірімен санасып, бірауыздан дауыс берілді (газеттен).

ФРАЗЕОЛОГИЯ

§ 29. Фразеология туралы түсінік

“Фразеология” терминінің мағынасы өте кең.

I. “Фразеология” термині кең мағынада алғанда, белгілі бір тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрлерінің жиынтығы деген ұғымды білдіреді.

Тілімізде қолданылатын жеке сөздермен бірге көптеген ерекше қалыптасқан сөз тіркестері және сөйлемшелер бар. Ол сөз тіркестерінің екі не одан да көп компоненттері болады, бірақ сөз тіркестері семантикалық бірлікте болып, тұтас бір ұғымды білдіреді. Мысалы: *көз бояу, жүрегіннің түгі бар; қу бастан қуырдақтық ет алған* т.б. Мұндай тұрақты сөз тіркестерінің мағынасы ғасырлар бойы қалыптасып, ел аузында көп айтылып жалпы халыққа түсінікті болып кеткен.

Мағынасы жалпыға белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін единица болып, қолданылуы дәстүрге айналған тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде фразеологиялық орам немесе фразеологизмдер деп атайды.

Фразеологизмдерге идиом, фраза, мақал-мәтелдер жатады. Сонымен бірге қалыптасқан тиянақты фразеологиялық топқа жататын сөздердің бір саласы - қос сөздер. Қазақ тіліндегі қос сөздер форма жағынан да, семантика жағынан да түрлі-түрлі болып келеді. Қос сөздер әдетте екі сөзді болады. Құрамында үш сөз бар қос сөздер сирек кездеседі. Қос сөздердің сыртқы белгілері:

а) дефис арқылы жазылады: *“тәлім-тәрбие”*, *“бала-шаға, үйме-жүйме”* т.б.

ә) үтір: *“ұзын арқау, кең тұсау”*, *“ару, ардагер”*, *“тебінгіден тер жауып, қабырғадан қан жауып”* т. б.

б) қос сөздер қатарына даусыз енгізілуге тиісті *“үлде мен бүлде”* сияқты тізбектер *“мен”* жалғаулығы тұрғандықтан сызықшаны да, үтірді де керек етпейді.

Үтірмен бөлініп жазылған қос сөздерді *“күрделі қос сөздер”* деп атауға болады¹. Қос сөздердің фразеологизмдерге ұқсастық белгілері көп. Ол ұқсастықтар жоғарыда аталған еңбекте толық көрсетілген.

Фразеологизмдердің өзіне тән негізгі қасиеттері:

1. Дайын тілдік единица ретінде жұмсалады;
2. Жалпыға бірдей тапылған қолдану заңы болады;
3. Мағына бірлігі сақталады;
4. Екі сөзден кем болмайды;

Фразеологизмдердің қай-қайсысы болмасын (идиом, фраза, мақал-мәтелдер) бәрі де ең алғаш халықтың сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан. Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай келеді. Фразеологизмдер алдымен адамдардың ой-сөзімін, ара қатынасын, өмір тануын білдіреді.

Қазақ тілі фразеологизмдерінің біразы өткір сықаққа құрылған. Ол қасиет әсіресе жағымсыз бейнелерді сипаттайтын идиом, мақал-мәтелдерде баса сезіледі. Мысалы: *“түйе үстінси сирақ үйту”*; *“әу бастаи қуырдақтық ет алу”*; *“жұмыртқадан жүн қырыққан”*; *“ит скеш итке де бір сүйек қарыздар”* т.б.

II. Фразеология - тұрақты сөз тіркестерінің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы.

¹ *І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы, 1962, 220—221-беттер.*

Фразеология - соңғы жылдары дамып, қалыптаса бастаған жаңа лингвистикалық пән.

Фразеология өз алдына бөлек лингвистикалық пән ретінде тіліміздегі фразеологизмдерді құрылысына, мағыналық ерекшелігіне қарай жіктеп топтастырады және тұрақты сөз тіркестерінің құрамын анықтап, оның жасалу жолдарын, даму заңдылықтарын зерттейді.

Тұрақты сөз тіркестерінің мәселелері қазіргі таңда тіл ғылымында актуалды проблемалардың бірі есебінде зерттеліп жүр. Өйткені фразеология - тіл мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін сөз өнерінің асылы. Сонымен бірге ол бір тілден екінші бір тілге аудару техникасын жетілдіреді, социалистік дәуірде жаңа фразеологизмдердің қалыптасуы мен баю жолын аңғартады.

Лингвистикалық пәндер сөйлемді дұрыс құрып, қалай жазуды, тыныс белгілерін қоюды оқытып үйретеді. Ал тілдік тәсілдерді өткір, нақтылы, дәл және мәнерлі қолдану, жалпы тіл мәдениетін арттыру сияқты мәселелер стилистиканың үлесіне тиеді. Стилистика үшін фразеологизмдердің мәнерлеу тәсілі ретінде маңызы зор. Сондықтан стилистика тұрақты сөз тіркестерінің тілімізде атқаратын қызметіне, оның қолдану заңдылықтарына баса көңіл беледі.

§ 30. Фразеологизмдердің стилистикалық қызметі

Тұрақты сөз тіркестері тілімізде екі түрлі қызмет атқарады.

Бірінші, фразеологиялық бірліктердің негізгі қызметі - заттың не құбылыстың атын білдіретін (*қызыл алаң, құрмет тақтасы, қырғи қабақ соғыс* т.б.) және сөйлем түрінде келіп, пікір алысу құралы болатын тілдің элементі (*Көзім ашылды. Білім бүгіліп еді. Аузын ашып қалыпты. Жақсыдан жаман туған*). Екінші, фразеологиялық единицалар тілімізге образды, бейнелі және мәнерлі рең беруде, тіліміздің эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыруда зор мәні бар. Тұрақты сөз тіркестерінің осы қызметінің стилистика үшін мәні ерекше зор. Сондықтан бұл мәселеге айрықша тоқталу қажет.

Фразеологиялық единицалар тілімізді көркем, бейнелі

етіп, оған айрықша өң береді. Ол сөйлеу және жазу тілімізде ауыс мағыналы метафоралы сөз тіркестерін және басқа да бейнелі сөз орамдарының орынын тауып, нақтылы дәл қолданумен байланысты.

Образдылық - тұрақты сөз тіркестеріне тән қасиет. Мысалы: *алдану - тақырға отырып қалу; момын - қой аузынан шөп алмас; алыс - ит арқасы қиян; жас - белінен бесік табы кетпеген* т. б. Бұл тұрақты сөз тіркестерінің, құрамындағы компоненттерінің бәрі де ауыс мағыналы сөздер. Мұндай сөздер - айтылатын ойды бейнелі және әсерлі жеткізу үшін таптырмайтын тілдік құрал. Бірақ фразеологизмдер ылғи осындай метафоралы болып келе бермейді: *аңдысқан ауыл болмас; сақтықта қорлық жоқ; сұлу - сұлу емес, сүйген - сұлу; мыңның түсін танығанша, бірдің атын біл; қыс азығын жаз жина; игіліктің ерте-кеші жоқ* т.б. Бұлар - алуан түрлі ұғым, зат және табиғат, құбылыс жайындағы кішігірім көркем шығарма тәрізді. Ондай сөз орамдары, ақыл-кеңес ретінде жұмсалады. Мұндай қасиет көбінесе мақал-мәтелдерге, нақыл сөздерге және шешендік сөздерге тән болады. Ал ауыс мағыналы метафоралы сөз тіркестерінің өзі де ылғи образды болып келмейді. Мысалы, *үйдің қабырғасы* және *қабырғамен кеңес* деген сөз тіркестерін алайық. Бірінші, *үйдің қабырғасы* деген мағынада алынған метафоралы тіркес, бірақ образдылық қасиеті жоқ. Екінші, *қабырғамен кеңес* сөз тіркесін алатын болсақ, бұл тек ауыс мағынадағы метафоралы сөз тіркесі ғана емес, сонымен бірге образды ойға құрылған және оның жеке сөз түрінде жұмсалатын эквиваленті-сыңары бар (мысалы, “қабырғамен кеңес” - сөз тіркесі *ақылдас* деген сөздің мағынасын білдіреді).

Фразеологизмдер өздерінің бейнелік құрылысы жағынан да әр алуан болып келеді. Онда тұрақты эпитет, тұрақты теңеу, тұрақты әсірелеу сияқты поэтикалық тіл үлгілерінің бәрі де бар:

Тұрақты эпитет: *қыпша бел, бұраң бел, ай қабак, сүмбіл шаш, ақ сұңқар, алма мойын, ит жанды, жылқы мінезді, айыр тілді* т.б.

Тұрақты теңеу: *атқан оқтай, иненің жасуындай, көздің қарашығындай, шөккен нардай, қордың қызындай, есектің миындай, инемен құдық қазғандай, көзге біткен сүйелдей, тонның ішкі бауындай, сөзі түйеден түскендей* т.б.

Тұрақты әсірелеу: көл-көсір, телегей-теңіз, көп түкірсе көл болады, әлемде теңі жоқ, ай десе аузы, күн десе көзі, көзі шарасынан шығу, жаны мұрнының ұшына келу, көзді ашып-жұмғанша, кірпік қаққанша, қара қылды қақ жарған, қырық жамау, қырық күн ойын, отыз күн тойын, тебінгіден тер жауып, қабырғадан қар жауып т.б.

Тұрақты литота. Әсірелеуде белгілі бір зат не құбылыс шамадан тыс үлкейтіліп айтылса, литотада, керісінше, өте кішірейтіліп сипатталады. Мысалы: тізе бүкпеу, бел жазбау, кірпік қақпау, көз ілінбеу, тірі жан жоқ, бір минутқа, немесе дүниені бір уыс қылу, бір тарының қауызына сыйғызу, иненің жасуындай, темір етік теңгедей, темір таяқ тебендей, түйе сойған ешкі сойғаннан қуырдақтық ет дәмтеді, тіс шұқитын шөп таба алмау т.б.

Фразеологизмдерге образдылық, мәнер беретін синтаксис, фонетика және ырғақ сияқты көптеген тәсілдер бар. Бұл тәсілдер тұрақты сөз тіркестерін поэтикаға жақындатады. Мәселен, фразеологизмдердің көпшілігі **шендестіру**, дамыту, параллелизм, **анафора** сияқты поэтикалық синтаксиске құрылған.

Шендестіру (антитеза) жолымен құрылған тұрақты сөз тіркестері: *мың асуға бір тосу, бірде бие, бірде түйе, түздегі май ішсе, үйдегі зәр ішеді, атадан алтау тусаң да, бір жалғыздық* т.б. Антонимге құрылған мақал-мәтелдер: *көп тыңда, аз сөйле, бетегеден биік, жусаннан аласа, еріншек егіншіден елгезек масақшы озады, сенің атың тұра тұрсын, менің атым жүре тұрсын* т.б. Фразеологизмнің ішінде мағынасы бір-біріне қарама-қарсы құрылған антонимдік құбылыстарда фразеологиялық антонимдер байқалады: *жүрек жұтқан, су жүрек, көк ми, маңдайы кере қарыс, ат ізін салмау, күн құрғатпау, көзі ашық, әліпті таяқ деп білмеу, жердің жеті түбі, осы тұрған жер* т. т.

Оксюморон - мағынасы қарама-қарсы, антоним сөздер өз ара тіркесіп, бір ұғымды білдіреді: *тірі өлік* (тірі аруақ), *тірі жетім, жаман жақсы көру, уәдеден шығу* (уәдесінде тұрды деген мағынасында айтылады), *жіпсіз байлану, пышақсыз бауыздау, сондай-ақ, қайырсыз пайдадан қайырлы залал, тікеннен гүл, заһардан бал, қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер, мен - тумаған балаға кіндік шеше, қашпаған қашар сиырдың уызына, өгіз бұзау-*

лағанда, ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жеткенде дегендердің әзіл-ойын аралас келетін сөйлеу тілі фразеологизмдерінің оксюморонға ұқсастығы байқалады.

Дамыту: оқу - білім, бұлағы, білім - өмір шырағы, тай құнанға жеткізер, құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер т. б.

Параллелизм: киім кірі жуса кетер, көңіл кірі айтса кетер, гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі, сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес т. б. Бұл құбылыс мақал мен афоризмдерде жиі кездеседі.

Анафора деп сөзді не сөйлемшені сөйлемнің басында бірыңғай қайталауды айтады: қол-қолды табады, бояушы-бояушы дегенге сақалын бояйды, көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады т. б.

Эпифорада қайталанатын сөз керісінше сөйлемнің аяғында келеді. Мысалы, жаз шананды сайла, қыс арбанды сайла, аласаны атқа санама, жақыныңды жатқа санама, аштық ас талғатпайды, ашықтық жас талғатпайды, жақсыда кек жоқ, кектіде тек жоқ т. б.

Қайталаудың бұл түрлері каламбурдың жасалуына негіз болады. Дүниекор - дүниенің құлы, қашпаған қашар - сиырдың уызы, бояушы-бояушы дегенге сақалын бояйды, жақсыда кек жоқ, кектіде тек жоқ деген мысалдар түбірлес сөздердің әр түрлі мағынада қолданылуы арқылы жасалған каламбурлар.

Фразеологизмдерге бейнелік, мәнерлік сипат беретін дыбыс үйлесімі - ырғақ және ұйқас болады.

Фразеологизмдердің бірқатары өлең сияқты үйлесімін сақтап, ырғаққа, ұйқасқа құрылған. Мысалы: сабыр түбі - сары алтын, сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа, қысыла-қысыла қыз болдым, айтпа, айтқаныңнан қайтпа, аманат, аманатқа қылма қиянат т. б.

Фразеологизмдердің өлең тәрізді осындай ырғаққа, ұйқасқа құрылуының өзі кездейсоқ емес. Тұрақты сөз тіркестерінің ұмытылмай ұзақ жылдар “өмір сүру” сырының өзі осы ырғақ пен ұйқасқа құрылуында болу керек. Өйткені ырғақ, ұйқасқа құрылған мақал-мәтелдер мен шешендік нақыл сөздер белгілі бір қалыпта айтылып көңілге қонымды, жаттауға оңай келеді. Бұл жалпы фразеологияның табиғатына тән қасиет.

Жоғарыда келтірілген фразеологиялық бейнелік мәнер-легіш тәсілдердің барлығы да дайын тілдік единица ретінде жұмсалады.

§ 31. Фразеологиялық синонимдер

Тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелердің бір-бірімен мағына ұқсастығын әдетте фразеологиялық синоним дейді. Мысалы, *жұмған аузын ашпау “үндемеу”* деген сөзге эквивалент болса, екінші жағынан, *тіс жармау, ләм демеу* деген сөз тіркестеріне синонимдес эквивалент болады.

Фразеологиялық синонимдер екі, үш, төрт, одан да көп болып келе беретіні байқалады. Мысалы:

Телегей-теңіз, көл-көсір (көп). Ит жанды, жылқы мінезді (төзімді). Мандайы ашылған, қыдыр дарыған, бақ қонған (бақытты). Сағы сыну, тауы шағылу, жүрегі шайылу (беті қайту). Тайға таңба басқандай, атқан таңдай, соқырға таяқ ұстатқандай (айқын). Сақалын сипап қалу, тұзға отырып қалу, тақырға отырып қалу, аузы күйю (алдану). Көзді ашып жұмғанша, кірпік қаққанша, иек көтергенше, қас пен көздің арасында, көз ілеспеу, ауыз жиғанша, тіл қатқанша, ә дегенше, әне-міне дегенше, әп-сәтте (жылдам, лезде).

Кейбір фразеологиялық синонимдер бірінен соң бірі сатылап дамып, сөз тіркестерінің мағынасы кеңейе түскен. Бұған уақыт пен қашықтықты білдіретін фразеологизмдерді мысалға келтіруге болады: *шай қайнатым, сүт пісірім, ет асым, бие сауым; таяқ тастам, арқан бойы, қозы көш жер, көш жер, ат шаптырым* т. б.

Фразеологизмдердің бір ерекше сипаты - мақал-мәтелдердің өз ара синонимдес келуі. Мысалы:

1. Алдыңғы арба қалай жүрсе,
Соңғы арба солай жүреді.
2. Сиыр су ішсе,
Бұзау мұз жалайды.
1. Тау мен тасты су бұзар,
Адамзатты сөз бұзар.
2. Қотыр колдан жұғады,
Пәле тілден жұғады.

1. Өзінің түйедейін көрмей,
Біреудің түймедейін көрген.
2. Жығылып жатып,
Сүрінгенге күлген.
1. Ақ жүрген адам-азбас...
Аққа құдай жақ.
2. Тек жүрсен,
Тоқ жүрерсің т. б.

Сөйтіп, фразеологиялық синоним дегеніміз - әр түрлі образға құрылған, бірақ мағынасы бір-біріне жақын, тұрақты сөз тіркестері.

Фразеологиялық синонимдерге плеоназмдар мен перифразалар¹ да жатады.

Плеоназмдарға мысалдар: *жарым-жарты, самал жел, ұлан-байтақ, қоңыр салқын, жарық сәуле, сәске түс, ақыр аяғы* т. б.

Перифразаларға жататындар: *қыз бала - тақия тігер, қырық жеті* (архаизм); *ер бала - ат ұстар, еркек кіндік; ақшам аз - қалтам таяз; арақ - ақаң, ақмағамбет, көк мойын, ащы су, зәм-зәм суы* т. б.

Перифразаның ерекше бір түрі — эвфемизм. Перифразаның бұл түріне бірнеше мысал келтірейік. *Өтірікші - аузының желі бар; түсінеді - тобесі тесік; ұры - қолының жымқырмасы бар; ұрлық қылмайды - біреудің ала жібін аттамайды; ұрлану - қолды болу; олды - келмеске аттану, пейішке аттану, жан тәсілім қылу, о дүниеге аттану, мәңгі ұйқыға кету, жаны жаһаннамға кетті, осек-сыбыс - сымсыз телефон, ұзын құлақ.* Эвфемизмдер осылайша әр түрлі себептермен астарланып айтылады. Яғни жағымсыз қылықтарды сыпайылап, жұмсартып айтуды көздейді. Егер діни ұғымға байланысты эвфемизмдерді айтпасақ, жалпы тілдік эвфемизмдердің негізінен анайы, тұрпайы сөйлеуден сақтандырып, сыпайы болуға баулитыны байқалады. Бұдан халықтың тілді жоғары эстетикалық талғаммен пайдалануын көреміз.

¹ Перифраза (грекше peri — айнала, — phrasis — айтамын) — белгілі бір ұғымды әдеттегіден басқаша сөз орамы немесе сөз тіркесі арқылы түсіндіру.

Фразеологиялық синонимдер бір-бірінен семантикалық реніне, стильдік бояуына және қолдану аясына қарай ерекшеленеді. Мысалы, *тайға таңба басқандай, атқан таңдай, соқырға таяк ұстатқандай* синонимдері ашық, айқын деген ұғымды білдіретін мағынасы жақын сөздердің тіркестері болғанымен, олардың экспрессивті қасиеті мен қолдану аясы бірдей емес. Мұндай өзгешелікті *алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүреді* мен *сныр су ішсе, бұзау мұз жалайды* сияқты мақал-мәтелдерден де байқаймыз. Ал кейбір фразеологиялық синонимдер бірыңғай болып келеді: *беті қайту, сағы сыну, тауы шағылу, жүрегі шайылу* т. б.

§ 32. Фразеологиялық единицалардың эмоциональды-экспрессивтік бояуы

Жеке сөздерге тән эмоциональды-экспрессивті бояу тұрақты сөз тіркестерінде де болады. Яғни бұрыннан қалыптасып тұрақталған айрықша экспрессивті бояулы сөз тіркестері болады. Экспрессивті тұрақты сөз тіркесін сол дайын күйінде пайдаланып, сойлеуші зат не құбылыс туралы өзінің көзқарасын және оны қалай бағалайтынын білдіреді. Экспрессивті тұрақты сөз тіркесі сөзімге айрықша әсер етеді. Мысалы: *үріп ауызға салғандай, жүрек жұтқан* деп жағымды образ туралы айтылса, *қоян жүрек, тас бауыр, жұмыртқадан жүн қырыққан* дегендер жағымсыз образ жайында айтылады. Бұл мысалдардағы экспрессивті тұрақты сөз тіркестері адамның бойында болатын жағымды және жағымсыз қылықтарды әсерлі бейнелейді.

Экспрессивті тұрақты сөз тіркестері әр түрлі көңіл күйіне байланысты жұмсалады. Мысалы: *Көзімнің қарашығы! Іске сәт! Неткен, сұмдық! Қара басқыр!* тәрізді экспрессивті сөз тіркестер тілімізде әр түрлі жағдайда қолданылады.

Эмоциональды-экспрессивті сөздердің тіркесін мына томендегідей бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады. Бірінші топқа *үріп ауызға салғандай, іші-бауыры елжіреген, емешесі құрыған, жүрек жұтқан, қоян жүрек, тас бауыр, қу табан, сор маңдай, жұмыртқадан жүн қырыққан, қу бастан қуырдақтың ет алған, ит екеш иттен де бір сүйек қарыздар* сияқты жағымды және жағымсыз образды сипат-

тайтын эмоциональды-экспрессивті тұрақты тіркестерін жатқызуға болады.

Екінші топқа адамның әр түрлі көңіл күйін білдіретін тұрақты тіркестер жатады. Бұл топқа жақсы көру, еркелетумен байланысты қолданылатын тіркестер: *көзімнің қарашығы, жан қалқам* т. б. жатқызуға болады.

Тілек мәні бар тіркестері: *іске сәт, құтты болсын, оң сапар, қайырлы сапар, айың тусын оныңнан, жұлдызың тусын солыңнан, бақытты бол, мұратқа жет, үбірлі-шүбірлі бол* т. б. Және қарғыс мәнді тіркестер: *тумасаң туа шөк, қырық жілік болғыр, сеспей қат, ката қал, желкең қиылысын, тілің қырқылсын, жолың болмағыр, көк соққан, жер жастанғыр, көзіңе көк шыбын үймелесін, қара бет (жүзі кара), мойның үзілсін* т. б.

Көптеген сөз тіркестері интонация, ырғақпен айтылады. Бұған саяси-әлеуметтік ұрандар, сөйлеу тілінде жұмсалатын сұраулы және лепті сөйлемдерді жатқызуға болады.

Мысалы: *Тәуелсіздігіміз баянды болсын! Халықтар достығы жасасын! Бейбітшілік үшін!! Тәуелсіздік жасасын! Мереке құтты болсын! Кім білсін? Не істейін! Қара өзін! Өкінішті-ақ! Әй, білмеймін! Неткен сұмдық!* т. б.

Кейбір сөз тіркестері (әсіресе еліктеуішті қос сөздер) бейнелеу, көріктік сипат беру қызметін атқарады. Мәселен, *маң-маң басқан* тіркесі әдемі, маңғаз жүрісті күз алдына елестетсе, *бүрсең-бүрсең* қос сөзі суықтан қалтырап немесе кәріліктен еңкейіп, бүрсеңдеп бара жатқан адамның кейпін көрсетеді. *Қопан-қопан, сылан-сылан, маймаң-маймаң* сияқты еліктеуіш сөздердің де бейнелік сипаты күшті.

Көптеген фразеологизмдердің (әсіресе мақал-мәтелдердің) эмоциональды-экспрессивтік бояуы контексте анық сөзіледі.

§ 33. Фразеологизмдердің экспрессивті стильдік қасиетіне қарай топтастырылуы

Жоғарыда айтылғандай тұрақты сөз тіркестері құрамы жағынан бірыңғай, біркелкі болып келмейді. Фразеологиз-

мдер де жеке сөздер тәрізді адамдардың бір-бірімен жасайтын қатынасының түріне қарай жұмсалып, олардың қолдану аясы не кеңейіп, не тарылып отырады. Мұның себебі тұрақты сөз тіркестерінің белгілі бір қатынас түрінде, (стильдік ыңғайда) көбірек қолданылып, сол стильге тән болуынан. Өйткені тілдің өзі бірнеше стильдердің жиынтығы болып келеді де, ол стильдердің әрқайсысының өзіне тән тілдік тәсілдері болады. Фразеологизмдердің осылайша белгілі бір стильге телінуі оның экспрессивті қасиетін түрлендіріп отырады. Сонымен бірге фразеологизмдердің қолданылу ерекшелігін де байқатады. Оған фразеологиялық синонимдер жақсы мысал бола алады. Жоғарыда келтірілген *тайға таңба басқандай, атқан таңдай, соқырға таяқ ұстатқандай* сөз орамдарын алатын болсақ, олардың қолданылу аясы бірдей емес. Бұлардың алдыңғы екеуі (*тайға таңба басқандай, атқан таңдай*) көркем сөз бен публицистикаға бейім болса, соқырға таяқ ұстатқандай тек қарапайым сөйлеуде ғана қолданылады. *Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүреді* мен *сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды* сөз тіркестері де осындай екі түрлі (бірі бейтарап, екіншісі - сөйлеу тілінде) жұмсалады. Жалпы сөйлеу тілі фразеологиясының көпшілігі жағымды және жағымсыз эмоцияны білдіруге негізделген. Сондықтан, олардың бейнелегіштік қасиеті айрықша сезіледі: *үріп ауызға салғандай, жүрек жұтқан, жұмыртқадан жүн қырыққан, қу бастан қуырдақтық ет алған* т. б.

Тұрақты сөз тіркестерінің ішінде сөйлеу тілі ыңғайында көбірек пайдаланылатындары - идиомдар. Ал, мақал-мәтелдердің қолданылу аясы идиомдарға қарағанда кеңірек, өйткені мақал-мәтелдер бейтарап қолдануға бейім келеді. Сонымен қатар фразеологизмдердің ішінде кітаби-жазба стильдерде жұмсалып танылғандары аз емес. Оларға жазба тіл негізінде қалыптасқан, кітаби сипаттағы сөз тіркестерін жатқызуға болады: *Бостандық аралы - Куба, Үлкен химия, қосымша күн, дала падишасы, үндестік заңы, сұрақ белгісі* т. б.

Міне, тіліміздегі әр алуан фразеологизмдерді бір текті, бірыңғай қолдануға болмайды. Сондықтан фразеологизмдерді экспрессивті-стильдік бояуына қарай боліп топтастыру ыңғайлы.

Қазіргі қазақ тілі фразеологиясы осындай белгісіне қарай мынадай үш топқа бөлінеді: 1. Бейтарап қолданылатын фразеологизмдер. 2. Сөйлеу тілі фразеологиясы. 3. Кітаби сипаттағы фразеология.

§ 34. Бейтарап қолданылатын фразеологизмдер

Бейтарап сөзі жалпылама деген мағынаны білдіреді. Бейтарап фразеологизмдер дегеніміз - сөйлеу стилінде болсын, кітаби - жазба стильдерінде болсын жалпылама қолданылатын тұрақты сөз тіркестері. Өйткені, бұл топтағы сөз тіркестерінің, стильдік сипаты болмайды (*сөзінде тұру, сенімді ақтау, қарсы алу, дауыс беру, шын жүректен* т. б.).

Сондай-ақ бейтарап қолданылатын фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті бояуы да болмайды, зат пен құбылысты тек атап қана қояды. Мысалы, *ит арба, ит аяқ, ит көйлек* сияқты сөз тіркестерін алатын болсақ, бұлар тек заттың аты болғандықтан, олардың экспрессивті бояуы да, бейнелегіштік қасиеті де жоқ.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, бейтарап фразеологизмдер тобына тұрақты ұғым болып қалыптасқан жер-су аттары және кейбір терминдік сипаттағы сөз тіркестері де енеді. (*Қара теңіз, Ақ теңіз, көз әйнек, ауыр өндіріс, ақ өлең* т. б.)

Стильаралық сипаттағы тұрақты сөз тіркестерінің жалпы саны, бейтарап лексикамен салыстырғанда өте аз. Олай болатын себебі, қазақ тіліндегі фразеологизмдердің көпшілігі образды қызмет атқарып не жағымды, не жағымсыз ыңғайда жұмсалады. Газеттерде, кейде бейтарап фразеологизмдердің бұл қасиеті сақтала да бермейді. Мысалы, қол ұшын беру сөз тіркесінің қолданылуы төмендегідей:

Сондағы азаматтар ауыл халқына біраз жәйітті түсіндірсек, көмектесіп қол ұшын берсек, фермерлер жерінен айырылып қалмаса екен дейді (газеттен).

Жолдастары қол ұшын беріп көптен көздеген мақсатына жетті (газеттен).

Өзінің туып өскен жеріне әрқашан қол ұшын беруге дайын (газеттен).

§ 35. Сөйлеу тілінің фразеологиясы

Фразеологизмдер ең алғаш сөйлеу тілінде не жазба тілде қолданылып жалпыға танылады. Қазақ тілінің фразеологизмдерінің дені жазба тіл дамымай тұрып, сөйлеу тілінің негізінде қалыптасқан.

Бұл топқа қазақ тіліндегі идиом, мақал-мәтелдер және нақыл сөздер жатады. Сөйлеу тілінде жұмсалатын тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қарапайым, тұрпайы сөздер және кәсіби фразеологизмдерді жатқызуға болады.

Кәсіби сипаттағы фразеологияға шопанның *әке таяғын ұстауы*, студенттердің *кұлап қалу*, оқытушылардың *ашық сабақ* сияқты тіркестерді атауға болады. Ескі қоғамға тән фразеологияға жаугершілік, барымта, саудагерлік, пайдакүнемдікпен байланысты туған тіркестер жатады: *барымтаға қарымта, сауда сақал сипағанша, саудада достық жоқ, құрғақ қасық ауыз жыртады, алтын көріп періште жолдан тайыпты, есепсіз дүние жоқ* т. б. Қарапайым, тұрпайы фразеологизмдердің қолданылу аясы тар: *соқырға таяқ ұстатқандай, ит жоқта шошқа үреді* т. б.

Сөйлеу тілінің фразеологизмдері тек бір стильде ғана қолданылғандықтан, оның экспрессивті бояуы басым келеді. (Қоздыру - жел беру, шаршау - ит сілесі қату, ақымақ - көк ми.) Сонымен бірге бұл оның стильаралық фразеологизмдерге қарағанда қолданылу аясының тарлығын көрсетеді. Бірақ сөйлеу тілі фразеологизмдерінің экспрессивті стильдік бояуы құбылмалы болып келеді. Мысалы:

1. *Әуелгі байлық - денсаулық*
Екінші байлық - он саулық
Үшінші байлық - ақ жаулық.

2. *Бір шүйке басқа жету үшін мен не істемеді дейсің!*
*Киноға артық билет алып, жалғыз-жарым жүрген қыздарды қасыма отырғызып та көрдім, бұзықтарға тап болған бикештерді арашалап та көрдім. Мұндағы ақ жаулық пен шүйке бас “әйел” деген мағынаны береді, ал экспрессивті бояуы жағынан бұлар бірдей емес. Әсіресе соңғысы (шүйке бас) әр түрлі оттенкті білдіреді. Осы жерде шүйке бас - “Әркім сүйгенін шұнағым” тәрізді еркелету мағынасында қолданылған. Сөйлеу тілінің фразеологиясы осындай образдылығымен бірге қарапайым да болып келеді. *Жел беру,**

көзге түрткі болу, ит қорлық, басты қатыру, құлағының етін жеу, құлағын сасыту, сымсыз телефон, қызыл ауыз, жез өкше, жел өкпе, көк езу, көк айыл т. б.

Сөйлеу тілі фразеологиясының жске сөздері, яғни эквиваленті (*қыздыру — жел беру, тоғаю - жыланы қайту*) өз ара мағыналас келеді де, бір-біріне синоним болады (*мазалау - құлағының етін жеу, мнын ашыту; жылдам кетіп қалу, тайып отыру, тайып тұрды, табанын жалтыратты, жонын бір-ақ корсетті, шаңына ілестірмеді*).

Сөйлеу тілінің фразеологиясы басқа стильдерге қарағанда варианттар мен синонимдерге өте бай келетіні байқалады. Сөйлеу тіліндегі фразеологиялық синонимдер образдылығы және экспрессивті бояуы жағынан сан қырлы, құбылмалы келеді. Бұл құбылыс сойлеу тіліне айрықша бір эмоционалды рең береді.

§ 36. Кітаби сипаттағы фразеологизмдер

Қай стиль болмасын оның өзінің ерекшелігі болады. Ол ерекшелік стильдерді бір-бірімен салыстыруда байқалады. Сөйлеу тілінің фразеологиясы күнделікті тұрмыста ауызекі сөйлеуде қолданылып, оның экспрессивті стильдік бояуы еркелету, әзіл-сықақ, тұрпайы, қарапайымдылық мәнде болса, кітаби тіл фразеологизмдері көбіне жазба тілге тән. Көркем шығармада поэтикалық сипат, публицистикалық шығармада салтанаттылық басым болса, ғылыми шығармалар логикалық дәлдікті тілсйді т. б.

Ал жазба тіл фразеологиясы поэтикалық, публицистикалық және терминдік сипатта болып келеді. Бұл топтағы фразеологизмдерге жазба тілінің негізінде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері түгел енеді.

Жазба тілдің негізінде қалыптасқан фразеологизмдер құрамы жағынан әр алуан. Бұл топта қанатты сөзге айналып кеткен саяси қайраткерлер мен жазушылардың әр кезде айтқан сөздері мен күрделі терминдер, саяси ұрандар бар. Қанатты сөздерге жататын тіркестер: *“Аз да болса, жақсы болсын, қуып жету және басып озу. “Өлі жандар”* (Гоголь). *“Дворян ұясы”* (И. С. Тургенев). *“Құндақтағы адам”* (А. П. Чехов). *“Адам деген – ардақты ат, Егер жау берілмесе,*

оны кұртар болар” (М. Горький). “Өмір де жақсы, өмір сүру де жақсы” (В. Маяковский). “Адамдар, мен сіздерді сүйген едім. Қырағы болындар!” (Юлиус Фучик) т. б.

Бұл сөз орамдары орыс тілінен публицистикалық және көркем шығармалар арқылы еніп, қазақ тілі фразеологиясын байыта түсті. Сондай-ақ қазақ ақын-жазушыларының қаламына тән қанатты сөздер аз емес. Мысалы, “*әкесінің баласы адамның дұшпаны, адамның баласы бауырың. Адам баласына адам баласының бәрі дос. Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді*” (Абай). “*Өнер-білім бәрі де оқуменен табылған*” (Ыбырай), “*Ереуіл атқа ер салмай*” (Махамбет). “*Аянбаған жауды алар*” (Жамбыл). “*Ар жазасы — бар жазадан ауыр жаза. Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет*” (Мұхтар). “*Жасық болудан жігер артық. Адамға өткен дәуір бәрі сабак,*” (Сәбит).

Жазба тілінің негізінде қалыптасқан фразеологизмдердің бір түрі — терминдер. Терминдердің фразеологизмдерге ұқсас болатын жерлері бар. Алдымен күрделі терминдер сөз тіркесі күйінде жұмсалып, зат және құбылыстың атын білдіреді. (*Темір жол, үндестік заңы, квадрат тенеу, өзіндік күн, сюжеттік линия, тап жауы, абсолютті ақиқат* т. б.) Заттың, құбылыстың аты — тұрақты категория. Солай болғандықтан күрделі терминдер де тұрақты сөз тіркестері ретінде - қолданылады. Кейбір күрделі терминдер бейнелі сөз тіркестерінің үлгісінде келеді (*су қараңғы, соқыр ішек, асқазан, көз әйнек, сегіз қоз, ақ олимпиада, Жетіқарақшы, көгілдір тың, көгілдір отын* т. б.)

Күрделі терминдердің бұл белгілері оны тұрақты сөз тіркестері ретінде қарауға болатындығын көрсетеді.

Күрделі терминдер заттың және құбылыстың аты болғандықтан өмірдің әр түрлі салаларын қамтиды (ғылым, техника, спорт, шаруашылық т. б.).

Ғылыми терминдердің өзі дәл ғылымдық, техникалық терминдер (*айнымалы айналыс, шексіз болшек, квадрат, тендеу, соқыр ішек, фрезерлі станок* т. б.) және гуманитарлық ғылымдар мен саяси-әлеуметтік терминдер (*сюжеттік линия, жағымды бейне, ақ өлең, музыкалық әуен, сахна шеберлігі, қыл қалам, өзіндік күн, жеке адамға табыну*, т. б.) болып бөлінеді.

Әкімшілік және шаруашылық терминдерге *өндірістік*

күш, өндіргіш күш, Халық қаһарманы, мемлекеттік сыйлық, жастар ұжымы, ауыр өндіріс, үлкен химия, жауапкершілігі шектеулі серіктестігі т. б. тіркестер еңсе, спорт терминдерінің қатарына футбол алаңы, жасыл алаң, еркін стиль, жеңіл атлетика, ауыр салмақты, ақ олимпиада т. б. осылар сияқты тіркестер жатады.

Саяси ұрандар: Бейбітшілік жасасын! Халықтар достығы жасасын! Тәуелсіздіктің туы желбірей берсін! т. б. шығармалардың негізінде қалыптасқан фразеологизмдердің құрамында қарастырған жөн.

§ 37. Көнерген тұрақты сөз тіркестері

Тілімізде тек қана көнерген сөздер ғана емес, сонымен қатар көнерген сөз тіркестері де бар. Фразеологизмдердің құрамында архаизмдер де, историзмдер де кездеседі. Сондықтан оларды фразеологиялық архаизмдер мен фразеологиялық историзмдер деп екі түрлі атау орынды сияқты.

Фразеологиялық архаизмдерге тілдің даму процесінде жалпылама қолданудан шығып қалған кейбір тұрақты сөз тіркестері жатады. Бұл топтағы фразеологизмдер көбінесе діни ұғыммен және салт, әдет-ғұрыппен байланысты сөз тіркестерін қамтиды.

Діни ұғыммен байланысты келетін сөз тіркестеріне *бесін намаз, сегіз жұмақ, жеті тамық, қыл көпір, ақыр заман, топан су, құрбан айт, құрбан шалу, құрмалдық айту, көк қошқарың болайын, жерге түскен жеті әліп, ғайып ерен қырық шілтен, әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып т. б.* жатады. Салт, әдет-ғұрыппен байланысты сөз тіркестеріне жататындар: *қырық жеті, отыз жеті, ұрын бару, ірге көру, отқа май күйю, шашу шашу, қол ұстатар, бет ашар, шаш сипатар, бауыздау құда, өлі-тірісін беру, қос қатын алу, тоқал алу, төсек жаңғырту, сүйек жаңғырту немесе атшапан айып, үйірімен үш тоғыз, заманың қалай болса, бөркінді солай ки, аузы қисық болса да бай баласы сөйлесін, күм жнылып тас болмас, күл жнылып бас болмас, әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа, байтал шауып бәйге алмас, шынжыр балақ шұбар төс, алтын басты әйелден бақа басты ер артық т. б.*

Фразеологиялық историзмдерге тарихи бір кезеңде зат не құбылыс туралы ұғымды білдіріп, қазір онша көп қолданылмайтын тұрақты сөз тіркестерін жатқызуға болады.

Историзмдерге жататын тұрақты сөз тіркестері: *бай баласы, жарлы баласы, ата баласы, қара шаруа, қара шекпен, басы байлылық, кедей теңдігі, әйел теңдігі, өз ара салық, тап жауы, халық жауы, кедейлер комитеті, жер аудару, төре аға, жүз басы, қос өкімет, қызыл отау* т. б.

Фразеологизмдер ертеден халықпен бірге жасасып келе жатқан бейнелі сойлеу үлгілері болғандықтан, онда көнерген грамматикалық формалар да кездеседі. Мысалы: “*ат жақсысы қартады, негізіне тартады*” немесе “*жақсы сылаумен жариды, жаман сылаумен кәриді*” дегендегі “*кәриді*”, “*қартады*” формалары - көне формалар. Бұлар осы күнгі қазақ тілінің грамматикалық формасы бойынша “*қартаяды*”, “*кәртейді*” түрінде айтылуы керек еді¹.

Тұрақты сөз тіркестерінің ішінде өзінің көнелігі жағынан идиомдар ерекше орын алады. Бұл ретте академик І. Кеңесбаев былай дейді: “Идиомдар әрбір тілдің өзіне тән категориясы болумен қатар, бұл категория - басқа сөз тізбектеріне қарағанда анағұрлым көнеленген категория. Басқаша айтқанда, бірнеше сөздің тобы идиом болу үшін көп замандар болу керек, өйткені идиомның шеңберіне енген сөздер дерексізденіп (абстрактанып) өзінің тікелей мағынасынан айрылу үшін белгілі бір мерзімдік шарт керек. Әр тілдің өзіне лайық идиомды сөздері болу үшін, сол тілге бұл шарттан басқа халықтың салт-сана, әдет-ғұрып, тұрмыс-күй, мәдени дәрежесі, ортақтылығы керек екендігі белгілі нәрсе”².

Көнерген фразеологизмдер көркем әдебиетте бейнелілік, мәнерлегіштік қызмет атқарады. Көнерген тұрақты сөз тіркестері сөз болып отырған кезеңге дәуірлік сипат беру мақсатымен әсіресе тарихи шығармаларда көбірек қолданылады. Мысалы: “*Ел салтына, әдет-ғұрыптың бәріне әрі ойша мойындап, әрі соны бір үлкен романтикалы күндей ыстық көріп, Сыздық бұл жолы ұрын баратын болған.*”

¹ І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы, 1962, 219-бет.

² І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы, 1962, 219-бет.

Немесе: *Өзі пәлендей батыр, өнерлі, әрлі жігіт болмаса да, ата баласы ғой деп атасының аруағын сыйлап, ел осыны болыс қойған: аузы қисық болса да байдың ұлы сөйлесісіннің кері болған*” (М. Әуезов).

Еңбекші қара халықтың үстем тап өкілдерінің зұлымдығын өлтіре әшкерелейтін мақал-мәтелдер де көп: *хан қарақшы, халық сарапшы, сопы сұмнан шығады, шала молда шарық айтар, төреге ерген ер-тоқымын арқалар* т. б.

Осы келтірілген сөздердің тұрақты тіркестерінің әлеуметтік бояуы айрықша байқалады. Сондықтан бұл топтағы тұрақты сөз тіркестерін “әлеуметтік мәнді фразеологизмдер” десе де болады.

Көнерген тұрақты сөз тіркестері және әлеуметтік мәнді фразеологизмдерді М. Әуезовтің “Абай жолы”, С. Мұқановтың “Сұлушаш”, “Ботакөз”, Ғ. Мүсіреповтің “Оянған өлке” және басқа шығармаларынан көп кездестіреміз.

§ 38. Фразеологизмдерді қолданудың стилистикалық тәсілдері

Фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады.

Тұрақты сөз тіркестері (қанатты сөз, мақал-мәтелдер, идиомдар) аз сөзбен көп мағынаны білдіреді; тілдің стильдік сапасын арттырады.

Мақал-мәтел — астарлап, кестелеп айтатын ойдың бейнелі көрінісі.

Мақал көбінесе тиянақталған қорытынды ой ретінде, сөйлем түрінде келеді (мысалы: *Көп сөз - көмір, аз сөз алтын. Жақсыдан үйрен, жаманнан жірен. Андамай сөйлеген ауырмай өледі* т. б.).

Мәтел формасы жағынан бейнелеп сөйлеудің элементі сияқты. Онда ой аяқталмай келте қайырылады. (*ұзын арқау, кең тұсау. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен* т. б.).

Сөз өнерінің асылы мақал-мәтелдер ақын-жазушылардың стилінің қалыптасуына ықпал жасайды. Бұл жайында М. Горький “Менің жазуды қалай үйренгенім жөнінде” деген мақаласында былай деп жазады: “Асылында, мақал-

мәтелдер еңбекші халықтың тұрмысындағы басынан кешіргенін, көргенін, саяси-әлеуметтік тәжірибесін қалыпқа шебер кұяды, сол себепті жазушының бұл материалмен танысуы өте қажет, өйткені бұл материал бес саусақты жұмып, жұдырығынды түйгендей сөзді сығымдауға үйретеді, өзгердің солай сығымдап айтқан сөздеріндегі астарын аша біліп, дәуіріміздің міндеттеріне зиянды, әлі пікірлерді әшкерелеуге үйретеді. Өз басым мақалдан көп нәрсе үйрендім, басқаша айтқанда, ойларымды нақыл сөзбен жұп-жұмыр етіп бере білуді үйрендім”¹.

Фразеологизмдер — сөйлеу тілінде де, жазба тілде де көп қолданылады. Ал оның бейнелегіштік-мәнерлегіштік сипаты әсіресе көркем және публицистикалық шығармаларда айқын көрінеді.

Көркем шығармада: *“Осындай аумалы сағаттарда қаланың халі қыл үстінде тұрғандай еді”* (С. Сейфуллин).

Немесе:

*Сай-сүйегі сырқырап,
Төбе шашы тік тұрды
Естігенде Ленада
Жұмыскерді қырғанын.*

(С. Мұқанов).

Публистикада: *Ондай жасырын сұрақтарды көбінесе жатыпатар, бір тырнағын ішіне бүккен адамдар қоятын.* (газеттен). *Кім біледі, осындай аумалы-төкпелі заманда Кирревком сыра зауытының әкімшілік ғимаратында қоныс тебуі де мүмкін-ау* (газеттен).

Ғылыми шығармалар, мен ресми құжаттарда фразеологизмдер мұндай мәнерлік қызмет атқармайды. Өйткені, (жоғарыда айтылған) олар көбінесе, терминдік сипатта болып келеді де белгілі бір заттың не ұғымның аты ретінде ғана жұмсалады.

Бірақ бұл стильдерде фразеологизмдердің қолданылу тәсілі бірдей емес. Стильдің бір түрінде тұрақты сөз тіркестері жалпы халықтық формада пайдаланылса, ал екінші бір түрінде олар кейбір өзгеріспен жаңа экспрессивті стильдік сипатта қолданылады. Мәселен, сөйлеу тілінде көбінесе жалпы халықтық форма өзгертілмей сақталады.

¹ “Қазақ тілі мен әдебиеті” журнал, 1959, № 5, 76—77-беттері).

Көркем шығарма мен публицистикадан фразеологизмдерді қолданудың екі тәсілін де кездестіруге болады.

Сонымен қорыта айтқанда, фразеологизмдерді қолданудың екі тәсілі бар.

1. Фразеологизмдердің жалпы халықтық формада қолданылуы.

2. Фразеологизмдердің өзгертіліп, авторлық өңдеумен қолданылуы.

§ 39. Фразеологизмдердің жалпы халықтық формада қолданылуы

Фразеологизмдерді жалпы халықтық формада қолдану - жалпыға танылған белгілі тәсіл. Мұнда айтылып не жазылып жеткізілетін ойға көркемдік сипат беру мақсаты көзделеді.

Автор тілінде: *“Қарағоз 32-ақ жаста. Қаралы жаулық салынып, қызулы базар есігін жапқанына алты жыл болды... Одан бұрын Қарағоз тіршілік базарында еркін жүзіп жүрген еркемін дейтін”* (М. Әуезов). Немесе, *“Бұл өзі (жорға Нұрым) жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атастырып, елді қан жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атаған бір жауыз еді”* (Торайғыров).

Кейіпкер тілінде: *Тап осы бір ойланып үлгірмес, көз ілеспес, қас қаққандай бір сәтте сөздім - жарық дүниеде қоштасарым да көп екен. Қоштасуға ешқайсыңды қия алмадым. Ешқайсыңды деймін-ау! Қарағандының үздіксіз ағылып жататын көмір таситын поездарының түтінін де қия алмадым қоштасуға* (Ғ. Мүсірепов).

Бұл келтірілген мысалдарда қаралы жаулық, тіршілік базары, жеті ата, уызы арылмаған, бағы таймаған, шынжыр балақ, шұбар төс сияқты фразеологизмдер қолданылған. Оларда жалпы халықтық форма сақталып, автор тілі мен кейіпкер тілінде бейнелегіш мәнерлі құрал ретінде пайдаланылған. Осындай мәнерлілік қасиет әсіресе фразеологиялық синонимдерді қолданудан баса сезіледі. Мысалы:

Дереу пышағымды қайық қылып, құрығымды ескек қылып түсе қалғанымда, кірпік қаққанша зыр етіп, теңізден өте шықтым! Жирен құлынға міне салып қайтадан теңізге түсе қалғанымда шым батып барамын. Дереу инемді қайық етіп, құлынды өңгеріп түсе қалғанымда - көзді ашып-жұмғанша, теңіздің бетімен де емес, түбімен де емес, ортасымен де емес зыр етіп өте шықтым (“Қырық өтірік”).

Бсрдібай бақсы арқасы қозып, мүлде көтеріліп-көтеріліп қояды (Б. Майлин). Жақып Бегайдар аруағын шақырғанда, басқалар түгіл, ауылнай Байболдың да делебесі қозып тұрды (Ғ. Мұстафин). “Қайда болды?” дей бастап, ол менің иттерімді басыма кептеп, боғауызын араластыра, біраз ұрысты (С. Мұқанов). Ашуы келгенде жерден алып, жерге салатын еді (Б. Майлин). Қатынымның екі көзі бұлаудай, түні бойы ұйықтай алған жоқпын, зәрем зәр түбінде (Ғ. Мұстафин). Бекеннің жүрегі су ете қалғандай болып абыржып қозғала түсті (Б. Майлин). Жаңа жылап отырғаныңды көріп жүрегім тас төбеме шықты (М. Әуезов). Жаны мұрнының ұшына келіп, екеуі қыбыр етпестен жатқанда, Қазаққап өте беріп, тұра қалды (Ғ. Мұстафин).

Осындағы арқасы козу мен делебесі козу - варианттар. Қалғандары - фразеологиялық синонимдер (Жылдам, тез - кірпік қаққанша, көзді ашып-жұмғанша; ұрсу, балағаттау - жерден алып, жерге салу, ит терісін басына қаптау; сескену - зәрем зәр түбіне кетті, жүрегім су етті, жүрегім тас төбеме шықты, жаны мұрнының ұшына келді). Бұл фразеологиялық синонимдер арқылы мазмұны жағынан біртектес ой әр түрлі сөйлем-үлгісінде түрленіп берілген. Бірақ фразеологизмдердің негізгі мағынасы сақталып, жалпы халықтық формада қолданылған.

Ал мағынасы күнгірт, түсініксіз кейбір тұрақты сөз тіркестеріне авторлар түсінік бере кететін жайлар да байқалады. Мәселен, “өкіл күйеу” дегеннің мағынасын қазір кез келген адам біле бермейді. Сондықтан бұл сөз ұғынықты болу үшін М. Әуезов оны былай түсіндіреді: “**Өкіл күйеу тамырлық құрбылас кісінің арасында болады. Ал жасы үлкен кісімен жас жігіт тамырласам десе, кейде осылайша өкіл күйеу боп аталады**” (1 том, 152-бет).

С. Сейфуллин шахтерлердің тілінде қолданылатын “ак ауыз” деген кәсіби сипаттағы сөз тіркесін шығарманың кей-

іпкеріне былай баяндатады. *“Әлсіз жігіттер үшбырмен көк тастан тереңдігі екі сүйемдей оя алмаса, “ақ ауыз” болып шығады. Білмеген жұрт “ақ ауыз” дегенге түсінбеуі мүмкін! Өлшеуіне ілікпей саяз ойылған тесіктің аузына ақ бормен крест тартып кетеді. Соны “ақ ауыз” дейді. Ал “ақ ауыз” дегені - ол күнгі бейнетің ақысыз-пұлсыз далаға, текке кетті деген сөз... (С. Сейфуллин. Әңгімелері мен повестері).*

Фразеологизмдер құрамы жағынан бір текті емес. Идиом, мақал-мәтел және қанатты сөздердің бәрі де тұрақты сөз тіркестері болып саналатыны жоғарыда айтылды. Бірақ, олардың қолданулары әр түрлі, мысалы, идиомдарды алатын болсақ, олар жеке сөздердің орнына жұмсала береді. Өйткені, идиомдар жеке сөздермен синонимдес келеді. (*Тез - қаспен көздің арасында*). Ал мақалдар өз ара синоним болады (*Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар мен қотыр қолдан жұғады, пәле тілден жұғады* синонимдес) мақалдардың тағы бір ерекшелігі, идиом сияқты жеке сөздердің орнына жұмсалмайды. Мақалда тиянақты қорытынды ой болғандықтан көбінесе сөйлем түрінде келеді. *Андамай сөйлеген ауырмай өледі. Шебердің қолы ортақ, шешеннің сөзі ортақ* т. б. Сондықтан мақалдар тырнақшаға алынып, көркем цитат ретінде пайдаланылады. Мысалы: *Қали қасыма келіп отырған соң, Шығанақ мәтелдей жөнелді. “Қаз органына семіреді. Қара құс тойғанына семіреді”. Біз қара құс смеспіз. “Асқанды айтпа, сасқанды айт”, “Епті айтпа, ниетті айт” деген. Бәрі де болады. Енді орныңнан қозғалма* (Ғ. Мұстафин).

“Мақалдардағы ойды басқа оймен жанастыру үшін, мақал мен басқа сөздердің арасына көбіне “де” (“деп”, “деген”) етістігін қойып айтамыз... “де” етістігі арқылы екі негізгі ойды құрап, сөйлем мен сөйлемді жалғастыру - мақал тәрізді тізбектердің “қаймағын бұзбау”, стандартты қалпын өзгертпеу керек екендігін көрсетеді. Ал идиомдық сөздердің морфологиялық тиянақтылығынан гөрі синтаксистік тиянақтылығы басым. Идиомның ішіндегі сөздердің орны тиянақты болғанмен, оның ішіндегі кейбір жеке сөздердің тұлғасын өзгертіп бір жалғаудың орнына екінші жалғауды қоюға болады¹, - дейді академик І. Кеңесбаев.

¹ І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1962, 209-бет.

§ 40. Фразеологизмдердің өзгертіліп, авторлық өңдеумен қолданылуы

Фразеологизмдер тек жалпы халықтық формада ғана қолданылмайды. Сонымен қатар өзгертіліп, өңделіп те жұмсалады, бұл тәсіл - көбінесе ақын-жазушыларға тән.

Жалпы халықтық қордағы, тұрақты сөз тіркестерін көркемдік мақсатта өңдеп пайдаланудың мына төмендегідей жолдары бар:

1. Фразеологизмдердік мағынасы кеңейіп, экспрессивті бояуы айқындала түседі.

*Бар жазам - күштілермен жарысқаным.
Жыртқаным сорлы жұрттың намыстарын
(С. Сейфуллин).*

*Арын сатып алтынға
Капиталдың жыртқысын
Алданып енді жыртпасын
(С. Мұқанов).*

Немесе:

*Сол күресте сен дағы
Тобыңмен сойыл соғасың
Ойыңа алған жеріңе
Жалықпай ертең жетесі?
(С. Мұқанов).*

болып бұрыннан белгілі “жыртқысын жырту”, “сойылын соғу” сияқты қарапайым тұрақты сөз тіркестерінің мағыналары кеңінен әлеуметтік мәнде қолданылған.

2. Жалпы халықтық формадағы тұрақты сөз тіркесін өзгертіп қолдану арқылы жаңа мағына беріледі. Мысалы, “*берекелі болса ел, жағасы жайлау ол бір көл*” деген мақалдың желісі былай пайдаланылған.

Абайда:

*Кең жайлау - жалғыз бесік жас балаға
Алла асыраған пендесі аш бола ма?
Ер жеткен соң сыймайсың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға.*

М. Әуезовта:

Көлбай жатқан бел ме, бұл күтіп тұрған жағасы жайлау жақсы дүние ме? Әйтеуір алдында енді мақсат ететін өріс бардай.

Бұл мысалдарда әр автор өзінің суреттеп отырған құбылысына, беретін бағасына қарай “жағасы жайлау” сөз тіркесіне әр түрлі рең беріп, түрлендіре ажарландырады, мағыналылығын арттырады.

3. Тұрақты сөз тіркесінің құрылысы өзгертіліп қолданылады. Мысалы: Абай “*Бір асқанға бір тосқан*” деген мәтелге сүйеніп, өлеңді былай құрған;

*Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға.
Одан үміт кім қылар,
Жол табар деп сасқанда.
Сөйтіп асқан жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға...*

Немесе:

*Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс
(Абай)*

С. Мұқанов “*Есектің күші - адал, еті - арам*” деген халық мақалын былай пайдаланады.

1. *Күшің адал болса да,
Тұрмысында кем болды?*
2. *Өзің адам тұрмысында мал едің,
Күшің адал, сүтің арам жан еді?*
3. *Адал күшің арам бол
Байларға иттей талаттың.*

Мұнда фразеологизмдердің эмоционалды бояуын арттырып, суреттелетін затты, құбылысты әсерлі түрде бейнелейтіні айқын сезіледі.

4. Жалпы халықтық тұрақты сөз орамы шешендік сөз үлгісінде құрылып, оның бұрынғы мағынасы толықтырылып дамытылады. Бұл тәсіл көбінесе М. Әуезовтің стиліне тән. Оған мынадай мысалдар дәлел:

1. *“Арыстан айға шауып мерт болғанмен, артынан жортқан баласы арыстандық етпей қоймас. Ақ сұңқар ауға шырмалғанмен, ұясынан ұшқан балапан сұңқарлық етпей қоймас”.*

2. *Сұлу қыз бен келіншек - елдің сәні,
Сұлу кеткен елдің де болмас мәні.
Сұлу қыз тоғайлы өзен бұлбұлындай,
Бұлбұл кетсе, тоғайдың жоғалды әні.*

(“Гүл өссе - жердің көркі, қыз өссе - елдің көркі” деген мақалдың құрылысы пайдаланылған).

5. Тұрақты сөз тіркесінің бір компоненті өзгертіліп, жаңа мазмұнда қолданылады:

*Дүние кірін жуынып
Көрініп ойға сөз салар
(А б а й).*

Немесе,

*Айқай шықты бір күні
Таң атып, күн шықпастан.
Тез тұрындар, жолдастар,
Ашылды көңіл тот басқан
(С. Мұқанов).*

Абайдың өлеңінде, “дүние кірі” жаңа дүниені, жаңа өмірді аңсау мағынасын білдірсе, С. Мұқановта “көңіл тоты” әлеуметтік теңсіздіктің зардабын бейнелейді. Бұл екі түрлі сөз қолданыста “көңіл кірі” (қайғы, мұң деген мағынада, тар шеңберде жұмсалған) сөз тіркесінің моделімен жасалған.

“Көңіл кірі” сөз тіркесінің халықтық қолданылу үлгісі төмендегідей:

*Көңілде жатқан кіріңді
Оттай ыстық сөз жояр (мақал).
Бүгін олсем де арман жоқ
Шығарып көңіл кірімді
(Қазақ эпосы).
Аспанда ай болмаса адасады
Көңілді көтермесе, кір басады
(Халық өлеңі).*

Бұрын осындай тар шеңберде қолданылып келген “көңіл кірі” сөз тіркесін С. Мұқанов өзінше өзгертіп, оны терең саяси мағынада пайдаланады.

*Еңбекші әйел тобы көрген күндік
“Ленинді, деп шулайды, біз де білдік”,
Көрсеткен көзіне әкеп теңдік таңын
Ұстар ма өліп кетсе жолын кір ғып.*

6. Фразеологизмдер көбінесе ауыс мағынада жұмсалып, тілімізде бейнелегіш мәнерлілік қызмет атқаратыны белгілі. Бірақ стилистикалық тәсіл ретінде тұрақты сөз тіркестері тура мағынада да қолданылады.

С. Мұқанов “жай түскендей” деп теңеу ретінде жұмсалатын тұрақты сөз тіркесін:

*Күлін көкке ұшырды,
Төбеден жай түсірді,—*

деп қолданады. Осындағы “төбеден жай түсірді” тура мағынаны білдіреді. Сондай-ақ ақын ертеректе жазылған бір олеңінде (“Құрылыс жыры”) бұрынғы “күм жиылып тас болмас, күл жиылып бас болмас” деген мақалдың әлеуметтік теңсіздікті білдіретін жағымсыз мағынасын мүлде жоққа шығарады:

*Күм жиылып тас болып,
Күл жиылып бас болып
Социалистік өмір болып
Көшті...*

Мұнда да тұрақты сөз орамы тура мағынада жұмсалып, жағымды эмоцияны білдіріп тұр. Ал тарихи романдарда әлеуметтік бояулы мұндай мақалдар дәуірлік сипат беру үшін, сол өз мағыналарында қолданылады. Мәселен, М. Әуезовтің “Абай жолы” романында үстем тап өкілдерінің бірі - Оразбай былай дейді:

*“Шықылдаған арбасына мәстегін жеккен өңшең егінші,
масақшы, күрек-шоттан қорегін іздеген қу кедей! Аталы ел
болып, іргелі жұрт боп белдессе бірсәрі, қырық рудан құры-
лып, қырық жамау болған басымен “Көкен еліміз деп
көкиді” дейді. Осы “ұстасқанда кімісімен ұстасамын десең*

де, көзге түсер күйқалы жері жоқ. Өңшен “күм жиылып тас болмас, күл жиылып бас болмас” дейтін сайда саны, күмда ізі жоқтар...

Фразеологизмдерді тура мағынада қолданып, оның мәнерлілігін арттыру “Қырық өтірік” тіліндегі бір ерекшелік тәрізді.

Мысалы: “Екі аяғын бір етікке тығу” тіркесінің жаналқыманан алу, састыру деген мағынада жұмсалатыны белгілі. Ал “Қырық өтірікте” “...екі аяғымды бір етікке тығып алып, ізіне түсе қуа бердім”. Немесе:

*Дүниенің ауыры - үрген қуық,
Жалғыз өзім көтеріп аузын буып...
 (“Үрген қуықтаймен” салыстыр).
Бит терісінен биялай, қалта еткенін...
 (“Бит терісін биялай жасаған”*

деп қолданылады.)

Фразеологизмдерді мағыналық жағынан және сырт құрылысын өзгертіп қолдану - стильдік мақсаттан туған тәсіл. Бұл тәсіл белгілі бір шығармада, контексте танылатын әр жазушының халықтық тіл байлығын пайдаланудағы өзіндік ерекшелігі болып саналады.

7. Ақын-жазушылардың стиліне тән тағы бір ерекшелік ол - бұрыннан белгілі тұрақты сөз тіркесінің үлгісімен жаңа сөз орамдарын қалыптастыру. Мысалы “сырты жылтырауықтың іші қалтырауық” - деген мәтелдің үлгісімен төмендегідей сөз орамдары жасалған.

1. ... Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты бүтін, іші түтін.
2. Ішім өлген сыртым сау
Көрінгенге деймін-ау
Бүгінгі дос - ертең жау
Мен не қылдым, япырмау?!
3. Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
(Абай)

Молда имамдар жөнінде:

4. Сыртын қанша жуса, іші оңбаған
Сырты жұмақ болғанмен, іші дозақ,
Түтінсіз жанғандар көп нан сөзіме
(С. Торайғыров).

*Қызылорда, еңбекші сенің ордан
Мынау жер сенің жерің тауып қойған.
“Сырты сұлу, іші улар” тұз жаласын
Тағы биік ұшайық қанат қағып*

С. Мұқанов.

Сырты сопы молдадан іші таза қара қазақ артық.

Ф. Мүсірепов.

Ақын, жазушылардың қаламына тән осындай сөз орамдарының бірқатары халық арасына кең тарап, қанатты сөзге айналған.

1. *Жасымда ғылым бар деп ескермедім.*

2. *Тіл өнері дертпен тең.*

3. *Досыңа достық қарыз іс. т. б.*

(Абай).

1. *Өнер-білім бәрі де*

Оқуменен табылған.

2. *Аурудан - аяған күштірек.*

(Ыбырай).

1. *Ар ұялар іс қылмас ақыл зерек*

2. *Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет.*

3. *Өмір озады, ажар тозады*

(М. Әуезов).

1. *Адамның ішкі сезімінің айнасы - көз.*

2. *Адамға өткен дәуір бәрі сабақ.*

3. *Жасық болудан жігер артық*

(С. Мұқанов).

1. *Жер үстінде адам баласы болудан қасиетті не бар.*

2. *Әр жазушының өз көзі болу керек,*

3. *Өлікке оқ атпас болар,*

(Ф. Мүсірепов).

1. *Жақсы сөз кірді тазартады.*

2. *Бетің былғанса су тазартады,*

Арың былғанса не тазартады

(Ф. Мұстафин).

1. *Бұл аяқпен Берлинге де жеткенбіз.*
2. *Отан үшін жан пида*

(Қ. Аманжолов).

Мұндай сөз үлгілері көркем шығармада көп кездеседі, бірақ олардың бәрін қамту мүмкін емес. Оны оқулықтың көлемі көтермейді де. Сондықтан жоғарыда келтірілген мысалдар ғана алынды.

Сөйтіп, фразеологизмдер әр түрлі жолмен жұмсалады. Кейде жалпы халықтық форма авторлық өңдеумен өзгеріп те қолданылады. Фразеологизмдерді қолданудағы бұл тәсілдер әр түрлі стильдік мақсатты көздейді. Сонымен қатар әр ақын-жазушы тұрақты сөз тіркесінің жаңа үлгісін жасап, фразеологиялық қорды байытуда өздерінің үлесін қосады.

Тұрақты сөз тіркесінің құрылысы жағынан өзгеріске ұшырауы - әсіресе өленді сөзге тән құбылыс.

Әр халықтың өзінің дәстүрлі тіл өнері болады. Жалпы халықтық тіл қолдану мен жазушылардың тілді қолдану тәсілі бір-бірімен тығыз байланысты. Көркем шығарма тілі жалпы халықтық тіл өнерінің жалғасы ретінде дамып жетіледі. Жалпы халықтық тіл өнері - қалам қайраткерлерінің қажымай-талмай үйренетін мектебі. Сонымен бірге бұл мектеп әр жазушының өзіндік стилінің қалыптасуына негіз болады. Оны фразеологизмдерді қолдану тәсілінен айқын көреміз. Бұрыннан белгілі көптеген тұрақты сөз тіркестерінің түрлі өзгеріске ұшырап, стильдік сапасының артқанын сипаттайтын мысалдар жоғарыда келтірілді.

§ 41. Орыс тілі арқылы енген фразеологизмдердің қолданылуы

Фразеологизмдер - тарихи категория: бұл оған дәуірлік сипат береді. Тұрақты сөз тіркестері жеке сөздер сияқты тілдік единица ретінде жұмсалады да, үнемі дамуда болады. Бірақ бұл құбылыс лексикаға қарағанда, фразеологизмдерде өте баяу. Оны әр кезде қалыптасқан тұрақты сөз тіркесінен айқын көреміз.

Фразеологизмдердің дамуының негізгі екі түрі бар: Бірінші, тұрақты сөз тіркестері, ең алдымен, сол тілдің иесі болып табылатын халықтың ұлттық ерекшелігіне қарай жасалып, қалыптасады. Бұл әр тілдің өзінің ішкі даму процесімен байланысты болады. Екіншісі - тұрақты сөз тіркестері дамуының сыртқы процесі. Халықтар арасындағы қарым-қатынас бір тілден екінші бір тілге фразеологизмдердің ауысып отыруына мүмкіндік туғызады. Фразеологизмдер бір тілден екінші тілге сөйлеу тілі және жазба нұсқалар (публицистика, көркем әдебиет т. б.) арқылы ауысады. Мәселен: *көк базар, көз бояу, өмір сабағы, әрбір істің басталуы қиын, ештен кеш жақсы, жылтырағанның бәрі алтын емес, бейбітшілік көгершіні* т. б. тіркестер біздің тілімізде орыс тілінің ықпалымен қалыптасып, фразеологиялық қорымызды байыта түсуде.

Сондай-ақ, *Келдім, көрдім, жеңдім* (Юлий Цезарь). *Уақыт біздің пайдамызға қызмет етеді* (Гладстон). *Бәрі де ағады, бәрі де өзгереді* (Гераклит). *Стиль - ол адам* (Бюффон) т. б. сол сияқты әр түрлі халықтық афоризмдері де бізге орыс тілі арқылы енгені белгілі.

Сөйтіп, қай тілдің болмасын фразеологиясы халықтардың өз ара қарым-қатынаста болуының нәтижесінде бірінбірі толықтырып отырады. Ал бұл мәселе, бір жағынан, фразеологизмдердің сәтті аударылуына да байланысты. Яғни бір тілдегі фразеологизмдердің екінші бір тілге аударылғанда олардың жымдасып, жатық болып жұмсалыуында. Оған мынандай мысалдар келтіруге болады: *Жақсы аяқталған істің бәрі жақсы*. (все хорошо, что хорошо кончается); *Әрбір жемістің өз уақыты бар* (всякому овощу свое время); *Жақсы даудан жаман бітім артық* (худой мир лучше доброй ссоры); *Ештен кеш жақсы* (лучше поздно, чем никогда); *Әрбір істің басталуы қиын* (всякое начало трудно); *Жылтырағанның бәрі алтын емес* (не все то золото, что блестит). Мұнда фразеологизмдердің жігі білінбей жымдасып, қоңілге қонымды болып, соншалықты жатық аударылған. Бұлардың “кірме” екені бізге ешбір сезілмейді. Бірақ кейде аудармашылар әріп қуалаймыз деп тұрақты сөз тіркесінің оңін айналдырып, түсініксіз етіп жібереді.

В. И. Ленин шығармаларында кейбір фразеологизм-

дердің қазақша аудармасы қазақ оқушыларымызға түсініксіз болып шыққан¹:

1. *Орыстың ескі сөз қолдануы бойынша, бұл жердегі қоғам деліп отырғаны — өздерін жердің тұзымыз деп санайтын, өздерін тәкаппарлықпен “интеллигенциямыз” деп атайтын “көпшілік пікір” тудыратын т. б. және көксейтін либералдық чиновниктердің, буржуазиялық интеллигенттердің, еріккен рантелердің және өр көкірек өзіне мәз қолы бос жұрттың бір тобы болып табылады (12-том, 473-бет).*

2. *Өзін жердің кіндігі деп есептеуге дағдыланған ескі буржуазиялық және империалистік Европа бірінші империалистік қырғында сасық бітеу жарадай, шіріп барып жарылды (33-том, 346-бет).*

3. *Иттің көмілген жері осы. Бұлтарыстардың, софизмдердің, ала аяқтық бұрмалаулардың барлығы. Каутскийге күш жұмсау революциясынан жалтару үшін, өзінің одан безуін, өзінің либералдық жұмысшы саясаты жағына, яғни буржуазия жағына шығуын бұркеу үшін керек болып отыр. Иттің көмілген жері осы (28-том, 235—236-беттер).*

4. *Петроград көтерілісін болдырмауға Каменев пен Зиновьевтің істеген әрекеттері жөнінде көтермекші болған “дауыл” стакандағы судың бұркылы болып шықты (26-том, 297-бет).*

Бұл мысалдардағы тұрақты тіркестерді түсіну қиын. Мұнда дәлме-дәл аударылып, әріп қуалаушылықтың салдарынан түп нұсқадағы тұрақты тіркестердің мағынасы түсініксіз болып шыққан, образдылық сипаты сақталмаған.

Фразеологизмдерді бір тілден екінші бір тілге аударуда әр халықтың өзінің тілді қолдану дәстүрін мұқият ескеру қажет. Сонымен бірге ол фразеологизмдердің ең алғаш қай тілге тән екенін және оның қалай қалыптасқанын

¹ В. И. Ленин шығармаларын аудару принциптері жөнінде М. Жанғалин өзінің “Об основных принципах перевода с русского на казахской язык” деген тақырыпта жасаған баяндамасында тоқталған (Доклады от Казахстана на междуреспубликанском совещании по вопросам перевода литературы с русского на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайжана. Алма-Ата, 1958 г.)

білу керек. Мысалы, жоғарыда келтірілген *“Вот где зарыта собака* (иттің көмілген жері осы) мен *“Буря в стакане воды”* (стакандағы судың бұрқылы) деген сөйлемшелер — орыс тілінде басқа тілдердің әсерінен туған аудармалар.

“Иттің көмілген жері - осы” деген сөйлемше ең алғаш неміс тілінде қолданылып қалыптасады. Мұның қалыптасу тарихы былай болған: XVI ғасырда өмір сүрген бір неміс жауынгерінің иті болады. Ол ит бір кезде иесін өлімнен алып қалса керек. Иттің бұл жақсылығын бағалаған иесі оған өлгеннен кейін айрықша көз тартарлық әсем ескерткіш орнатады. Ескерткішті көруге жер-жерден адамдар келетін болған. Олар келген бетте жергілікті тұрғындардан: *“Әйгілі ит қайда көмілген”* (Где зарыта знаменитая собака?) деп сұрайды екен. Осылайша айтыла-айтыла, ол ақыры қанатты сөзге айналып кеткен.

“Буря в стакане воды” - стакандағы судың бұрқылы сөз тіркесінің де осындай қалыптасу тарихы бар. Сөйлемде ауыс мағынада, елеусіз көңіл бөлуге тұрмайтын нәрсеге бола жанжал шығару, босқа қынжылу дегенді білдіреді. Мұны тұңғыш қолданған француз философы Монтескье (1755—1889). Бірақ Монтескьеге дейін де оның *“буря в горшке”*, *“буря в разливательной ложке”* деген сияқты баламалары болған екен.

Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын түсінбей аударуды көркем шығармадан және газет беттерінен де кездестіруге болады.

Чехов шығармаларының аудармасында: *мүмкін бұл адам суға кетіп өзі өлген шығар немесе Мұның төркінінен Сибирьдің иісі аңқып тұруға да мүмкін* (Чехов. Әңгімелер жинағы 9-бет). Мұның орысшасы: *Может этот утоп-лый покойный сам утоп, а может тут дело сибирью пахнет.*

Немесе, *Ванда удивленно оглядела мальчиков и подвинулась на край скамейки. Облака перестали ее занимать, она занялась более прозаическим пейзажем привлекательной площади.*

Қазақшасы: *Ванда балаларға таңырқап қарады да, орындықтың шетіне қарай жылжып отырды. Мұның назарын бұлт енді өзіне аударма алмады. Ол вокзал алаңының не-*

ғұрлым прозалық суреттеріне әуестенумен шұғылданды¹ (осы мысалдарда асты сызылған сөз тіркестерінің аударылуына көңіл бөліңіз).

Орыс тілінің фразеологизмдерінің қазақша тексте қолданылуына мысалдар:

1. - *Қарағым-ау, жаңа келіп тұрсың ба? Шай қояйын ба?. Тұу, құлыным-ай, қиналып жүрсің-ау... Шыда... Шыда... Орақ та аяқталар...*

- *Жоқ, апа, мен ұйықтайын...*

Ол шамды да жақпады. Сипалап келіп, төргі бөлмеге енді. Бибігүл көзін ашып алды.

- *Сенбісің, Сақан! Кешіктің ғой...*

- *Иә, кешіктім. Мені ертерек оятарсың. Жұмыстан кеш қалып жүрмейін,- деді.*

- *Сақан-ау, сақал-мұртың өсіп кетіпті ғой,- деді Бибігүл. Анау үнсіз. Төсекке басы тиісімен қор ете түсті.*

Бал айы осылайша мазасыз...

Осындағы “бал айы” - орыс тіліндегі (медовой месяц) деген бейнелі сөз тіркесінің аудармасы, бірақ мұнда, ол дұрыс аударылмаған.

2. *Жұрт айтқандай кейбіреулерінің түгін қарсы қайыра сипауға тура келер.*

3. *Қала жастарының қаймақтары бұлар.*

4. *Колхозшылар кешкі мектеп қабырғасынан аттестат алып шықты.*

Соңғы келтірілген сөйлемдерде де орыс тілінің сөз орамдары қазақ ұғымына сай пайдаланылмағаны бірден аңғарылады. Мұндай сөйлемдер газеттерде аз кездеспейді.

Аударма фразеологизмдерді бұлай қолдану тіл мәдениетін төмендетеді. Сондықтан фразеологизмдердің дұрыс аударылып, дұрыс қолданылуы мұқият ескерілгені жөн. Ол үшін ең алдымен фразеологизмдердің аударылу заңдылығын жақсы білу қажет.

Жалпы фразеологизмдерді аударудың үш түрлі тәсілі бар:

¹ В. И. Ленин шығармаларында бұл “ләззат айы” және “алғашқы ай” (5-том, 385-бет, 25-том, 406-бет болып аударылған).

1. Фразеологизмдерді аударуда оның жалпы мағынасы беріледі. Мысалы:

Вариться в собственном соку — *Өзімен-өзі болу.*

Козел отпущения — *кінәлі ету.*

Лезть вон из кожи — *тыраштану.*

Подложить свинью — *қастық істеу.*

Принимать за чистую монету — *шынға балау.*

Яблоко раздора — *егестің басы.*

Водить за нос — *әуреге салу.*

Бұл тәсіл фразеологизмдерді еркін сөз тіркесіне жақындатады.

2. Фразеологизмдерді аударуда олардың өз ара мәндес келетіндігі ескеріледі. Мысалы:

Беречь как зеницу ока — *көздің қарашығындай сақтау.*

В пух и в прах — *күліні көкке ұшыру.*

В прятки играть — *жасырынбақ ойнау.*

Он пятки показал — *ол құтылып кетті, ол қашып кетті.*

Зубы точить — *тісін қайрау.*

Хоть глаза выколи — *козге түртсе көргісіз.*

Волосы встали дыбом — *тобе шашы тік тұру.*

Как в воду канул — *жер жутқандай.*

За три девять земель — *Өте алыста.*

На седьмом небе — *тобесі көкке жету.* т. б.

Тіл-тілдегі фразеологизмдердің бұлайша өз ара мәндес келуі аударма тілінің жатық, түсінікті болуына септігін тигізіп, жалпы аудару жұмысын жеңілдетеді.

3. Көптеген тұрақты сөз тіркестері бір тілден екінші бір тілге, сөзбе-сөз аударылады. Бұған идиомнан гөрі әсіресе мақал-мәтел мен қанатты сөздер бейім келеді. Мысалы:

Ни рыба, ни мясо — *ет те емес, балық та емес.*

Как две капли воды — *екі тамшы судай.*

Рыбак рыбака видит издалека — *балықшы балықшыны алыстан көреді.*

Лучше поздно, чем никогда — *ештен кеш жақсы.*

Правда - хорошо, а счастье - лучше — *шындық жақсы, ал бақыт одан да жақсы* т. б.

Фразеологизмдерді орыс тілінен аударған кезде ерекше көңіл бөлетін тағы бір мәселе - ол тұрақты сөз тіркестерінің арғы шыққан тегі. Мысалы, қазіргі орыс тілінде қолда-

нылып жүрген фразеологизмдердің ішінде басқа тілдерден енгендері бар. Олар: *“лучше поздно, чем никогда”*, *“убить время”* (француз тілінен); *“холодная война”*, *“железный уровень”* (ағылшын тілінен); *“невзирая на лица”*, *“Вот где собака зарыта”*¹ (неміс тілінен). Сонымен қатар орыс тілінде көне грек мифологиясына байланысты сөз образдары да көп кездеседі: *“танталовы муки”*, *“авгиевы конюшни”*, *“троянский конь”*, *“яблоко раздора”*, *“Ахилесова пята”*, *“Дамоклов меч”* т. б.

Осылар сияқты сөз орамдарының ең алғаш қай тілде, қандай мағынада қолданылып, қалыптасқанын жақсы білмейінше, оларды бірден аударма салуға болмайды. Қазақшаға мұндай сөз образдарын аударғанда сілтемеде олардың мағыналары ашылып, түсініктеме беріліп отырса дұрыс болады².

2. ГРАММАТИКАЛЫҚ СТИЛИСТИКА

§ 42. Грамматикалық стилистика туралы жалпы түсінік

Стилистиканың басты мақсаты, бұдан бұрын айтылғандай, жеке сөздер мен грамматикалық тұлғалардың, ондай-ақ синтаксистік конструкциялардың қолданылу заңдылықтары мен экспрессивтік сапасын айқындау. Олай болса, грамматикалық стилистиканың басты міндеті - грамматикалық категориялар мен синтаксистік конструкциялардың мәні мен мағынасын айқындау, сол мән-мағынаның туу, пайда болу тәсілдерін көрсету және жеке тұлғалар мен шумақтардың қолданылу жүйесі мен сферасын белгілеу. Осы міндеттер тұрғысынан келгенде, стилистиканың грамматикалық саласының маңызы аса ден қоярлық. Өйткені оған мына тәріздес себептер бар: грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік конструкциялардың жеке сөздер тәріздес

¹ М. Шанский. Фразеология современного русского языка. Москва. 1973, 93-бет.

² Ондай түсініктемелер орыс тілінің фразеологиялық сөздіктерінде беріледі.

стильдік салаларға жіктеліп, қалыптасуы кең таралған құбылыс емес. Белгілі бір тұлғалар мен шумақтардың қолданылу заңдылығы олардың мән-мағынасы мен грамматикалық табиғатына тәуелді болады. Аракідік жазуда, не ауызекі сөйлеуде жеке грамматикалық тұлғаларды оғаш қолдану олардың сыр-сыйпаты мен табиғатын жете білмеуге байланысты болып отырады. Газет беттерінен кездескен мынадай бір фактілерді талдап көрейік: *Сауданың мұндай басшылары өз тұтынушылары нені қажет етіп отыр, нені талғайды - бұл жағын зерттеуге селқос қарайды (газеттен)*. Осы сөйлем бір оқығанда сындарлы көрінгенмен, грамматикалық қателерден құр емес. Алғашқы сөйлем құрамындағы *сауданың мұндай басшылары* шумағын қарастырайық. Әдетте *ауылдың басшысы, мекеменің басшысы* деп ілік жалғау қолданылғанмен, жалпылық мәнде, әсіресе абстракт ұғым туғызатын тіркестер құрамында ілік жалғау түсіріліп *мемлекет басшысы, ел ағасы, сауда мәдениеті* деп айтылып, жазылады. Бұл нормаға айналды. Олай болса, жоғарғы шумақты да *мұндай сауда басшылары* деп құру әлдеқайда жатық, түсінікті, құлаққа да жағымды. Сол сияқты, екінші сөйлемдегі *тығыз шаруа жөнінен сөйлескісі келеді* шумағының құрамындағы *жол* сөзінің шығыс жалғауында қолданылуы да аса жарасымды емес. Шығыс жалғаулы сөз әдетте іс-қимылдың шығар көзін, таралу мекен-орнын білдіреді, Ал мына сияқты реттерде жатыс жалғауын қолдану икемді (*жөнінде*). Баяндауыш қызметіндегі *сөйлескісі келеді* күрделі істігі де сол жалғауды (жатыс жалғауын) қажет етеді.

Жазуда, сөйлеуде грамматикалық тұлғалар мен шумақтардың орнын айқын біліп, айырмау кейде қате түсінікке соқтырады. Мынадай бір мысал келтірейік: *Сауда жұмысын жақсарту көп жағдайда сауда қызметкерлерінің өздеріне, олардың тапсырылған іске жан ашырлықпен қарауына, инициативашылдығы мен іскерлігіне, тұтынушыларға жайдары, жұмсақ мінезбен сапалы қызмет көрсете білуіне байланысты (газеттен)*. Осы сөйлемді бір оқығанда алғашқы “Сауда жұмысын жақсарту көп жағдайда сауда қызметкерлерінің өздеріне” дейтін бөлігін бүкіл сөйлем мағынасымен ұштастыра түсіну қиын-ақ. Өйткені бұл шумақ дұрысында, бүкіл сөйлем бойында айтылған мағынаны жал-

пылай қорытындылап тұр. Автордың айтайын дегені: сауда жұмысының жақсаруы сауда қызметкерлерінің іскерлігіне, инициативашылдығына, тұтынушыларға жақсы қатынас жасауына, қысқасы, олардың өздеріне байланысты деугой. Сол себептен жалпылауыш мәнді шумақты сөйлемнің соңғы жағына көшіру орынды, түсінікті болатын еді. Әдетте халық тілі мұндай реттерде: “алма, жүзім, жидек, өрік - бәрі жеміс” деп жалпылауыш сөзді ең соңында айтады.

Ұзақ текстерде бірінен соң бірі айтылатын синтаксистік шумақтардың формалық жағынан да, мағыналық жағынан да бір-бірімен қабысып, үйлесіп келуі сөздің әуезділігін арттырады. Сондықтан әр шумақты тиянақтап, даралап тұратын грамматикалық тұлғалардың өз орнында, өз иінінде қолданылуы қажетті шарт. Осы орайда мынадай бір мысалға назар салайық: *Әрбір сатушы тұтынушыларға биязы, кіші пейілдік мінез көрсете, мінсіз қызмет етіп қана қоймай, сонымен бірге сауданың осы заманғы жаңа прогрестік түрлері мен тәсілдерін кеңінен қолдану жолында табанды күрес жүргізуге міндетті* (газеттен). Осы сөйлемнің басқы *әрбір сатушы тұтынушыларға биязы, кіші пейілдік мінез көрсете* дейтін бөлімі келесі шумақпен (“мінсіз қызмет етіп”) мағыналық жағынан да, формалық жағынан да қабыспайды. Өйткені шумақтың соңында -е тұлғалы көсемше айтылған. Ал бұндай тұлғалы сөздердің бір ерекшелігі - өзінен кейін басқа бір тиянақты мән беретін сөздің айтылуын қажет етеді. Сондықтан бұл жерде -п тұлғасын (көрсетіп) қолдану қолайлы. Сонда бір-бірімен жалғасып, үндесіп жатқан екі шумақ форма жағынан да, мәні жағынан да қабысып тұрап еді.

Ұзақ текст құрамындағы дербес сөйлемдер жігінде де тұлғалардың мағыналық жағынан қабыса, үйлесе айтылуы қажетті шарт екені мәлім. Мағыналары бір-бірімен ұласып жатқан дербес сөйлемдердің баяндауыштары мәні жағынан бір-бірімен қабыспай тұрса, логикалық ойдың жүйесі бұзылып, сөздің ырғағы кемиді. Мынадай бір үзінді келтірейік. *Міне, партия мен үкіметіміз осы товарларды алдағы жылы жеткілікті мөлшерде шығарудың шұғыл шараларын қолдануда. Сонымен қатар, халықтың мал шаруашылығы өнімдеріне деген қажеттілігін тез арада толық өтеудің мүмкіндіктері де қарастырыла бастады. Жергілікті*

партия, совет ұйымдары мен сауда мекемелері өздеріндегі қорларды шебер пайдаланып, халықты тұтыну товарларымен үзбей жабдықтауды қамтамасыз етіп отыруға тиіс. Әйтсе де республикамыздағы сауда ісінде елеулі олқылықтар орын алып келеді (газеттен). Үшінші сөйлемнің мәні оған дейін не одан кейін тұрған сөйлемдердің мәнімен ұласпайды. Өйткені баяндауыш формасы өзгеше. Ойдың логикалық жүйесі әуелі істеліп жатқан шараларды баяндап, содан соң болып отырған кемшіліктерді айтып, осыдан кейін ғана міндеттерді көрсетуді қажет етеді. Бірақ автор грамматикалық форманың (отыруға тиіс) мәнін түсінбеуден ой желісін үзіп алған.

Бұдан шығатын қорытынды: грамматикалық тұлғалардың қалыптасқан қолданылу жүйесін айқындап көрсету қажет. Ал бұл - грамматикалық стилистиканың міндеті. Грамматикалық стилистика жеке тұлғалар мен шумақтардың қолданылу жүйесін айқындап, дәлдеуде нормативтік грамматиканың деректеріне сүйенеді. Алайда, бұдан нормативтік грамматика мен стилистика бірдей деген қорытынды шықпайды. Нормативтік грамматика сөздердің құрылысы мен өзгерісіне көп көңіл бөлсе, стилистика грамматикалық тұлғаларды мағынасы мен қолданылуы тұрғысынан ғана қарастырады

Стилистика сонымен қатар сөзге қосымша жалғаудың тілімізде қалыптасқан нормаларын айқындау мәселелерін де қарастырады. Сөз мағынасы қажет етпейтін жағдайда, қандай қосымшаның болсын жалғанып, қолданылуы тілдің қалыптасқан нормасын, сипатын бұзады. Қазіргі уақытта күнделікті баспасөз тілінде әрдайым жиі ұшырайтын *кіші пейілділік мінез, балалар дәрігерлері, өндірістік технологиялық процесс* тәрізді тұлғалануды мағыналық; қажеттіктен туған деуге болмайды. Қазақтың халық тілінде болсын, әдеби тілінде болсын, зат есімнің анықтауышы қызметінде жұмсалған сын есімге тағы басқа бір қосымша жалғамайды. Өйткені мағыналық тұрғыдан ешбір қажеті жоқ. Сондықтан *кіші пейілділік мінез емес, кіші пейіл мінез* болуға тиіс. Сөз тұлғасын орынсыз күрделендірудің қажеті жоқ. Осы қосымшаның (-лық, -дық) қолданылуында кейде басқа да ыңғай байқалады. Мысалы: *Женіл өнеркәсіп орындарында осындай өрескел кемшіліктердің*

әлі де болса орын алуының басты себебі өндірістік технологиялық процестер тәртібінің бұзылуында болып отыр (газеттен). Сөйлем құрамындағы “өндірістік технологиялық процесс” шумағында -лық қосымшасының қатарынан екі рет қолданылуы, әрине, орынсыз. Алғашқы сөзге (өндіріс) -лық қосымшасының қажеті жоқ -лық - сөз бен сөзді байланыстырушы емес, сөзге жаңа мән береді, сын есімге қосылып, зат есім туғызады, зат есімге жалғанып, сын есім жасайды. Бұл жерде -лық емес, ілік септіктің қолданылуы қажет еді (өндірістің технологиялық процесі).

Қолдануда ұқыптылықты қажет ететін қосымшалардың бірі *-лар* көптік жалғауы. Әдетте қазақ тілінің нормасы бойынша екі зат есім тіркесіп жұмсалғанда көптік жалғау тек соңғысына ғана жалғанады да, алдыңғысына жалғанбайды. Сондықтан *ғылым академиясы* (ғылымдар академиясы емес), *оқу орындары* (оқулар орындары емес) деп жазып жүрміз. Ал *балалар дәрігерлері* тәрізді қолданыстар құлаққа тосаң естіледі. Сол сияқты қазақ тіліндегі кейбір сөздер көптік жалғауды қажет етпейді. Ондай сөздер халық тілінде бір тұтас ұғым ретінде қалыптасып кеткен. Мына мысалдарға назар салайық: *Сондықтан менің еңбектес құрбыларымның Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бүгінгі сессиясынан үлкен жақсылықтар күтуі де заңды... Менімен бірге жұмыс істейтіндердің барлығы осындай игіліктерге жетіп отыр* (газеттен). Қазақ ұғымында игіліктің де, жақсылықтың да аумағы өлшеніп, оның мөлшері белгіленбейді. Ондай сөздер бір тұтас ұғым атаулары есебінде сол күйінде ұғынылады. Сол себептен ондай сөздерге септік жалғауын қосудың ешбір қажеті де жоқ.

Кейде әдеби тілде қалыптасқан формалардың орнына диалектілік ерекшеліктерді қолдану да ұшырасады. Мысалы: *Әсіресе республикадағы жеңіл және тамақ, өнеркәсібінің кейбір түрлері, суармалы жерлердің кейбір бөлегі осында шоғырланулы* (газеттен). Сірә, мақала авторы батыс облыстардың бірінен болса керек, сол аймаққа тән ерекшелікті қолданған. Әдеби тілде бұл ретте -ған (*шоғырланған*) тұлғасы айтылады. Мұндай тұлғалардың әдеби нормаға жатпайтыны әдетте нормативтік грамматикада баяндалады. Сол себептен мұндай ауытқулар стилистиканың объектісі бола алмайды.

Стилистиканың айрықша көңіл аударатын мәселелерінің бірі - грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік шумақтардың белгілі бір мағына беруде синонимдес қолданылуы. Мұндай синонимдік топтар - сөз қайталамаудың, жинақы да жатық болудың аса таптырмас құралы, тіліміздің икемділігінің дәлелі. Қазақ тілінің морфологиялық категорияларының ішінде де, сирек болса да, бір-бірімен синонимдес мәнде қолданылу фактілері кездеседі. Мысалы, сын есімнің шырай түрлерін жасайтын -рақ және -лау аффикстерін алайық. Сөйлем ішінде *күштірек, күштілеу* тәрізді сын есімдік тұлғалар бір-біріне балама есебінде қолданыла береді. Кейде олар мағынасы жағынан синонимдес болғанмен, әр түрлі мәнде қолданылуға икем келеді. Немесе осы шырайлық тұлғалардың *гөрі* сөзімен келген синтаксистік шумақтарға синонимдес қолданылуын айтуға болар еді (*Асаннан гөрі Мұрат икемді. Асаннан Мұрат икемдірек*). Кейде сын есім сөздері басқа да синтаксистік шумақтардың синонимі бола алады. Мысалы: *әңгімешіл кісі - әңгімені жақсы айтатын кісі* т. б. Қазақтың әдеби тілінде де, халық тілінде де септік жалғаулары мен көмекші есімді тіркестер сан-салалы синонимдік қатар құрады. Бұлардың қолданылатын мағыналық салалары да аса көп. Сондықтан бұндай синонимдік қатарлардың қолданылу өрісі де аумақты, кең болып отырады. Мысалы, *мезгіл - уақыт* мәнінде *сағат 5-ке келу - сағат беске дейін келу, сол уақытқа үлгеру - сол уақытқа дейін үлгеру*, *мекен-кеңістік* мәнінде *үйде отыру - үйдің ішінде отыру* т. б. синтаксистік шумақтар қолданылады.

Қазіргі қазақ әдеби тілінде үйірлі мүшелер мен жай сөйлемдердің (кейде құрмалас сөйлем) синонимдігі - кең таралған құбылыс. Әрине, қазіргі тіліміздегі үйірлі мүшелердің көп салалы тобы - әдеби тіліміздің кейінгі дамуының жемісі. Олар көбінесе сөзді жинақы айтудың тәсілі есебінде пайда болды да, жай сөйлемдердің синонимі болып қалыптасты. Мен сияқты жолдан оралып, бірақ уақиға маңайына менен бұрын жеткен *Николай ағашты тасаланып, күбірлеп, балағат айтып тұр екен* (Ф. Мүсірепов). Осы сөйлемдегі қарамен терілген шумақты (үйірлі анықтауыш мүшені) өз алдына бөліп алып, жеке сөйлем түрінде *Николай мен сияқты жолдан оралса да, бірақ уақиға*

маңайына менен бұрын жетті деп айтуға болар еді. Бірақ авторлық акцентуация Николайдың бұрын жетуін хабарлау емес, қазіргі күйге дейін болған уақиғаны жай ғана ескерту есебінде айтылып отыр. Ол үшін дербес сөйлемдік құрылыстан гөрі үйірлі мүшелік құрылыс әлдеқайда тиімді, жинақы, айқын. Сол сияқты мына сөйлемнің құрамындағы үйірлі мүшенің қолданысын байқайық. **Ж ы л а у ы д а ертеден кешке дейін бір-ақ үнмен шығатын жетім баланың бей-жай, үмітсіз жылауына ұқсайды** (*Ф. Мүсірепов*). Осы үйірлі мүшені дербес сөйлемге айналдырып айтуға болар еді. Бірақ онда автор көздеген экспрессия бәсеңдеп, әсері азаяр еді.

Осылар тәріздес синонимдік қатарларды айқындап, олардың мән-мағынасын баяндау тіл ұстартудың аса қажет тәсілдерінің бірі.

Бұдан бұрын айтылғандай, жеке грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік шумақтардың белгілі бір сөйлеу, жазу стилі құрамында қолданылуға икемдігі байқалып отырады. Бұл, әрине, лексика саласындағыдай кең таралған құбылыс емес, бірақ арагидік кездесіп отырады. Мысалға морфологиялық тұлғалардың ішінен **-паз, -қор, -қой** жұрнақтарымен келген сөздерді алайық. *Әсемпаз, жасампаз, дүниеқор, намысқор, әзілқой, сауыққой, даңқой* тәрізді сөздерді стильдік жағынан бейтарап сөздер деп қарауға болмайтыны белгілі. Бұлардың әрқайсысы белгілі бір сөйлеу, жазу жүйесінде қолданылуға бейім. Кез келген күйінде айтыла бермейді. Егер әсемпаз, әзілқой сөздері жеңіл әзіл, зілсіз сықақ ыңғайында қолданылуға икемді болса, **дүниеқор, даңқой** сөздері өткірмысқыл, шенеу мәніне лайық. Мұндай қабілет, әрине, сөз құрамындағы қосымшалардан туса керек. Немесе *бармақ керек, баруға тиіс, баруы қажет* тәрізді күрделі тұлғалар, сол сияқты **-уда** тұлғасы (мал шаруашылығының табыстары күннен-күнге *артуда*) көбінесе жазба тілге, оның ішінде публицистика тіліне тән. Әрине, бұлар ауызекі сөйлеуде де кездеседі. Бірақ сөйлеу тіліне тән элемент ретінде емес, жазба тілден ауысқан элемент ретінде ғана айтылады. Сөйтіп, морфологиялық құрылыстың да кейбір категориялары жеке стиль салаларында жиі қолданылатын элементтер ретінде көзге түседі.

Тілдің синтаксистік құрылысы, морфологиялық катего-

рияларға қарағанда, стильдік қолданылуға біршама бейімдірек болады. Сөйлем ішінде сөздердің орын тәртібінің өзгеруінен туатын вариациялардың, әр түрлі қалыптасқан шумақтардың т. б. бір ғана стиль жүйесінде, соның сөз саптау тәсілі есебінде қолданылуын жиі кездестіруге болатыны мәлім. Іс қағаздарындағы стандартқа айналған синтаксистік шумақтардың қолданылуын, публицистикалық стиль құрамында жиі кездесетін сұраулы сөйлемдер мен лепті сөйлем түрлерін алуға болар еді. Олардың сол салаларда қолданылу иіні мен сипаты әдеби тілдің басқа ыңғайында кездесе бермейді, сол стиль топтарын басқалардан ерекшелейтін сипат есебінде көзге түседі.

Сонымен, стилистика грамматикамен тығыз байланысты, онымен тығыз ұштасып жатады. Бірақ стилистика сөз бен оның формаларын синтаксистік тәсілдерді белгілі бір мән-мағына мен экспрессиялық мәнгер туғызудың тәсілдері есебінде ғана қарастырады. Стилистика мен грамматиканың арасындағы түбірлі айырмашылық осында жатыр.

Сол себептен де сөйлем мен сөзді стильдік жағынан талдау мен грамматикалық талдау әсте бірдей емес. Стильдік талдауда сөйлемнің қолданылу мақсаты, сөздердің мағыналық, экспрессиялық жағынан сәйкестігі ғана еске алынады.

МОРФОЛОГИЯ

§ 43. Морфологиялық құрылыстың негізгі стильдік белгілері

Морфологиялық құрылыс стильдік қолданыс тұрғысынан сөздік қормен салыстырғанда біршама бейтарап екені айқын. Өйткені морфологиялық құрылыс стильдік топтардың қай саласына да бірдей, барлығына да тән. Сондықтан сөз таптарының немесе сөз тудырушы, аффикстер мен сөз өзгерту тәсілдерінің бір-бірінен оқшау қолданылу сырлары анық байқала бермейді. Солай бола тұрса да тілдің морфологиялық тұлғаларының стильдік қолданылу

жүйесі мен заңдылықтары бар. Оны мына өзгешеліктерден де байқауға болады. Алдымен стилистика тілдегі синонимдік құбылыстармен ұштасып жатады. Ал біздің тіліміздің морфологиялық құрылысында да мұндай синонимдік қатарлар кездеседі.

Әрине, сөз өзгертуші, сөз жасаушы қосымшалардың синонимдік қатарларын айқындау, жіктеу тілдің лексикалық қорымен салыстырғанда әлдеқайда қиын жұмыс. Тіпті сөз қолдану тәжірибесінде белгілі бір аффикстің қай аффикспен синонимдігі барлығын ажырату мүмкін де бола бермейді. Оған себеп: біріншіден, қандай бір аффикс болмасын өзі жалғанған (немесе, біріккен) түбірге қосылып, оның өз мәні айқын жіктеліп тұрмайды. Екіншіден, тілдің грамматикалық құрылысында кез келген аффикс абстрактану процесіне ұшырайды. Соның салдарынан, оның өзіне ғана тән мән-мәнер бірте-бірте көмескіленіп, өшуге айналады. Қазіргі тіліміздегі бүршік, талшық, келіншек, т. б. сөздерді осы сипатында; осы күйінше тұтас ұғынамыз, оны түбір мен қосымшаға жіктеу былай тұрсын, -шік, -шық, -шек аффикстерінің біркезгі кішірейту мәнерін де байқамаймыз. Бірақ *түйіншек*, *інішек*, *төбешік* сөздерінің құрамында бұлардың кішірейту мәнері айқын сезіледі. Соңғы сөздер құрамындары (түбіршік, інішек, төбешік) -шық, -шақ *ұзынша*, *сұрша* сөздері құрамындағы -ша аффиксімен мәндес болғанмен, алдыңғы сөздер (бүршік, талшық келіншек) құрамындағы сондай аффикстермен мәндес деп есептелмейді. Осылар тәріздес, жеке сөздер ыңғайында, бір-бірінен мәнерлік айырмасы бар, бірақ орайлас мағыналы сөздер жасайтын қосымшалар қатарына сын есім жасайтын -ғыш -пен -шақ, -қыр мен ғыш, -ныл мен -қай, -шыл және, -паз, -қор қосымшаларын жатқызуға болар еді. Осылар арқылы жасалған *созшең* мен *сөйлегіш*, *тапқыр* мен *тапқыш*, *сауықшыл* мен *сауыққой*, *шайшыл*, *шайқор*, *ойынпаз*, *ойыншыл* тәрізді сөздер орайлас мағыналы, бірақ бір мәнерлі емес. Осы ыңғайда аталған аффикстердің синонимдік қатар құрай алатындығын көруге болады. Бірақ аффикстер арқылы жаңа сөз жасауда кездесіп отыратын грамматикалық шектелу процесі де ескерілуі қажет. Мәселе мынада: *созшең*, *сөйлегіш* сөздерінің синоним болуы олардың құрамындағы -шең, -гіш аффикстеріне байланыс-

ты болғанмен, -шаң аффиксі жалғаса алатын түбірлердің бәріне бірдей -гіш аффиксі қосылып айтыла бермейді. Мысалы, *ашушаң, бойшаң, тершен* деп айта береміз, бұлардың қайсысы да кісінің белгілі бір ерекшелікке бейімділігін білдіреді. Дегенмен осы түбірлерге -гіш аффиксін тікелей қосып айтуға болмайды. Есім түбір туынды етістікке айналғанда ғана (*ашуланғыш, терлегіш*) жалғанады. Бірақ сол түбірге -шыл аффиксі тікелей қосылып, -шен аффиксімен синонимдік қатар құрады: *ашушыл, тершіл*. Сондай-ақ, *тапқыр, тапқыш* сөздерінің синоним болуы -қар, қыш, -қыр аффикстеріне байланысты. Бірақ *сенгіш, болжағыш, сөйлегіш, байқағыш, аяғыш* сөздеріне -қыр аффиксін жалғап айтуға келмейді.

Сонымен, сөз жасаушы аффикстердің синонимдік қатар құруы кез келген сөз құрамынан байқала бермейді. Аффикстердің синонимдігі жайында айтқанда, түбірге қандай аффикс жалғана алатындығы ескерілу керек болады.

Сөз өзгертуші қосымшалар ішінде де контекстік қолданыста бір-біріне синонимдес қолданылатындары бар. Мысал үшін М. Әуезовтің “Абай жолы” романында кездесетін мына сөйлемдерге назар аударайық: *Ауыл шаппак, жылқыға тимек, тұрысатын жерін айтысып бөліспек... Шырағым, Абай мұны істемек болса, ол құпияның ісі емес, әшкеренің ісі ғой... Абай асықпай киініп боп, енді үйге қайтпаққа артына бұрылып еді*. Осы сөйлемдер құрамындағы -мақ тұлғасымен келген сөздерді (етістік тұлғаларын), егер авторлық қолданысты ескермесек, өзгертіп айтуға да болар еді. *Ауыл шауып, жылқыға тиіп, тұрысатын жерін айтысып бөліспек... — Шырағым, Абай мұны істейтін болса, ол құпияның ісі емес, әшкеренің ісі ғой... Абай асықпай киініп боп, енді үйге қайтуға артына бұрылып еді*. Сөйтіп, бұл жерде -мақ қосымшасының -а, -й, -у тұлғаларының орнына қолданылғандығын көруге болады. Сол сияқты, Абай өлеңдерінде де мынадай қолданыстар кездеседі: *Мал жияды мақтанын білдірмекке, көзге шұқып малменен күйдірмекке... Жүректе қайрат болмаса, ұйықтаған ойды кім түртпек?* Мұнда да -ма? қосымшасының басқа тұлғалар орнына қолданылғандығы байқалады.

Жеке сөз таптарының өздеріне ғана тән категорияларының ішінде сөз қолданыстың белгілі бір заңдылығы

қалыптасқан. Осы ретте көптік жалғауларының қолданылу заңдылығын еске алу қажет болады.

Көптік жалғаулары ең алдымен көптік ұғым туғызу үшін қолданылатыны белгілі. Өз табиғатында жекелік ұғымға негізделген сөздер көптік жалғаулар арқылы көптік мән алады (тас - тастар, кітап - кітаптар т. б.). Қазақ тіліндегі кей сөздер сол күйінде, қосымшасыз-ақ көптік мағына бере алады. Бұлар көбіне топталған, жинақталған заттардын атауы болады. Мысалы, *шаш, қас, сақал, жүн, бидай, тары, сұлы, жүгері, шөп, өсімдік*, т. б. Бұл сөздерге мағыналық тұрғыдан көптік жалғаудың ешбір қажеті жоқ. Бірақ кейде жазушы не басқа автор өз ойын тұспалдап жеткізу үшін жинақты зат атауларына көптік жалғау жалғап та қолданады. Бұндай реттерде зат атаулары өзінің тура мәнінде емес, ауыспалы мәнде айтылады, көп ыңғайда жансыз зат жандыға айналады. Көптік жалғау осындай мәнді туғызудың тәсілі болады. Мысалы: *Күн көзінің алтын кірпіктері аласа үйлерден асып, биік үйлердің терезелерін шам жаққандай жарқырата бастады (Ғ. Мүсірепов)*. Жазушы кірпік сөзін көптік жалғауынсыз да қолдана алар еді, бірақ онда заттық мән айқын болмас еді. *Көп бастар шұлғысып, көп сақалдар шошандасып қалды. Бұл жүрістің түбі бір жан-жалға соғатынын сезінген қу тақымдар шыбындап игілік тобына өздері қосылып, елден-елге шығарып салып қайтысты (Ғ. Мүсірепов)*.

Жинақтық мәнді зат есімдерге көптік жалғауларын қосып қолдану кеңсе стилінде немесе ғылыми әдебиеттер стилінде кездесе бермейді. Мұндай сөз қолданыстары, әрине, тек көркем әдебиет пен публицистикалық шығармалар тіліне ғана тән.

Кейде көптік жалғау заттың көптігін білдіру үшін қолданылмай, оның көп кісіге ортақтығын, теңдігін, қатыстылығын білдіруі үшін де айтылады. Ондай зат атауы көбіне сөйлемнің толықтауышы, яғни істің объектісі қызметінде тұрады. Мысалы: *Сонан кейін шетінен ұрысындар, қожаларыңды сыйламайсындар деп барлығына да жағалай ұрысып, аяндап өзінің бөлмесіне қарай тартты (Гоголь)*. Сөйлем құрамындағы *ұрысындар, қожаларыңды* сөздері көптік жалғаулы болғанмен, мағынасы жағынан бірдей емес. Алдыңғы *ұрысындар* сөзі көп кісіні білдіреді де, соңғы

қожаларыңды сөзі қожаның көптігін білдірмей, оның (қожаның) біреу болғанмен, көп кісіге ортақтығын, көп кісіге қатыстылығын білдіреді. Сөз қолданыстың бұл түрі тек көптік жалғауларға ғана тән емес. Тіліміздегі басқа да көптік тұлғаларға тән жәйт. Мысалы: *“Былшық басқан көзіміз, тарлан тартқан кезіміз”* дегендей, бұлтағы көп бұлыңғыр заманыңды шала алмай қаламыз... (Ғ. Мүсірепов). Бұл сөйлемдегі көзіміз, кезіміз сөздері де сондай мәнде айтылған.

Егер сөйлем ішінде бірыңғайлас зат атаулары қатарынан, бірінен соң бірі айтылатын болса, сөз жинақы, түсінікті болу үшін көптік жалғауы олардың ең соңғысына ғана жалғанады. Мысалы: *Пұшарбай, Садырбай, Мұңсызбайлар боп Майбасарға мықтап дүре соқты* (М. Әуезов).

Алайда, аталған заттардың әрқайсысын мағыналық жағынан даралап, әрқайсысының көптігін баса көрсету қажет болғанда, көптік жалғауы жеке-жеке жалғанады. Мысалы: *Жолдастар, жауынгерлер мен командирлер!* (А. Бек.) Қазақ сөйлемінде қалыптасқан норманың бірі - көптік жалғау бір-бірімен синтаксистік қатынасқа түскен, бірі екіншісіне тікелей қатысты екі есім сөздің соңғы айтылған қосарына жалғанады. Мысалы: *Қазіргі жастар шетінен білімді.* Дегенмен стиль айқындығы үшін, әрқайсысының жеке-жеке қатыстылығын баса көрсету керек болғанда, жоғарғы сөйлем құрамындағы *шетінен* сөзіне көптік жалғау жалғанады. Мысалы: *Қазіргі жастар шеттерінен білімді.* Соңғы сөзге көптік жалғауының жалғануы сөзге логикалық екпін түсіріп, әрқайсысын даралай айтуға мүмкіндік береді. Мына сөйлемдер құрамындағы көптік жалғаумен келген сөздер де сондай мақсатпен қолданылған: *Кенесарыға ерген жұрттың Шу мен Сарысу бойында жатқан жылқыларын айдап бұрылды... Кейбір үйлерде құрмет көрсетіп өзінен жоғары отырғызса, кейде сол жоғарыға өзі отырып алып, кәрі биді төменірек сырытып жібереді* (Ғ. Мүсірепов).

Көз, құлақ, аяқ бет, қабак тәрізді зат атауларының көптік жалғауында қолданылуы айрықша стильдік мән алады. Бұларды көптік жалғауынсыз қолдану - қазақ тілінің замандар бойы қалыптасқан заңдылығы. Қазақ *құлақ* дегенде бір ғана құлақты емес, екеуін де, сондай-ақ *көз* дегенде көздің біреуін ғана емес, екеуін де еске алады. Сол себеп-

тен көзі көк (адам), көзін көкшитіп деп сөйлейді де, *көздері көк адам, көздерін көкшитіп* тәрізді сөз қолданыстары оғаш көреді. Алайда қазіргі әдеби тілімізде мұндай сөздерді көптік жалғауында қолдану мағына айқындығы, ой саралығы үшін қажет тәсіл есебінде қалыптасып бара жатыр. Мына сөйлемдер құрамындағы көптік жалғаулы сөздер сондай процестің нәтижесі:

Рульді көптен бері ұстамағандықтан әбден тосырқап қалған қолдар оны баппен ұстап олай-бұлай бұрай бастады... Мынау қолдар *Сталинградта трактор жасаған қолдар* (Ғ. Мүсірепов). Ресми қағаздар тілінде де осы тәріздес сөз қолданыстың жиі кездесуі сол мақсаттан туса керек.

Көптік жалғауының тағы да мынадай екі түрлі қызметін атаған жөн. Егер көптік жалғауы сан есімдер мен үстеулерге (мезгіл үстеулеріне) жалғанса, ол көптік мағына бермей, долбарлы, шамамен алғандағы мөлшерді, мерзімді білдіреді. Мысалы: *Әкелері Тұяқбай ерте өлген, шешелері Ұлберген шаруадан қалмаған, жасы қырық бестердегі кісі* (С. Мұқанов). *Мұрат* ертеңдері келіп қалар. Мұндай сөз қолданыс әрине, ресми қаулы-қарарлар, анықтамалармен ақпарлар, куәліктер тіліне тән емес. Көптік жалғауларының бұл қызметі көркем әдебиет тілінің ерекшелігі. Әдеби шығарма өмір құбылысының образды көрінісі ғана. Сол себептен оған статистикалық мәліметтерді дәл де тура келтіру қажет те болмайды.

Көптік жалғау жалғанған *Оспандар, Омарлар, Мараттар* сияқты жалқы есімдер есім иесінің көптігін білдірмей, сол және соның айналасындағылар, қасындағылар дейтін ұғымды білдіреді. Мұндай сөз қолданыстың басты мақсаты - оның жинақы болуын және аты аталған кісіні оның айналасындағылардан, қасындағылардан бөлектеп, даралап айту.

Сөз жүйесінде септік жалғаулары да айрықша көңіл аударуды қажет етеді. Өйткені олар тек сөз бен сөзді байланыстырып қоймайды, жалғанған сөзіне қосымша мән де үстемелейді.

Айрықша көңіл аударатын септік жалғауларының бірі - *ілік септігі*. Оның жалғаулары бірде айтылады да, бірде айтылмай түсіп қалады. Бұл тек грамматикалық құбылыс қана емес, сөз қолданыспен ұштасатын ерекшелік ілік

септігінің жалғаулары мынадай реттерде түсіріліп айтылуы мүмкін:

1) Ілік септіктегі сөз конкретті меншікті, тәнділікті білдірмей, абстрактылы немесе коллективтік қатынасты білдірген жағдайда: колхоз малы, тауар айналымы, сауда айналымы, мемлекет қаржысы, т. б. Бұл әсіресе жазба тілде қалыптасып келе жатқан салт. Дегенмен, логикалық екпін түскенде немесе тәуелдік жалғаулы сөздің білдіретін мағынасының нендей құбылысқа, затқа, кісіге қатыстылығын білдіру ниеті көзделгенде, ілік жалғауы түсірілмей айтылады. Мысалы: *Дүние жүзінің халықтары бейбітшілік пен бағыт жолындағы қозғалысты қолдай алады...* (газеттен). Бұл сөйлемде дүние жүзінің халықтары, яғни ілік жалғауымен келген. Бұл жердегі ілік жалғаулы конструкция нақтылы мақсатпен айтылған.

2) Кейде жалпының жалқыға, бүтіннің бөлшекке қатысын білдіретін реттерде де ілік “жалғауы түсіріліп айтылуға бейім болады. Мысалы: *гүл иісі (гүлдің емес), тауық сорпасы, қой еті* деп қолдану әрі жинақы, әрі қалыптасып қалған норма тәрізді болып көрінеді. Жазба тілде солай қолданылады да. Дегенмен кейде ілік жалғауын түсірмей қолдану да қажет болады. Мына сөйлемге назар аударайық: *Сондықтан маған тауықтың еті мен сорпасы жұғын да болған жоқ* (С. Мұқанов). *Жігіттің түсін айтпа, ісін айт* (мәтел). *Онымен бірге басқа иіс емес әдемі әтірдің иісі ере келгендей болды* (газеттен). Осы сөйлемдер құрамындағы ілік жалғаулы сөздердің жалғауын түсіріп айтса, сөйлем қиыспайды. Өйткені әңгіме жалпы сорпа мен ет жайында емес, тауықтың сорпасы мен еті жайында болып отыр.

3) Мән-мағынасы жағынан айқын анықтауды керек етпейтін жағдайда ілік жалғаулы сөз бен көмекші есімдерден құралған тіркестердің құрамындағы ілік жалғауы түсіріліп айтылады. Мысалы: *бірде кітап стол үстінде жатыр, бірде кітап столдың үстінде жатыр* деп айтуға әбден болады. Бірақ екі сөйлемнің айтылу мақсаты бірдей емес. Алдыңғысында кітаптың бар екендігі ғана хабарланып тұр, сондықтан стол сөзі жалғаусыз айтылған. Әдетте іс-қимылдың болған, болатын, болып жатқан мекені айрықша аталып көрсетілуі керек болғанда, мұндай тіркестердің құрамындағы ілік жалғауы түсірілмей қолданылады.

4) Күрделі атаулардың құрамында ілік жалғауы бірнеше рет қайталануға тиіс болса, солардың тек біреуі, кейде екеуі ғана түсірілмей толық айтылады да, басқалары түсіріліп айтылады. Мысалы: *Қазақ (тың) мемлекеттік С. М. Киров (тың) атындағы университеті, Шымкент (тің) облысы (ның) Сарысу ауданы (ның) “Победа” колхозының тұрғыны*. Мұндай күрделі атаулар құрамындағы ілік жалғауының түсіріліп айтылуы қазіргі тілімізде нормаға айналып кетті. Бұлардың ізімен тіпті екі сөзден құралатын атаулар құрамындағы ілік жалғауы да түсіріліп айтылады. Мысалы: *балалар (дың) бақшасы, пәтер (дің) ақысы, кафедра (ның) меңгерушісі* т. б. Бұндай тіркестер ауызекі сөйлеу тілінде ешбір жалғаусыз, қабыса байланысқан тіркес түрінде де айтылады: *бала бақша, пәтер ақы* т. б.

Қазіргі жазба тілде ілік жалғаулы конструкцияға -лық аффиксімен келген тіркестер мәндес болып келеді: *қоғамдық мал, ауылдық совет, мемлекеттік орган, бесжылдық жоспар*, т. б. қазіргі тілімізде қалыптасып, тұрақталып кеткен тіркестер абстрактілі тәндікті, қатынасты білдіретіні белгілі. Мұндай сөз қолданыс - әдеби тілдің кейінгі дамуының жемісі. Жазба әдеби тілдің жана қалыптасу дәуірінде бұл сияқты тіркестер ілік жалғаулы конструкция түрінде айтылған. Бірақ қазіргі әдеби тіл мұндай қалыптасқан терминдік тіркестерді ілік жалғауымен қолданбайды.

Барыс жалғауы іс бағытталған, арналған жанама объект мәнінде, кейде жатыс жалғауымен синонимдік қатар құрады, Мысалы: *Терезе алдындағы алма ағашы бөлмеге күн сәулесін түсірмейді. Терезе алдындағы алма ағашы бөлмеде күн сәулесін түсірмейді* (газеттен). *Ол от-дәріні қай жерге сақтайды, қайтеді - ол жағынан хабарсыз болады. Ол от-дәріні қай жерде сақтайды - ол жағынан хабарсыз болады* (Есенберлин). Осы сөйлемдер құрамындағы бөлме, жер сөздері бірде барыс жалғаулы, бірде жатыс жалғаулы болып қолданылған. Барыс тұлғасының жатыс тұлғалы сөзбен жарыса қолданылуы статикалық күйді, қалыпты білдіретін етістіктермен тіркесіп келгенде де байқалады. Қазақ тілінде *қону (далада қону, далаға қону), қамау (үйге қамау, үйде қамау), бату (суға бату, суда бату), отыру (орындыққа отыру, орындықта отыру), қалу (жұмыста қалу, жұмысқа қалу)* тәрізді етістіктер екі түрлі септік жалғауын қажет етеді.

Қай тұлғада (барыс, не жатыс тұлғасы) қолданса да сөз мақсатымен, контекст ерекшелігімен байланысты болады.

Барыс жалғауы (осы мәнде) кейде көмектес жалғауымен жарыспалы қолданылуы да кездеседі. Мысалы: *Төрт түлікке толды аймақ, осынау аулым колхозда* (Жамбыл). Осы сөйлемнің алдыңғы бөлігіндегі түлікке сөзін өзгертіп көмектес септікте қолданып, *төрт түлікпен толды аймақ осынау аулым колхозда* деп айтуға да болар еді. Бұдан грамматикалық тұрғыдан ешбір нұсқан келмес еді. Бірақ бұл жерде мынадай бір ерекшелікті ескеру керек. Барыс жалғауда қолданғанда сөз мағынасы үдемелі мәнде ұғынылады, яғни жоғарыдағы сөйлем ыңғайында айтқанда *“қазір көп болғанмен, әлі де көбейе береді”* дейтін ұғым туады. Өйткені барыс септік әдетте қозғалыспен, қимылмен байланыстың қолданылуға бейім. Ал *түлік* сөзін көмектес септікте айтсақ, онда бүкіл аймақ сонымен толы болды, ешбір бос жер қалмады дейтін ұғым туар еді. Іс-қимылдың болатын мезгіл-уақытын, мезгіл мөлшерін білдіруде барыс септікке жатыс септік синоним болады, Мысалы: *студенттердің ғылыми конференциясы жылына бір рет өткізіледі. Студенттердің ғылыми конференциясы жылында бір рет өткізіледі.* Дегенмен бірде әдеби норма тұрғысынан, бірде мағыналық мәнер тұрғысынан мұндай сөз қолданысты бірдей деп қарауға болмайды. Әдеби тіл тұрғысынан жылына тұлғасы норма болып саналады да, жылында сөйлеу тілінің элементі дәрежесінде қалады.

Сонымен қатар, сөйлем ішінде іргелес орналасқан сөздердің бәрі бірдей жатыс жалғауында айтылуы әуезділік тұрғысынан да, айқындылық тұрғысынан да пайдасыз болар еді. Мынадай бір мысал келтірейік: *Айтқан уақытта дәл келу, айтқан жерде дәл болу - біздер үшін қатаң заң.* Осы мысалда қатар тұрған екі сөздің де жатыс тұлғалы болуы ойландырарлық жай. Сірә, дұрысы алдыңғы сөзді барыс тұлғасында қолданып, *“Айтқан уақытқа дәл телу, айтқан жерде дәл болу - біздер үшін қатал заң”* деп айту орынды болмақ. Өйткені, сөйлемнің алдыңғы бөлігіндегі келу етістігі қимылды білдіреді, олай болса, барыс септік айтылу орынды, ал соңғы бөліктегі болу - статикалық қалыпты білдіреді, сондықтан бағыныңқы сөздің жатыс тұлғалы болуы дұрыс.

Қазақ тілінде бірде сөз табыс жалғауымен келеді де, бірде табыс септік мәнді болса да, жалғаусыз айтыла береді. Мысалы: *кітапты оқыды, кітап оқыды*. Бірақ барлық ыңғайда да табыс жалғауын қоспай айтуға бола бермейтіні айқын. Мына реттерде жалғаусыз айтуға болмайды: а) Кісі аттары: *Әйгерім Абайды кінәламаса да, ақтамақшы емес* (М. Әуезов). Жіктік және сілтеу есімдіктер: *Шеген біржолла мені тартып әкетті* (Ғ. Мүсірепов). ә) Сын есімдер мен сан есімдер, есімше етістіктері іс-әрекеттің объектісі мәнінде айтылса, табыс жалғауы түсірілмейді: *Жақсыны көрмек үшін* (мақал). *Сағат сегізді соқты... Шын тапқан деп жақсылық тапқанды айтат та* (М. Әуезов). Егер осы сөйлемдер құрамындағы сөздердің табыс жалғауын түсіріп айтатын болсақ, онда сөз мағынасы өзгерер еді немесе сөйлемдегі сөздер өз ара дұрыс байланыспай жүйесіз болып шығар еді.

Екінші жағынан, табыс жалғауын әр уақытта қосып айтуға бола бермейді. Бұл, ең алдымен, бір ғана ырғақпен айтылып, қалып-тасып кеткен сөйлемдер құрамында жиі кездеседі. Мысалы: *Орақшының жаманы орақ таңдайды* (мәтел). *Ғылым таппай мақтанба, орын таппай, баптанба* (Абай). Осы сөйлемдер ішіндегі орақ, ғылым, орын сөздеріне табыс жалғауын жалғап айтсақ, ырғаққа сыймас еді.

Табыс жалғауының айтылмауы кейде сөзге логикалық екпіннің түспеуімен де байланысты. Мысалы: *Абай мен Ербол Семей қаласының өз ішінен пәтер алды* (М. Әуезов) деген сөйлемдегі *пәтер* сөзіне табыс жалғауын қосудың қажеті жоқ. Сөйлемнің мақсаты - Абай мен Ерболдың қаланың ішіне орналасқанын хабарлау ғана. Егер ой мақсаты пәтер алуын хабарлау болса, табыс жалғауын қосу керек болар еді. *Бала кітап оқыды. Бала кітапты оқыды* деген сөйлемдер құрамындағы кітап сөзінің табыс жалғаулы және жалғаусыз жұмсалуды да осындай.

Бала кітап оқыды дегенде бала бос отырмады, бір нәрсемен айналысып отырды деген біршама жалпы мән болса, *бала кітапты оқыды* дегенде басқаны емес, тек кітапты оқығандығын хабарлау мақсаты бар.

Қазақ тілінде табыс септік жалғауының кейде барыс тұлғасымен жарыспалы қолданылуы кездеседі. *Әкесі Маратты ұрысты, әкесі Маратқа ұрысты* тәрізді бір ғана

сөзді екі түрлі айтып, жазу салты бары белгілі. Әдеби нормаға жақын түрі, әрине, барыс жалғаулы түрі болса керек. Ұрысу етістігі өз табиғатында барыс жалғауын қажет етеді. Сондықтан жоғарғыдай сөздердің табыс жалғаулы түрін әдеби нормадан ауытқушылық деп қана қарау қажет.

Табыс жалғауы кейде шығыс жалғауымен жарыса қолданылады. Бірақ ондай қолданыстың кейбір мағыналық ерекшелігі бар. Мысалы: *судан аттады - суды аттады, бұрыштан айналды - бұрышты - айналды, асудан асты — асуды асты, өзеннен өтті — өзенді өтті* тәрізді бірде шығыс, бірде табыс септік жалғауы айтылады. Мұндай ыңғайда шығыс септіктің қолданылуы жалпы мән берумен байланысып жатады. Екінші сөзбен, шығыс жалғаулы сөз белгілі бір нақты объектіні көздемейді, істің орындалу барысындағы өтілуге тиіс объектінің бірі ретінде ұғынылады. Ал, табыс септігінің қолданылуы нақты объектіні еске алуымен байланысып жатады. Іс-қимылдың мекен-орнын білдіруде жатыс тұлғасы шығыс жалғауымен жарыспалы қолданылуы мүмкін. Мысалы: *Алматы қаласында № 12 мектепте оқыдым. Алматы қаласында № 12 мектептен оқыдым.* Мұндай баламалардың жатыс жалғаулы түрі қазіргі тілімізде жиі қолданылып жүр.

Жатыс септікте тек мезгіл мәнді (кез, шақ, уақыт, т. б.) сөздер ғана емес, лексикалық түрғыдан оған жатпайтын сөздер де мезгілдік мән ала алады. Сондықтан мұндай қолданыс публицистика мен көркем әдебиетте ғана жиі кездеседі. Ресми стиль (кеңсе стилі және ғылыми әдебиеттер стилі) мұндай реттерде айқындыққа, дәлдікке ұмтылады.

Шығыс жалғауы мынадай мағыналық мәнерлерде қолданылады:

1) Заттың неден істелгендігін білдіреді: *тастан үй салды.* 2) Нәрсенің шығар көзін білдіреді: *білімді кітаптан алады.* 3) Іс-әрекеттің шығатын, таралатын мекенін білдіреді: *Қарағандыдан көмір шығады.* 4) Іс-қимылдың пайда болу, таралу мезгілін, уақытын білдіреді: *жастайынан суретке әуес.* Дегенмен халық тілінің практикасында *тастан үй салды, ағаштан ыдыс жасады* тәрізді тіркестерді шығыс септігінсіз-ақ “тас үй салды, ағаш ыдыс жасады” деп айту да бар. Әдеби тілде екеуі де жарыса қолданылады. Бұл екі тәсілдің арасындағы айырмашылық: шығыс септік жалғауы

заттың неден істелгендігін білдіріп, сөзге логикалық екпін береді. Егер мұндай даралап, нақтылау қажет болмаса, олар шығыс жалғауынсыз, түбір күйінде айтыла береді. Мысалы: *Өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды* (Ыбырай). Осы сөйлемдегі ақынның айтайын деген ойының өзі белгілі дәрежеде шығыс септік тұлғасына байланысты. Сол сияқты, *ағаштан ыдыс жасады* — *ағаш ыдыс жасады* тәрізді параллельдер мағыналық мәнер тұрғысынан бірдей емес. Алдыңғысында заттың тегін көрсету басым да, соңғысында заттың жасалу фактісі ғана хабарланған.

Кейде табыс септік пен шығыс септіктің тұлғалары мәндес қолданылады. Ауызекі сөйлеуде, “*қалтандағы ақшаңнан жұмса*”, “*ақшанды жұмса*” деп мәндес қолдану жиі кездеседі. Дегенмен жазба тілде (сөйлеуде де) мынаны ескерген дұрыс. Егер айтылып отырған іс-әрекетке сол зат түгел қатысты болса ғана табыс тұлғасын қолдану орынды, ал ішінара қатысты болса шығыс тұлғасын қолдану дәл.

Шығыс септік тұлғасының мезгілдік мәнде жұмсалуы қарапайым сөйлеуде, эпистолярлық қағаздарда, сондай-ақ көркем әдебиет шығармаларында жиі кездеседі. Шығыс тұлғасы мезгіл-уақытты дәл көрсетіп, белгілі мөлшерді білдірмейді, тұтас бір кезенді, мол уақыт мөлшерін көрсетеді. Әрқашан дәлдікті, басы ашық айқындықты мақсат ететін стильдер жүйесіне бұл ыңғайлы тәсіл болмайтындығы да сондықтан.

Көмектес септік, негізінен, іс-қимылдың не, кім арқылы жасалғандығын, іс-әрекеттің болу ерекшелігін, себебін, орын-мекенін, мезгілін білдіретіні мәлім. Көмектес жалғауы мекендік мәнде жатыс септік орнына жұмсалады. Мысалы: *Рахмет бір күні Нева даңғылымен келе жатты*. (Ерубәев). Жоғарғы сөйлемді *Рахмет бір күні Нева даңғылында келе жатты* деп те айтуға болар еді. Дегенмен бұл жердегі бір ерекшелік көмектес жалғауы істің мекенін сол мекен-орынның ұзына бойына созылған қимылмен байланысты білдіреді. Жатыс септік тұлғасынан мұндай жіктелген мән байқалмайды. Сол сияқты мезгілдік мәнде қолданылғанда көмектес септік тұтас мерзімді білдіреді: *Күнімен күтті, түнімен жүрді*. Көмектес жалғауы бұл мәнде тек *бойы* көмекші есімді тіркестермен ғана синоним бола алады: *Күні бойы күтті - күнімен күтті*.

Сонымен, зат есімнің септік жалғаулары, олардың кейбір қолдану ерекшеліктері осы тәрізді. Септік жалғауларын дұрыс қолдану ең алдымен олардың грамматикалық ерекшеліктерін, мағыналарын білу деген сөз.

Қолданылу сипаты тұрғысынан назар аударатын грамматикалық категорияның бірі - сын есімдердің заттануы, сөйтіп зат есім мәнінде қолданылуы. Сөйлеуде болсын, жазба тілде болсын сын есімдердің зат есім мәнінде қолданылуы - сөздің жинақы, ойдың образды болуы үшін ұтымды тәсіл. Мына төмендегі үзінділерде сын есімдер сондай мәнде қолданылған.

*Сонан бері рақымсыз көп жыл өтті,
Орақ келді, орылар мезгіл жетті.
Жылы менен суықтың бәрін көріп,
Қайран көңіл қайыспай қайрат етті*
(А б а й).

... *Өзен тоқтап, көп мақпал қара ағып бара жатқандай сезіледі* (Ғ. Мүсірепов). Дегенмен, сын есім атаулының бәрі бірдей заттанып, зат есім мәнін алуға бейім бола бермейді. Сапалық сын есімдердің көпшілігі-ақ сондай мәнде жұмсалуға бейім болса, кейбір қатыстық сын есімдердің мұндай қасиеті жоқ. Ауызекі тілде әр кез кездесетін “*әлгі құлықсыз келді*”, “*құнтсызбен жолдас болма*” тәрізді конструкциялар жазба тілде кездесе қоймайды. Жазба тіл мұндай реттерде сын есімді зат есімдермен тіркестіріп қолдануға (құнтсыз адам, құлықсыз бала) ұтылады.

Ауызекі сөйлеуде де, жазба тілде де адам мағынасында заттануға бейім қатыстық сын есімдер мыналар -ғыр (-гір), -ғыш (-гіш), аффикстері арқылы жасалған сөздер: *білгір, білгіш, айтқыш, сөйлегіш*. Сондай-ақ, екі зат есімнің, не зат есім мен сын есімнің бірігуінен жасалған сын есімдер де көбіне бейнелі ойдың көрінісі ретінде ауызекі сөйлеуде де, жазба тілде де жиі кездеседі: *тас бауыр, су жүрек, өр көкірек, есалаң, ашқарақ, қан күйілі, жансебіл, көкжал* т. б.

Қатыстық сын есімдердің мағынасы өздерінің арғы төркіндерінің мәніне орайлас келіп жатады. Мысалы: *мақтаншак*, (мақтануды сүйетін адам), *ашушан* (тез ашуланатын адам), *білгіш* (көп білетін кісі немесе көп білемін деп

ойлайтын кісі) т. б. Бұл ерекшелік кейбір қатыстық сын есімдерді реті келген жерінде мәндес конструкциялармен ауыстырып қолдануға мүмкіндік береді: *Бала жаңа туған кезінде ұйқышыл болады. Бала жаңа туған кезінде көп ұйықтайтын болады.* Екі сөйлемде де айтылатын ой - біреу. Бірақ сол мәнді беру тәсілі өзгеше: бірінде сын есім, бірінде синтаксистік конструкция қолданылған. Дегенмен, бұлардың әрқайсысы әр түрлі стильдік жүйеде қолданылуға бейім. Егер публицист не жазушы өз шығармасында қатыстық сын есімді қолданса, ғылыми еңбектің авторы оның орнына есімшелі сөз тіркесін лайық көрер еді.

Сәбит Мұқановтың “Өмір мектебінде” мынадай сөйлемдер бар. *Сені жәдиттің молдасын жалдап әкелді деп еді, рас па? - деп сұрайды.*

- *Рас, - дейді Нұртаза.*

- *Ондай дін бұзғыштарды қайдан жолатып жүрсің? - дейді хазірет.*

- *Дінді бұзған молданы көрген жоқпын, - дейді Нұртаза.*

Бұл үзіндіде бір ғана мән екі түрлі тәсілмен - сын есім және синтаксистік конструкция арқылы берілген. Бұлай қолданыс - әрі сөз қайталамаудың, әрі ойды мәнерлі де айқын айтудың тәсілі.

Тектік (род) мән туғызудың грамматикалық тәсілдері де сөз жүйесінде назар аударуды қажет ететін мәселелердің бірі. Ана тілімізде тек категориясының жоғы мәлім. Дегенмен кейбір сөздер құрамында түбірмен бірігіп кеткен бірен-саран қосымшалар кездеседі. Мысалы, жалқы есімдерге жалғанатын *-ша, -ше* қосымшасы осындай. Сонымен бірге Шығыс тілдерінің ықпалымен қалыптасқан *мұғалима*, Батыс тілдерінің ықпалымен пайда болған *секретарьша, официантка, лаборантка, комсомолка* тәріздес сөздер де бар. Әрине, ана тіліміз бұлардың бірқатарын өз заңдылығына лайықтап, тектік қосымшаларды түсіріп айтады. Мысалы, орыс тілінен енген газета сөзі біздің тілімізде газет түрінде қалыптасты. Куәліктерде, қаулы-қарарларда, анықтамалар мен акпарларда, жолдамаларда т. б. ресми қағаздар тілінде комсомол (мүшесі), официант, секретарь деп жазылып жүр. Бұл нормаға айналды. Сөз мәдениеті тұрғысынан лауазым иесінің ер я әйел екендігін анықтап

жазу тәсілінің де айрықша мәні бар. Мысалы, *Штейнберг*, *Диких*, *Трахтенберг* тәрізді басқа халықтарға төн фамилиялардан сол кісінің әйел не ер кісі екендігін білу қиын. Оның үстіне қазақ тілінде орыс тіліндегідей қимыл иесінің әйел я ер кісі екендігі сөйлемнің баяндауышынан да көрінбейді. Мұндай жағдайда лауазымды білдіретін зат есімнен кейін, сол лауазым иесі кісінің өз атын айту қажет болады. Мысалы: *Лаборант Юрий Трахтенберг, тракторист Людмила Диких* т. б.

Тектік ұғым беретін создер мен тұлғаларды қолдану көркем әдебиет тілінде, ресми тілдегідей емес, ерекше мән алады. Кейбір тектік қосымшаларды қолдану оқушы ойында жеңіл ирония туғызу мақсатымен немесе жазушының субъективтік айрықша тәсілімен ұштасып жатуы мүмкін. Мысалы:

“Сөйткенше төрде отырған біреудің қатты тамсанған әнін есітті. Қараса, Сары апаң екен. Ол ашулы түспен түйіліп, қара шапанды басына жамыла беріп, жүрелей отырып ап айғайлай жонелді. Созінің басы. Бөжейді мақтау мен сол жақсыны жоқтау еді. Соның аяғын шұбыртып кеп:

*Мына да қарлар не дейді.
Жақсыдан жаман кобейді.
Ескінің асыл козі еді
Ұрлап та көмдің Бөжейді,—*

деп, қатты айғайлап қалт тоқтады (М. Әуезов). Шебер де жетік жазушы әйелдің атын *Сары апаң* коймай, басқаша қоюына да болар еді. Бірақ *Сары* сөзіне *апаң* сөзін қосып айтып, әрі тектік ұғым туғызса, әрі есім иесінің сол ортада (Құнанбай ортасында) атқарар міндетін де айрықша нәзік тәсілмен байқатып отыр. Сондай-ақ *қар* сөзі де тектік айырмашылықпен байланысты айтылатын қарғыс сөзі. Әйтсе де осы сөз де белгілі бір мақсатпен орайлас айтылған. Жалпы қарғыс, балағат мәнінде бір нәрсе айтқысы келетін болса, оның орнына басқа сөз қолдануға да болар еді. Дегенмен жоқтау айтушы қыздардың жас шамасы мен мінез сипаты оқушыға бір сөз арқылы айнымай, дәл жетіп тұр.

Немесе мына бір мысалға көңіл аударайық.

“Дегенмен құлақтандыруда бәлендей қызық еш нәрсе де жоқ еді: Коцебу мырзаның драмасы койылып жатыр

екен, онда Ролланы - Поппевин, Кораны, - Зяблева бикеш ойнайды депті” (Гоголь).

Зяблева дейтін фамилияның өзі оның әйел екенін білдіріп тұр. Бірақ *бикеш* сөзі қосылмаса, айтылып отырған оқиғаға автордың қатынасы айқын байқалмаған болар еді. Жазушы стилінің мұндай сөздерді қолданудағы ерекшелігін байқау үшін Ф. Мүсіреповтің мына сөйлеміне де назар аударған дұрыс:

Ерінің бір ескерткенін ендігәрі қайталанбауға дағдыланған сылаң тоқал Айғанша қысыр жыландай жүйіткіп жүр. Мүсірепов стилінің ерекше бір қырын танытатын бұл сөйлемде тектік мән беретін сөзден гөрі тектік мән берілген тенеудің (қысыр жыландай) қолданысы айрықша назар аударады.

§ 44. Морфологиялық тұлғалардың жеке стиль түрлеріне қатысы

Тіліміздегі сөздердің кейбір топтары белгілі бір стильдік салаға (мейлі ол жазба стиль болсын, әлде сөйлеу стилі формасы болсын) тән болып, қалыптасқан жүйеде ғана қолданылатыны тәрізді, кейбір морфологиялық тұлғалардың да бір жүйеде ғана, бір ыңғайда ғана қолдануға бейімділігі көзге түседі. Әрине, морфологиялық тұлғаның бір ғана стиль құрамында жиі жұмсалуды оның әдеби тілдің басқа бір саласында кездеспейтіндігін дәлелдемейді. Ол тұлға басқадан гөрі сол стильде жиі қолданылады, сол мән-мағынада біршама қалыптасқан деп қана түсінілгені мақұл. Сондықтан да әдеби тілдің тек бір ғана саласында морфологиялық тұлғалардың қолданылып, басқа ыңғайда кездеспейтін түрлері аса сирек. Өйткені морфологиялық категориялар, жеке сөздердей емес, сөйлемнің субъективтік мәнеріне тікелей қатысты бола бермейді. Көбіне ойдың, хабардың объективтік мазмұнымен тікелей байланысты болып келеді.

Сонымен, әдеби тілдің белгілі бір стильдік саласында жиі қолданылуға бейім морфологиялық тұлғалар бар.

Қазақ әдеби тілінің құрамындағы стильдік салалар морфологиялық құрамы жағынан бір-бірінен соншама алшақ-

тап кетпейді. Құрамында жиі жұмсалатын морфологиялық тұлғалардың сипатына қарай, жазба стильдерді негізінен екі топқа бөлуге болады. Морфологиялық құрамы тұрғысынан кеңсе стилі мен ғылыми стиль бір-біріне жақын, бір-бірімен орайлас. Сол сияқты публицистикалық стиль мен көркем әдебиет стилі бір-бірімен үндесіп жатады. Соған орай публицистикалық стильде жиі кездесетін морфологиялық тұлғалар көркем әдебиет тілінде де біршама жиі қолданылады.

Кеңсе және ғылыми әдебиеттер тілінің басты бір ерекшелігі олардың құрамында автордың субъективтік көзқарасы, қатынасы көрінбейді. Соған орай кеңсе қағаздарының (куәліктер, ақпарлар, қаулы-қарарлар, қатынас қағаздар т. б.) тілінде, сондай-ақ ғылыми әдебиеттер тілінде кішірейткіш мәнді аффикстер көп қолданылмайды. Бұл жерде әсіресе қолданылмайтындар - сын есімнің кішірейткіш мәнді жұрнақтары: -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу (*ұзындау, сұңғактау, үлкендеу, қисықтау* т. б.) -ғыл, -ғылым, -ғыш, -ілдір (*қызғылт, сарғыш, қызғылым, көкшіл, көгілдір* т. б.). Бұлардан белгілі бір мағыналық топқа жататын сөздер ғана жасалады. Соған орай бұл аффикстер арқылы жасалған сөздердің қолданылу өрісі де аса кең емес, -ан, -ен, -қай (*босан, алаң көз, сидан жігіт* т. б.), -ша, -ше (*шоқша сақал, биікше*) т. б. аффиксті сын есімдер де сирек ұшырайды.

Зат есімге қосылып, кішірейткіш мәнге үстеме экспрессивтік мәнер туғызатын аффикстер де мұндай стильдік салаларда жиі кездесе қоймайды. Олар мына тәрізділер: -тай, -ке, -ш, -жан, -сы-мақ (*атеке, ағеке, ағатай, жеңгетай, Дінмұхамет — Димаш, атсымақ, адамсымақ*), -ша, -ше, -шақ, -шек, -шық, -шік, -қан, (*бұзауқан, үстелше, бақыршық*). Мысалы, кісінің жеке портретін айтып, түстеме жасалатын кеңсе қағазына “*бойы ұзынша, өңі ақ құбаша*” деп жазудың ешбір қажеті жоқ. Немесе қатынастар мен ақпар қағаздарында, мал шаруашылығы жайлы статистикалық мәліметтерде “*әрбір 100 сиырдан 100 бұзауқан алды*” деп жазуға болмайды. Дегенмен, бұл ыңғайда мынадай жайларды да ескеру қажет. Әдетте сөз жасаудың қалыптасқан тәсілдері сөз қолданудың тарихи — дәстүрлік ерекшеліктерімен астасып, сонымен ұштасып жатады. Әдеби тіл да-

муының бір кезендерінде әр түрлі тарихи жағдайлардың ықпалымен жеке туынды сөздер өздерінің семантикалық және экспрессивтік ерекшеліктеріне қарамай, басқа бір мәнде, қолданыста қалыптасып отырады. Мысалы, кішірейткіш мәнді аффикстер арқылы жасалған сөздердің кейбірі кеңсе стилінде, әсіресе ғылыми әдебиеттер тілінде жиі қолданылады. Мысалы: *кітапша, бұтақша, жаңқа, бозша* (торғай), *жарғақша, қараша* тәрізді сөздер кеңсе қағаздары тілінде де, ғылыми әдебиет тілінде де жиі қолданылатын сөздердің қатарына жатады. Себебі бұлар белгілі бір салаға қатысты термин сөздер болып қалыптасқан. Соның салдарынан сөз құрамындағы аффикстерге тән экспрессия жоғалып, тура мәнінде ғана ұғынылады. Егер ботаника ғылымы саласында жазылған ғылыми еңбектің тілінде *бұтақша* сөзі кездесе, оқушы сөз құрамындағы *-ша* аффиксінен туар экспрессияны байқамас еді. Ал психология жөнінде жазылған еңбекте *мишық* терминінің қолданылуы әбден орынды, егер ол айтылмай басқа бір сөз қолданылса, оқушы ұғымында қалыптасқан түсінік шатасар еді. Әриіе, бұдан басқа ыңғайда айтылатын *мишық*, сөзі жағымды мағына бермейді. Сондай-ақ *қараша* сөзі астрономиялық мәнде жұмсалғанда қара да емес, қызыл да емес, қоспа түс дейтін мән туғызбаса керек. Әр жыл сайын белгілі бір мезгілде қайталанып отыратын табиғи құбылысты ғана білдіреді.

Ғылыми стиль мен кеңсе стилінде аса сирек, кейде тіпті кездеспейтін морфологиялық тұлғалардың бірі сын есімнің салыстырмалы, күшейтпелі шырай түрлері. Әдетте автордың іске, ойға, қимылға субъективтік қатынасын білдіретін грамматикалық тәсілдер болып саналатын бұл тұлғалар мынадай: а) сын есімнің салыстырма түрлерін жасайтын аффикстер: *-рақ, -рек* (*үлкенірек, қызылырақ, сарырақ*); ә) *-қып-қызыл, сап-сары* түрінде, яғни толық мәнді сөздің алғашқы буыны қайталану арқылы, сондай-ақ, өте, аса, тым, тіпті, шым сөздерінің негізгі сын есімдерге тіркесіп келуі арқылы (*өте қызыл, өте жақсы, тым жақсы, шым қызыл* т. б.) жасалатын күшейтпелі шырай түрлері. Іс қағаздарында, ғылыми әдебиеттер тілінде *-рақ, -рек* тұлғалы сын есімдердің орнына заттың, әлде сапаның бір-бірінен проценттік айырмашылығын көбірек айтады. Сондықтан *“Заводтың бірінші цехқы айлық жоспарды 12 пайызға артық, орында-*

ды” дейтін сөйлемді “*Заводтың бірінші цехы айлық жоспарды артығырақ орындады*” деп жазу кеңсе стиліне тән емес. Өйткені кеңсе стилінің негізгі ерекшелігі - іс-әрекетті болған күйінде, қалпында, аумақ-шеңберінде дәл де айқын жеткізу. Бұл іспеттес сөз қолданыс публицистикалық әдебиеттер тіліне тән. Сын есімнің күшейтпелі, асырмалы түрлері кісі ойының әсерлілігін, эмоциясын білдірудің құралы. Өз ойын әсерлі де әдемі жеткізуді ойласа, сөйлеуші *жап-жақсы, тап-тамаша, қып-қызыл, шымқай аппақ* тәрізді әсіре мәнді сын есімдерді жиі де үстемелей қолданады. Ал кеңсе қағаздары мен ғылыми әдебиеттерде олардың орнына заттың, әлде сапаның бір-бірінен айрықша артықшылығы сан мөлшерімен ғана айтылады, не синтаксистік конструкциялар арқылы беріледі.

Кеңсе және ғылыми әдебиет стиліне ортақ морфологиялық тұлғалар деп мына төмендегілерді көрсетуге болар еді:

Зат есімдік және сын есімдік түбірден зат есім тудыратын *-лық, -лік (-дық, -дік, -тық, -тік)* жұрнағы. Бұл арқылы әр түрлі мағыналық топтарға жататын сөздер жасалады. Ондай сөздердің бірсыпырасы *азаматтық, дұшпандық, үстемдік* тәрізді абстракт ұғымдарды білдірсе, бірсыпырасы *тереңдік, жуандық, қалыңдық, жылдамдық, ауырлық* тәрізді зат пен құбылыстың әр түрлі қалыбы мен күйін, жағдайын білдіреді. Бұлардың басым көпшілігі терминдік мән алып, нормаға айналған қалыптасқан атаулар болып етті. Мысалы, *бейтараптық, серпімділік, оқулық, сөздік, жылылық, дымқылдық* т. б. Бұлар - бүгінгі тілімізде ғылым мен шаруашылықтың, әр саласында қолданылатын қалыптасқан атаулар.

-лық аффиксі арқылы нақтылы зат атауы да жасалады. Мысалы: *белдік, ауыздық, егіндік*. Халық тіліндегі осы сөзбен қазіргі әдеби тілімізде *орталық сөздік, өсімдік, оқулық* тәрізді жаңа сөздер пайда болды. Жеке ғылым салалары мен шаруашылықтың, техниканың түрлеріне қатысты осындай жаңа сөздер жасау процесі тоқтап қалмай ары қарай өрістей бермек.

-шылық, -шілік аффиксі арқылы жасалған сөздер көбіне кәсіптің, шаруашылық түрлерінің немесе әлдебір абстракт күй қалыптын атауы болып отырады. Мысалы:

мақтаншылық, диқаншылық, оқытушылық, ойланушылық, т. б.

-шылдық, -шілдік аффиксі арқылы жасалатын *төрешілдік, кеңсешілдік, гегельшілдік, кантшылдық* тәрізді сөздер көбінесе саяси әдебиеттер тілінде қолданылады.

Абстракт ұғым атауларын немесе зат пен құбылыстың қандай да бір болсын айрықша белгісінің атауын жасайтын *-лық (-лік, -дылық, -ділік, -тылық, -тілік)* аффиксі арқылы жасалған сөздер де ғылыми әдебиет тілінде, ішінара кеңсе стилінде де кездесіп отырады. Мысалы: *музыкалық, қуаттылық, зейінділік, екпінділік, айнымалылық, серіппелілік* т. б.

Халық тілінде белгілі бір зат атауын жасауда ертеден қалыптасқан тәсілдің бірі - етістік сөздерден *-қыш (-кіш, -ғыш, -гіш)* аффиксі арқылы жаңа сөздер жасау. *Сыпырғыш, жапқыш* тәрізді сөздер осы жолмен пайда болған. Кейінгі дәуірлерде бұл ғылым мен техника салаларында жаңа атау жасаудың өнімді тәсілдерінің біріне айналды. Кейінгі кезеңде қалыптасқан *жылытқыш, сепкіш, мұздатқыш* тәрізді атаулар да осы жолмен пайда болды.

Әдетте етістік сөздерден есім жасайтын *-ма, -ме, (-ба, -бе, -па, -пе)* қосымшылары да әр түрлі документтер атауларын, сондай-ақ жіктелген зат атауларын жасаудың өнімді тәсілі. Кеңсе қағаздарында қалыптасып кеткен *анықтама, жолдама, мінездеме, сипаттама, хабарлама, ескертпе, сілтеме жарнама* т. б. атауларды немесе *түнба, қоспа, шығарма, тұндырма* тәрізді ғылымның әр түрлі салаларына қатысты сөздер осы аффикс арқылы жасалып қалыптасты.

Кеңсе қағаздары мен қоғамдық ғылымдар жайындағы әдебиеттерде көп қолданыс табатын аффикстердің бірі - сын есім жасайтын *-лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік)*. 20-30-жылдардағы әдеби тілімізде *-лық* аффиксі мен оның қысқарған түрі *-лы* аффиксінің қолданылуында белгілі бір шек болмағандығы мәлім. Әдеби тіліміздің кейінгі даму барысы *-лық* аффиксін көбіне ресми атаулар мен термин сөздер құрамына теліді де, *-лы* аффиксі затқа, құбылысқа тән ерекшелікті білдіретін қарапайым сын есімдер жасайтын тәсіл болып қалды. Бұл аффиксті қолдануда сөз мағынасының мәнері де есте болу керек. Егер айтылатын ой,

білдірілуге тиіс мағына бірыңғай ұғымдарды ажыратуға негізделсе, онда -лы аффиксін қолдану әлдеқайда ұтымды. Мысал үшін *қалалы жер* тіркесін алайық. Осы тіркестің алғашқы компонентіне -лық аффиксін қосып *қалалық жер* деп айту сырт көзге бірдей болғанмен, мағыналық жағынан дәл емес. Мұндай реттердің бәрінде тек қана -лы аффиксі қолданылады. Осының ізімен тілімізде *колхоздық ауыл, минералдық су* делінбей, *колхозды ауыл, минералды су* деп қана айтылады. Дегенмен, -лық, -лы аффикстерінің қайсысының қолданылуы сөз мағынасының өзгеруімен ұштасыл жататын кездері болады. Айталық, физикада қолданылатын *космостық сәулелер* терминінің *космосты сәулелер* деп, математикадағы *эвклидтік кеңістік* терминінің *эвклидті кеңістік* деп айтуға немесе жазуға болмас еді. Өйткені тіркестің алдыңғы компоненттері соңғылардың тәндік белгісін білдірмей, қайта олардың (екінші компоненті білдіретін құбылыстардың) шығу тегін айқындап тұр. Сондықтан мұндай реттерде -лық аффиксінің орнына -лы ны қолдану сөз мағынасын бұрмалау болады. Дегенмен -лық аффиксін терминдік сөз тіркестерінің құрамында қолдануда да сөз қолданыстың қалыптасқан жүйесін және терминдік тіркестің мәнін еске алу керек болады. Мысалы, физикада және техника салаларында жиі айтылатын *автогенмен пісіру* тіркесін *автогендік пісіру* деп жазу - сол терминнің мәнін түсінбеушіліктің салдары. Өйткені *автоген* - дерексіз құбылыс емес, қолға ұстап, қозбен көруге болатын зат. Халық тілінде мұндай реттерде көмектес жалғауын қолданады да, *балтамен шапты, пышақпен кесті* деп айтады. Жаңағы қисында да *автогендік пісіру* емес, *автогенмен пісіру* деп айту әрі сол құбылыстың мәнін түсінгендік, әрі халық тілінің қалыптасқан ізін сақтау болады. Сондай-ақ математикада қолданылатын *теңбе-тең ауыстыру* (тождественная подстановка) терминінің орысша нұсқасына қарап *теңбе-теңдік ауыстыру* деп өзгерту осы тіркестің айтылуын, түсініктілігін ауырлатудан басқа пайда бермейді. -лы аффиксінің қолданылуына байланысты тағы бір ерекшелік -у тұлғалы қимыл есімге жалғанған -лы -ған (есімше тұлғасы) қосымшасына синоним болуы бар. Сөйлеу, жазу тілінде ұшырасатын *күзсулі жылғы, жиюлы жүк, тұрулі есік* (киіз үйдің) тәрізді тіркестер құрамын-

дағы -лы аффиксті сөздерді *күзелген, жиылған, түрілген* деп те өзгертіп айтуға болар еді. Әрине, әрқайсысының өзіне тән қолданыс мәнері бар, бірақ мағыналық алшақтық жоқ. Ал, -лық аффиксті сөздер мұндай синонимдік қатар құрай алмайды.

Кеңсе стилі мен қоғамдық ғылымдар саласындағы әдебиеттер тілінде *халықаралық, көзқарас, еңбеккүн, жалақы* тәрізді біріккен сөздер жиі қолданылады. Іс қағаздарында *еңбеккүн* орнына *еңбек еткен күні* деп жазу тән емес, онда әрқашан бір ұғымда қалыптасқан, жинақы біріккен сөздер көбірек қолданылады. Бұл ойдың айқындығын, сөз жинақылығын, ұғым тұрақтылығын сақтау мақсатынан туады. Дегенмен, әдеби тілімізде табиғи бірікпеген сөздерді әр кез біріктіріп қолдануға әуестік көбінесе осы кеңсе қағаздарында кездеседі. Әрине тіл заңдылығымен сыйыспайтын ондай сөз қолданыстар ұзақ баяндамай, тұрақтамай қайтадан бұрынғыша өз қалпында айтылатын болады.

Әдеби тілімізде ескі кітаби тілден қалған -мыш аффиксі арқылы жасалған сөздер аса көп емес. Бірақ сол бағының өзі көпшілігінде ғылыми әдебиет тіліне қатысты болып келеді. *Болмыс, тұрмыс* тәрізді сөздер философия мен тарихқа қатысты әдебиеттер тілінде аса жиі кездеседі.

Публицистикалық стиль мен көркем әдебиет стиліне ғана тән айрықша морфологиялық тұлғаларды көрсету қиын. Бұл - олардың өзіндік ерекшеліктерімен ұштасып жатады. Публицистикада да, көркем әдебиетте де әдеби тілге тән морфологиялық тұлғалардың барлығы бірдей қолданылады. Кейде тіпті әдеби нормаға жатпайтын, халық тілінің жергілікті ерекшеліктері деп танылатын грамматикалық тұлғалар да ретіне қарай жұмсалып отырылады. Әсіресе кеңсе стилі мен ғылыми әдебиеттер тілінде ұшыраса қоймайтын экспрессивті-эмоциялық мән туғызатын грамматикалық тұлғалар жиі кездеседі және олар белгілі дәрежеде авторлық өңдеуден өтіп, қосымша сыр-сипат алады.

Морфологиялық тұлғалардың қолданылу ерекшеліктеріне қарай жазба тіл мен ауызекі сөйлеу тілін айырып қарау қажет. Сөйлеу формасының бұл екі түрінің айырмашылығы бірінің дауыс интонациясына, ал екіншісінің жазуға негізделуінде ғана емес. Ауызекі сөйлеу тілінде жеке сөздердің қолданылуының бір ізге түсе бермеуі тәрізді, морфология-

лық тұлғалардың қолданылу жүйесі де қатаң сақтала бермейді. Сөйлеудің ол формасында, ең алдымен, күрделі етістіктерді (негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесі) барынша қысқартып, бір сөз есебінде айту басым. Мысалы: *бара жатырмын, келе жатырмын, айтып жатырмын* тәрізді осы шак мәнді күрделі етістіктер айтылуда көбінесе *баратырмын, келатырмын, айтыпатырмын* болып қысқарып кетеді. Сондай-ақ, жүйеге түсіп қалыптасқан жазба тілде ұшырай бермейтін басқа да құбылыстар ауызекі сөйлеуде кездесе береді. Мысалы, ауызекі сөйлеу тілінде сын есімнің шырайлық түрлерінің үстіне *-лау, -тау* аффикстерін қосарлай айту да бар: *үлкеніректеу, молырақтау, жуанырақтау, жіңішкеректеу* т. б. Жазба әдеби тілге бұлайша қосарлап айту тән емес. Оның себебі мынада: *-рақ* аффиксі де, сол сияқты *-лау, -леу* аффиксі де екі заттың бір-бірінен салыстырма артықшылығын не кемдігін ғана білдіреді. Ал жазба әдеби тіл грамматикалық тұлғаларды жіктеп, саралап қолдануға құрамында келген соң шылауының қысқартылып, жалғау дәрежесінде айтылуы. Сөйлеуші *мен мектепке барған соң...* тәрізді бағыныңқы сөйлем баяндауышының құрамындағы негізгі сөз бен шылау сөзді нақтап бөліп жатпай, шылауды жалғауға айналдырып, *мен мектепке барғасын* түрінде айтуы да мүмкін. Ауызекі сөйлеу тілін ерекшелейтін кейбір морфологиялық белгілер осындай.

Жазба тіл о баста ауызекі сөйлеу тілінің негізінде қалыптасса да байи, дами келе, нормалары қалыптаса келе, ауызекі сөйлеу тіліне қарағанда жүйеленген, құрамындағы грамматикалық тұлғалары қызметі мен мәні жағынан сараланған тіл болды. Жазба тілдің осы ерекшелігі оның болашақта ауызекі сөйлеу тіліне ықпал жасауына мүмкіндік береді. Сондай ықпалдың нәтижесінде сөз бен тұлғаның жазба тіл құрамында қалыптасқан сөз қолдану ерекшелігі ауызекі сөйлеу тіліне де ауысып орнығады. Алайда ауызекі сөйлеу тілі айтылар ойды қосымша эмоциямен, экспрессивтілікпен толықтырып жеткізуде жазба тілде жоқ ерекше тәсілдерді пайдаланады. Айтушы өз ойын айтқанмен, сөзбен жеткізе алмайтын немесе айтқысы келмейтін жерлерін көз бен беттің құбылысы арқылы, не қол қимылы, әлде дауыс интонациясы арқылы аңғартады. Кей реттерде сөздің қай мән, қай мақсатта айтылып тұрғаны сөйлеушінің

дауыс ырғағынан байқалады. Бұлардың барлығын жазу арқылы белгілеу мүмкін емес. Мұндай реттерде жазба тіл грамматикалық тұлғалардың қызметін, мән-мәнерін саралап, жіктеп қолданады да, сол арқылы қосымша мән-мәнерді беруге ұмтылады.

Жазба тілдің кейбір морфологиялық ерекшеліктері төмендегідей: -мақ тұлғалы етістіктердің жіктеліп те, басқа бір көмекші сөзбен тіркесіп келіп те мақсатты келер шақ мәнінде жұмсалуды... *бармақпын, бармақ едім* тәрізді баяндауыштық қызметте жұмсалатын морфологиялық тұлғалар көбіне-көп жазба тілге тән. Ауызекі сөйлеу тілі мұндай ыңғайда көбінесе... *барамын деп едім...* тәрізді тұлғаларды айтуға бейім.

-и жұрнақты сын есімдердің жиі қолданылуы: *мәдени, әдеби, ғылыми*, т. б. Ауызекі сөйлеуде осы тұлғалы сын есімдер жазба тілдің әсерімен орнықса керек.

-с, -ыс, -іс тұлғалы қимыл есімдер жазба тілде түбір күйінде де, септеліп, әлде басқа бір көмекші сөздермен тіркесіп келіп те сан қилы мағына туғыза алады әрі жиі қолданылады. Ауызекі сөйлеу тілінде ондай мағыналарда көбінесе -ған тұлғалы есімшелер жұмсалады. Жазба тілде, мысалы, іс-қимылдың күй-қалыпқа байланысты мезгіл-уақыты жатыс жалғаулы -с дамыл есімі не оның көмекші есіммен тіркесі арқылы (*қысылыста, қысылыс үстінде*) берілсе, ауызекі сөйлеу тілінде -ған есімшелерінің жатыс тұлғасы жұмсалады. Сонымен қатар, жазба тілде *керек, тиіс, мәлім, қажет* тәрізді модаль сөздер, сондай-ақ *болуы мүмкін, болуға міндетті, бармақ керек, баруға тиіс* тәрізді модальдық конструкциялар жиі кездеседі.

§ 45. Экспрессивті-эмоциональдық лексика жасайтын кейбір морфологиялық тұлғалар

Кейбір жекелген морфологиялық тұлғалар өз мәніне орай белгілі бір сөз қолданыс ыңғайында қалыптасады да, белгілі бір сөйлеу стиліне сіңісіп кетеді. Ондай морфологиялық тұлғалар көп емес.

Қазақ әдеби тілінде ерте кезден қалыптасып кеткен сөйлеу стилінің бірі – шенеу, мысқыл. Тілдік фактілерге

қарағанда мұндай экспрессия көбіне жеке сөздер мен синтаксистік шумақтар арқылы беріледі. Дегенмен, ондай сөз саптауда аса жиі қолданылып, қалыптасқан кейбір морфологиялық тұлғалар да бар. Солардың кейбірі мыналар:

-сымақ есімдер құрамында қолданылады. Кемсіну, жақтырмау, кекету мәнерін туғызады. Мысалы: *адамсымақ, арсымақ, мырзасымақ, қызсымақ, сулусымақ* т. б.

-сып аффиксі арқылы жасалған етістіктер де кекету, кемсіту мағынасында жұмсалады. **-сып** көсемше, яғни тиянақсыз тұлға, бұл тұлға өзінен кейін сөз айтылуын қажет етеді. Ал **-сымақ** тиянақты тұлға, сондықтан соңынан сөз сруін қажет етпейді. Дегенмен, бұл екі аффикстің арасында кейбір тұлғалық айырмашылық та бар. Ол айырмашылық мынада: **-сымақ** аффиксімен айтыла алатын түбірлердің барлығына бірдей **-сып** аффиксін қосып қолдануға болмайды. Айталық, *адам, кісі, үлкен, кіші* тәрізді сөздерге екеуін де қосып, *адамсып, адамсымақ* т. б. деп қолдануға болса (одан, әрине, сөз мәнері өзгермейді), *сары, қызыл, ой, көңіл*, т. б. сөздерге **-сып** аффиксін жалғап айтуға келмейді. Бұл, әрине, стильден гөрі грамматикалық шектеліс екені белгілі. Бірақ сол грамматикалық шектелістен барып сөз қолданыс заңдылығы қалыптасатыны айқын жай.

Осылармен орайлас мән туғызатын қосымшалардың тобына **-қалақ** (**-келек, -ғалақ, -гелек**), **-алақ** (**-елек**), **-анақ, -мсақ** (**-мсек, -ымсақ, -імсек**) аффикстерін де жатқызуға болады: *үшқалақ, бұлталақ, сұғанақ, тілемсек, сұрамсақ* т. б. Бұлар арқылы жасалған туынды сын есімдер юморлық портрет жасауда, қатты мысқыл айтуда, қысқасы суреттелетін объектінің басқадан оқшау ерекшелігін бір сөзбен жеткізуде қолданылатын дәл де өткір тәсіл бола алады.

Етістіктердің құрамында келіп бейнелі (образды) мән туғызатын бірсыпыра аффикстер де осы топқа жатады:

-ти: *бұлти, батти, қылти*;

-би, -ми, -пи: *ілми, қылми, арби, сымпи, үрпи, бажби, барби* т. б.

-ырай, -ірей: *тікірей, бүкірей, бакырай, шақырай, аңырай, күжірей, күдірей, одырай, кодырай* т. б.

-ши, -жи: *бақши, ақши, мықши, кегжи*,

-си: *ақси, тырси, бырси, сыңси, борси*.

-қи, -қи: *оңқи, дөңқи, миқи, сықи, тыңқи.*

-ыс, -іс: *қырыс, тырыс, бүріс.*

Мәніне орай мұндай бейнелі сөздер әжуа, күлкі, мысқыл, юморға бай келеді де, көбіне көркем әдебиет, оның ішінде фельетон, сықақ әңгімелерде көп кездеседі. Қолданылу ыңғайына қарай осы тұлғалас сөздер кейде өз ара синоним де болады. Мысалы, -ырай аффиксі жасаған *бақырай* сөзі кей ыңғайда *бажби* сөзімен синонимдік қатар құрады. Мұндай синонимдік қатарлар әдетте лексикалық ыңғайда қарастырылады.

Бір-біріне сырластық, достық, әлде туыстық қатынас мәні, үлкеннің кішіге қатынас мәні де қазақ тілінде кейде арнаулы қосымшалар арқылы беріледі. Олар: үлкен-кішілік қатынасты білдіретін қа (-ке) аффиксі, еркелету, жақын көру мәнді -жан, -ши аффикстері. Қазақтың өзінен үлкен кісінің атын толық атамай, қысқартып *Сәбит* деудің орнына *Сәке*, *Мұқтар* деудің орнына *Мұқа* деуі осы заңдылыққа негізделген. Қатар не жасы кіші кісіге еркелету, не жақын тарту ыңғайында *Мәрия* демеі *Мәрияш* деу де осы стильдің бір көрінісі. Бұл аталған морфологиялық тұлғалар сондай сөйлеу ыңғайында жиі қолданылатындары ғана, әйтпесе әдеби тілдің морфологиялық құрылысы оның барлық стильдік салаларына ортақ болып келетіні айқын.

Тілімізде *биік-биік, үлкен-үлкен, қисық-қисық, жуан-жуан* тәрізді бір сөздің қайталануы арқылы жасалған күрделі сын есімдер эмоциялы екпін туғызудың өнімді тәсілдерінің бірі. Сөйлем ішінде мұндай сөздерге әдетте логикалық екпін түседі. Мысалы: *Жуан-жуан ту күйрықтан жасап жапсырғандай едірейген қара мұртты сол бір жылдары бүйідей түксіп, кәр төгіп кетіп еді* (Ғ. Мүсірепов). Егер жазушы қос сөз түрінде қолданбай, жалаң түбір тұлғасын айтса, сөйлемнен туар эмоция бәсеңдеп қалар еді.

Ал күрделі сын есімдердің қарсы мағыналы сөздерден жасалған *үлкен-кіші, жақсы-жаман, артық-кем, аш-тоқ* тәрізді түрлері бірөңкей заттар мен құбылыстарды жинақтап, жалпылап айтудың құралы болады. Мысалы: *“Қызыл-бұрыштың” бастығы Әжіғали мұндай жұмысқа таптырмайтын адам. Осы өңірдің ескілі-жаңалы құда түсерінің бәрі соның қолында* (Ғ. Мүсірепов).

Қос сөз тұлғалас сын есімдер - көркем әдебиет тілінің басты суреттеу құралдарының бірі екені мәлім.

Зат сынының әр түрлі дәрежесі шырай тұлғалары арқылы беріледі. Шырай тұлғалары, мұнымен қатар, экспрессиялық мән туғызудың да өнімді тәсілі.

Заттың салыстырмалы сыны бірнеше арнаулы аффикстер арқылы беріледі. Олардың әрқайсысының өзіндік қолданылу ерекшеліктері бар.

-рак, -рек (-ырак, -ірек) аффикстері арқылы білінетін артықшылық, не кемдік заттың абсолют сапасы бола алмайды. Салыстырылып отырған заттың біріне қарағанда екіншісінің не артықтығын, не кемдігін ғана көрсете алады. Мысалы: *Дағдылы ерлер мінетін ер-тоқымнан гөрі әйелдер мінетін қоқан ерлер* молырақ (М. Әуезов).

-рақ аффиксті сын есімдер сөйлем құрамында көбінесе, баяндауыш қызметінде жұмсалады да, сөйлемнің соңында айтылады. Кейде ауызекі сөйлеу тілінде сын есімдердің бұл түрі анықтауыш қызметінде де жұмсалады. Бірақ ол жазба тілдің нормасы емес. Мысалы, **жақсырақ адам, ұзынырақ ағаш** деп айту сөйлеу үстінде байқалмағанмен, жазба тілге үйлесімсіз. Алайда **-рақ** аффиксін кез келген сын есімге жалғап айтуға бола бермейді. Сондықтан оның қолданылу заңдылығына қысқаша шолу берейік.

-лы тұлғалы сын есімдердің бірсыпырасына **-рақ** жұрнағы жалғанып, зат сынының салыстырмалы дәрежесін білдіреді. Мысалы: *Өзен жағалары далаңқы жерлерден гөрі шөптірек*. Контекстік сипаты мен сөйлеудің мақсатына қарай, мұндай морфологиялық тұлғалар орынды, үйлесімді. Дегенмен соның ізімен *“биылғы қыс қарлырақ, күз жаңбырлырақ болды”* деп сөз саптау ауызекі тілде кездесе беруі мүмкін. Ал жазба тіл мұндай реттерде синтаксистік конструкцияларды қолдануға икем келеді (*Биылғы қыста қар мол болды, күзде жаңбыр жиі жауды*). Ал *киімді, тонды, үйлі, жерлі* тәріздес туынды сын есімдерге **-рақ** аффиксін жалғап айтуға келмейді. Осындай жайды **-дақ, -дек, -так, -тек, -шыл, -шіл** тұлғалы сын есімдер жөнінде де айтуға болады. *Ол ұйқышылырақ, жалтағырақ адам* деп сөйлеу қазақ ұғымында оғаш құбылыс.

Заттың салыстырмалы сыны кейде септік жалғаулы конструкциялар арқылы да беріледі. Мысалы: *Байлауы жоқ*

шешеннен үндемейтін есті артық, бәйге алмайтын жүйріктен белі жуан бесті артық.

Сын-сапаның қандай бір мәнде болсын сәлдігі, бәсеңдігі -лау, -леу, -дау, -тау, -теу тұлғалы сын есімдермен беріледі. Мысалы: *Қазір ол сұңғактау, талдырмаш бойлы, қызыл шырайлы... жіңішкелеу қыр мұрынды сұлу қыз болыпты* (С. Мұқанов). *Ол қырбықтау ғана мұрты бар, шаһарша киінген, басында дөңгелек қара барқыт тақиясы бар, көк көздеу, шашы мен мұрты, сарғылт, ақ құба өнді татардың жас жігіті* (С. Мұқанов).

-лау тұлғалы сын есім сөздер кейде заттанып, зат пен кісіні білдіретін сөздердің орнына жұмсала алады. Мысалы: *- Әлгі бір жерде сізден болды.., — деп, жастауы ақталып келеді* (Ғ. Мүсірепов). Алайда осы құбылыс әдеби тілдің бар саласына бірдей тән емес. Бұл көбінесе көркем әдебиет пен қарапайым сөйлеу стилінде жиі кездеседі.


-лау аффиксті сын есімдер кейде “сәл, артық” сөздерімен келген синтаксистік конструкцияларға мәндес болып отырады. Мысалы: *Кеше ыстықтау еді, күн бүгін самалды қоңыржай екен* (С. Мұқанов). Осы сөйлемдегі *ыстықтау* сөзін синтаксистік конструкциямен ауыстырып: *Кеше сәл ыстық күн бүгін самалды қоңыржай екен* деп айтуға не жазуға болар еді. Дегенмен, осылардың арасында әрқайсысын бөлектейтін мағыналық мәнер бар, -лау тұлғалы сын есімдерде экспрессивтілік басым да, оның синонимі болатын синтаксистік топта дәлділік бар, ал экспрессия аса көп байқала бермейді.

Сөздің экспрессивтілігін күшейтудің, сын-сапаның артық я кемдік дәрежесін білдірудің ұтымды бір тәсілі - сын есімдердің күшейтпелі түрлері. Буын қосарлануы сөз мағынасын нақтылап, тәптіштеп жеткізудің ғана тәсілі емес, сонымен қатар одан туар экспрессияны күшейтудің, сөйтіп, тыңдаушы не оқушы тарапынан қажетті ассоциацияның тууына жағдай жасаудың да тәсілі. Көзбен көрген заттың сапасы туралы тек қана “жақсы” деп айту мен “жап-жақсы” деп айту мәні жағынан бірдей емес. Қарапайым сөйлеу стилінде мысалы “жақсы” деп қана айтылатын болса, заттың сапасы біркыдыру жақсы, бірақ әлі де жақсарта түсуге болар еді деген ұғым туады. Ал зат сапасы жайында “жап-жақсы” деп айтса, бар қадарынша жақсы жасалған, ешбір

кемдігі жоқ дейтін ұғым шығады. Бұл тұлға қарапайым сөйлеу стилінің басты элементтерінің бірі және поэзиялық шығармаларда аса жиі қолданылады. Қарапайым сөзде “*әп-әдемі киінген бір бала келді*” деген сөйлемнің құрамындағы “*әп-әдемі*” сөзін қолданбай, синтаксистік тәсілмен сөздерді тіркестіріп, шамамен былайша сипаттап айтуға болар еді: *үстінде жақсы тігілген жаңа костюмі бар, аяқ-басы таза бір бала келді*. Әрине, соңғы тәсіл дәл, айқын. Бірақ екі нәрсе жетпей тұрған сияқты, ол - сөздің жинақылығы мен әсерлілігі. Ал, мына үзіндідегі күшейтпелі шырай тұлғасын басқа сөзбен ауыстырып айтуға тіпті де болмас еді: *Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш, бейне бір ұқсатамын туған айға* (Абай). Бұл тұлғаға (күшейтпелі шырай тұлғасына) мағыналық жағынан болсын, қолданылуы жағынан болсын жақын тұлға *аса, тым, тіпті, шымқай, өте, ең, орасан, керемет* тәрізді сөздердің сын есімдермен тіркесіп айтылуы. Грамматика оқулықтарында сын есімдердің бұл тобын асырмалы шырай деп атап жүр. Солай аталғанмен, қолданылу тәжірибесінде осы екі түрлі шырай деп танылып жүрген топтардың бір-бірінен алшақтап жатқан айырмашылығы аса көп байқала бермейді. Айырмашылық тек қана олардың тұлғасында болса керек. Қазақ тілінде *жап-жақсы* деп айтудың орнына *өте жақсы, тым жақсы* деп те айтуға әбден болады. Немесе *қып-қызыл* демей, *тым қызыл, жап-жасыл* демей, *тым жасыл, сап-сары* демей, *тым сары* деп айтып, жазудың ешбір оғаштығы жоқ. Айырмашылық - осы екі тәсілдің сөздің екі түрлі жанрында қолданылуында. Ресми сөзде *жап-жақсы* демей, *өте жақсы* деп айту, жазу басым. Сөйтіп, соңғы асырмалы шырай тұлғасы көбінесе жазба ресми тілге ғана тән тәрізді. Бұндай конструкциялардың қалыптасуы да жазба ресми тілмен байланысты болса керек. Күшейтпелі шырай тұлғасын кез келген сын есімнен жасауға болмайды. Мысалы: *сап-сары, қып-қызыл, жап-жақсы, қоп-кою* деп айтуға болғанмен, *қып-қиын, сып-сылбыр, жап-жай* (баяу деген мағынада) деп айтуға көнбейді. Мысалы: *Осы жиыңға келетін ең қадірлі, ең сыйлы деген елдің қонағын берсін депті* (М. Әуезов). Осындағы қарамен берілген асырмалы шырай тұлғасын тура мәнінде күшейтпелі шырайға айналдырса, тілдің қалыпты сөйлеу, жазу нормасы бұзылар еді.

Экспрессивтілік мән күрделі етістік тұлғалары арқылы да беріледі. Етістіктердің басым көпшілігі жалаң бір ғана түбір болса (оқы, жаз, айт, сөйле, т. б.), бір сыпырасы осы жалаң түбірлерге тағы бір түбір сөздің тіркесуі арқылы жасалады: *айта бер, сөйлей бер, соға кет, қоя тұр, тұра тұр*, т. б. Сөйтіп, екі кейде үш түбір бірігіп бір ғана мағына беретін күрделі етістіктер пайда болады. Сонымен бірге күрделі етістіктер құрамындағы сөздер жеке де қолданыла алады. Бірақ лексикалық құрамы жағынан бір-біріне ұқсас жалаң түбірлі етістіктер мен күрделі етістіктердің контекстегі мәні бірдей емес. Мысалы: *Машина үйдің жанына тоқтады. Машина үйдің жанына тоқтай қалды.* Сөйлем баяндауыштарының лексикалық құрамдары ұқсас, бірақ мәндері бірдей емес. Жалаң етістік (*тоқтады*) іс-қимылды жай ғана атап айтса, күрделі етістік іс-қимылдың қосымша экспрессиясын аңғартады. Сөйтіп күрделі етістіктер іс-әрекеттің қосымша ерекшелігін, мәнерін біршама толық айқындайды. Күрделі етістіктер құрамындағы сыңарлардың мән-мағынасы мен қызметі де бірдей емес. Тіркестің бірінші сыңары негізгі лексикалық мәнді білдіреді де, екінші сыңары іс-әрекеттің қосымша мәнерін, ерекшелігін корсетеді. Құрамындағы сөздердің лексикалық үніне лайық мұндай күрделі етістіктер іс-әрекеттің, процестің әр қилы сипатын, мінездемесін береді. Сол мән-мәнерлерді білдіруде олар өз ара не басқа бір сөздермен синонимдік қатар құрады.

Бірсыпыра күрделі етістіктер іс-қимылдың, әрекеттің шапшаң, оқыс орындалғанын білдіреді. Мұндай күрделі етістіктердің бірінші (негізгі) сыңары көсемшенің -а (-е) тұлғасы болады да, екінші сыңар қызметінде қой, кет, кел көмекші етістіктері жұмсалады.



Келтірілген сөз қатарлары істің шапшаңдығын, оқыстығын білдіруде бір-біріне синонимдік мәнде айтылады. Дегенмен, бұл сөз қатарларының өздеріне тән қолданылу аясы да бар. Күрделі етістіктер мағыналық мәнеріне, кон-

текстің сипатына лайық таңдалып алынады. Мысалы: *Тек қисайта киген пилотка ғана қызыл шырайлы жас өңіне ойнақы еркелік беріп жараса қалыпты* (Т. Ахтанов). Бұл мысалдағы *жараса қалыпты* күрделі етістігін мағынасы ұқсас басқа бір сөзбен ауыстыруға көнбейді.

Құрамында сал көмекші етістігі бар күрделі етістіктер іске мән бермеу, немқұрайлы қарау мәнерін туғызады. Мысалы: *Көше бойлай ойланып келе жатып, Асан кездескен киоскіден аты-жөнін қарамай бір кітапты сатып ала салды* (газеттен). *-а, -е, -й* тұлғалы көсемшелер мен кел, кет, шық, бар, жүр көмекші етістіктерінен құралған) алған күрделі етістіктер арнайы емес, жол-жөнекей істелген істі білдіреді. Бұлар осы мәнде синтаксистік шумақтардың синонимі ретінде жұмсалады. Мысалы: *Асан қарындасын Алматыға ала кетті* (газеттен), *Осы баланы біз ала кетсек қайтеді? — деді Мәшік Нұртазаға* (С. Мұқанов). Алдыңғы сөйлемде Асанның негізгі мақсаты - өзі тікелей бару, сонымен қатар жол-жөнекей қарындасын да ала кету. Бұл сөйлемді шартты түрде былай құруға болар еді: *Алматыға өзі баратын болған соң, Асан қарындасын да алып кетті*. Соңғы вариантта күрделі етістік тұлғалық жағынан өзгеріп қолданылған. Өйткені енді *ала кетті* тұлғасында қолданудың қажеті жоқ, бұл тұлға беретін мән синтаксистік шумақ арқылы беріліп тұр. Ал екінші сөйлемді былай қайта құруға болар еді: *Біз кетіп барамыз ғой, керегі болар, осы баланы ала кетейік, — деді Мәшік, Нұртазаға*.

Мұнда да *ала кетейік* күрделі етістігі синтаксистік шумактың синонимі екені байқалады.

-а, -е, -й көсемшесі мен көр көмекші етістігінен құралған күрделі етістіктер істің істелуі жайындағы етінуді, сұрауды, жалынуды білдіреді. Мысалы: *Жақыныңды жауға тастай көрме! Досыңның бір қателігін кешіре көр!* Күрделі етістіктердің бұл түріне осы мағынада *-шы (-ші)* аффиксті жалаң түбір етістіктер синоним болады. Жоғарғы сөйлемдерді былайша қайта құруға болар еді: *Жақыныңды жауға тастамашы! Досыңның бір қателігін кешірші!* Бұл екі тұлғаның арасындағы айырмашылық - күрделі етістік экспресивті мәнді көтеріңкі әуесмен барынша айқын жеткізсе, *-шы, -ші* тұлғалы жалаң түбір етістіктерде бәсең. Іс-әрекеттің созылыққылығы, жалғаса түсуі *-а, -е, -й* көсемшеле-

ріне тұс. бер көмекші етістіктері тіркесу арқылы жасалған күрделі етістіктермен беріледі. Мысалы: *Академик Сәтбаевтың еңбектері отандық ғылым табыстарын одан әрі тереңдете түсті* (газеттен). *Соңынан қуған сіріңкі қара адамдар жете алар емес, шоқайлары тайғанап кейіндей берді* (Ғ. Мүсірепов). Бұлар ғылыми жазбалар тілінде, прозалық баяндауларда аса жиі қолданылады. Осы көсемшелердің тұр көмекші етістігімен тіркесі іс-әрекеттің созылыққылығы тек уақытша құбылыс екендігін аңғартатындай мәнерде жұмсалады. Мысалы: *Мына журналды қарай тұр*. Бұл мағыналық мәнер әсіресе бер көмекші етістігімен салыстырғанда айқын көрінеді. *Мына кітапты қарай бер*. Екеуіндегі мән-мағына екі түрлі мәнермен ұғынылады, алдыңғысында аз уақытқа, сәлге дейтін мән бар да, соңғысында уақыт жағынан ондай шектеушілік байқалмайды. **-а, -е, -й + тұр** құрамды күрделі етістіктер көбінесе *әзірге, қазірше, сәл уақыт* тәрізді сөздермен келген тіркестерге синоним болады. *Әзірше осы кітапты оқы, осы кітапты оқи тұр*, немесе *әзірше осы кітапты оқи тұр* деп нақтылап айтуға да болады. Бірақ бұл ыңғайда мынаны ескеру қажет сияқты. Күрделі етістік ойдың, іс-әрекеттің динамикасын күшейтеді. Сондықтан ұзақ баяндауларда, мәтіндерде, бірінен соң бірі айтылатын сөйлемдер жігінде күрделі етістіктерді қолдану әлдеқайда ұтымды.

Күрделі етістіктердің енді бір тобы әдейі жасалған істі, әрекетті білдіреді. Мұндай күрделі етістіктер **-қан, -ған** есімшелеріне бол көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *Райша ұйықтап жатқан болып, шешесі мен Қожаштың әңгімесін түгел естіді* (С. Көбеев). Мұндай күрделі етістіктерге **-сып** тұлғалы есімшелер (жатқансып) синоним болады. Мысалы, жоғарғы сөйлемді былайша қайта құруға болар еді: *Райша ұйықтап жатқансып, шешесі мен Қожаштың әңгімесін түгел естіді*.

§ 46. Есімдіктердің қолданылуы

Есімдіктердің қолданылу аясы кең. Бұл ерекшелік ең алдымен олардың лексика-грамматикалық табиғатына байланысты. Өйткені олар басқа сөздердің, әсіресе зат пен оның

сынын білдіретін сөздердің орнына айтылып, солардың “орынбасарлары” есебінде жұмсалады. Сондықтан есімдіктер жеке айтылғанда нақты мағына бере алмайды. Есімдікті өзі қолданылып отырған текстен бөліп алып, жеке қарастырсақ, затты, не оның сынын, немесе сөйлеушіні білдіретінін айыру қиын. Олардың нақты мағынасы контексті тұтас алып салыстырғанда ғана айқын көрінеді. Ал контекстегі есімдіктердің мәні бір ғана сөйлем құрамындағы сөздердің өз ара қатысынан айқындалса, кейде екі, не үш сөйлем жігінен, кейде тұтас абзац бойынан бір-ақ айқындалады.

Есімдіктің мәні бір ғана сөйлемнің шегінде, соның құрамындағы сөздердің логикалық және грамматикалық қатынасынан айқындалып, мән-мағынасы дәл түсініледі:

- *Карл Карлович, Рязанов мырза жалғыз бізбен ғана ортақтас емес екенін Сіз жақсы білмейтін бе едіңіз?*

Бірақ бір ғана жай сөйлем құрамында бір-біріне мәндес екі есімдікті қолдану сөздің мәнерлілігін әлсірететіні белгілі.

Есімдіктер іргелес айтылған екі жай сөйлемді бір-бірімен мағыналық ұластырушы есебінде жұмсалады. Мысалы: *Тәкежан бұл күнде Мұсақұлды қыстайтын. Ол Абайдан бұрын үйленіп, сол жылы енші алып, бөлініп шыққан* (М. Әуезов). *Бұл соғыстан ешкімге де рақым болмайды, одан ешкім де окшауланып қала алмайды* (газеттен). Егер есімдіктер қолданылмай, сол сөздің өзін қайталайтын болса (*Тәкежан бұл күнде Мұсақұлды қыстайтын. Тәкежан Абайдан бұрын үйленіп, сол жылы енші алып, бөлініп шыққан*), олардың арасындағы логикалық байланыс әлсірер еді. Сөйтіп, мұндай реттерде есімдіктердің қолданылуы ойдың логикалық тұтастылығының, байланыстылығының қажетті шарты болады. Қолданылу процесінде есімдіктер тек атау тұлғалы сөздерге қатысты болып, солардың баламасы ғана болмайды. Септеулі сөздерге де қатысты болып, солардың келесі сөйлемдегі “орынбасары” есебінде қолданылады. Мысалы: *Бірақ, бұрынғы салдыр-салак қалып кеңсе қызметкерлерінің көбінен жойыла бастаған заман ғой. Олар пәтер мәселесіне де сақ қарайды* (Б. Майлин). Соңғы сөйлемдегі олар есімдігі алдыңғы сөйлемдегі (кеңсе) қыз-

меткерлерінің сөзімен логикалық байланысқа түсіп, соның “орынбасары” есебінде жұмсалған.

Алайда, кейде бір-біріне іргелес айтылған, біртұтас логикалық желіге бағынған жай сөйлемдер тізбегінде жіктеу есімдіктерін сөйлем сайын қайталай беруге болмайды. Мысалы; *Жаңа жыл қарсаңында Ащысай кенінің бір топ жұмысшылары қосымша тағы бір мамандықты игерді. Олар бұрын бірі слесарь, екіншілері кен қопарушы, скреперші, электровоз машинисі деген сияқты мамандықтың иелері болса, енді “ПМЛ-5” тиеу машинасының да маманы атанып отыр.* Олар бұл өнерді жұмыста жүріп-ақ меңгерді (газеттен). Соңғы сөйлемдегі олар есімдігін алып тастап, үзіндіні қайта бір оқып шықсаңыз, сөйлем ықшамдалып, ұғымға жеңіл болар еді.

Диалогты сөйлемдерде есімдік кейде қаратпа сөзбен тікелей мағыналық байланысқа түседі. Мысалы: - *Қатын! Басқаға жаман шығарсың, бірақ өзіме жақсысың, өзіме қымбатсың! Өсектеген жұрт өсектей жатар, ойнап-күліп барып қайтайық... Жалғыз сен емес басқа жерлерден де әйелдер барады дейді ғой, ретсіз жеріне өзінде бармассың, - деді Бәкен көңілденіп, (Б. Майлин).*

- *Сен, қатын, енді тыныш жат, жаңылдырма, - деді әйеліне (Ғ. Мүсірепов).*

Сөйтіп, есімдіктердің мән-мағынасы көбіне тек контекст ішінде айқындалады. Олардың контекспен мағыналық байланысы да әр қилы болып отырады.

Демек сөйлеуде, әсіресе жазба жұмыстарда, сөйлем ішінде қолданылып отырған есімдік сөздердің мәнін, оның, өзінен бұрын не соң айтылатын қандай сөздермен тікелей мағыналық байланыста екенін анықтау керек болады. Онысыз сөйлем мәніне нұқсан келуі мүмкін.

Есімдіктердің ішінде қолданылуы, мән-мағынасының кендігі жағынан айрықша бөлектенетіндері - жіктеу есімдіктері. Жіктеу есімдіктері мағыналық жағынан жалпы болумен қатар, кейде даралық мәнді де білдіре алады, ал кейде біреңкей, бірыңғай заттар мен құбылыстардың жиынтығы, солардын шоғырланған, қорытындыланған бір тұтас мәні есебінде де ұғынылады. Екінші бір ерекшелігі - жіктеу есімдіктері көбінесе тура, номинальды мәнінен басқа, ав-

тордың, сөйлеушінің айтып, хабарлап отырған іс-құбылысқа субъективтік қатынасын көрсетеді.

Бірінші жақты білдіретін мен есімдігін қолданудағы кейбір ерекшеліктер төмендегідей.

Қатар, іргелес айтылған сөйлемдер құрамында мен есімдігінің қайталануы екі түрлі мәнерде ұғынылуы мүмкін. Біріншіден, автор қайталау арқылы сол сөзге логикалық екпін береді.

Мысалы: *Мен сендерді басқадан бұрын көрем,
Мен қолымды сендерге бұрын берем.
Сендермен тек алысар жау табылса,
Мен бәріңнен қолында бұрын өлем*
(С. Мұқанов)

Екіншіден, сөйлеушінің, өзі жайында әдеттен тыс сыйпаылық сақтамауын байқататын тәсіл есебінде де қолданылады. Б. Майлиннің “Бір адам” әңгімесінде мынадай жолдар бар.

- *Мен - мырза. Менде мал көп... Әкем шал, өледі. Малдың бәрі менікі...*

- *Сен мырзасың... Какой черт сен мырза... Вот, мен мырза болсам... Солай ма, Иван? ... Мен мырза болсам, бүкіл қарашұнақты бір уысқа сыйдырар едім... Солай ма, Иван? ... Мен Ивандікіне қонаққа барар едім... Иван! Мен қонаққа барсам, сен қалаш бересің? ... Мен саған арақ берем...*

Егер автор әр сөйлем сайын мен есімдігін қайталап қолданбаса, мұндай экспрессия да тумас еді.

Әдетте сөйлем мәні мұндай экспрессивті өң алмас үшін, монологтарда мен есімдігі үсті-үстіне қайталана бермейді. Кейде бүкіл абзац, бүкіл текст бойында, әңгіме бірінші жақ атынан баяндалса да, мен айтылмай қалып отырады. Қазақ тілінің құрылысы есімдіктерден болған логикалық бастауыштар айтылмай-ақ сөздің қай жақтың атынан айтылып отырғанын түсінуге мүмкіндік береді. Мына бір үзіндіге көңіл аударайық: *...Бұл ойым өрлей-өрлей барып, қиын бір камалға барып тіреледі: бір күні Ақбота сөйтіп жиырмадағы қыз болып тұра қалса, қайтем? Онда аузымның аппақ болғаны емес пе?.. Қайдағы жаман ой қайдан келіп қалып*

еді деп күні бойы қынжылам, Ақботаның ойына түсе көрме деп тілеймін (Ғ. Мүсірепов). Бұл үзіндідегі сөйлемдерге мен есімдігін қосып айту авторға қиянат жасау болар еді.

Алайда мен есімдігінің түсірілмей немесе түсіріліп айтылуы барлық уақытта осындай экспрессиялық мәнмен ұштасып келе бермейді. Кеңсе қағаздарында уақиға бірінші жақтың атынан баяндалса, сол бірінші жақтың, атап айтқанда, кім екендігін қалайда жазу қажет болады. Қол хаттарда, хаттамаларда, сенім қағаздарда т. б. “*Мен, Дүйсенбаев Сейсенбай, осы сенім қағазды Сабалақов Жартыбайға...*” деп, мен есімдігін әдейі түсірмей жазып отырады. Мұның өзі - іс қағаздарының стандарттылығынан, қалыптасқан жазу стилінен туатын заңдылық.

Біз есімдігі көптік мән беретін болғандықтан, әдетте көптік жалғаусыз айтылады. Дегенмен, сөз ыңғайына, сөйлеушінің арнайы мақсатына қарай кейде көптік жалғауын қабылдайды. Әр кез ұранды сөйлемдер, салтанатты сөйлеу ыңғайында: *Біздер, мектеп оқушылары...* тәрізді сөз саптаулары осындай арнайы мақсаттан туған. Біз есімдігіне көптік жалғауын жалғау арқылы бірөңкей кісілерді топтастыру, сөйтіп оларды бір ғана ағым не топ етіп көрсету мақсаты көзделеді.

Біз есімдігі барлық уақытта да көптік мән туғызбайды. Кейде ол сөйлеушінің, автордың мақсатына лайық жекелік мәнде де қолданылады. Осы орайда жиналыста шығып сөйлесітін шешен тіліндегі біз есімдігінің қолданылу ерекшелігін еске алу қажет. Сыпайы шешен “*менің ойымша*”, “*мен осылай ойлаймын*”, “*мен былай істедім*” деп үлкен аудиторияның алдында қайталай бермейді. “Мен, мен” деп айта беру шешеннің даңғойлығын, шамадан тыс өзімшілдігін ғана дәлелдер еді. Сондықтан ол “*біздің ойымызша*”, “*біз осылай ойлаймыз*” деп, өз ойын, өз байымдауын сыпайы ғана баяндайды.

Екінші, тыңдаушы жақты білдіретін жіктеу есімдіктерін қолданудағы кейбір ерекшеліктер мыналар:

Қазақ тілінің қалыптасқан заңдылығы бойынша сен есімдігі арнайы сөйлеу ыңғайын танытады да, сіз есімдігі сыпайы сөйлеу ыңғайын танытады. Сонымен қатар, сен және сіз есімдіктері қолданылу процесінде әр қилы экспрессиялық мәнер де туғызады.

Сен есімдігі өзінің тура мәнінен басқа сөйлеушінің тыңдаушы жаққа қатынасын да білдіреді. Жасы үлкен және бейтаныс кісіге сіз деудің орнына сен деп сөйлеу сөз иесінің олақтығын, немесе әдейі дөрекі қатынасын көрсетеді. Сен есімдігі кейде адам арасындағы сырластық қатынастың көрінісі есебінде де қолданылады. Мысалы: *Осыдан кейін мен оны Катя деп кеттім де, ол мені Костя деп кетті. Кездескелі бұзылмай келген “сіз-біз” қалды да “сен-менге” көшіп кетті* (Ғ. Мүсірепов).

*Жадырап жаз келгенде, сені ойлаймын,
Құс шулап келсе бізге, сені ойлаймын.
Қайтқанда құстар күзде, сені ойлаймын,
Ақ ұлпа жамылғанда таудың гүлі,
Өзгені ойлар дәрмен жоқ, сені ойлаймын*
(Р. Гамзатов).

Ол есімдігі, үшінші бөгде жақты білдіреді. Бұл сөз қолданылғанда, әңгіме болып отырған заттың не кісінің атауы сөйлемде көбіне айтылмайды. Бұл жағдай әсіресе ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездеседі.

Ол есімдігі бір ғана ыңғайда өзі білдіретін зат не кісі атауымен немесе басқа бір есім сөзбен қатар қолданылады. Бұл жағдайда ол есімдігі бастауыш қызметінде, зат не кісі атауы баяндауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: Ол - инженер. Ол - Атымтай Дүйсенбаев т. б.

Ол есімдігі сілтеулік мәнде де айтылады. Мұндай реттерде ол есімдігі зат, кісі, орын-мекен атауын қайталамаудың тәсілі есебінде қолданылады.

Өз есімдігінің екі түрлі қызметі бар: біріншіден, өз есімдігі есім сөздермен тіркесіп келіп, есімдер арқылы белгіленіп отырған заттың біреуге тәндігін, тәуелділігін білдіреді. Мысалы: *Өз үйім - өлең төсегім; өз балам; өз жұмысым* т. б. Екіншіден, өз есімдігі жіктік, кейде сілтеу есімдіктерімен тіркесіп келіп немесе жеке қолданылып та белгілі бір кісі, зат жайындағы ұғымды айқындап, пәлдеу мәнінде жұмсалады. *Ол өзі келді; мен өзім бардым; мұның өзі, сыпайылап айтқанда, әдепсіздік* (газеттен) тәрізді сөйлем құрамындағы өз есімдігінің қолданылуы осындай. Өз есімдігі алғашқы екі сөйлемде қимыл иесінің кім

екендігін айқындап, дәлдеп көрсетсе, соңғы сөйлемде болған құбылыс жайындағы ұғымды (мұның өзі) нақтылап, конкреттеп тұр. Өз есімдігі сондай-ақ біріне-бірі ұласып айтылған сөйлемдер құрамында бастауыш қызметіндегі сөзді қайталай бермеудің тәсілі есебінде де жұмсалады. Мысалы: *Бұрынырақ бір кезде Абайға сырттан томырылып ызалы боп жүрген Әділбек те қазір ол мінезін ұмытқан сияқты. Өзі жүріп есік ашып, Абайдың қамшысы мен тымағын кереге басына өз қолынан ілді* (М. Әуезов).

Өз есімдігін қолдануда әр кез стильдік жаңсақтық кездеседі. Мысалы: *Министрлік мекеме басшысына өзіне машина алуға рұқсат берді* (машина мекеме басшысына арналып алына ма, әлде министрліктің өзіне алына ма - айқын емес). *Председатель көмекшінің өзіне барсын деп бұйырды.* (Председательдің бұйрығы кімге арналған: көмекшіге ме, әлде басқа біреудің көмекшіге жолығуы жайында ма?) Бірінші сөйлемде өз есімдігінің ешбір қажеттігі жоқ. Сонда сөйлемнің мәні айқын болады. Екінші сөйлемді екі түрлі құруға болады: егер әңгіме басқа біреудің көмекшіге жолығуы жайлы болса, сол кісінің атын атау қажет. Ал көмекшінің өзі басқа бір жаққа баруы туралы болса, сол баратын жердің аты аталғаны дұрыс. Сөйтіп, бір ғана сөйлем ішіндегі екі түрлі логикалық субъект болған жағдайда да, өз есімдігін қолдануға барынша мұқият қарау керек.

Мән-мағынасы мен қолданылуы жағынан белгісіздік есімдіктерін бірнеше синонимдік топтарға бөлуге болады: *қай, қайсыбір кейбір (еу), біреу-міреу, әлдекім* сөздері сөйлеушіге белгісіз, немесе әдейі атағысы келмейтін кісі аттарының орнында қолданылады. Мысалы: *Әлдекім есікті қақты.* Мұнда *әлдекім* есімдігі естушіге белгісіз кісіні білдіріп тұр. *Отырғандар, әсіресе кейбір ерсілеу сұрау бергендер, ұялып беттері қызарып, төмен қарай берді* (А. Токмағамбетов). *Бірқатар, бірсыпыра, біраз, бірнеше* есімдіктері сан-мөлшерлік мән беріп, бір-біріне синоним бола алады.

Дегенмен белгісіздік есімдіктерінің жұмсалу, қолданылу аясы бірдей емес. Бір ғана синонимдік топқа жататын сөздердің әрқайсысының өзіне тән қолданылу шеңбері бар.

Қайсыбір, кейбір есімдіктері ресми тілде қолданылуға бейім. Ал олармен мәндес біреу-міреу көбінесе тек ауызекі тіл элементі іспетті. *Әлдекім, кей* есімдіктері көбіне көркем әдебиет тілінде, сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездеседі.

Сол сияқты, бірқатар, бірсыпыра, біраз, бірнеше сөздерінің қолданылуы да бірдей емес. Бірқатар, бірсыпыра, бірнеше сөздері сөйлеу тілінде болсын, жазба тілде болсын жиі қолданылғанмен, біраз сөзі көбінесе тек қана сөйлеу тіліне тән. Сілтеу есімдіктерін шартты түрде мынадай синонимдік топтарға бөлуге болады: бұл, мына, осы есімдіктері әдетте сөйлеушінің көзі көріп тұрған немесе қасында, жақын жерде тұрған зат не кісіні білдіргенде қолданылады да, анау, сонау есімдіктері көп *ойға батып кетті?-ау! Жүдеп кеткенінді байқамапсың!..* - деді (М. Әуезов). Бұл сөйлемде осы есімдігі нақ сол кезеңді яғни сөз болып отырған кезеңге байланысты қолданылған. Сондықтан оны басқа сөзбен ауыстырып айтуға болмайды. *Ол ырғала түсіп, қатты демікті де: - Қой, шырақ, қой, мырза сол бәледен абырой тапқаны аз еді ғой атамай-ақ қойсаңшы! - деді. Дәл осы кезде қасында екі жігіті бар Пұшарбай кеп кірді* (М. Әуезов). Бұл үзіндідегі *сол, осы* есімдіктерін де алмастырып қолдануға келмейді. *Әне, әнеки* есімдіктері *анау, сонау* есімдіктерімен таза лексикалық тұрғыдан бір-біріне орайлас дедік. Алайда бұлардың контекстегі мәні өне бойы орайлас бола бермейді. *Әнеки, әне* есімдіктері заттың орналасу қашықтығына орайлас айтылғанмен тұтқиыл болған көрініске, ойда жоқта тап болған құбылысқа, қимылға сілтейді. Мысалы: *Келіп қалды әне мына мұндар!* (“Қазақ солдаты”). Осы сөйлемдегі *әне* есімдігінің орнына *сонау, анау* есімдіктерін айтуға болмайды. Өйткені сөйлемнің бар мәнері бұзылады. Анау, сонау сілтеу есімдіктері тура сілтеу мәнінде қарапайым сөйлеу ыңғайында бірінің орнына екіншісі қолданыла береді. Мысалы: *Мұраттың үйі анау тұрған. Мұраттың үйі сонау тұрған.* Бірақ мынадай бір үзіндіні салыстырып көрсейік: *Шапқан жақсы болса, тартып алған жол болса, көзі көрсін! Шауып, тиіп алып келіндер анау кетіп бара жатқан Жігітек көшін!* - деді (М. Әуезов). Осы сөйлемдегі *анау* есімдігінің орнына *сонау* сөзін қоюға болмайтын тәрізді. Нақты істі, затты

нұсқағанда, анау есімдігін қолдану ыңғайлы. Сонау сілтеу есімдігі көбінесе дерексіз ой, құбылысты нұсқау ыңғайында қолдануға бейім.

Бәрі, барлық, бүкіл, күллі, барша есімдіктері “*бір бүтін, түгелдей*” дейтін мағынада айтылады. Алайда сөз ішінде бұлардың әр-қайсысына тән қолданылу ерекшеліктері бар. Мынадай бір мысал алайық: *Жылтырағанның бәрі асыл емес* (мәтел). Осындағы бәрі жалпылауыш есімдігінің, орнына күллі, бүкіл, барлық, барша сөздерін қолдануға болмайды. Егер *барлық* сөзін қолданып, *жылтырағанның барлығы асыл емес* дейтін болсақ, онда сөйлемнің қалыптасқан ритмі бұзылып, құлаққа бір түрлі тосындау естіледі. Ал *барша* сөзін қолданып, *жылтырағанның баршасы асыл емес*, барша сөзі басқалармен үндеспей, оқшау тұрады.

Күллі, барша сөздері көбіне шешендік сөйлеу ыңғайында, көркем әдебиеттерде, публицистикалық шығармаларда жиі кездеседі. Қазіргі әдеби тілімізде бұл сөздер осы сөз қолдану аясында әбден қалыптасып кеткен. Сондықтан іс қағаздарында, корреспонденцияларда немесе баяндамада күллі Отанымыз, барша еліміз осы міндетті орындауға жұмылуда деп айтып, жазу ұтымды тәсіл емес. Мұндай ресми сөздерде бүкіл, барлық сөздері көп қолданылады. Сондықтан өзімізге белгілі атақты ұранды өзгертіп, *Барша елдердің пролетарлары, бірігіңдер* деп айту құлаққа оғаш естілер еді.

Сөйтіп, жеке күйінде бір-біріне мәндес болып отыратын жалпылауыш есімдіктер қолдануда әр түрлі мәнермен ерекшеленіп, бір-бірінен оқшауланады.

§ 47. Етістік тұлғаларының қолданылуы

Айтылып, хабарланып отырған іс-әрекеттің иесі етістіктің жақтық қосымшалары арқылы көрінетіні мәлім. Кейде тексттің, сөздің ерекшелігіне, алдына қояр мақсатына лайық бірінші жақтың орнына екінші жақтық, әлде III жақтық қосымша қолданылуы мүмкін. Грамматикалық тұрғыдан мұндай қолданыстың ешбір өзгешелігі болмағанмен, мағыналық жағынан, сөз стилі тұрғысынан аса бірден қоярлық құбылыс.

Әдетте сөйлеушіні бірінші жақтық қосымша арқылы танимыз. Енді мына бір үзіндіге көңіл аударайық. *Кейде сенгісі де келмейді. “Өзім де қызбамын ғой. Ашу үстінде аңғармай теріс ұққан шығармын. Қызғаншақ, көңіл асыра ойлаған шығар”, - дейді. Бірақ Раушанның шырылдап Уәлиге ара түскенін ойлап, “жоқ, жығылғаныңды біл, өзіңді өтірік жұбатпа”, - дейді (Т. Ахтанов).*

Үзіндіде кейіпкер бірде бірінші жақта сөйлесе (*“Өзім де қызбамын ғой. Ашу үстінде аңғармай теріс ұққан шығармын”*), бірде сөз өзіне арналған кезде, екінші жақтың атынан айтады. (*“Жоқ, жығылғаныңды біл, өзіңді өтірік жұбатпа”*.) Сөйтіп, бұл жерде бірінші жақтық қосымша мен екінші жақтық қосымша бір ғана мәнде, бір ғана кісіні білдіру үшін қолданылған. Кейде бірінші жақтық мәнде үшінші жақ қолданылады. *“Ержан талай мықты командирлерді көрді. Бір адамы қалғанша шегінбей, жаудың батальонын қырған, танктерін қиратқан взвод командирлерінің атын естіді... Солдаттар сол қаһарлы командирлер үшін жанын беруге бар, оған еріп от пен суға көздерін жұмбай түседі. Сол командирлер жалғыз қызмет дәрежесімен емес, қайратымен, жігерімен қарауындағыларын үйіріп алған жоқ па? Ондай командирге солдат шын ықыласымен беріле бағынады. Командирі күшті болса, солдат та өзін күшті сезінеді. Ал Ержан ше? Ол взводтың жүрегі, ұйытқысы, әкесі емес, өгіздің мүйізіне қонған шыбын сияқты. Бір кездесгі дивизия командиріне дейін котерілмек болған княлы есіне түсіп, ащы ызамен мырс етті”* (Т. Ахтанов).

Алайда бұл арада үшінші жақтың қолданылуында айрықша уәж бар. Өзі жайында айқын да ашық айту үшін қалайда басқа бір бейтарап жақтың атынан сөйлеу қолайлы. Жақтық қосымшалардың бұл қолданысы өз негізін о баста ауызекі сөйлеу тілінен алса керек. Ауызекі сөйлеу тілінде сөйлеуші өзі жайында мақтанышпен сөйлегенде, *оны жасайтын мына дөден!* - деп, үшінші жақта айрықша экспрессиямен айтады. Жазба тілде қалыптасқан жоғарғыдай тәсілдің алғашқы шығар көзі - осы. Жазба тіл, оның ішінде көркем әдебиет тілі ауызекі сөйлеу тілінде кездестін бар нәрді өз бойына жиып отырады. Жоғарғы тәсіл жақтық қосымшалардың қолданылу заңдылықтары көркем әдебиет стилінде айрықша жиі кездеседі.

Кейде екінші жақтың орнына бірінші жақтың көпше түрі қолданылатыны да болады. Мұндай қолдану сөйлеуші жақтың тыңдаушы жаққа айрықша қатынасын танытады. Мысалы, ауырып жатқан кісіге халін сұрауға келген жақын кісі: *“Қалай, жақсарып келеміз бе, көңіл күйіміз қалай?”* - деп, бірінші жақта сөйлейді. Бұл айрықша интимді экспрессиялық мән туғызады. Немесе класта отырған оқушыларға қарап мұғалім тақтаға жазып, *жаттығыңыздар* деудің орнына *тақтаға жазып жаттығайық, тыныш отырындар* деудің орнына *тыныш отырайық* деп сөйлейді. Бұлай сөйлеу оқытушы мен оқушының арасындағы қатынастың айрықша бір көрінісі іспетті болады.

Іс қағаздарында жақтық мән туғызудың айрықша бір тәсілі бар. Акт қағаздарында, қол хаттарда, сенім қағаздарында бірінші және үшінші жақ білдіретін сөздер қосарынан қолданылады. Мысалы: *Біздер, төменде қол қоюшылар, “Алғабас” колхозының председателі Дүйімбаев, екінші бригаданың бригадирі Сүйінбаев...*” деп басталатын акт қағаздары *“Мен, “Саумалкөл” орта мектебінің шаруашылық басқарушысы Танабаев...”* деп басталатын қол хаттарда баяндауыш қызметіндегі етістік бірінші жақта тұрғанмен, үшінші жақтағы сөз - кісінің аты-жөні қоса жазылып отырады. Бұл - тек іс-қағаздарына ғана тән ерекшелік, соларда ғана кездесетін айрықша тәсіл. Бұл тәсілдің тағы бір қолданылатын жері - ұранды сөйлемдер. *Біздер, Қазақстан жастары, жаңа қоғам құруға ат салысамыз* деп келетін ұранды сөйлемде де бір ғана стандарт жүйеде қалыптасқан.

§ 48. Етістіктің шақтық тұлғалары

Әдетте шақтық тұлғалардың жұмсалу тәсіліне қарай сөйлем мағынасы әр түрлі ұғынылады. Сол себептен де шақтық тұлғаларды дұрыс қолдану сөз сындарлығының басты бір белгісі болып отырады. Нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ деп аталатын тұлғалар мән-мәнері тұрысынан да бір-бірінен ерекше. Нақ осы шақ сөйлеуші сөйлеп тұрған сәттегі іс-әрекетті, қимылды білдіреді. Сөйлеп тұрған сәттегі іс-әрекет *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктері арқылы беріледі: *Максұт кітап оқып отыр. Қазақстан үкіметі ел*

экономикасын жандандыруға бар күшін салып отыр. Егер сөйлеуші енді ғана басталып отырған не енді анық басталатын іс-әрекет жайында хабарлағысы келсе, жоғарғы тұлғаның орнына -а, -е, -й тұлғалы көсемшелердің жіктелген түрін, ауыспалы осы нақ тұлғасын қолданады. Мысалы: Әуелі ол жанжалдыщ алдындағы өз жайым мен жер астының кейбір жайларын айтайын (С. Сейфуллин). Ауыспалы осы шақ тұлғасы сонымен бірге үнемі болып тұратын, әдетке айналып, сіңісіп кеткен іс-әрекетті де білдіреді. Мысалы: Қазақта түйе дейтін мал болады, - деді Қонысбаев Қупциановқа сүйкімсіз қисық көзін қадап, - қалай адастырсаң да өз жұртын табады.

- Түйені неменеге қыстырып отырсын, - деді Қупцианов жақтырмай.

- Жақсы адам жоғалмайды дегенім ғой (Т. Ахтанов). Осы мәнде нақ осы шақ тұлғасын қолдануға болмайтыны айқын. Халық тілінде осы тұлғада қалыптасып кеткен құс ұшады, бұлбұл сайрайды, су ағады, от жанады, адам сөйлейді тәрізді тіркестер де мол. Бұл тұлғаның мезгілден гөрі сипаттау мәні басым. Ауыспалы осы шақ тұлғасы осы мәнде әсіресе ғылыми жазбаларда жиі қолданылады. Мысалы: “Жер бетінің және жатқан кеннің орындары экранда екі дөңес ирек болып көрінеді. Міне, осы екі дөңестің ара қашықтығына қарап, табылған кеннің қандай тереңдікте жатқанын есептеп шығаруға болады (“Білім және еңбек” журналынан). Сонымен бірге, бұл тұлға көркем әдебиетте кісінің портретін беруде немесе зат пен құбылысты жүйелі баяндауда да қолданылады.

“Бұзаубақтың көрмегені жоқ. Жұмыс қылғанда шаршауды білмейді. Қимылы өте шапшаң. Мінезі қимылынан да артық шапшаң. Айтайын деген сөзін бетің бар, жүзің бар демейді, айтып салады. Тез ашуланады. Шаңқылдаған даусы ащы, күзеннің айғырындай. Тілі де ащы. Қандай өзінен әлді, күшті, бай, ұлық кісі болса да, қорлағанын көтере алмайды. Бірақ білімі жоқ. Білімім жоқ деп ойламайды. Диуаналау, бұғып қалмайды” (С. Сейфуллин).

Үнемі болып отыратын іс-әрекетті білдіру мәнінде -атын, -етін тұлғалы есімшелер де жұмсалады. “... Өздері киімді тәуір киетін. Ылғи қарадан-қарап бос жүретін болған соң, заводтың қыз-келіншектерін айналдыратын. Дом-

быра, сырнай үйренбек болып барылдататын, насыбай ата-тын, шылым тартатын” (С. Сейфуллин).

Бұл - өткен кезеңде болып кеткен іс-әрекеттер туралы хабарлаудың ұтымды тәсілдерінің бірі. Өмірбаян туралы жазбаларда, тарихи тақырыпта жазылған еңбектерде бұл тұлғаның өткен шақ мәнінде қолданылуы аса жиі кездеседі. Бұл баяндау тәсіліне сергектік, уыттылық мотивін енгізеді. Осы шақ мәнде бұл тұлға есімшенің -ған формасымен орайлас келсіді. Алайда есімшелік форма көбінде бір кезеңде ғана болып тоқыраған іс-әрекетті білдіреді де, сөз мағынасы динамикалық қалыпта ұғынылмайды. Ұзақ баяндауларда мұндай тәсілді қолдану сөйлемдердің өз ара жымдасуына нұқсан келтіреді. Ал, -атын тұлғасы іс-әрекет, процестің ұзақ уақытқа созылғандығын білдіре алады. Сөйтіп, бұл екі тұлғаның мәндестігі жалпы өткен шақты, уақытты білдіруінде ғана. Сөйлеушінің істің өткен уақытта болу, болмау фактісіне шүбәмен болжай айтуы немесе болған іске тікелей араласпауы -п тұлғалы көсемшенің жіктеулі формасы арқылы беріледі:

Ол туралы Дәркембай қысқа айтты. Базаралы тағы екі күн болыпты. Атшабарлар кетіп, жатақ тыныш тұрған екен. Содан Базаралы аттанып, жорыққа кетіпті. Ал, болыстар ертеңінде старшин, слубасыларын бастық етіп, отыз кісі боп келіпті де, жатақтың мынау қазір жалаңаш қалған, баспанасыз қалған үйлерінің бәрін де бір-ақ сәтте тік көтеріп, көтеріп әкетіпті (М. Әуезов).

Алайда бұл тұлға (-п көсемшелерінің жіктеулі түрі) кейде хабарланып отырған іске сөйлеушінің айрықша қатынасын білдірудің де тәсілі болады. Егер кісі өзінің істемеген, жасамаған әрекеті жайлы басқа біреуден естісе, екінші жаққа (тыңдаушы жаққа) *мен арыз жазыппын, оны Оспан біліпті* деп айтар еді. Әрине айтылу үстіндегі дауыс интонациясының ерекшелігіне қарай мұндай сөз не мысқыл мәнінде, не ашу ыза мәнінде ұғынылады. Мұндай мән-мәнерді беруде кейде -мыс, -міс аффиксімен қосарланып қолданылады. Бұл жағдайда экспрессиялық мән бұрынғысынан да айқындалып, даралана түседі. Салыстырыңыз: *Мен арыз жазыппын. Мен арыз жазыппын-мыс.* Дегенмен, осы мән-мәнерді беруде бұрынғы өткен шақ тұлғасының бірінші жағы мен екінші, үшінші жақтарының арасында

кейбір ерекшелік байқалады. Мысалы: *Мен арыз жазып-пын. Сен арыз жазыпсың. Ол арыз жазыпты.* Бірінші жақта айқын байқалатын экспрессиялық мән екінші, үшінші жақта онша айқын емес. Сол себептен болса керек, екінші жақтың сол мәнін айқындай түсетін синтаксистік топ айтылуы қажет. Ал, үшінші жақта мұндай мән туғызу үшін **-мыс** аффиксі қосарлы қолданылады.

Өткен уақытта болып, тоқталып қалған іс-әрекет **-ған** есімшелерінің жіктеулі тұлғасы немесе осы есімшелердің еді көмекші етістігімен тіркесі арқылы және **-п** көсемшелері мен еді көмекші етістігінің тіркесі арқылы беріледі. Бұл арада мына жайды ескеру қажет. Бұл тұлғалар білдіретін іс-әрекеттер дағдыда өне бойы болып тұрған емес, бір кезде болып, тоқталған, біткен істі еске түсіру, солай болғандығын басқа бір жағдаймен байланысты тағы да қайталап отырғандығын білдіру есебінде ұғынылады.

Өзеннің және кара сулардың жаға-жиектеріндегі селді-реген камыстардың шашақтары үлбіреп, жел соқса ақырын ғана желбіреп, сары үкідей болып сарғайған. Камыстардың ақырын судырай, әдемі сыбдырлаған жапырақтары да сары ала болған (С. Сейфуллин). *Анық біле алмадық. Бізді тосқауылға тастап еді, немістер арамызды үзіп кетті* (Т. Ахтанов). *Мен сен үшін қатты қорқып едім. Сондықтан да тура осылай қарай жүгірдім* (М. Ибрагимов). *Есенкүл сол бір күні-ақ әскерге жүріп кеткен еді. Оралмады* (“Қазақ әдебиеті”). Бұл тұлғалардың қайсысы да іс-әрекетті көзімен көргендей етіп білдіреді. Дегенмен, жалаң тұлғаға (**-ған**) қарағанда, күрделі тұлғалардың (**-п** еді, **-ған** еді) өздеріне ғана тән ерекшелігі бар: мұндай тұлғалы етістіктерге аяқталған сойлем логикалық жағынан тиянақты болып тұрмайды, өзіне жалғас басқа бір сөйлемнің айтылуын қажет етеді. Жоғарыда келтірілген мысалдар да осындай: *Есенкүл сол бір күні-ақ әскерге жүріп кеткен еді... Оралмады.*

еді көмекші етістігімен келген өткен шақтық тұлғалардың кейбірі мағыналық мәнер жағынан **-атын** тұлғасына мәндес, сонымен синоним іспетті қолданылады. Бұндай реттерде еді көмекші етістігі **-шы** (**-ші**) аффиксті қимыл есімдерімен бір тіркесте жұмсалады. Мысалы: *Сенбеген адамға шынынды айтпа деуші еді Жанкабыл, - деді ақырын*

ғана (Т. Ахтанов). Мен оған аңыздағы қасиетті адамдардай қызығып караушы едім. Сол сезімді кезінде өлең етіп те жаздым. Бірақ, ол алғашқы сүйсіну, алғашқы қызықтаудың үстірт әсері ғана болатын (“Қазақ әдебиеті”). Осы мысалдардың алғашқысының құрамындағы *деуші еді* тіркесін синонимдік екінші бір тұлғамен ауыстырып, *дейтін* деп айтудан сөйлемге келер зиян жоқ. Ал соңғы үзіндіде *-шы еді* күрделі етістігі, бірде *-атын* тұлғасы қолданылған. Дегенмен, бұл екі тұлғаның бір-бірінен мынадай айырмашылығы бар: *-ушы еді* күрделі етістігінен кейін логикалық ойдың желісі басқа бір сөз немесе сөйлемнің айтылуын қажет етеді. Сол себептен болса керек, *-ушы еді* күрделі етістігі көбіне сөз арасында, екі сөйлемнің жігінде кездеседі. Ал *-атын* тұлғалы етістіктен кейін басқа бір сөз, сөйлемнің айтылуы қажет бола бермейді. Іс-әрекеттің болып өткендігін және ол істің болуына іс иесінің тікелей қатысқандығын айқын да дәл білдіретін форма - жедел өткен шақ тұлғасы. Бұл тұлға - бір-бірімен ұласып жатқан, бір-бірімен тығыз байланысты ұзақ уақиғалар, әрекеттер, құбылыстар тізбегін баяндауда аса ыңғайлы тәсілдердің бірі. Мына үзіндідегі жалаң жедел өткен шақ тұлғасының мәні мен қызметіне көңіл аудару мақұл.

Қартбай енді уюлі шөпті жағалап сол бұрышқа барды. Пішен қабырғаға тақап үйілмеген, екі арада жарты метрдей қуыс бар. Осы кезде немістердің дабырлаған дауыстары анық, естілді. Олар үйдің қасына келіп азғана сөйлесті, сартылдап есік ашылып-жабылды, содан кейін дабыл сиреп, дауыстар алыстай берді. Қартбай есікке қарай жалт бұрылып арқасын пішенге тіреп, икемсіз ауыр қол пулетінің аузын котеріп алып аз тұрды да, мысықша еппен аңдап басып Көжектің қасына барды (Т. Ахтанов).

Істің болашақта болу, болмауы кесіп айтылмай, шама-лау мәні *-ар* тұлғалы есімшелермен беріледі. Мысалы: *Өтер қайғылы қара түні! Міне, рауаңдаған таң белгісі! Ашылар бақыты?! Зұлмат қара түнді қуып жарқырап таң атар* (С. Сейфуллин). Жазба тілде контекстің ыңғайына қарай, ауызекі сөйлеу тілінде айтылу интонациясының құбылуына қарай *-ар* тұлғасы келер шақтық мәнімен қоса әр түрлі экспрессиялық мәнер алып отырады.

Қазақтың халық тілінде *-ар* тұлғалы есімшелер әр қилы

мағынада, неше түрлі қисында жұмсалады. Соның бір көрінісі - мақал-мәтел құрамында және ауыз әдебиеті тілінде қолданылу ерекшеліктері. Көркем әдебиет туындыларында халық тілінің осы нәріне сүйеніп көп тарала коймаған сөз қолданыстарға бой ұру жиі байқалады. Мысалы: *Кейінгі жолда бұлар мінетін көлік неше алуан боп ауыса берер, бірақ дәл Семейден Қарқаралыға шейін арбамен жайлырақ боп жүріп баруды Тінібек әсіресе қатты маслихат еткен* (М. Әуезов). Бұл сөйлем құрамындағы **-ар** есімшесінің қолданылуы ауыз әдебиеті үлгілеріндегі, әсіресе ертегілердегі сөз қолданысқа көбірек ойысады. Әдеби тіліміздің қалыптасқан басқа салаларында мұндай мәнде еді тұлғасы жиі айтылар еді.

Әлі басталмаған, бірақ мақсат етілген іс **-мақ, -бақ, -мақшы, -мекші** есімшелерінің жіктеулі тұлғасы арқылы немесе осы есімшелердің еді көмекші етістігімен тіркесі арқылы беріледі. Мысалы: *Құнанбай осы жолы сол сөз қайта шықса, келісіп аттанбақ.*

-мақ тұлғасының мақсаттық мәні еді көмекші етістігімен бір тірікесте жұмсалғанда айрықша айқын көрінеді. *Мен бармақпын* дегеннен гөрі *Мен бармақ едім* дегенде мақсаттық ман айқын екені белгілі. Бірақ соңғы тұлға (**-мақ едім**) өзінен кейін тағы басқа бір сөздің, сөйлемнің айтылуын қажет етеді.

Егер **-мақ** тұлғасын **-шы (-ші)** аффиксімен қосарлап колданса, ондай тұлға мақсаттан гөрі міндеттілік мәнге көбірек ойысады. Уақыт мерзімі әзір белгісіз болса да, болашақта қалай да болуға, бітуге тиісті істі білдіріп, соған мезгейді. *Ол инженер болмақшы, мен кітап жазбақшымын* деп айтуда істің болашақта болуымен қатар міндеттенушілік те бар.

Логикалық жағынан мақсатты келер шақ тұлғасына бір табан жақын тұлға - қалау рай. Қалау рай мен мақсатты келер шақ арасындағы негізгі айырмашылық - мезгілдік мән **-мақ** тұлғасында мезгілдік мән басым да, *барғым келеді* тұлғасында солай болса дейтін тілек мән басым.

Қазақ тілінде қалау, тілек, арман, күдік мағыналары етістіктің арнаулы тұлғалары арқылы беріледі. Қалау рай тұлғаларын бүгінгі әдеби тіліміздің құрамында қолданылу дәрежесі тұрғысынан екі топқа бөліп қарау керек. Қалау

рай жасайтын **-ғай еді, -са игі еді** тәрізді тұлғалар бүгінгі әдеби тілімізде тек сирек кездесіп қана қоймай, қолданылу сферасы да тарылып келеді. Бұлар көбінесе, сөйлеу тілінде, көркем әдебиетте кездеседі. Ал *тыңдағым келеді* тұлғасы қазіргі әдеби тіліміздің көп жанрында жиі жұмсалады.

-ғай тұлғасы таза тілек, арман мәнін туғызады. *Ол ақылды адам болғай. Сен жазылып кеткейсің* тәрізді сөз орамдарын сөйлеуші солай болатынына көзі жетпей, өзінің анық, таза тілегін, арман-ойын білдіруде ғана қолданады. Осы мағынада бұл тұлға ауыз әдебиеті шығармаларында жиі кездеседі. Қазіргі тілімізде бұл көбінесе күйзелгенде, әлдебір сенімсіздік пайда болған мезгілде ерекше дауыс интонациясымен айтылатын сөз жанрларында жұмсалады. Әйтпесе, жалпылама әдеби тілдің бар сферасында бірдей ұшырай бермейді. *Ағайын арасына дау түскелі отыр. Дәл осы жерде ұғыспасақ, Құнанбай ортасы бүлінгені. Айырған Еркежан мен Абай деп білемін. Артқы күн не болады - кінәны өздерінен іздесін. Тек көрісерге күн жақсы болғай-ақ та!* - деп барын айтты (М. Әуезов).

-ғай тұлғасының еді “көмекші етістігімен тіркесі арман, тілектің орындалуына күдіктену мәнін береді. Оны мына екі мысалды салыстырудан да байқауға болады: *Сен жазылып кеткейсің. Сен жазылып кеткей едің.*

Қалау, тілек мәнді **-са игі еді** күрделі тұлғасы біршама кітаби тілге жақын, жазба тілде жиі кездеседі. Мысалы: *Әр кез бейбітшілік күні нұрланып тұрса игі еді деп тілейді адамзат* (газеттен). Кейде күрделі тұлға құрамындағы игі сөзі түсіп қалып е көмекші етістігі екен түрінде айтылады. Мысалы: *... айтушы сіз дегенде күмәнымыз жоқ. Соны тек бір қайырып айтсаңыз екен!* - деді.

Қазіргі әдеби тілімізде қалау, тілек мәнінде жиі қолданылатын тұлға **-ғы (-гі, -қы, -кі)** етістіктері мен кел көмекші етістігінің тіркесі. Бұл тұлға өзінің алдында тұрған есім сөздің әр уақытта ілік септік жалғаулы болып отыруын қажет етеді. *Менің инженер болғым келеді.* Бұл тұлғаның мағына-мәнер жағынан басты ерекшелігі: мұнда қалау, тілек мәні айқын көрінеді. Қалау, тілек мәнді алдыңғы-тұлғаларда көбінесе күмән-күдік мәні араласа жүреді.

Етістіктің басқа топтарынан оқшау тұрған бір тобы -у тұлғалы тұйық рай. Мұндай сөздер өздерінің мағынасы мен

қызметі тұрғысынан әрі етістік мәнінде, әрі есім мәнінде келіп, екі жақты қолданылады. *Алу, беру, жүру, сөйлеу, оқу, жазу* т. б. сөздер, бір жағынан, қимыл-әрекеттің өзін білдірсе, екінші жағынан оның аты, есімі де болады.

-у тұлғалы тұйық рай етістіктері (немесе қимыл есімдері) іс қағаздарында, ғылыми әдебиеттер тілі де белгілі бір әрекет-қимылдың, құбылыстың атауы ретінде аса жиі қолданылады. Мысалы: *Жазалау - тәрбиенің бір тәсілі*. Олар, сонымен бірге, сөйлем баяндауышы қызметінде *керек, тиіс, қажет, мақұл* тәрізді субъективті қатынасты білдіретін сөздермен бір тіркесте жұмсалып, істің болу міндеттілігін, қажеттілігін білдіреді. Мысалы: *Егер әңгіме мал шаруашылығы туралы болып отырса, жердің жүз гектарына есептегенде ет пен сүтті көбірек өндіру керек* (газеттен). Мұндай тіркестер философиялық толғанысқа құрылған сөйлемдерде жиі қолданылуымен бірге, қазіргі әдеби тілімізде ресми сөздің, сөйлеудің де тәсілі есебінде тұрақталып бара жатыр.

-у тұлғалы қимыл есімдері қазіргі әдеби тілімізде жатыс септік тұлғасында жиі қолданылатын болды. Егер түбір күйінде бұл қимыл есімдері құбылыс пен әрекетті, қимылды атап қана білдіретін болса, -да тұлғасында динамикалық екпін, леп алады. Мысалы: *Ал жергілікті жерлерден алуан түрлі деректер сұраудың өзі де кеңсешілдіктің бір түрі, ол іске үлкен нұқсан келтіруде* (газеттен). -уда тұлғасының негізгі мәні - іс-әрекеттің, қимылдың созылыңқылығын білдіреді. Бұлайша қолдану шамамен алғанда, Октябрьден кейінгі дәуірде орыс тілінен аударма жасау ынғайында пайда болып, келе-келе баспасөз бен ресми қағаздар (қаулы-қарарлар, ресми сөз т. б.) тілінің айқын, басы ашық бір белгісі болып кеткен. Бұл қолданыстың, әрине, тіліміздің икемділігін, оралымдылығын арттырғаннан басқа залалы жоқ. Дегенмен солай екен деп, орынды-орынсыз жердің бәрінде де осы тұлғаны айта беруге болмайды. Әсіресе күнделікті баспасөз бетінде көптеп жарияланатын корреспонденцияларда кездесетін: *Маялаңған шөптер мал қыстағына тасылуда. Бұл істе Әзірбаев бастаған комсомолжастар бригадасы еселеген еңбек үлгісін көрсетуде* тәрізді қолданыстарды тіл мәдениетінің жоғарылығы деп қарауға әсте болмайды.

СИНТАКСИС

§ 49. Синтаксистің стилистикалық қызметі

Синтаксис - сөз тіркесінің, сөйлемнің құрылысын зерттейтін грамматиканың бір бөлімі. Бұл бөлімде сөздердің тіркесу қабілеттілігі, байланысы, сөз тіркестері мен сөйлемдердің түр-түрі, құрамы қарастырылады. Сонымен қоса тілдің синтаксистік ережелері мен синтаксистік заңдылықтарын айқындау мақсаты, көзделеді, тілдің синтаксистік тұлғалары мен синтаксистік құбылыстарын айқындау мен олардың мағыналық ерекшеліктері де сөз болады.

Тілде мағынасыз, мағына білдіруге қатыспайтын нәрсе жоқ. Әсіресе синтаксистік категория мен синтаксистік тұлғалар - адам ойын жинақты, тиянақты түрде білдірудің ұйымдастырушы бөлшектері де, сөйлем - ойды білдірудің негізгі формасы болып есептеледі. Сондықтан синтаксисті оқыған кісі оның мағыналық жақтарына мән беруге тиіс, ал тіл ғылымында синтаксистің жеке мәселелері өздеріне тән мағыналарымен бірлікте қарастырылуға тиіс.

Олай болса, стилистика ғылымының синтаксисті зерттеуінің мақсаты не болмақ?

Стилистика сөздер қалай тіркеседі, сөйлемдер қалай құралады, олардың тілдегі қалыптасқан жүйелері қалай болады, дегендерге жауап іздемейді және олардың әрқайсысы қандай мағынада айтылады? деп те жатпайды, - кісінің мақсатты ойын қалайша дұрыс айтуға болады? Ол, міне, осы сұраққа жауап іздеу мақсатымен синтаксис мәселелерін қарастырады. Сонда стилистика синтаксистік тұлғалардың жұмсалып аясын, мағыналық құбылыстарын, кісіге етер әсерін, экспрессивтік мағыналарын тіл жұмсау шеберлігі тұрғысынан қарастырады.

Сайып келгенде, стилистиканың мақсаты - дұрыс сөйлеуге, дұрыс жазуға үйрету.

Шебер суретшінің суреті, композитордың музыкасы, зергердің өнері - бәрі де нәзіктікті керек етеді. Онысыз ешбір өнерде шеберлік қасиет болмақ емес. Сөз шеберлерінің де жазғандарында қыбын тауып киюластырып айтылған нәзік үн, әсерлі леп, терең мағына болуға тиіс.

Тілдің ой өрнегін салу қасиетін ұлы Абай сондықтан да былай суреттейді:

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас...
Толғауы тоқсан, қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл!

Стилистика ғылымы, соның бір саласы синтаксистік стилистика, осындай “толғауы тоқсан” тілдің ой өрнегін дұрыс салу мүмкіншілігін қарастырады, сөз маржанын тани білуді, сөйлемді дұрыс құрай білуді үйретеді.

Әрине, айтылғанның, жазылғанның бәрі бірдей “маржан” емес. Олардың да жақсысы бар, жасығы бар. Стилистика жақсыдан үйренуге, қате-кемшіліктен аулақ болуға шақырады.

Әрбір стильдің синтаксисінде өзіне тән ерекшеліктері болады. Мысалы, нақышы мол көркем тіл үлгілерін көркем әдебиет стилінен, синтаксистік амалдарды күрделі дәлме-дәл пайдаланып, сөйлемдерді қатаң құрау үлгілерін ғылыми әдебиет стилінен байқаймыз. Әсіресе ғылыми стильде жазған адам ойының дәлме-дәл айтылуын көздейді. Ол логикалық байланыстағы ойды бұлтартпай әрі дұрыс білдіретіндей тіл мүмкіншіліктерін пайдаланып, тура мағыналарында жұмсауға тырысады. Сондықтан ғылыми стиль синтаксисінде күрделі құрам, құрмалас сөйлемдер жиі қолданылады.

Әдеби тілдің қай тілінде болмасын - оның бәріне тән нәрсе - о й а й қ ы н д ы л ы ғ ы, ол үшін сөйлем дұрыс құралу керек. Осы талап тұрғысынан әдеби тілдің сөйлемдері әбден қиюластырылып, сөздері рет-ретімен орналастырылып, синтаксистік басқа да тәсілдер белгілі қалыпқа түсіріліп жазылады. Әдеби тілде жазып отырған не сөйлеп тұрған кісі сөйлем құраудың бұл талаптарын да, оған керекті синтаксистік мүмкіншіліктерін де жақсы білуге тиіс.

Әдеби тілдің синтаксисін дұрыс бағдарлау үшін оны сөйлеу тілінің синтаксисімен салыстыруға болады.

Сөйлеу тілінің синтаксисі әрдайым жүйелі бола бермейді. Өйткені адамдар өз ара қарым-қатынас жасауда біріне-бірі әр алуан өмір әрекетінің жайын сөз қылады. Ондайда олар айтпақ пікірін алдын ала ойланып жазып алмай да сөйлей береді. Тіпті ойын ойланып, толғанып сөйлегенмен, оның сөйлем құрауында тілдік нормалар сақтала бермеуі мүмкін. Әдетте сөйлеу тілінің синтаксисі қарапайым, сөйлемдері қысқа-қысқа, көбінесе толымсыз болады.

Әдеби тіл халық тілінің ең жоғарғы формасы болатындықтан, студенттер стилистика пәнін әдеби тіл материалдары негізінде игеруге тиіс.

Әдеби тіл синтаксисінің стилистикаға да негізгі объекті болатын бір бүтін бөлшегі - сөйлем. Сөйлемдер әр алуан сөзден, сөз тіркестерінен құралып, түрлі-түрлі мағынада, экспрессивтік қызметте жұмсалады, олардың түрі көп, стильдік сыр-сипаты, кедір-бұдыр қыры көп. Сонымен қатар ол кісі ойының ғажайып жеміс бақшасы тәрізді. Сол бақшаның жемісінен “дәм татам” деген кісі сөйлемдердің стильдік қызметіне қанық болып, өзі оларды дұрыс жұмсай алатын болады.

Біздің басқаға хабарлайтын ойымыз жеке сөйлемдермен шектелмей, ұласа айтылған көптеген сөйлемдер қатарымен тиянақталып тұрады. Сондықтан сөйлем тізбектері бір-бірімен өз ара дұрыс байланыста болуға тиіс. Бұл - стилистика ғылымының басты талабының бірі. Мына мысалды сол талапқа сай құралған сөйлемдер тізбегі деуге болады.

Күн батып бара жатқан кезде, күйеулер отырған үйден үш-төрт жігіт шығып, қыз-келіншек отырған үйге қарай жүрді. Төрт жігіттің біреуі батсайымен тыстаған ақ елтірі тымағын козіне тамаи киіп, насыбай атқан ернін томпитып шырт түкіріп қойып, қолындағы кішкене ақ домбырасын сыңқылдатып шертіп келе жатты (С. Сейфуллин).

Осындай, өз ара ішкі логикалық әрі синтаксистік байланыстағы сөйлемдерде ой дәлдігі, сөзбен салынған сурет болса, оның эстетикалық әсерін бірден түсініп, тез се-

земіз. Ал байланыстары айқын емес сөйлемдер қатары айтайын деген ойдың түсінігін ауырлатады, не мүлде түсініксіз етеді. Оның үстіне сөйлемдер қатары дұрыс тізіліп әрі мағыналық, әрі синтаксистік сымбаттылығын сақтама-са, айтылған ойда көрік болмайды, кейде бұлдыр, түсініксіз болады:

1. *Оның әйелге тән тартымды рең басына маңғаз келбеті жарасып-ақ, түр. Бірақ оған қарамастан Ольга Всеволодина ағынан жарылып аңқылдап, біздің сұрақтарымызға барынша зейін қойып, зердемізге толық, жеткізгенше түсіндіруге тырысып бәйек болып-ақ отыр* (“Адам және химия”, 72-б.). Бұл мысалда әйелдің әсем келбетіне сұңғақ денесі жарасып түр деу үшін толып жатқан артық сөз қолданылған. “Оған қарамастан” екі сөйлемді ұластырушы жалғаулық қызметіндегі сөздер. Бұл арада олардың екі сөйлемді байланыстыру қызметінде жұмсалыуының реті жоқ. Әйел тартымды, әдемі еді, соған қарамастан бізбен жақсы сөйлесті дегенде, қандай логика бар? Әйел ауру еді, соған қарамастан бізбен жақсы сөйлесті десе, оның жөні бір басқа. Онда оның - “дені сау”, өз ара дұрыс байланысқан салалас құрмалас сөйлем болғандағысы.

2. *Біз жоғарыда Орхон ескерткіштеріне жататын Тонькөкке арналған ескерткіштің тіліне біркелкі шолу жасадық. Осыған байланысты Тонькөк ескерткішін тек қазақ тілі материалы тұрғысынан қарауға болмайды. Мұндай ескерткіштер бүкіл түркі тілдеріне ортақ мұра. Бұл салада істелетін жұмыстар алда сан алуан* (Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 5-шығыуы, 107-б.).

Осында төрт сөйлем бар. Оның біріншісі мен екіншісі арасында, үшінші мен төртінші сөйлем арасында ешқандай мағыналық байланыс жоқ, төртсүйі төрт жаққа қарап түр. Олардың басы зорлықпен бір жіппен байланып, қосақтала салынған сияқты. Оның үстіне текстегі жеке сөздер дұрыс қолданылмаған. Сондықтан автордың ойы дұрыс шықпаған. Оның айтайын дегені мынау: *Біз жоғарыда Орхон ескерткішінің бірі Тонькөк ескерткіші тіліне біраз шолу жасадық. Соған қарағанда, ол ескерткіш тілінің материалдары тек қазақ тіліне емес, бүкіл түркі тілдеріне ортақ мұра екендігі аңғарылады...*

Ойы анық, қаламының ебі бар адамның сөзінен сөз туып, сөйлеміне сөйлем ілесіп, ондағы сөздер қатары дұрыс тізіліп, олар әрі мағыналық, әрі синтаксистік байланыста айтылады. Бұл - жазу, сөйлеу өнерінің басты шарты. Сол өнерге баулитын да - стилистика ғылымы. Сонымен қатар стилистика ғылымының ерекше көңіл бөлетін мәселесінің бірі - синтаксистік синонимдердің қолданылуы.

§ 50. Синтаксистік құрылыс және стильдер жүйесі

Мақсатты ойды дәлме-дәл айтуға жарамды тілдік тәсілдер жүйесі стильдер тобын құрайды. Әдеби тілдің ондай жүйелік қасиеті оның қоғамдық қызметі арту нәтижесінде, халық тілінің байлықтарын сұрыптап, талғап пайдалану нәтижесінде қалыптасады. Әдеби тіл қарым-қатынас қызмет бабына лайық түрлі стильдердің дамуына ұйтқы болса, керісінше, стильдер салаларының жетіліп кемелдене түсуі әдеби тілдің дамуына зор үлес қосады. Өйткені әр алуан әдебиет, мысалы, көркем әдебиет, ғылыми еңбектер әдебиеті, публицистика өсіп өркендеген сайын әрбір стильге тән тіл байлықтары сол топқа ойысады да, олар әдеби тілдің байлығына айналады. Тілдік тәсілдердің жеке стильдерге тиімділік орайында саралану барысында әрбір стиль тілде бұрын бардың негізінде және өзге тілдің игілікті ықпалымен кемелденеді, әдеби тіл жаңа сөз, жаңа орамдар тудырды, грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік құрылыстардың тілдегі бұрынғы қызметтерін жандандырып, молайтып, оларға ерекше мағына үстейді.

Тіл байлықтарының жеке стильге бейімделе саралану дәрежесі әрбір стильдің қоғамдық қызметімен, сол құрамда жұмсалу тарихымен байланысты. Жазба әдебиет стильдерінде бәрінен де сөздік қордың жеке стильдерге тиімді болып оқшаулануы айқын болады да, морфологиялық тұлғалардың, оларға қарағанда, стильдік мүмкіншілігі солғын болады, ал синтаксистік формалар мен синтаксистік тәсілдердің соңғылардан гөрі стильдік орайда жұмсалу мүмкіншілігі мол. Соның өзінде тілдің синтаксистік құрылысы, біріншіден, барлық стильге ортақтық қасиетінің күштілігінен оның бір-бір қазыққа арқандалған, басы бай-

лы белшектері аз болады, екіншіден, дамыған стильдер жүйелерінің қарым-қатынасы күшейген сайын, бірінен-бірі нәр алып, ауыс-түйіс орайда дамиды.

Синтаксистің стильдік қызметі, стильдік тәсілдері мол болатындықтан, әсіресе көркем әдебиет тілі тұрғысынан оның мүмкіншілігі өте жоғары бағаланады. Сондықтан болар, А. И. Ефимов “Стиль дегеніміз - құрылымдық-синтаксистік категория” - деп есептейді. Өйткені синтаксистік тәсілдердің көріктеу мүмкіншілігі әр алуан болатындықтан, жазушының синтаксисінен оның шығармаларының стильдік ерекшеліктері айқын көрінеді. Мысалы, шебер жазушы-стилистердің қаламынан шыққан көркем сөз үлгілерінде авторлық пафос та, баяндаудағы экспрессивті-эмоциялы бояулар да, авторлар мен персонаждардың дүниеге көзқарастары да, олардың ішкі сезімдері де көбінесе көркем туындылардың синтаксистік құрылыстары арқылы беріледі.

Басқа тілдік стильдер салалары үшін де тілдің синтаксистік құрылыстарын, олардың мол мүмкіншіліктерін дұрыс пайдаланудың мәні зор.

Әдеби тіл стильдерінің барлық түрлері үшін, барлық синтаксистік категориялар мен синтаксистік құрамдардың стильдік топтарға тәндік белгілері тайға таңба басқандай бадырайып көрініп тұрмайды, ондай нәзік құбылыстың ысылған, көреген көзге бірден байқалатындары да бар. Оларды былай қойып, кез келген синтаксистік бірліктерді белгілі стильдер аясында жалпы синтаксистік заңдылықтарын сақтай отырып, шебер, орынды, ретін тауып дұрыс қолданса, олардың бәрінің стильдік өңі, стильдік қызметі болады. Мысалы, *Мен оны көрдім. Екі бала дедектеп жүгіріп келеді* тәрізді қарапайым жай сөйлемдер жатық, дұрыс құрылса, жалпы стильдік кескіндері де дұрыс деп танылады. Ал сондай сөйлемдердегі сөздердің біріне ой екпінін түсіріп, әуенін өзгертіп айтсақ, әрине олардың стильдік өңі бұрынғыдан өзгеше болады. Немесе *Қолынды тарт пен Тарт қолынды!* деген сөйлемдердегі сөздердің саны бірдей болғанымен, құрылысы, стильдік қызметі екі түрлі: алдыңғыда бірсуге біреудің жай солғын бұйрығы айтылса, соңғыда долданып, октсмдікпен, ақыра, кейіп бұйырғандық аңғарылады.

Жақсы стилистер, осылайша, ана тілінің жалпы синтаксистік нормалары мен басқа да мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, сөз тіркестерін, сөйлемдерді өздерінше ерекше нақыш, әуен, екпінмен айтуға лайықтап та құрастырады. Көркем сөз шеберлері “ой толқынын, сезім ырғағын, психологиялық тартыс пен тай-таласты тың тілмен, өзінше бір ораммен орайлап айтқысы келеді”, - дейді М. О. Әуезов.¹ Сол үшін сөз зергерлері тілде жоқты емес, әдеби тілде, халық тілінде барды “қиыннан қиыстырған” “тың тілмен” ой өрнегін құрастырады. Сондайдан әр сөз шеберінің өзіндік стиль ерекшеліктері жасалады.

Әдеби тілдің барлық стильдеріне қойылатын синтаксистік стиль талаптары тұрғысынан қарағанда, сөз тіркестері мен сөйлемдер құраудың нысанасы - ой айқындылығы екенін жоғарыда айттық. Сол үшін сөйлемдегі сөздер сымға тізілген маржандай таңдамалы, талғаулы, сөздердің, сөйлемдердің мағыналық және синтаксистік байланыстары мүлтіксіз болуға тиіс. Синтаксистік құрылыстың осындай сымбаттылық қасиеті ана тілінің ғасырлар бойында қалыптасқан заңды жүйелеріне негізделеді.

Солай бола тұра әр стильдің қызмет бабы ынғайына қарай синтаксистік құрылыстың жеке түрлерінің жеке стильге тән екендігі байқалады. Мысалы, әдеби тілде жиі жұмсалатын *прогресшіл адамзат, қарқынды еңбек, жүзеге асыру, қолдау табу, қызу құттықтау, салтанатпен мерекелеу, бейбітшілік күштер, сүтті бастама, еңбек өнімі, зор ынта, табыстармен жауап беру* тәрізді сөз тіркестері публицистика стиліне тән болса, *асау терек, асау жүрек, қанды кек, алтын күн, салқын самал, тулаған толқын, ынталы жүрек, жанымның жарық жұлдызы, жүректің кең дариясы, суық ақыл (Абай), ой астары, бейбітшілік бакшасы, Отанымның жүрегі, жүрек сыры* сияқты ауыспалы метафоралық сөз тіркестері көркем әдебиет стиліне тән, ал *дауысқа қою, баяндама жасау, басшылық ету, қаулыны орындау, қол қою, мөр басу ...* сияқтылар кеңсе тілі стиліне тән. Сондай-ақ диалогты сөйлемдер сөйлеу тілі стиліне тән болса, *Мидай дала. Жа-*

¹ М. Әуезов. Қазақтың әдеби тілі туралы, “Жұлдыз” журналы, 1951, № 4.

рық ай. Есік алды ығы-жығы тәрізді атаулы сөйлемдер көркем әдебиет тілі стиліне тән.

Сөйлеу тілі стилінде түсінігі ауыр күрделі орамдар, шұбатылған аралас құрмалас сөйлемдер көп айтылмайды. Ондай күрделі синтаксистік құрылыстарды ауыз екі тілде бірден дұрыс құрастыра салу да, оларды сазына келтіріп айтып шығу да, таңдау да қиын болатындықтан, шешендер әдетте сөйлемдерді тап-тұйнақтай етіп ықшамдап, логикалық, синтаксистік байланыстарын берік ете баяндауға тырысады.

Ғылыми әдебиеттер стиліне де сондай талаптар қойылады, бірақ оқып түсінуге, кейде тындап ұғынуға арналған ғылыми сөзбек, баяндамалардың текстерінде күрделенген орамдар, құрмалас сөйлемдер, сірестіріп құрастырған жайылма сөйлемдер жиі ұшырайды. Көркем әдебиетте де, мысалы Л. Н. Толстойдың “Соғыс және бейбітшілік”, М. Әуезовтің “Абай жолы”, Ғ. Мүсіреповтің “Оянған өлке” романдарында күрделенген синтаксистік құрылыстар көп-ақ. Бұлардың жұмсалыу мақсаты ғылыми әдебиеттегіден басқа. В. Г. Белинский айтқандай, ғалым дәлелдейді, ал жазушы суреттейді: “Философ силлогизмдер арқылы сөйлейді, ақын образдар, картиналар арқылы сөйлейді, бірақ екеуінің де айтатыны бір нәрсе”¹.

Бір “нәрсені”, бір ой, бір пікірді түрліше айтуға болатыны әдеби тілдің стильдік мүмкіншілігінің молдығын көрсетеді. Оларды белгілі стильдерге тән етіп, екшеп, “шоғырлау әдеби тілдің қоғамдық қызметінің кеңеюі барысында пайда болады. Стильдердің оқшауланып калыптасу дәрежесі әдеби тілдің тарихымен, әр стильге тән әдебиет кадрларының молайып, марқайып дербестік сапасының артуымен байланысты.

Бір стильге тән құбылыс басқа стильдерге мүлде жат, оларда қолдануға болмайды деген ұғым тұмау керек. Мысалы, терминдік тіркестер көбінесе публицистік және ғылыми стильге бейім, солай бола тұра олардың біразы көркем әдебиетте де кездесуі мүмкін. Мысалы, шахтерлер өмірінен жазылған “Қарағанды” романында кәсіби терминдер тір-

¹ В. Г. Белинский. Шығармаларының толық жинағы, III т. 1948, 798-бет.

кестері көп, немесе айналаны суреттеу мақсатында жұмсалатын атаулы сөйлемдер көркем әдебиетке тән бола тұра, публицистикалық әдебиеттерде де кездесе береді.

Көркем әдебиетке тән көріктеу тәсілдерінің кейбір үлгілері жоғарғыдай газет-журнал тілінде жұмсалуды, немесе көркем әдебиеттегідей газет беттерінде *ақ алтын* (мақта), *қара алтын* (көмір), *Сыр маржаны* (күріш), *табыс кілті*, сияқты ауыспалы мағыналы тіркестердің жұмсалуды әдеби тіл стильдерінің жігі білінбейтін біртұтас екенін көрсетпейді, стиль мен стильдің қарым-қатынасының, байланысының мол екенін көрсетеді. Стильдер тармақтары сараланып кемелденген сайын олардың жоғарғыдай ауыстүйіс байланыстары күшейе береді.

Синтаксистік категориялардың бірі ол стильге, бірі бұл стильге ойысады деуге болмайды. Солардың әрқайсысының ішінара жеке түрлерінің, тәсілдерінің белгілі стиль аумағында көбірек қызмет атқаруы мүмкін (ондайды кейінгі талдаулардан көруге болады).

Синтаксистік құрылыстың стильдік қызметін, стильдік бояуын айқын білдіруге себепкер болатын амалдың бірі - интонация.

Әдеби тілде жазылғанның бәрі оқу үшін жазылады. Жақсы стилист әрбір сөйлемді құрастырғанда, оның айтылуы мен мазмұны, стильдік қызметі арасында тығыз байланыс бар екенін сезеді. Сайып келгенде ол байланыс жазушы мен оқушы арасындағы байланыс болып шығады.

Әрбір сөйлемнің, тұтас сөйлеудің мазмұнына, стильдік қызметіне лайық айтылу сазы болады. Оларды өздеріне лайықты үнмен, тиісті екпінмен, өз әуенімен дұрыс оқып, дұрыс айтқанда, текст пен оның жеке сөйлемдеріне жан біткендей болады. Солар арқылы синтаксистік орамдар мен синтаксистік тұлғалардың әсіресе стильдік қызметтері өз орнында дұрыс танылады.

Сондықтан хатқа жазылмағанды ғана емес, жазылғандарды да дұрыс оқу, дұрыс айтудың стильдік қызметі ерекше болады. Ойға лайық құралған синтаксистік құрылысты нақышына келтіріп, табиғи сазымен, тиісті әуен-ырғағымен, тиісті қарқынымен айтылмаған сөйлемдер, басқа да синтаксистік тұлғалар нысанаға дәл тимеген оқ сияқты. Со-

нымен қатар, мысалы, *ол жақсы жігіт екен. Сені кім шақырды? Айтқаным - айтқан, айтқанымнан қайтпан!* сияқты сөйлемдердің белгілі стильдік орайда жұмсалуды олардың құрам, құрылыстарымен де, айтылу ерекшеліктерімен де өлшенеді. Сөйлемдердің айтылу қарқыны, дауыс ырғағы, айтылу екпіні, әуені - айтылу сазы (интонациясы) құбылмалы болуы, сөйлеушінің, айтушының еркіндігі субъективті құбылыс емес, ойдың айтылу мақсаты, ойды білдірудің синтаксистік құрылысы өмірдің әр алуан жағдайларын білдіруге негізделген құбылыс. Сондықтан әр сөйлемнің интонациясы оның өзіне тән табиғатына лайық болуға тиіс.

§ 51. Синтаксистік синонимдер

Жақсы стилист болу - сөз зергері болу деген сөз. Сөз зергері мақсатты ойдың тек түсінікті болуын ғана емес, көркем, әсерлі болуын да көздейді. Ол үшін сөз орамын түрлендіріп, нақыштап, барынша жатық етіп құруға тырысады. Мысалы, жазушы М. Әуезов “Абай жолы” романында алыс жолдан келе жатқан Әбішті қарсы алып, алдынан шыққандар туралы былай дейді:

Омырауларын тер басқан, демігіп танауратқан сәйгүліктерді зорға тоқтатқан ауыл кісілері күймеге соқтыға жаздап, дабырлап сәлем берісті. Қуаныштың айғай-шуын, шат күлкісін Әбіштің алдына ала шықты. Осы мысалдағы соңғы сөйлемді сурет зергері емес, жай қарапайым қазақ, “Ауыл кісілері Әбіштің алдынан шықты, оны қуанып қарсы алды” дер ме еді? Не десе де, сөз нақышын М. Әуезовтей келтіріп айтпаған болар еді. Немесе:

*Жанымның жарық жұлдызы,
Жамандық күнде жарымсың, —*

дегенді Абай ғана айта білді.

Тілде бар сөздерді, сөйлем құрылысын осылайша шеберлік биігінде тұрып жұмсаушы ойшылдар санаулы-ақ болар.

“Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?” дегендей, адам ойының ұшы-қиыры жоқ. Сондай-ақ, тіл байлығы да ұшан-теңіз. Сол теңіз дүниесіне сүнгіп, ой өрнегіне керекті тілдік

материалдарды, грамматикалық тәсілдерді дұрыс пайдалана білу үлкен шеберлікті керек етеді.

Тілге бай, сөзі жатық кісілер ана тілінің мүмкіншілігін молынан пайдаланады. Соның бірі - синонимдер. Мәндес сөздер, мәндес грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік тәсілдер өз орнында дұрыс қолданылса, тілге ерекше өң береді. Қазақ тілі синтаксисінің сондай мүмкіншілігін байқау үшін бірнеше мысал келтірейік:

1. Істің мақсатын білдіру үшін, егер: *Мен Алматыға оқуға келдім* десек, осыны тағы қалай айтуға болады? деген сұрақ туады. Осы сөйлемнің пысықтауышы “оқуға” дегеннің синонимдерін тауып, сол сөйлемді былай өзгертіп айтуға болады:

1. *Мен Алматыға оқу мақсатымен келдім.*
2. *Мен Алматыға оқу үшін келдім.*
3. *Мен Алматыға оқығалы келдім.*
4. *Мен Алматыға оқиын деп келдім.*
5. *Мен Алматыға оқысам деп келдім.*
6. *Мен Алматыға оқиыншы деп келдім.*
7. *Мен Алматыда оқысам қайтер екен деп келдім...*

Осылардағы мақсат пысықтауыштардың тұлғалары әртүрлі болғанмен, сөйлемдердің негізгі мағыналары (мақсаттық) бірдей сияқты, бірақ стильдік өңі бірдей емес. Стилистика үшін осындай бірдей еместердің үлкен мәні бар. Егер бұл пысықтауыштың сөйлемдерде білдіретін мағыналары барлық жерде біріне-бірі тепе-тең болса, онда олардың бәрі жапа-тармағай жиі қолданылмаған болар еді. Дұрысында, олардың ептеп болса да айырмашылықтары бар. Мысалы, “оқуға келдім”, “оқу үшін келдім” - бір емес. Соңғыда мақсат баса айтылады. Сондықтан оларды қалай болса солай, бірінің орнына бірін қолдана салмаймыз. Абайдың *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін* дегенін басқаша айтуға болмайды. Сол сияқты *Келмеп пе едің жол тосып, жолығуға аулаққа* (Абай) дегендердегі мақсат пысықтауышты басқа синониммен ауыстыра салуға болмайды.

Оның себебі екі түрлі: біріншіден, бұл синтаксистік синонимдердің мағыналарында стильдік елсулі айырмашылық бар, екінші, мұндай синонимдердің бәрі бірдей кез келген етістікпен тіркесе бермейді. Мысалы, *Бізді аудан әкімшілігі осы ұжым жұмысына көмектессін деп жіберді*

дегенді көмектескелі жіберді дей алмаймыз. Өйткені “көмектескелі” сөзі III жақтық жібер етістігімен емес, *келдім, бардым, шақырдым* тәрізді етістіктермен тіркеседі. Сондай-ақ “оқиын деп келдім” мен “оқысын деп жібердінің” пысықтауыштарын алмастыруға болмайды.

Стилі жатық жазушылар сол синонимдерді жақсы біліп, көбінесе мағына дәлдігі үшін, кейде жазу стилін түрлендіру үшін де қолданады.

2. Қазақ тіліндегі сабақтастардың бағыныңқы сыңарлары түрлі-түрлі тұлғада жұмсалады. Солардың бірі - мезгіл бағыныңқы. Мезгіл бағыныңқы сөйлемнің бірнеше синонимі бар:

1. *Бригадир келгенде, Жақып төсегінен тұрып жатыр еді.*

2. *Бригадир келген кезде, Жақып төсегінен тұрып жатыр еді.*

3. *Бригадир келсе, Жақып төсегінде жатыр екен.*

4. *Бригадир келісімен, Жақып төсегінен тұрды.*

5. *Бригадир келе сала, Жақыпты төсегінен тұрғызды.*

Осындай мезгілдік мағынада сабақтас сөйлемдерді тағы да салалас етіп айтуға болады:

1. *Бригадир келіп еді, Жақып төсегінде жатыр екен.*

2. *Бригадирдің келуі мұн екен, Жақып төсегінен қарғып тұрды.*

3. *Бригадир келсе болғаны, Жақып төсегінен қарғып тұрады.*

Бұлар мезгілді білдіру жағынан мәндес болмағанмен, әрқайсысының стильдік өңі, экспрессивтік мағынасы әр басқа: *Бригадир келгенде* (келген кезде), *Жақып төсегінен тұрып жатыр еді* - бағыныңқы басыңқыдағы істің өткен шақта болғанын білдірумен қатар, басыңқының баяндауышы да өткен шақтық тұлғада тұруын керек етеді. Сондықтан ол сөйлем соңғы еді - сөзінсіз айтылмай-ды. Ал *Бригадир келсе...* деген бағыныңқы да өткен шақта, басыңқының баяндауышы да өткен шақта, бірақ, көмекші етістігі еді емес,- екен. Ұсынысында үлкен мән бар: *Бригадир келсе, Жақып төсегінде жатыр екен* дегенде, бағыныңқы басыңқымен тек мезгілдес болып қана ұғынылмайды, басыңқыдағы іске бағыныңқының бастауышы айғақ (көрген, көзі жеткен) болғаны аңғарылады. Сондықтан шартты райды

есімшемен алмастыра салу - сөйлемнің елеусіз болса да, мағыналық нәзік айырмашылығын білдіруге қиянат жасау болады.

3. Сөйлем мүшелерін синонимдік ыңғайына қарап түрлендіруде үлкен мән бар. Алдымен мына мысалдарды салыстырыңыз:

Дуандағы начальник тіл-маш бол деп өтінген екен, болмай елге келді (Б. Майлин).

Базаралы өз науқасының бар жайын айтып шықты (М. Әуезов).

Бұлардың бәрі бірдей неге бөріккенін Өтеп... тегіс мәлімдеп берген (М. Әуезов).

Әбдірахманға писарь бол деп жабысты, оған да болмады (Б. Майлин).

Ол үйде болған сөздің барлығын Мағаш баяндап берді (М. Әуезов).

Кейін... Павловка түгел жеткізіп күлкілі түрде әңгімелеп берді (М. Әуезов).

Бұл мысалдардағы мәндес мүшелер: *тілмаш бол деп өтінген екен - писарь бол деп жабысты, айтып шықты - баяндап берді, мәлімдеп берген, - әңгімелеп берді*. Бұлар бірін-бірі қайталамай, тек сәндік үшін түрленіп тұрған жоқ, мағыналық жүгі болғандықтан да белгілі стильдік қызмет атқарады. Бір мүше қайталанбай басқаша айтылған: *тілмаш бол деп өтінген екен - жай тілек те, писарь бол деп жабысты - экспрессивті тілек, айтып шықты - түгел хабарлады, баяндап берді - түгін қалдырмай, тайсалмай хабарлады* деген мағынада.

Сөз шеберлері синоним сөздерді бірыңғай мүше қызметінде де көп жұмсайды. Ондайда бірыңғай мәндес мүшелер бірін-бірі толықтыра, сурет бояуы айқындала түседі.

**Ісіндің, кебіндің
Сонда да не пайда
(А б а й).**

Әлі де айтары көп адамдай қысылмай, жасқанбай, именбей күлседі (Ғ. Мүсірепов).

Мұндайда көмекші сөз бен сөз тіркесінің сыңары бірыңғай синонимдерге ортақ болып бір рет айтылады, мыса-

лы: *Ғылым оқып білгенше, тыным, тыныштық таппаған* (Абай). Сөйлемді солай құрауға әуес шебер жазушының бірі М. Әуезов болатын:

Ең аяғында Абай өзі бір тұспал, болжал жасады. Абай мен Ербол екеуі де қатты жүріске шыдамды, берік болатын. Іштей екеуінің шыдамдылыққа байласқан серті, бәсекесі бардай. Үлбіреген... жастықтың аса қатты қысылған, қымсынған белгісі білінеді. Кей жайларды анық, айқын етіп хатқа жазып келді (М. Әуезов).

Сол мақсатпен синонимді бірыңғай мүшенің бірі жеке сөз, бірі тұрақты тіркес болып та жұмсалады.

Ондай болса, мен де ойлашып, кабырғаммен кеңесейін (С. Бакбергенов). Көзіме жас бер, жылайын, шыдам бер, сабыр қылайын (Абай). Ұғынбайды, ұғынғысы келмейді. Тығылмай, ашу шақырмай ұтқыр сөйлейтін кісі сияқтанды (Ғ. Мүсірепов).

Жоғарғыдай мәндес сөздердің арасына да та жалғаулығын қойып бірыңғай мүше қызметінде жұмсауға жазушы Ғ. Мүсірепов әуес. Бұл әуестікте де ерекше стильдік мән бар:

Бәрі де бір ұяда туып, оскендей топас та кеше. Білетіндері болымсыз да мардымсыз болғанмен, әрнеге әзір тұрғандарын ұнатып қалды. Байжан іркілмей де бөгелмей бармағын басты (Ғ. Мүсірепов).

Мұндайдың айтылу әуесінде ерекше ырғақ болады да, мәндес бірыңғайлардың мағыналары біріне-бірі еселеніп үстелетіндей экспрессивті мағына сезіледі. Сондықтан болар, бірыңғайларды осылай құрауға жас жазушылар көбірек еліктейтін болды. Бірақ онда оғаштық та бар. “Ұтымды да ұтықты”, “құда да құдағай”, “түсінікті де ұғымды” т. б. Мұндайда пәлендей мән жоқ, тек желпіну бар. Өйткені бұлай қосақталатын екі сөз біріне-бірі синоним болғанмен, дербес мәні болу керек. Бір сөзді бұзып екі рет айтқаннан ондай мән шықпайды.

Сөйтіп, стилистика мәндес синтаксистік құрылыстардың тиімділерін пайдалана білуді де үйретеді екен, ондай синтаксистік синоним қазақ тілінде мол.

Әдетте жазуы жатық, тілі бай стилистер тілде бардың бәрін жай қарапайым қалпында түсінбейді, оның өте нәзік мәнін, өзгелерге еленбейтін иенің жасуындай қылаң ет-

кен стильдік қызметін шеберлерше түсінеді. Сөйтеді де тіл байлықтарын, әсіресе тілдің грамматикалық мүмкіншіліктерін, жақсы біліп, керегіне жаратып отырады. Мысалы, тілге деген талабы, сезімі, білімі мол жазушы еш уақытта *Ақ ат мінген қыз қойларды жамыратты. Ол белін арқанға буды* демейді. Себебі: аттың түсі ақ болса да, қазақ “ақ ат” демейді, *боз ат қай жерде* дейді, әдетте қой жамырмайды, қозы жамырайды, белін арқанға бумайды, белін арқанмен буады. Не болмаса, қазіргі қазақ тілінде бірыңғай бірнеше сөйлем мүшелерін “және”, “мен” жалғаулықтарымен байланыстырып айтқысы келген стилі жатық журналист еш уақытта “және” ні бұрын, мен (бен, пен) жалғаулығын соң жазбайды.

§ 52. Экспрессивтікті білдірудің синтаксистік тәсілдері

Ойды жай хабар ретінде де, кісіге әсер ететіндей мәнерлі түрде де айтуға болады. Мысалы, *Енді оны көрмеймін* дегенді күшейтіп: *Ендігәрі оны көрсем, көзім шықсын!* деуге болады. Немесе: *Оның қылмысын жасырмаймын* деген ойды күшейтіп; *Оның қылмысын жасыра алмаймын* деуге болады.

Осындай, ойдың күшейтіліп, мәнерлі түрде айтылуын сөйлемнің экспрессивтілігі дейміз.

Экспрессивтілікті білдірудің синтаксистік тәсілдері әр түрлі болады, олардың бастылары мыналар:

1. Сөйлеу тілінде және жазғанды оқығанда, дауыс ырғағын құбылту арқылы сөйлемге экспрессивтік мағына енгізуге болады, мысалы: “Абай жолы” романында кітапханаға кірген Абайды түйеге теңеп бір чиновниктің мысқылдап күлгенін естіп Абай:

Чиновник мырза, түйе кірсе несі бар, мұнда ол түгіл есек те отырыпты, ғой! — дейді. Бұл сөйлемдегі *есек те отырыпты ғой!* сөздерін күмілжіп ақырын айтсаң, Абай мысқылының мәні онша айқын болмай шығар еді, ал сол сөздерді сөйлемдегі басқа сөздерден гөрі көтеріңкі, ойнақы дауыспен айтсақ, онда сөйлемнің экспрессивті мағынасы тайға таңба басқандай болады.

Сол сияқты, *Білмеймін дейсің бе, әй! Көрінде өкіргір! Ақ дегені - алғыс, қара дегені - қарғыс* сөйлемдерін өршелене көтеріңкі, мәнерлі дауыспен айтса, олардың экспрессивті бояуы айқын сөйлемдер болып ұғынылады.

2. Бір ойды білдіретін болымды сөйлемнің орнына болымсыз сөйлемді жұмсау арқылы оған экспрессивті мағына қосуға болады. Мысалға мына сөйлемдерді салыстырыңыздар: *Мен шындықты, айтамын — Мен шындықты айтпай тұра алмаймын.*

Мен университетті бітіремін — Мен университетті бітірмей қоймаймын. Әрбір жұмысшы күнделікті жоспарын орындайды — әрбір жұмысшы күнделікті жоспарын орындамаса, көңілі көншімейді.

3. Баяндауыштың I жақтық жіктік жалғауын -мен, -бен, -пен түрінде жұмсау арқылы сөйлемнің мағынасын экспрессивті етуге болады. Ондай болымсыз сөйлемдер қайсарлықпен үзілді-кесілді айтылған ойды білдіреді, мысалы:

*Алдына келіп тұрмын деп,
Ар-намысымды кашырман!
Бұлтқа жетпей шарт сынбан,
Айта келген сөзім бар,
Не қылсаң да жасырман!*
(М а х а м б е т).

*Өлеңім - оқ, ол алдымда
Мен де жаудан шегінбей!*
(Ж а м б ы л).

Тәуекелге келгенде, алдымда тау тұрса да, тайынбан!
(Ғ. Мұстафин).

4. Сөйлемнің баяндауышын, кейде сөйлемнің түрін мәндес басқа сөздермен не басқа сөйлем түрімен ауыстырып айту арқылы да оған экспрессивті мағына үстеуге болады. Мына сөйлемдерді салыстырыңыздар:

Мен бармаймын — Мен бармасам болмайды. Мен мұнына көнбеймін — Мен мұнына көне алмаймын. Техниканың тетігін білген жақсы — Техниканың тетігін білгенге не жетсін!

Мұндай экспрессивті мәні бар сөйлемдерге әдебиеттен мысалдар келтірейік:

Жақып сөйлей жөнелді (Ғ. Мұстафин). Мұны - *Жақып сөйледі* дегенмен салыстырыңыздар. *Жарқыраған май күні тамылжып тұр* (М. Әуезов). Оны - *Жарқыраған май күні ыстық* дегенмен салыстырыңыздар. *Жақсылық күлімдей түсті* (Ғ. Сланов). - *Жақсылық күлді* дегенмен салыстырыңыздар. *Күн көптен бері жылынбай қойды* (М. Әуезов). *Күн көптен бері жылынбады* дегенмен салыстырыңыздар.

5. Сөйлемнің етістік баяндауышын қайталап екі рет айту да немесе есім, етістік баяндауыштардың алды-артына олардың мағыналарын күшейтетін сөз қою да экспрессивтікті білдірудің синтаксистік амалы болады. Мысалы:

Жапан далада жан-жағына алақтап жалғыз әйел жортып барады, жортып барады. Кең далада жалғыз адам жүзіп келеді, жүзіп келеді. Өзгеше бір күй кең даланы күңірене шайқай береді, шайқай береді (Ғ. Мұстафин). *Зытып келем, зытып келем* (Ғ. Мүсірепов). *Кейінгі кезде сирек, жоғалып бара жатқан қазақ қолөнерінің ең жақсы үлгілері осы үйде қалыпты. Қай заманда жасалды екен? Сонау адалбақанның төрдегі кебеже, жүк аяқтың беттеріне ойып салған өрнектер, қондырған сүйектер сонша нәзік, сонша әдемі, қолдан жасады дегенге нану қиын* (Ғ. Мұстафин).

Япырмай, мына жерге ауыл орнап, дүкен құрылғаны жақсы болды-ау! (С. Мұқанов).

Жоғарыда айтылғандардан, келтірілген мысалдардан экспрессивтікті білдірудің синтаксистік тәсілдері қалай болатынын байқауға болар. Экспрессивтіктің басқа да толып жатқан синтаксистік тәсілдері бар. Олардың бірқатары бұдан былайғы талдауларымызда айтылады.

§ 53. Хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер

Кісінің басқаға айтатын ойы әр уақытта мақсаты болады: кейде бір істің, бірдененің жайын хабарлауды мақсат етсек, кейде басқадан бірденені сұрап білуді мақсат етеміз. Немесе біреуге бірдеңе істетуді көздесек, кейде айтылған

ойға айтушының көңіл күйін білдіруді көздеп сөйлейміз. Сол мақсаттарға лайық сөйлемдер түрі, құрылысы, негізінде, төрт түрлі болатыны белгілі: х а б а р л ы, с ұ р а у л ы, б ұ й р ы қ т ы, л е п т і.

Сөйлемнің осы түрлері жұмсалуды мен мағыналық жақындығы не алшақтығы жағынан ерекше стильдік қызмет атқарады.

Хабарлы сөйлем - адамның ойын, көрген-білгенін басқаға айтудың формасы. Хабарлы сөйлем арқылы шындық өмірдегі әр түрлі құбылыстардың жайын бар (болған) не болмаған қалпында баяндаймыз. Хабарлы сөйлемдердің мазмұны әр алуан болатынын ескеріп, алдымен олардың б о л ы м д ы және б о л ы м с ы з түрлерін стилистика талғамдары тұрғысынан екі бөліп қараймыз.

Б о л ы м д ы сөйлем арқылы өмір құбылыстары шындық байланыс күйінде, бар қалпында, оған сөйлеушінің субъективті көзқарасы қоса баяндалады. Мысалы: *Күн қызыл арай шатырынан жаңа ғана шыққан* (Ғ. Мұстафин). *Ораз терезеден басын сұғып тұр екен* (З. Шашкин). Бұл сөйлемдердегі хабарға айтушының көзі жетіп баяндағаны аңғарылады. *Баяғыда бір хан болған екен. Оның екі ұлы болыпты* деген хабарлар айтушының өзі көрмеген, жақсы білмеген, бірақ есіткен оқиға түрінде баяндалған.

Осындай сөйлемде айтылған ойға айтушының субъективті көз-қарасын да білдіруін сөйлемнің модальдігі дейміз.

Болымды сөйлемнің модальді мағынасы көбінесе баяндауыштар құрамын түрлендіру арқылы құбылып отырады. Мысалы:

1. *Жолаушылар таң ата жүріп кетті.*
2. *Жолаушылар таң ата жүріп кетіпті.*
3. *Жолаушылар таң ата жүріп кететін шығар.*

Бірінші сөйлемде іс сөйлеушінің көз алдында болса, екінші сөйлем олай емес, (... жүріп кететін шығар) хабарланған істің орындалуына, жолаушылардың қашан жүретініне сөйлеушінің көзі жетпей, болжап айтқаны аңғарылады.

Қазақ тілінде болымды сөйлемді осылардай күмәнды, болжамды етіп айтудың бірнеше тәсілдері бар:

күмәнды

1. *Жолаушылар жүріп кетіпті.*
2. *Жолаушылар жүріп кеткен көрінеді.*
3. *Жолаушылар жүріп кетсе керек.*
4. *Жолаушылар жүріп кеткен сияқты.*
5. *Жолаушылар жүріп кеткенге ұқсайды.*

болжалды

1. *Жолаушылар жүріп кеткен шығар.*
2. *Жолаушылар жүріп кеткен болар.*
3. *Жолаушылар жүріп кеткен білем.*
4. *Жолаушылар жүріп кеткен болса керек.*
5. *Жолаушылар жүріп кеткен ғой деймін.*

Бір модальділік мағынаның осыншама көп синонимдерінің болуы қазақ тілі сөйлемдерінің стильдік мүмкіншілігінің молдығын, болымды сөйлемдердің стильдік бояуларының әр алуан екенін көрсетеді. Бұларды тандап, талғап өз орнында жұмсай білу керек.

Күмәнды білдіретін хабарлы сөйлемдер қатарына енбей тұрған тағы бір түрі бар. Ол -мыс шылауы арқылы жасалады. Мұны бөліп шығарған себебіміз оның ерекше экспрессивтік те мағынасы бар. -мыс шылауы арқылы жасалатын күмәнды сөйлем айтушының айғақ пікіріне басқа біреудің жөнсіз күмәнданғандығын білдіреді, мысалы: *Қарымсақтың козінен бүршіктеген жас шығыпты-мыс* (Б. Майлин). *Аш-жалаңаш болмайсың, өзің би, өзің төре боласың, - деп Абдол оны қызықтырыпты-мыс* (Б. Майлин).

Болымды сөйлемді болымсыз тұлғалы сөйлемдермен алмастыру да кездеседі. Ондайда хабарланатын ойдың ерекше экспрессивті мәні болады. Мысалы: *Мен ол үйге барамын - Мен ол үйге бармай тұра алмаймын. Мен ол үйге бармасам болмайды. Жаз жайлауға көшу керек - Жаз жайлауға көшпейінше болмайды. Жаз жайлауға көшпей тұра алмайсың.*

Б о л ы м с ы з сөйлем ұғым арасында байланыстың жоқтығын көрсетеді. Қазақ тілінде болымсыз сөйлем жасаудың бірнеше амалы болатындықтан, оларды талғап жұмсай алудың стильдік мәні бар. Мысалы: *Ол бүгін келмеді - Ол бүгін келген жоқ. Таудың қары әлі ерімеді - Таудың қары әлі еріген жоқ. Аспан ашылмас - Аспан ашылатын емес -*

Аспанның ашылатын түрі жоқ. Бұлар өз ара мәндес болғанмен, стильдік қызметтері бірдей емес: Ол келмеді - жай хабар. Осындағы келмеді сөзінің болымсыздық мағынасын күшейту үшін, оны келген жоқ деп айтамыз. Сондай-ақ, Аспан ашылмас - әшейін болымсыздық болжал ғана, ал оның орнына - Аспан ашылатын емес, Аспанның ашылатын түрі жоқ десек, болымсыздық хабарда айтылған ой күшейтіліп жұмсалған болады.

Төмендегі сөйлемдердің де сондай мағыналық айырмашылығы бар. Оларды салыстырып, қайсысының болымсыздық мағынасы босаң не қатаң екенін айырыңыз:

Содан бері ол біздің үйге кірген жоқ еді (Ғ. Сланов). Содан бері ол біздің үйге кірген емес. Жоқ, әкем өртенгенмен, мен өртенбеспін (С. Мұқанов). Жоқ, әкем өртенгенмен, мен өртенбеспін. ... Мені ол топырақтан жұла алмас! Туған жеріме деген молдір махаббатымды енді ешкім де сөндіре алмас! (С. Мұқанов). Мені ол топырақтан жұлып тастай алмайды! Туған жеріме деген молдір махаббатымды енді ешкім де сөндіре алмақ емес!

Болымсыз тұлғалы сөйлемдерді болымды етіп айтудың стильдік қызметі ерекше. *Бүгін барамын. Бүгін бармасам болмайды. Мен енді айтамын. Мен енді айтпай тұра алмаймын. Ол қайда болса, сонда жүре береді - Оның жүрмейтін жері жоқ.* Бұл мысалдардың екінші түрлерінің әрқайсысы екі-екіден болымсыздық тұлғада жұмсалған. Математикада минус пен минус плюс болатынындай, болымсыз бен болымсыз тұлға жарыса айтылып, болымды мағына пайда болады. Болымды сөйлемді осылай болымсыз тұлғалардан құрастырудың стильдік қызметі ерекше. Солар арқылы айтылған болымды хабар әдетте өткір тілділіктің, эмоциялы сөзінің нысанасы болып ұғынылады.

Сол сияқты кейбір сұраулы сөйлемді де хабарлы етіп айтуға болады:

- *Бұл не ғып жүр? Әлде күзеуінің оты тозды ма екен?*

- *Е, тәйір, күзектің шөбі бітуші ме еді? Тұнып тұр. Құлқын сәриден қыстауға барып, қыстыгүні несін жейді?* (М. Әуезов).

- *Біздің ауылға барасың ғой, қызым?*

- *Бармағанда қайтем?* (Ғ. Сланов).

Осындай сұраққа сұрақ түрінде берілген жауаптың мағыналары жай хабар болып қалмайды, кісінің ішкі сезімін, лажының жоқтығын, өтінішін т. б. модальді мағынаны қоса хабарлайды. Кейбір сұраулы сөйлемдер кісінің күмәнін, таңдануын, кейігенін, сенімсіздігін қоса білдіреді де, бірқатары болымсыз сөйлемнің орнына жұмсалады.

Дәмеш өз жүрегінің “соғуын өзі түсіне ме екен? Түсінбейді.

- Бір қалған көңіл жіби ме? (З. Шашкин) - Жібімейді.

- Арық адамның көзі өткір болады екен-ау?! Мені білмейді деймісің?! (Ғ. Мүсірепов). - Білемін.

Кейде хабарлауға тиісті ой тікелей сұраулы сөйлем түрінде баяндалады. Оны риторикалық (шешендік) сұрақ дейміз:

*Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?*

(А б а й).

*Жылағанда көзіме
Қанды жасым тола ма?
Тауға біткен бәйшешек
Қураса, бір күн сола ма?*

(“А л п а м ы с”).

Сұраққа жауап алу мақсатымен емес, кісінің сезімін қоса хабарлау үшін жұмсалатын сұраулы сөйлемдерді жұмсай білу керек. Олар - кісінің ойын мәнерлі түрде әсерлі етіп айтудың өте ұтымды амалы. Мысалы: *Сіз де келеді екенсіз-ау?* деген сұраулық интонациямен айтылады. Оны айтқан кісі басқадан жауап күтпейді, тек біреудің келгеніне әрі қуанышын, әрі таңданғанын білдіреді. *Өз балаңа сенбегенде, енді кімге сенесің?* деген де жауап күтпейтін сұраулы сөйлем, мұны есіткен (не оқыған) адам сөйлеуші балаға сену керек деген ойды күшейтіп, бір түрлі кейіспен айтқанын аңғартады.

Көркем әдебиетте жиі ұшырайтын шешендік күрделі орамдар үстемеленген сұраулы сөйлемдер түрінде де жұмсалады. Ол сұраулы сөйлем тізбектері басқа бір елеулі іс-

әрекеттің, болмыстың себептері орайында жұмсалады. Мысалы, “Абай” романының бірінші кітабында жас Абайдың ақын-жыраулардан есіткен-білгеннен алған әсерін М. Әуезов былай суреттейді:

Тілі ұғымды, өмірі таныс болғаннан ба, немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектеп айтқан жырларының кейде шырқаған, кейде қалқып баяулаған, кейде лекітіп соқтырып, ескектете желген әнінен бе, бебеу қаққан қоңыр, майда, баяу домбырадан ба, қалайда болса Абай бұл күнге шейін өмірде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар ешнәрсе есітпеген сияқты болды.

Бұйрықты сөйлемдердің де мазмұны біркелкі бола бермейді. Олардың әр түрлі болу себебі бұйрық қалай, қандай жағдайда, қандай мақсатпен айтылғанымен байланысты. Сонысына қарап бұйрықты сөйлемдердің интонациясы, баяндауыштарының құрамы, сөйлемде орналасу тәртібі әр түрлі болады. Мысалы: *1. Шыныңды айт! 2. Шыныңды айтшы. 3. Шыныңды айта ғой! 4. Шыныңды айтуың ғой. 5. Шыныңды айтсаң болмас па еді.* Бұл сөйлемдердің, мағыналары біріне-бірі жақын, негізгі баяндауыш қызметіндегі сөзі (айт) бәріне ортақ болғанмен, олардың мазмұны бірдей емес: бірінші сөйлем - қатаң бұйрықты, екінші - тілекті, үшінші - жалынышты, төртінші - өкінішті білдірсе, бесінші сөйлем оның үстіне наразылықты білдіреді. Ол сөйлемдердің осындай эмоциялық мағыналары баяндауыштардың құрамын түрлендіруден болып тұр. *Көзіме көрінбей жоғал!* дегенді *Жоғал көзіме көрінбей!* деуге болады. Екеуі де - бұйрықты сөйлем. Бірақ екеуінің мазмұны бірдей емес: бірінші сөйлем жай кейіспен айтылған ойды білдірсе, екіншісі қатты ашумен кіжіне айтылған қатаң бұйрықты аңғартады. Сонысына лайық ол екі сөйлем екі түрлі әуенмен айтуға тиіс. *Көзіме көрінбей жоғал!* - бәсең дауыспен, *Жоғал көзіме көрінбей!* - қатаң, көтеріңкі дауыспен айтылады.

Бұйрықты сөйлемдер сөйлеу тілі стиліне тән, олар диалог түрінде ықшам, кейде қаратпа сөзді болады.

Осындай ерекшеліктеріне қарай, бұйрықты сөйлемдер бірнеше мағыналық топқа бөлінеді:

1. **Қ а т а л** бұйрықты: - *Өшір үнінді!* (Ә. Сәрсенбаев).

Жоғал көзіме көрінбей! (С. Ерубәев). - *Көрсетпе көз жасыңды!* (М. Әуезов).

2. **С о л ғ ы н** бұйрық: - *Қарындасым, ондай өтірікті айтушы болма!* (Ә. Әбішев). - *Кәне, жігіттер, аттарыңды қамандар!* (С. Мұқанов).

3. **Тілек, өтініш мәнді бұйрық:** - *Балам, жөніңді айтшы!* (М. Әуезов). - *Келші, қалқам, менің қасыма отыршы! Бір ауыз ғана сөз айтайын, қатар отырып тыңдаңыздаршы!* (Ә. Әбішев).

4. **Сес көрсету, қорқыту мәнді бұйрық:** - *Кәне, тіл алмай көрші.* - *Кәне, осы баланың бәйгесін бермей көрші!* (Ғ. Сланов). - *Менсіз сол үйге барып көрші!*

5. **Өсиет, үндеу мәнді бұйрық:** - *Темірді қызған кезде соқ. Жаманнан без, жақсыдан үлгі ал. Жолдастар, егіннен мол өнім алатын болыңдар!*

*Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым!
Сым пернені басып қара,
Басып қара, жырласын!*

(С. С е й ф у л л и н)

Осылардың бәрі - бұйрықты сөйлемдердің түрлі стильдік қызметте жұмсалыуының мысалдары. Олардың сондай айырмашылықтарын дұрыс танып, әр түрін өз орнында пайдалана білу керек.

Л е п т і сөйлемдер кісінің таңырқау, тандану, қайғыру, аяу, арман ету сияқты көңіл күйін, сезімін білдіру үшін көбінесе көркем әдебиетте жұмсалады. Лепті сөйлемдер құрамында әдетте одағайлар болады және олар көтеріңкі дауыспен айтылады. Лепті сөйлемдердің негізгі мағыналық топтары мыналар:

1. **Т а ң ы р қ а у:**

- *Қандай тамаша! Қандай ақылды адам! Тіпті, ғажап қарқын?* (Ғ. Мұстафин). *Айналана қарашы! Дүние қандай сәнді!* (Ғ. Сланов). *Жеріміз біздің неткен бай!..* (Х. Ерғалиев).

2. **Т а ң д а н у:**

- *Пай-пай, мына атты? жүрісін-ай!*

- *Ой, қандай сүйкімді үн!*

- Мынау не деген тамаша көріністер! (С. Шаймерденов).

- Апырай, желісінің қаттысын-ай! (Ғ. Мүсірепов).

3. Қайғыру, қорқу:

- Апыр-ай, аман болғай-ақ та! (Ғ. Мүсірепов).

- Құлады-ау! Құлайды-ау? (Ғ. Мұстафин).

4. Аяу, жаны ашу:

- Ой, байғұс бала-ай! Қарадай баламды тағы шырылдатты-ау, қан ішер Майбасар! (М. Әуезов). - Апырай, аман болғай-ақ та! (Ғ. Мүсірепов). - Әй, мынаны-ай! Кетеді-ау! (Т. Нұртазин).

5. Арман ету, көксеу:

- Әттең, осылардың бәрі де біздің ауылда өсетін болса! (С. Шаймерденов). Мына көгалға бауырыңды төсеп жатсаң!

- Па, шіркін, мына атқа мінер ме еді!

6. Өкіну:

- Қап, астықты кеше жинап алмаған екенбіз де! Әттеген-ай, кеше есте болмапты-ау! - Қап, мен де барсамшы!

- Жиналысты кеше шақыру керек еді ғой!

- Қолыңыздан келмейтін балса, айтуыңыз керек еді ғой! (М. Иманжанов).

7. Қорқу, сескену:

- Ойбай-ай, ана бала құлайды-ау! (Т. Нұртазин).

Осы мысалдардан лепті сөйлемдердің мазмұны кісінің әр алуан сезімін, көңіл күйін білдіретінін аңғаруға болады. Стилистика ғылымы тұрғысынан сөйлемдердің мұндай эмоциялық мағыналарын түсініп жұмсай білудің үлкен мәні бар. Мұндайда сөйлемді лепті етуге себепкер болатын одағай сөздердің мағыналарын айырып, басқа сөздермен мағыналық байланыста жұмсай білу керек. Оның үстіне лепті сөйлемде айтылатын ойдың қандай эмоциялы сезімде берілгенін білген жөн.

§ 54. Сөйлем мүшелері

Ауылдың алдыңғы жағындағы ойпанда Есіл өзені бар дегенді С. Сейфуллин Ауылдың алдыңғы жағында ойпан тартып, көлденең Есіл өзені жатыр деп жазған. Бұл екеуі

бір емес: алдыңғы сөйлем жай хабар болса, екінші сөйлем, оның үстіне, әсерлі көркем сурет. Бұл суреттің нақыштары *көлденең, жатыр* сөздерін қолдану арқылы салынған. *Сөзім - шекер тілім – бал* (Ғ. Мустафин). *Өлеңім – балға, ән қашау* (Жамбыл) деген төрт сөйлемнің әрқайсысы екі-екі зат есімнен құралған. Олар аз сөзді, қысқа-қысқа сөйлем болғанмен, мағыналары кең әрі әсерлі. Солай болудың сыры - сөздерді бірін-біріне теңеп, белгілі мүшелік қатынаста жұмсауда: *сөзім, тілім, өлеңім, ән* - бастауыштар да, олардан кейінгі зат есімдер *шекер, бал, балға, қашау* - баяндауыштар.

Сөйлемдегі сөздер саны аз болса да, көп болса да сөз тіркесінің өз ара мағыналық синтаксистік байланыста болу арқылы белгілі мүшелік қатынаста жұмсалады. Жоғарғы “*сөзім - шекер...*” дегендердің алдыңғылары бастауыш, соңғыларының баяндауыш болу себебі содан.

Олай болса, сөйлемді дұрыс құрау үшін сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырып, тиісті мүшелік қарым-қатынаста жұмсай білу керек. Мысалы, *капитализм техника жетістіктерін әлеумет прогресс мүдделері үшін пайдалануға бөгет болып отыр* сөйлемін қалай оқысақ та, бірденелер жетпей жатқан сияқты болады да тұрады. Сол жетіспей жатқан бірденелер мыналар: жетістіктер сөзіне *-ін* жалғауы, әлеумет сөзіне *-тік* жұрнағы жалғанбаған. Соларды жалғап *Капитализм техника жетістіктерін әлеуметтік прогресс мүдделері үшін пайдалануға бөгет болып отыр* десек, сөйлем түсінікті болады. Әлгідей бұл сөйлемдегі сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны алып тастасақ, не ол сөйлемнің бір сөзін қалдырып оқысақ, ондағы басқа сөздердің қиюы қашып, сөйлемнің мағынасы солғын тартып, қиыспайды. Өйткені әлгідей өзгеріс енгізу арқылы сөйлемдегі сөздердің мүшелік қатынасы бұзылып, айтайын деген ойымыз түсініксіз болып шығады.

Ондай стильдік қате жібермеу үшін, сөйлем құрағанда, сөздердің байланысын, мүшелік қатынасын анық, айқын етіп құру керек болады.

Сөйлем құрауға негіз болатын бас мүшелер, әсіресе баяндауыш, ойды дұрыс құрастыруға арқау болады. Бас мүшелер болмаса, басқа мүшелердің болуы да мүмкін емес.

Өйткені анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштар, алдымен сол екі бас мүшенің маңына топтанады, қала берді бірін-бірі анықтап, толықтырып, сөйлемнің құрамына ене алады. Рас, диалогты сөйлемде тұрлаусыз мүшелер не олардың бірі бір сөйлем орнына жүруі мүмкін. Мысалы:

- *Я, кім бар екен үйде?*
- *Саша Мухин бар екен...*
- *Е, ол не қылып отыр екен?*
- *Настяға үйленетін түрі бар.*
- *Настяға ма?*
- *Я, Настяға.*

(Ф. Мүсірепов).

Осы мысалдағы *Настяға ма, Настяға* деген екі сөз екі сөйлемнің орнына жұмсалған. Олар - барыс жалғауындағы толықтауыштар, бастауыш, баяндауыштары алдыңғы сөйлемдерде айтылған. Солар *Настяға ма? - Настяға* дегендерге де ортактасады.

Әрбір сөйлем мүшесі ойды дәл, керегінде әсерлі, экспрессивті түрде хабарлаудың басты шарты - сөйлем мүшелерінің қызметін бірден-бір дұрыс табылып қолданған сөздерге жүктей білуде. Сонымен қатар ойды аз сөзбен сығымдап айту, көршілес сөйлемдерде бір сөзді қайталай бермеу талаптары қойылады. Ол үшін сөйлемде басы артық сөз қолданбау керек, бір сөзді қайталай бермей, бірде оның синонимін, бірде оның орнын басатын есімдікті пайдаланып, кейде бір сөзді екі-үш сөйлемге ортақ етіп айту керек болады.

Бір сөйлем мүшесін мәндес не басқа сөздермен алмастыруға көркем әдебиет стилінің мүмкіндігі мол. Оны мына мысалдардан байқауға болады:

Сенің әкеңнен әкем кем болып көрген жоқ, атаңнан атам кем түскен жоқ. (Х. Есенжанов). *Біздің бөлім әр кезде соғыстың бір тынысы тар, қыспақ жерінде жүреді. Қай жарынан қауіп-қатер қатар келе қалса, бізді сол маңнан табасыз* (Ф. Мүсірепов). Мұнда бір ой екінші сөйлемде басқа сөздермен қайта айтылған. Мына сөйлемдер де солай.

Екеуміз ғана бір көпірдің айналасына бір күннің ішінде төгілген қорғасын мен мысты бір айда әзірлеп бере алу

үшін аса үлкен зауыт керек болар еді. Ал Дон арқылы салынған үлкен көпірдің айналасына шашылып жатқан снаряд пен бомбаларда есеп жоқ (Ғ. Мүсірепов).

Мұнда “төгілген” сөзін қайталамау үшін автор “шашылып жатқан” сөздерін пайдаланған.

Сөйлемнің бастауыш, толықтауыштарын қайталамай, олардың орнына есімдіктерді жұмсауға мысалдар:

Мен талай рет бақытпен кездестім. Ол менің қолымда болды. Мен онымен Нева проспектісінде серуендедім. Қарағанды қаласында да қолтықтасып бірге жүрдім (Е. Ерубәев).

Мына үзіндіде бір мүше (жауымды) іргелесе, ұласа айтылған кейінгі сөйлемдерде қайталанбай өзінен-өзі түсінікті болып тұр:

Мені көтеріп алып жөнеле бергенде, өзімді атып қалған жауымды тағы бір көргім келіп, тағы бір қадалып қарадым. Тұмсығы енді қарға түгел көміліп барады екен. Мұрнынан аққан қара күрең қан ұсақ-ұсақ отау тігіп, алдындағы қарды едәуір шұбатып бояп тастапты. Атылған ит осылай өлетін еді деп, ішімнен бір жәбір теңеулер іздегендеймін... Шолақ киімдері жоғары сырлылып кетіпті де, ашылып қалған жалаңаш арқасына айдама жел түйір-түйір қиыршық қарды тығып жатыр... (Ғ. Мүсірепов).

Сөйлемді ықшамды етіп құрастыру үшін қолданылатын амалдың бірі - сын есім, сан есім, есімшелерді бастауыш, толықтауыш, ілік жалғауында анықтауыш қызметінде жұмсау. Ондайда бұл есімдер әдетте өздері катысты болатын заттардың орнына жұмсалып, әрі зат, әрі оның сапасын білдіреді. Мысалы, *кілең сұлулар бір өңкей отыр* десек, **сұлулар** - сұлу қыз-келіншектер дегендей мағынаны білдіреді. *Қорыққанға қос көрінер* десек, **қорыққанға** - **қорыққан адамға** деген екі сөздің орнына жұмсалады. *Алтау ала болса, ауыздағы кетер* дегенде, **алтау** сөзі бастауыш қызметінде — “алты адам” дегендей мағынаны білдіреді.

Осылардай сын, сан есімдер мен есімшелердің субстантивтеніп бастауыш, толықтауыш, анықтауыш қызметінде жұмсалуы - мақал мен мәтел синтаксисінің ерекшелігі, олар аз сөзбен көп мағына білдіруді, сөйлем құрылысы барын-

ша ықшам болуды керек етеді. Халық данышпандығының елегінен өткен ол тұрақты тіркестердің көбі сондай сығымдалған сөздерден құралады.

Субстантивтенген бастауышы, толықтауышы, анықтауыштары бар мақал-мәтелді сөйлемдерге мысалдар:

Көп қорқытады, терең батырады. Сыпайы сырын жасырмайды. Ата көрген оқ жонады, ана көрген тон пішеді. Білек сүріндіре алмағанды білім сүріндіреді. Қоркақты қуа берсең, батыр болар. Еріншектің ертеңі бітпес, Адасқаншың алды жөн, арты соқпақ.

Мұндай мысалдарды өленді сөйлемдерден де көп табуға болады:

*Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар баһра ала алмас
(А б а й).*

*Жылы менен ыстықтың бәрін көріп,
Қайран көңіл қайыспай қайрат етті
(А б а й).*

Сөйлемнің мазмұнына ерекше стильдік өң кіргізіп, түрлендіріп тұратын мүше - баяндауыш. Ғылыми және публицистикалық әдебиеттердегі әшейін хабар ретінде құралатын сөйлемдердің баяндауыштары көркем әдебиетте экспрессивті мағынада көбірек жұмсалады:

Темекі ораған сайын сол қнық... көзіме түспей қоймайды. Әрдайым туған жердің жеңіске қосып жатқан еңбек үлесін ескертіп тұрады. Көзіме түскен сайын мен де бірнеше жолын тағы бір оқымай қоя алмаймын. Кейісім болса тарап, оқысам - жылынып сала беремін. Туған ел, өскен жердің осындай әрбір хабарын сағынышпен күтіп, қуанышпен қарсы алу әр солдаттың басында бар (Ғ. Мүсірепов).

Бірқатар сөйлем мүшелерін кейде жалғаулы, кейде жалғаусыз етіп жұмсауға болады. Солай етудің стильдік мәні зор. Мысалы, *Аудандық партия комитетінің бірінші секретарының баяндамасының жалғасы...* дегендегі 7 сөздің үшеуі ілік жалғауында айтылған. Осындай, бір сөйлемде

бірнеше сөздің қатарынан бір жалғауда айтылуы сөйлем стилін ауырлатады. Сондықтан оларды “үнемдеп”, бір жалғауды бірнеше сөзге ортақ етуге болады: *Аудандық партия комитеті бірінші секретары баяндамасының жалғасы. Университеттің филология факультетінің деканының орынбасары. Университеттің филология факультеті деканының орынбасары. Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының Тіл білімі институтының ғылыми кеңесінің қаулысы, - Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Тіл білімі институты ғылыми кеңесінің қаулысы.*

Ілік септеуіндегі анықтауыш бір сөйлемде біреу болғанда да, оны жалғаулы не жалғаусыз етіп жұмсаудың стильдік, мағыналық ерекшеліктері болады. Мысалы, *ауданның орталығы - аудан орталығы, колхоздың малы - колхоз малы, қойдың терісінен - қой терісінен* дегендер бірінің орынына бірі жұмсалады. Бірақ екеуінің мағынасы бірдей емес. Жалғаулы болғанда, сөз тіркесінің мағыналық қарым-қатынасы меншіктілік болады да, жалғаусыз айтылғанда, сөз тіркесінің ол мағынасы күңгірттеніп, ілік септігіндегі сөздер заттың заттық сыны есебінде жұмсалады. Соны түсініп, орысша дұрыс аударамыз десек, *колхоздың фермасы - ферма колхоза, колхоз фермасы - колхозная ферма* дер едік. Сондай-ақ:

Абайдың мектебі - Абайдың өзінің мектебі, Абай мектебі - Абай атындағы мектеп,

Изафеттік тіркестің мұндай мағыналық айырмашылығын жақсы түсінетін кісілер оларды талғап қолданады. Ал кейбір есімді тіркестер ілік жалғауынсыз айтылады, жалғау жалғауға болмайды, мысалы: *қант қызылшасы, кен байлығы, мал шаруашылығы, Арал теңізі, Абай көшесі.*

Табыс септеуіндегі толықтауыштар да бірде жалғаулы, бірде жалғаусыз жұмсалады. Оның (ілік септеуінің де жалғаулы, жалғаусыз болу) себебін тюркологтардың көбі заттың белгілі, белгісіз болуынан деп түсіндіреді. Дұрысында оның себебі тура толықтауыш болған сөз бен оны керек ететін сабақты етістіктің мағыналық байланысының берік, берік еместігінде, сол сөзге ой екпініні түсу, түспеуінде болу керек. Мысалы, *тілді етістігімен - қауын тілді, қарбыз тілді* деп айту табиғи, ал *Пароход* теңіз тіліп келеді деу

табиғи емес. Сондықтан пароход *теңізді тіліп келеді* деу керек. *Жеді етістігімен - май жеді, нан жеді, ет жеді, күрт жеді ...* деп, әйтеуір жеуге болатын заттарды жалғаусыз тіркестіре беруге болады. Сонда олар мағыналық байланысы берік сөздер тіркескендігі аңғарылады. Ал енді сөйлемде осылай етістікпен қатар тұрған тура толықтауышқа ой екпінін түсіріп айтқымыз келсе, не сол сөзді көтеріңкі дауыспен айтамыз, не табыс жалғауын жалғап айтамыз: *нан жесең, аш болмайсың - мына нанды жесең аш болмайсың. Ол маған қарай тас лақтырды - ол маған қарай бір тасты лақтырып кеп жіберді.*

Мәндес сөздердің тиімділерін талғап анықтауыш, пысықтауыш қызметтерінде жұмсаудың да стильдік мәні зор.

§ 55. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі

Сөйлем құрылысын жіптіктей стіп айтудың бір амалы - сөйлем мүшелерін дұрыс орналастыру. Өз орнында тұрмаған сөз оқушыға оғаш көрініп тұрады немесе сөйлем мағынасы өзгеріліп кетеді.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің қалай болуы жазушының, сөйлеушінің ықтиярындағы нәрсе емес. Ол жайында әрбір тілдің өзіне тән ішкі заңы, ережелері болады. Сөйлем құрағанда, соларды ескеріп, әр сөзді орнына қойып айтуда үлкен мән бар. Дұрыс құралған сөйлемнің түсінігі де дұрыс, кісіге етер әсері де өзгеше болады. Әдеби тілде қалыптасқан сөйлем құрылысын бұзып, оның басын аяғына келтіріп жазу, әрине, шеберлікке жатпайды - дөрекілік. Кейбіреулер солай екенін сезбей ме, әлде сөйлемнің аяғын аспаннан келтіріп айтуды қызық көре ме, әйтеуір қалай болса, солай жаза береді. Мысалы:

Шіркін, тың жер ... Біз төсіне келгелі өтті, міне, он жыл да ... "Ашушан, долы апрельдің мінезі емес, бірақ, бұл. Қателескен ұлының жазасы алған анадан (Ә. Қалмырзаев).

Кейде сөйлемдегі сөздерді өз орнына қойып айтпағандықтан, өрескел қателер кетіп жатады. Мысалы: *Ұзын мүйізді немістің қызыл сиыры жайылып жүр.* Мұнда *ұзын*

мүйізді деген анықтауыш өз орнында тұрмай сөйлемнің басына шығып кеткендіктен, “*ұзын мүйізді неміс*” болып тұр. Дұрысы - *немістің ұзын мүйізді қызыл сиыры жайылып жүр.*

Сол сияқты мына сөйлемдерде де анықтауыштар өз орындарында тұрмағандықтан, басқа сөздерді анықтап теріс ұғым тудырып тұр:

Көп тараған *қазақтың халық музыкасынан концерт береміз* (Радио, 28.1.1961). Дұрысы - *Қазақтың жұртқа көп тараған халық музыкасынан концерт береміз.* Орындағанда үлкен шеберлікті керек ететін *Рахманиновтың фортепьянолық пьесалары ...* (Радио, 14.XI.1961). Дұрысы - *Рахманиновтың орындағанда үлкен шеберлікті керек ететін фортепьянолық пьесалары ...*

Л. Н. Толстой айтқандай, сөз суреткерлерінің шеберлігі “бірден-бір керекті сөзді тауып қолданып, оны дұрыс орналастыра білуде”. Сөйлем құрауда сөзді дұрыс орналастыруды шеберлік деп, тану үшін де, сөздердің орын тәртібін дұрыс сақтап жазу үшін де бұл жайында қазақ әдеби тілінің ережелерін білу керек.

Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, жалпы алғанда, тұрақты, орыс тіліндегідей еркін емес, жалпы ереже бойынша - баяндауыш сөйлемнің ең соңында, бастауыш одан бұрын, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш өздері қатысты сөздерден бұрын тұрады. Ауызекі сөзде, көркем әдебиетте сөйлем мүшелерінің бұл орын тәртібі, әрдайым жоғарыда айтқандай болып келе бермейді, инверсия жасалып (орын ауысып) та орналаса береді. Бірақ осылай етудің стильдік мәні болады. Мысалы, грамматикаларда “анықтауыш анықтайтын сөзінен соң тұрмайды” десе, Ғ. Мүсірепов “Қазақ солдатында”: “*Осындай да табан бола ма екен* қырық тесік” деп анықтауышты (қырық тесік) анықтайтын сөзінен (табан) кейін қойған. Дәл осы арада автордың бұлай етуі өте орынды. Ол солай ету арқылы Бораштың тілім-тілім жаралы аяғын көріп Шегеннің танданғанын, сол айтқан сөздерінің интонациялық өңі қалай екенін білдірген. Сол сияқты, *Қолыңды тарт* дегенді, айтушының ашулана, көтеріңкі дауыспен айтқанын білдіру үшін М. Әуезов *Тарт қолыңды!* деп жазған. Бұл да - өте дұрыс жасалған инверсия.

Сөздердің айтылу әуенін, ой екпінінің қай сөзге түсетінін білдіру үшін, жазушы Ғ. Мұстафин де (басқалар да) өз шығармаларында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін өзгертіп қолданады. Әсіресе “Қарағанды” романында ондай инверсиялар көп. Бірақ олардың азын-аулағы болмаса, көпшілігі-ақ жоғарғыдай белгілі мақсатқа лайық басқа сөздермен орын ауыспай, қалай болса, солай жазыла салған сияқты. Мысал келтірейік.

... Сергей Петрович ойымен осылайша болып келе жатты да, отыра қалды бір тасқа. Талдырмаш, ақ құба жігіт алып-үшқан жүрегінің әуенімен асығыс шықты үйден. Алысқа жіберді көзін, Мейрам... атынан түсіп жаяу келді бұларға... Ганеев экспедициясы келіпті бұл араға. Атырапқа жіберді көзін. Бұл тәрізділер диалог ретінде айтылған сөйлемдер болса, бір сәрі ғой, - автордың атынан айтылған сөйлемдер. Автор әдейі сөйлемнің ортасында, аяқ шенінде тұруға тиісті сөздерді оның аяқ жағына қоя берген. Тіпті орын ауыстыруға болмайтын тұрақты фразалық тіркестердің де (мысалы, *көзін алысқа жіберді*) орын тәртібін өзгертіп жазған. Бірақ солай ету қазақ тілінің синтаксистік заңын бұзбай ма, сөйлемді солай құрауда не көркемдік, не стильдік оң бола ма?

Сөйлеу тілінде, ел аузында айтылғанның бәрі әдеби норма бола бермейді. Онда (ауызекі сөйлеу тілінде) сөйлем мүшелері ауысып айтыла береді. Ал әдебиетте тілдік биік нысана болу керек қой. Сол нысанамыз әдеби норма болса, оны жөні жоқ бұза бермесек керек.

Сөйлем мүшелерін қалай болса солай орналастыру жазушының өз еркіндегі нәрсе емес. Сөйлемнің бастауышын қай жерге қойып айту кісінің субъективті көзқарасымен емес, тілдің белгілі бір нормасымен, заңдылығымен байланысты. Сондықтан сол заңды жете білмесе де, тілдің табиғатынан тыс, құлаққа жат естілетін үнін сезетін кісілер сөйлем мүшелерін дұрыс орналастырады.

Бастауыштың жайылма сөйлемдегі қалыпты орны үш түрлі болады:

1. Жайылма сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелер баяндауышқа қатысты болса, бастауыш сөйлемнің басында тұрады. Мысалы, *Жігіттер білектерін сыбанып жұмысқа кірісті.* Осындағы бастауыш - жігіттер, баяндауыш - кірісті. Сол

екеуінің ортасындағы сөздер - түрлаусыз мүшелер. Олар баяндауышқа қатысты: баяндауышты пысықтайды (*білектерін сыбанып*), баяндауышты толықтайды (*жұмысқа*). Ал осы қалыпты орнын өзгертіп, сөйлем мүшелерінің орындарын ауыстырып айтуға да болады. Мысалы, *Білектерін сыбанып жігіттер жұмысқа кірісті, білектерін сыбанып жұмысқа жігіттер кірісті*. Бұлар қай уақытта осылай айтылуы мүмкін? Бастауышқа ой екпіні түсіп, оны басқа сөзден гөрі басым мағынада айту үшін осылай болуы мүмкін. Бұл - бір.

2. Сөйлемде бастауыштың да, баяндауыштың да маңында түрлаусыз мүшелер болса, бастауыштың қалыпты орны сөйлемнің ортасы болады. Мысалы, *Университетте оқып жүрген жігіттер білектерін сыбанып жұмысқа кірісті*. Бұл сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырып айтуға бола ма? - Болады, бірақ онша жатық болмайды. Дегенмен, былай десек: *Білектерін сыбанып университетте оқып жүрген жігіттер жұмысқа кірісті*. Мұнда *білектерін сыбанып* - оқып жүргенге қатысты болады, сөйлемнің мағынасы өзгеріледі.

3. Түрлаусыз мүше (мүшелер) тек бастауыштың маңында болып, баяндауышқа қатыспайтын болса, онда бастауыш баяндауыштың дәл алдында тұрады. Мысалы, *Университетте оқып жүрген жігіттер көмектесті* десек, сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырып айтуға көнбейді (өленді сөйлемнің жөні бір басқа).

Осылардан нені аңғарамыз? 1) Бір мүшенің сөйлемдегі орны басқа мүшелердің сөйлемдегі орнына қарап белгіленеді. 2) Сөйлем мүшелерінің қалыпты орнын өзгертіп айтуға болатын болса, солай еткенде, қалай да сөйлемнің бұрынғы мағынасына өзгеріс енеді.

Сөйлем мағынасын осылай түрлендіріп, ондағы жеке мүшеге ерекше стильдік қызмет арту үшін, оны басқа сөзбен орын ауыстырып айтуды инверсия дейміз.

Инверсия мақсатты болу керек. Олай етпей, сөйлеу тілінде кездеседі екен деп немесе сөйлем құрылысы әр алуан болсын деп, сөйлемді шәлкес, теріс құруға болмайды.

Бұл жөнінде де тілдің нәзіктігін ескеріңіз: анықтауыш, жалпы ереже бойынша, анықтайтын сөзінің дәл алдында

тұрады. Егер бір заттың бірнеше, әр алуан анықтауышы болса, оның қайсысы бұрын, қайсысы соң тұру керек? Мұнда да тиянақты ереже бар: заттың түпкілікті, ең негізгі сапасын білдіретін анықтауыш сол заттың дәл қасында тұрады да, өзгелері одан бұрын орналасады. Мысалы, *торы, ақсақ* деген сындарды *бие* сөзінің анықтауыштары етіп айтқымыз келсе, *ақсақ торы бие* дейміз, керісінше, *торы ақсақ бие* демейміз. Себебі биенің торылығы жусан да кетпейтін түпкілікті, негізгі сапасы, ал ақсақтығы қосымша, көлденең міні.

Осындайды тіл айырады. Сондықтан *үш терезелі биік үй* дегенді “биік үш терезелі үй” деуге, *тәртіпті жуас бала* демей, “жуас тәртіпті бала” деудің жөні жоқ. Сонда да осындайды сезбеген кісі дұрыс-терісін талғамай жаза береді.

Сөйлем құрау шеберлігінің бір ұшы инверсия жасай білуде жатқандықтан, әрбір сөйлем мүшесінің бұл жайында қандай мүмкіншілігі бар екенін айтайық.

Бастауыштың сөйлемдегі қалыпты орын тәртібі қалай болуға тиісті екені жоғарыда айтылды. Сол айтқанымыздай болмай, бастауыш кейде сөйлемнің ең соңында тұратын да орайы болады:

1. Диалогты сөйлемге автордың берген түсінігінде бастауыш сөйлемнің соңында да, диалогтың алдында да тұра береді, мысалы:

- *Жастардың саяси тәрбиесіне партия алдында комсомол жауапты, - деді Әбдікәрім.*

- *Самолет ұшуға әзір! - деді звено технигі Таися Вахрамиевна (Х. Досп.).*

Аман ішіп отырған асын тастай сала:

- *Мынау әншіні көріп қалайықшы, - деп тұра жүгірді (Ғ. Мұстафин).*

Асан.

- *Әкем көп жылдан бері колхоздың жылқысын бақты, - деді (С. Бакбергенов).*

Төл сөз бен автор сөзінің осылай орналасып, бастауыштың сөйлемнің соңында не басында тұруы - оның үйреншікті қалыпты орны. Мұндайға инверсия жасау үшін төл сөздің арасына автор сөзі қыстырылады:

- *Токта! - деді ол, - Үшкүмбезден кетерде, - мен не деп*

едім, есінде ме? - Мен, - деді Асқар, - сені жақсы көремін.
(С. Мұқанов).

2. Қынжыла, күйіне айтылған лепті, сұраулы сөйлемдердің бастауыштарын соңына шығарып айтуға болады: *Келмей қойды бүгін ол! Айтып едім ғой саған мен! (Айтпап па едім саған мен?!)* *Үміттен айрылса, не болар еді адам?* (С. Мұқанов).

Хабарлы сөйлемдерде, осы тәрізді, бастауыштарға екпін түсіре, оларға ерекше мән бере айту үшін олардың орнын басқа мүшелермен ауыстырамыз.

Бастауыш калыпты орнында

Қарымсақ Зылиханы іздеуге шықпақшы болды.

Қарымсақ інісінің үйіне қарай жүгірді.

Келіні пештің мұржасын ашып жүр екен.
(Б. Майлин).

Абай Айқұдықтағы аулына салқын түсе жетті.

Баяндауышка инверсия жасалған

Зылиханы іздеуге Қарымсақ шықпақшы болды.

Інісінің үйіне қарай Қарымсақ жүгірді.

Пештің мұржасын келіні ашып жүр екен.

Айқұдықтағы аулына Абай салқын түсе жетті.

Сөйтіп, бастауыштың керегінде орнын өзгертіп айтудың үлкен мәні бар екен. Ол калыпты орнын өзгертіп, баяндауыштың жетегіндегі сөздің орнында тұрғанда, оған логикалық екпін түседі де, бастауыштың бұрынғы орнына қойылған сөздер де бұрынғысына қарағанда, басым мағынада айтылады. Ал өз орнында тұрған сөздердің ешқайсысы, әдейілеп дауысты құбылтып, көтеріңкі дауыспен айтқанда болмаса, оларға ой екпіні түсіп, сөйлемдегі басқа сөздер шумағынан бөлектенбейді. Олардың құрылысын өзгертіп бастауышты баяндауыштың жетегіндегі тұрлаусыз мүшелердің орнына қойғанда, орын ауысқан сөздердің айтылу ырғағы да, логикалық екпіні де өзгертіледі. Сонда баяндауыштың қасында тұрған бастауыш ерекше басым әуенмен айтылады.

Баяндауыштың үйреншікті орны - сөйлемнің соңы. Сол орнын, өлеңді сөйлемдерде болмаса, - көп өзгертпейді. Дегенмен, оған да инверсия жасауға болады:

Баяндауышқа ой екпінін түсіре, басқа сөздерден басым мағынада айту үшін, кейбір ұранды, лепті сөйлемдерде оны бірінші орынға қойып айтуға болады.

Жойылсын жауыздар! Жасасын сүйікті Отанымыз! Жоғалсын өлім! Жасасын өмір! (З. Шашкин).

- *Тарт қолыңды!*

- *Отыр орныңа!*

- *Көне алмаймын оның зорлығына! (М. Әуезов).*

- *Тарт тіліңді! Жоғал көзіме көрінбей! - деп Ысқак кимелеп кетті (С. Ерубәев).*

- *Өшір үніңді, оңбағанның баласы! (Ә. Сәрсенбаев).*

- *Қой әрі балалықты! (Ғ. Мұстафин).*

- *Қайтейін бұрын кім болғанын? (С. Мұқанов).*

Толықтауыштардың сөйлемдегі қалыпты орны - баяндауыштың алды. Бұлардың да ол орнын басқа мүшелермен ауыстыруға болады.

Толықтауыштар бұйрықты, лепті, сұраулы сөйлемдерде болмаса, хабарлы сөйлемде баяндауыштармен орын ауысып, баяндауыштың соңында келе бермейді. *Келе жатыр ол үйден. Ол отыра кетті орындыққа. Қатты сағындым қарындасымды* дегендей сөйлемдер әдебиетте кездеседі, бірақ оларда пәлендей стильдік қызмет жоқ.

Бұйрықты, лепті, сұраулы сөйлемдерде баяндауышты күшті екпінмен, көтеріңкі дауыспен айту үшін, сөйлемнің басына, ал толықтауыш, пысықтауыштарды одан кейін қоямыз. Ондайда баяндауышпен орын ауысқан толықтауыштар да бұрынғы мағынасында қалмайды:

- *Бар, осынымды айт* дегендегі толықтауышты баяндауышпен орнын ауыстырып: *Бар, айт осынымды!* деуге болады. Алдыңғы сөйлем жай хабар ретінде айтылса, соңғы сөйлем ерекше ырғақты әуенмен күйіне сөйлеген кісінің сөзі болып ұғынылады. Ол айырмашылық толықтауыш пен баяндауыштың орын ауысуынан болып отыр. Ондайда толықтауыштардың да ерекше екпінмен басым мағынада айтылатынын мына мысалдардан коруге болады:

- *Не ақысы бар менде? Дұшпан сөзіне еріп дұшпан боламысың? Нұржанға? Бердім атты! (С. Мұқанов). Көрсетпе көз жасыңды! (М. Әуезов).*

Толықтауыштарға көбірек инверсия жасалатын сөйлем - диалогты сөйлем. Диалогты сұраулы сөйлемнің мазмұны-

на лайық оғаш берілетін жауап толықтауыштан басталса, онда оған инверсия жасалып, басқа сөздерден гөрі басым мағынада айтылғандағысы.

- *Кімді күтіп отырсың?*
- *Амантайды күтіп отырмын.*
- *Бұл ақшаны кімге берейін?*
- *Рабиғаға бере ғой.*

Анықтауыш, пысықтауыштар көбінесе басқа сөздермен қатар тұру арқылы байланысатындықтан, оларды әрі-бері жылжытуға болмайды, болса да, ондай мысал көп кездеспейді. Ал ілік жалғауы жалғанған анықтауыштар мен барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғауларындағы пысықтауыштарға толықтауыштардай инверсия жасауға болады. Сондай-ақ инверсия жасай беруге көнгіш пысықтауыш - мезгіл үстеулері мен көсемшелерден жасалған пысықтауыштар:

1. Үлкен кісісің ғой, апа, көпті көрген (С. Мұқанов).

Осындай да табан бола ма екен қырық тесік! (Ғ. Мүсірепов). Сақижан, жүр тезірек! (Ғ. Сланов).

Бүгін, міне, қарасам, бір көш кетіп барады (Жамбыл). Тәңірі сұлулықтың, ақын Сара, үйректің сұңқарындай тудың дара (Х. Жұмалиев). Ақырындап ат қозғалды (Б. Майлин). Кетерде Боржабай маған амандасқан жоқ, мен оған амандасқаным жоқ (С. Мұқанов). Дұрысы — ... менімен амандасқан жоқ, мен онымен амандасқаным жоқ.

Заттың түрін, түсін білдіретін бірыңғай анықтауыштардың орындарын өзгертіп айтуда мән болмайды. Сондықтан қайсысын бұрын қойсам екен? деп қиналмайсың. Мысалы: *сары, көк, жасыл түс (жасыл, көк сары түс), күшті, қарулы, епті жігіт (қарулы, епті, күшті жігіт), түлкі тымақты, барқыт қамзолды, ақ сақалды кісі (ақ сақалды, түлкі тымақты, барқыт қамзолды кісі).*

Егер бірыңғай анықтауыш біркелкі болмай, түрлі-түрлі сапа болса, және бір заттың маңында әр түрлі бірнеше анықтауышы болса, олардың ішіндегі заттын ең негізгі сыны болатыны басқа анықтауыштардан кейін, анықталатын сөздің қасында тұрады:

Дередей үлкен жұп-жұмыр ақ тай — қысырдың тайы. Сары қыз әдемі сары келіншек болыпты. Жасында ат жақтылау, қыр мұрындылау сияқты еді, қазір дөңгелек көзді.

май мұрындылау, ет-женді, толық әйел болуға бет алыпты (Ғ. Мұстафин).

Оң жақ бұрышта ешбір сәнсіз, ретсіз үйіле салған үлкен пеш түр ... Үстінде ыждаһатты, қолмен жиылған сұрғылт түсті, көнетоздау екі-үш көрпе, жастық, (М. Әуезов).

Сөзді дұрыс орналастырудың стильдік қызметі ерекше болатындықтан, соның жайын көбірек айттық. Бұдан сөйлем мүшелерінің сөйлемде орналасу, орын ауысу тәртібі қалай болатынын аңғаруға болар. Одан сөйлемді тек осылай күр деген ұғым тумау керек. Тілдің бұл жайында да мүмкіншілігі мол. Соларды таңдай, талғай білу - үлкен өнер. Сөздің қит етсе, қисық кететін, дөп түссе, жымдаса кететін сырын сезгіш, білгіш болу керек.

§56. Қайталама сөздер мен бірыңғай мүшелердің стильдік қызметі

Сөйлемдердің стильдік кескінін сөз еткенде, олардың құрамындағы мүшелердің тек санына қарамаймыз, - сапасына қараймыз. Әдетте сөйлемдердің сөздері барынша сығымдалған, аз сөзбен көп мағына беретіндей болмай, шұба-лаңқы болса, не бір сөзді бір және іргелес сөйлемдерде қайта-қайта айтыла берсе, ондайды стильдік қате, тіл жарлылығы деп білеміз. Жазушы Ғ. Мүсірепов “Әдебиет тілі жайында” деген бір мақаласында мына бір сөйлемдерде сондай басы артық орынсыз қайталауы бар екенін сынға алған болатын:

“Сонымен Сұлтанмахмұттың лирикасы поэма сияқты ұзақ болып, поэмасы лирикалық болып, лирикасы мен поэмасының арасы жақын жатады. Яғни, Сұлтанмахмұттың өлеңдері әлеуметтік лирика болып, сондықтан да көлемді, ұзақ болып келсе, поэмалары сюжетсіз болып; бірақ, лирикалы болып, әлеуметтік лирика болып келеді”.

Осы бір іргелесіп, қатар айтылған екі сөйлемде *лирика, поэма*, әсіресе *болып* сөздері жөн-жосығы жоқ бірнеше рет қайталанып айтылған. (Мен сол сөйлемдерді оқығанда, есік алдында күрт езіп отырған бір әйел есіме түсті). Мұндайды өрескел стильдік қате деп білеміз. Әдетте қаламының

ебі бар кісі бір сөзді қайта-қайта жазып оқушыны ығыр қылмайды, бір сөзді мүмкін болғанынша екі рет айтпай, синонимдерді кең түрде пайдалануға тырысады, мысалы:

*Ежелден табан аңдысқан
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім*
(М а х а м б е т).

*Жел жіберіп, бір желпіп,
Ауық-ауық құшақтап,
Әлсін-әлсін нұр сеуіп
Есейген асқар Гималай*
(І. Ж а н с ү г і р о в).

Сөйлемдегі бір сөзді, кейде сөз тіркесін сол сөйлемде не көрші сөйлемде қайталаудың ерекше стильдік қызмет атқаратын да орны бар. Мысалы, Б. Майлин ... *бала көп, бағып жатыр, жайнап жатыр - бірі кіріп, бірі шығып жатыр, мәз-мейрам болып ойнап жатыр - өздерінше қуанышты, шаттық тойын тойлап жатыр* деп әдейі күрделі-етістік баяндауыштар құрамында жатыр көмекшісін бес рет қайталаған. Сол арқылы жазушы мәз-мәйрам көп баланың жалынды жастық күйін өте әсерлі суреттеген. Бір сәтте, біріне-бірі ұласа көзден өтіп жатқан ауыл көрінісін әсерлі етіп, жандандыра суреттеу үшін жатқан есімшесіне біткен күрделі анықтауыштар көршілес сөйлем сайын әдейі қайталап отырған мына үзіндіге назар аударайық

Қабаққа келіп қарасаң, көз ұшындағы жердің бәрі көрінеді: еріп жатқан қар, ... көлкіп жатқан су, қардан-қарды сағалап итініп бара жатқан жүргінші, андайлап жайылып жатқан мал, асыр салып асық ойнап жатқан жас балалар, суат басына алқа-қотан тұра қалып әңгіме соғып жатқан қыз-келіншек... (Б. Майлин). Бұл атаулы сөйлемдерді үндестіріп дала көрінісін осылай суреттеген жазушының сөздік бояуынан бір мезгілде өз ара ұласқан қимыл, күй, экспрессивті әрекет, дала, ауыл өмірінің динамикасын көз алдына елестетеді.

Сөйлемге эмоциялық әр берудің көп тәсілінің бірі - бір сөзді әдейілеп бірнеше рет айту болса, кейде бір сөйлем

мүшесін түрлі-түрлі сөздермен бірыңғай етіп жұмсай білу. Мысалы: *Қазір менің ойым Ақбота мен Нинаны бір машинаға мінгізіп, осы үлкен жолмен осы үлкен көпірге қарай ағызып алып келе жатыр* (Ғ. Мүсірепов). Бұл сөйлем - әрі экспрессивті, әрі эмоциялы. Біріншіге негіз болып тұрған - *ағызып алып келе жатыр* деген баяндауыш та, екіншіге негіз болған — *осы үлкен* деген анықтауыш. Ол бір сөйлемде, екі рет айтылып, екі заттың анықтауышы болған. Солай ету арқылы жазушы кісі арманының ойнақы, көтеріңкі қиял екенін аңғартады.

“Ақ Жайық” романында Мәмбет казармаға кіріп келіп, карауыл жасақшыға: *Әжіғали мен Жапалақты оят!.. Тез!* - деп зекіп асықтырады. Жасақшы оның әмірін екі қылмай: - *Қазір Мәмбет аға. Қазір оятам...* - дейді. Осындағы қазір сөзінің екі рет айтылуында үлкен мән бар. Жазушы сол арқылы жасақшы сөзінің екпінді, өзінің тіл алғыш екенін сездіреді.

Мына сөйлемде *сол* сөзі үш рет қайталаанады:

Сол ақ жібек шымылдық, сол биік сүйек төсек, сол жасау тегіс орнында. (М. Әуезов).

Бұл мысалда *сол* сөзін қайта-қайта айту арқылы бір сөйлемдегі әрбір бірыңғай мүшеге ерекше назар аударылған.

“Қазақ солдаттында” бір жауынгердің туып-өскен қаласын көруге ынтықтығын сездіру үшін жазушы: *Туып өскен қаланың таныс заводтары мен таныс үйлері, таныс адамдары көз алдына келер еді,* - дейді. Мұнда *таныс* сөзі үш рет айтылған. Сол арқылы анықтауыш қызметіндегі *таныс* сөзіне ерекше ой екпіні түсірілген, сөйлем әсерлі болып шыққан. Сондай-ақ *Бұл да әлі тым жұқа, тым нәзік, тым қалтырауық* (С. Мұқанов) деген сөйлемде де сөз қайталау арқылы айтылған ой тайға таңға басқандай айқын да әсерлі шыққан.

Сөйлемнің бір мүшесін қайталау әсіресе шешендік өнердің көркем әдебиеттің өте ұтымды, әрі әсерлі тәсілінің бірі болады. Оларда қайталаулар екі түрлі орайда эмоциялы-экспрессивті қызмет атқарады:

1. **Анафора** (басталуы бірдей). Мұнда қатар айтылған бірнеше сөйлем, кейде өлең шумағының бірнеше жолы бір сөзден басталады. Сөзді солай қат-қабаттап

жұмсау арқылы ойды күшейтуге, әсерлі етуге болады. Анафора қазақ тілінде өленді сөйлемдерде көбірек кездеседі:

*Мен - мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде,
Еніреп жүрген ер едім*
(Махамбет).

*Жау, жау, жаңбыр! Жау, жаңбыр!
Жау! Егіннің көгі өссін!
Сұлудай бұран құрақты
Айдын шалқар көгі өссін!*
(Б. Майлин).

*Әлде жеке кетсін бе?
Әлде жаппай сепсін бе?
Болмас па екен қиынды?*
(І. Жансүгіров).

*Сок, жігіт! Сок, сок, жігіт! Күйінді тарт!
Лапылдап! Жандыр! Күйдір! Құмарт! Құмарт!*
(І. Жансүгіров).

2. Эпифора (аяқталуы бірдей). Мұнда қатар айтылған сөйлемдердің өлең жолдарының аяқталуы бірдей болады.

Қазақ тілінде сөйлемнің соңында көбінесе баяндауыш тұратындықтан, іргелес сөйлемдердің баяндауыштары қайталанады.

Сол арқылы кісінің ойы ерекше тәптіштеліп айтылған болады:

*Шыныңды айт, неге бөгелдің,
Жүрекке жара салған кім?
Махаббат, талап, жіберді?
Тамырын қиып алған кім?*
(І. Жансүгіров).

*Ер қайда? Аруақ қайда? Намыс қайда?
Жау шапты аулыңды Алатауда*
(І. Жансүгіров).

*Мұнар да мұнар, мұнар күн
Бұлттан шыққан шұбар күн...*
(М а х а м б е т).

Сөздерді осылай, белгілі мақсатпен лайық қайталау бар да, мақсатсыз қайталау бар. Мақсатсыз айтылған басы артық сөз көзге шыққан сүйелдей жазу стилін ауырлатып тұрады. Ондайдан безу үшін сөз бен сөзді, жалғау мен сөзді, жалғау мен жалғауды топтастырып, ықшамдау керек. Сонда сөзге орын тар болсын, айтқан ойын кен болсын деген мақсат қойылады.

Сөйтіп, бір сөзді бір сөйлем ішінде бірнеше рет қайталаудың да ерекше стильдік қызметі болады екен. Сол сияқты стильдік қызмет бірыңғай мүшелерге де жүктеледі. Бірыңғай мүшелердің ол қызметін түсіну үшін бір-екі сөйлемге талдау жасайық:

1. *Қорықпаймын енді мен,
Аңыздан, желден, бораннан*
(Т. Ж а р о к о в).

Бұл сөйлемде шығыс жалғаулы үш жанама толықтауыш бар. Олар біріне-бірі бағынбай, әрқайсысы өз бетімен, бірақ өз ара байланысты тізбек ретінде бір сөзге бағынған: *аңыздан қорықпаймын, желден қорықпаймын, бораннан қорықпаймын*. Осылай бөлшектеп айтсақ, ойымыз ықшамдалмаған болар еді. Мұндай сөйлемді жинақты етіп құрау үшін біріне-бірі қарайлас, синтаксистік қызметі бірдей бірыңғай мүшелерді бір сөзге бағындырып, бір сөйлем құрамында айтамыз.

Осылай ету, бір жағынан, бірнеше сөйлемді бір сөйлем ішіне сыйыстыру амалы болса, екінші жағынан, көп сөздерді бір сөйлем ішіне тізбектеу арқылы оның іргесін кеңейтіп, жайылма ету амалы болады. Мұндайда бірнеше бірыңғай бастауыштың бір баяндауышы, бірнеше бірыңғай баяндауыштың бір бастауышы, бір толықтауыштың бірнеше анықтауышы т. б. болуы мүмкін. Сөйтіп, бірыңғай мүшелі сөйлемдердің мағыналары кеңіп, ой айқындала, саралана түседі.

2. *Айшаның майысыңқыраған сымбатты ұзын бойы,*

ашық жүзі, қоп-қою, қап-қара қасы, мұңайған кер көзі оның қалың ойда, ауыр қайғыда екенін білдіретін еді. (С. Сейфуллин).

Бұл - жайылма сөйлем. Оның бірнеше бастауыштары бар: *бойы, жүзі, қасы, көзі*. Бұлардың тұлғасы бірдей, баяндауыштары бәріне ортақ - білдіретін еді. Әрбір бастауыштың анықтауыштары бар. Соның ішінде *бойы - майысыңқыраған бойы, сымбатты бойы, ұзын бойы*.

Бұл анықтауыштардың тұлғалары да, мағыналары да төрт түрлі: *Айшаның* - ілік жалғауындағы зат есімнен болған анықтауыш, *майысыңқыраған* - есімшеден, *сымбатты* - туынды сын есімнен, *ұзын* - сапалық сын есімнен болған анықтауыштар.

Мұндай түрлі тұлғадағы әр қилы анықтауыштар бірыңғай болмай, әрқайсысы айырым әуенмен айтылмай, бәрі біріне-бірі ұласа айтылады. Соларды *қоп-қою, қап-қара қасы* дегенмен салыстырайық; мұнда екі анықтауыш бар: *қоп-қою* (қасы), *қап-қара* (қасы). Бұлар - біріне-бірі ұқсас, бірыңғай анықтауыштар, олардың айтылуы да басқаша: ол екеуін екі айырып, әрқайсысын ұластырушы интонациямен айтамыз.

Бірыңғай мүше болған сөздердің мағыналары әдетте біртектес, тұлғалары біркелкі.

3. *Қыран көзді, қаһарлы қара мұртты, атақты қолбасшыны бірден таныдым* (Ғ. Мүсірепов). Осында төрт бірыңғай анықтауыш бар: *қыран көзді, қаһарлы, қара мұртты, атақты*. Бәрі де - зат есімдерге -лы, -ді, -ты жұрнағы жалғану арқылы жасалған туынды сын есімдер. Бірыңғай мүшелерді осылай, мағыналық, тұлғалық сыбайластығына қарап сөйлем құрай білуге де белгілі дағды керек.

Сонымен қатар, тұлғалас бірыңғай мүшелерді әрқайсысына бөлек-бөлек жалғау, жұрнақты жалғай бермей, оларға қатысты шылау сөздерді көп қоспай ықшамдап, ортақтастырып та жұмсауға болады. Мысалы: *Туған жер, өскен ел, жақын жандарды сағынғанда, әр кезде жақсы жағдайда көргің келеді* (Ғ. Мүсірепов). Бұл сөйлемдегі бірыңғай толықтауыштар: *туған жер, өскен ел, жақын жандарды* - бәрі де табыс септігінде, бірақ табыс жалғауы тек ең соңғы тура толықтауышқа жалғанған да, ол басқаларына да ортақ болған. *Әбілда ... ауылға атпен бір келіп, бір кетіп*

жүр (С. Сейфуллин). Мұнда көмекші жүрді етістігі бірыңғай екі баяндауышқа ортақ - *бір келіп жүрді, бір кетіп жүрді*. Осылай айтылса, сөйлем ықшамдалмаған, шұбалаңқы, жазушының стилі нашар болар еді. Ондай стильдік қателер жібермеу үшін мынадай мүмкіншілікті пайдалана білу керек:

1. Бірыңғай мүшелердің, мысалы, толықтауыштардың, ең соңғысы жинақтаушы болады да, тиісті септік жалғау тек соған жалғанады.

Құнанбай ... Тоғалақ, Әнет, Бекенді де шақыртты. Олар үлкен-үлкен теңдерді шешіп, қымбат кілем, әсем түс киіз, алаша, көрпелерді алды (М. Әуезов). Әркім күрек, сүймен, зембілдерін ала барады (Ғ. Сланов).

2. Бірыңғай күрделі мүшелерге қатысты көмекші етістікті не бір көмекші есімді барлығына ортақ етіп, ең соңғысынан кейін бір-ақ рет айтуға болады:

Жайқалып келіп, жағаға тірелген көк майсалы майда жел ақырын ғана тербетіп, теңселтіп қояды. (Ғ. Мүсірепов). Жұрт кешкі шаруаларын жайғап, малдарын қотандап жүр. Бай балалары ... қызыл кілем барқыт көрпелердің үстінде жатады. (С. Сейфуллин). Көк жүзінің шарбы бұлты әлдеқайда тарап, сіңіп, жоқ, болып жатты (Б. Майлин). Айшаның ... мұңайған кер көзі оның қалың ойда, ауыр қайғыда екенін білдіретін (С. Сейфуллин). Бәкен қуанған да, ренжіген де жоқ. (Б. Майлин).

Бірыңғай мүшелерді саралап, әрқайсысына ерекше мән бере, екпін түсіре айту үшін мынадай амалдар қолданылады:

1. Бірыңғай мүшелердің әрқайсысынан кейін де жалғаулығы қойылады:

Сарғайып қураған шөптер де, бұталар да, бұталардың жапырақтары да жаңбыр суын жұтып, жасарыңқыраған сияқты (С. Сейфуллин). Жақсылық та, Баршагүл де, Қайырбек те, Мұхит та қуаң қағып, шапшан бұрылып, төңірекке көздерін жіті жүгіртеді (Ғ. Сланов). Сот та, милиция да - бәрі де комитет” (С. Сейфуллин). - Көпей жұртқа өзінің ажарымен де, естілігімен де, тазалығымен де ұнайтын еді” (Ғ. Мұстафин).

2. Бірыңғай мүшелер мен, пен, беп (менен) жалғаулығы арқылы екеу-екеуден қосақталады:

Олардың бұтақтарынан алма мен алмұрттың, өрік пен инжірдің, шие мен шабдалының неше сорттарын кездестіресің (С. Мұқанов). Ақ пен қара, қызыл мен көк, күрея мен қына сары біріне-бірі еппен тоғысып, бәрі жымдасып тұр” (Ғ. Мүсірепов).

3. Бірыңғай мүшелердің алдына бір, я, әрі, не, кейін сөздерін қою арқылы да оларды тәптіштеп таңдап-талғап жұмсаймыз:

Оның көзі бір ашылып, бір жұмылады (М. Әуезов). Әбілдә ... ауылға ... бір келіп, бір кетіп жүрді (С. Сейфуллин). Қара жігіт саған бір, Айшаға бір қарады (С. Сейфуллин). Олар әрі қызғаншақ, әрі жорымтал, андығыш (М. Әуезов).

Ол сенің я нағашың, я жиенің... (Абай). Оның сазарған түрінен не көнгендігі, не қарсылығы байқалмайды (Ғ. Мүсірепов). Кейде оңға бұрып, кейде солға бұрып темір жолдар кетіп жатыр (Ғ. Мүсірепов).

4. Бірыңғай мүшелер (көбінесе бастауыштар) тізбектеліп айтылады да, олардың ең соңғысына “көптік жалғауы жалғанады, кейде одан кейін да жалғаулығы да қойылады. Мұндайда көптік жалғаудағы соңғы сөз бірыңғай мүшелерді жинақтаушы да болады:

Ербол, Көкпай, скрипкашы, әнші Мұқа, Баймағамбетте бір топ болып кірді. Ұранқайда Көкпай, Ерболдар да шайын ішіп болыпты. Мол жастық, қалың көрпелі жер төсек пен айнала тұтқан қалың текемет, түс киіз, кілемдер бар (М. Әуезов).

5. Қатарынан айтылған бірнеше бірыңғай мүшелерді саралап көтеріңкі мағынада, әрі бәріне де ой екпінін түсіре айту үшін олардан кейін жинақтаушы-жалпылаушы сөз қойылады:

Плуг, тырма, трактор, комбайн - бәрі де жөндеуден өтіп сақадай сай тұр (газеттен). Жігітек, Бөкенші, Борсақ, Көтібақ - баршасы да Құнанбай үстінен шағым айта бастады. (М. Әуезов). Баланың да, жігіт-желеңнің де, егдемосқал үлкеннің де - барлығының аузында бір жаңалық, бір хабар (М. Әуезов).

Мұндай сөйлемдер көбінесе көркем әдебиет тілі стилінде жиі қолданылады да, ғылыми және іс қағаздар стилінде жалпылауыш сөздер бірыңғай мүшелердің алдынан қой-

ылады. Мысалы: *Тауда өсетін ағаштар: қайық, қарағай, терек, емен.*

Өленді сөйлемдерде ойды күйкылжытып, әсерлі етіп айту үшін дыбысталу ырғағы ерекше сөздерді бірыңғай мүше қызметінде үйіп-төгіп жұмсауға да болады. Мұндайға -ып тұлғалы көсемшелерден болған пысықтауыштары бар мына үзінділерді мысал етуге болады:

*Ән салсақ, Әсеттей сал әсемдетіп,
Қоздырып делебені, әсерлетіп,
Шырқатып, шығындатып, шалықтатып,
Шапшытып, шүмектетіп, нөсерлетіп,
Талдырып, орағытып баса өрлетіп.
Самғатып, санқылдатып, сар желгізіп,
Ұрынтып, өршелентіп, бәсендетіп.
Серпілтіп, сумандатып, сексен ырғап.
Қырық қарпып, тоқсан толғап, бес өрлетіп*
(І. Жансүгіров).

Бірыңғай мүшелер жалғаулықтар арқылы байланысқанда, қай жалғаулықты қандай сөз арасында пайдалануды білу керек. Мысалы, мағыналық жақындығы күшті сөздер арасына мен жалғаулығы, әрқайсысының дербестігі бар бірыңғай мүшелер арасына және жалғаулығы қойылады. Мысалы: *кемпір мен шал, қаз бен үйрек, тау мен тас, тіл және әдебиет, химия және биология, жолдас және бауыр.*

Мен, және жалғаулықтарын бір сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің арасында пайдалануда мынаны ескеру керек: және жалғаулығы бірыңғайлардың тұйықталып біткенін де көрсетеді. Сондықтан мен сөйлемнің бас жағындағы бірыңғайлар арасында, және ең соңғысынан бұрын қойылады. Мысалы, *Базаралы мен Дәркенбай бірі үлкен, бірі жас болғанмен, екеуі бірдей өр және көңілі жүйрік адамдар* (М. Әуезов). *Райком секретары да Байжанға ауданның қазіргі және болашақтағы шаруасын жақсы білетін адам болып көрінді* (С. Мұқанов).

Жалғаулықтардың бәрі бірдей кез келген бірыңғай мүшелерді байланыстыра бермейді. Мысалы *Жұмысшы совхоз директорына немесе бас инженерге келді.* Мұнда не-

месе жалғаулығы мағыналық байланысы жоқ сөздерді байланыстырып тұр. *Жұмысшы совхоз директорына немесе бас инженерге барады* болса, бір жөн. Өткен шақта, “келді” болып айтылған етістікпен *немесе жалғаулығының әуендестігі* жоқ. Оның орнына *және жалғаулығын* қойса, не “келді”-нің орнына “бармақшы” деп айтса, сөйлемдегі сөздер жымдаса қалады.

Сөйлем мүшелерін бірыңғай етіп құрудың да қиындығы бар. Оларды қосып сөйлем құрауда қателеспеу үшін мыналарды ескеру керек.

1. Бірыңғай мүшелердің қатары бір тегіс болуға тиіс. Кейде олай болмай, бүтін мен бөлшекті, тұр мен тұрпатты араластырып айту кездеседі. Мысалы: *Киоскілер мен ларектерде өндіріс товарлары, ет, сүт, ыдыс-аяқ, киім-кешек, сыра сатылады. Ыдыс-аяқ, киім-кешек ұғымдары “өндіріс товарлары”* деген ұғымға енеді. *Жауынды күні қолым, аяғым, саусақтарым сырқырайды (саусақтарым - “қолым, аяғым”* деген ұғымға кіретіндіктен, бұл сөзді де айтпау керек еді). *Заводтар мен фабрикалар және ауданымыздың өндіріс орындары үстіміздегі жылы ірі табыстарға жетті. Заводтар мен фабрикалар өндіріс орындары* деген ұғымға енеді. Сондықтан “және ауданымыздың өндіріс орындары” деген сөйлем артық айтылып тұр.

2. Бірінен-бірінің мағынасы алшақ сөздерді бірыңғай мүше қызметінде жұмсауға болмайды. Мысалы, *қаз бен үйрек, кемпір мен шал, тау мен тас* - мағына жағынан сыбайлас қосақтар. Олардың орнына *қаз бен ағаш, кемпір мен көмір, тау мен өнер* десек, мүлде алшақ мағыналы сөздер қосақтары екені бірден сезіледі. Сондай-ақ, *ұстазда кіші пейілділік, актерлік, дикторлық өнерден басқа, суретшілік, әншілік қасиеттер болуға тиіс* дегенде, “кіші пейілділік” - өнер емес, сондықтан “актерлік, дикторлық” дегендермен ыңғайлас мүше бола алмайды. *Анадайда апыл-ғұпыл қимыл, жан-жақтан тынбай шығып жатқан дыбыстар, ат айдаушының айқайы естіледі.* Мұнда *қимыл, дыбыстар, айқай* сөздері бірыңғай болып естіледі деген сөзбен тіркескен. *Дыбыстар, айқай естіледі* деуге болар, ал солардың қатарында “қимыл естіледі” деуге болмайды.

3. Басыңқы сөзбен тіркесу қабілеті жоқ сөзді бірыңғай

мүшелер қатарына енгізуге болмайды. Мысалы, *сәлем айтты, сәлем жолдады* деген сөздер тіркесін өзгертіп, *Почтальон шопанға ферма бастығының сәлемін және сәлемдемесін тапсырды* деуге болмайды. *Көппен бірге таза, мөлдір ауаны еркін жұтып Ақмолда келеді* (таза ауа, мөлдір су, мөлдір аспан деуге болады, *мөлдір ауа* демей-міз). *А. С. Пушкиннің біліміне, талабына, талантына бас неміз* (*біліміне, талантына* бас июге болар, “талабына бас ию” болып тіркеспесе керек).

4. Мағынасы бірдей екі сөзді ептеген тұлғалық айырмашылығына қарап бірыңғай етіп айтуға болмайды. Мысалы: *Ақмолданың жұмыс күнінің әр сағатынан әр сағаты қызықты да қызғылықты*. “Лениншіл жас” газетінен алынған бұл мысалда екі қате бар: “жұмыс күнінің әр сағатынан әр сағаты” қазақша емес, дұрысы - бір сағатынан бір сағаты ... екіншісі - “қызықты да қызғылықты”. Бұлай айтудың есітер құлаққа жайлы тиетіні бар, бірақ ондай мағынасы бірдей екі сөзді тек сырт әуендістігіне қарап, бірыңғай сөйлем құрамында жұмсаудың қажеті жоқ.

§57. Қаратпа, қыстырма сөзді сөйлемдер

Сөйлем стилін түрлендіруде қаратпа, қыстырма сөздердің де қызметі ерекше. Олар сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланыста айтылмағанымен, мағыналық байланыста жұмсалып, ойды тартымды, әсерлі, дәл түсіндіруге үлкен қызмет атқарады.

Қаратпа сөз әсіресе шешендік сөзде, үндеуде, диалогты сөйлемде, кім үшін, кімге қарап, неге арналғанын және сөйлеушінің ішкі сезімін аңғарту үшін жұмсалады. Мысалы, **Шырағым, сен ағанның тілін ал** - деген сөйлемді кім айтса да, жылы шыраймен айтылып отырғаны бірден аңғарылады, оның орнына **Сен, оңбаған, ағанның тілін ал!** - десек, біреудің екінші біреуді жек көріп айтқаны аңғарылады. Бұл мағыналық, эмоциялық айырмашылықтың болуы, бір жағынан, сөйлемнің айтылу әуенімен байланысты болса, екінші жағынан, ең бастысы сөйлемде қолданылған қаратпа сөздердің мағынасымен байланыс-

ты. Қаратпа сөздердің түрлері де, сөйлемдерге енгізетін мағыналық өзгерістері де аса елеулі, олардың негізгілері мыналар:

1. Әй, ей - қаратпа сөздері бар сөйлемдер дөрекілікті білдіреді. Әй, *Олжабек бері кел* (Ғ. Мұстафин). *Бала, әй бала, қайдасың?* - деді аттылы адам (С. Ерубәев).

2. Бірқатар қаратпа сөздер біреуге жылы шыраймен жасы кішіні жақын көріп сөйлегенде қолданылады. Олар - *қалқам, шырағым, күнім, сәулем, бауырым* сияқты біреуді басқа затқа балап айтқан сөздер. Мысалы:

*Қарағым, бермен кел,
Бізге де көңіл бөл!*

(А б а й).

- *Құстың жемін әкелші, қалқам, - деді Амантай Бота-көзге* (С. Мұқанов). *Шырағым, сен абыржыма, Жылама-шы, күнім* (Ғ. Мүсірепов). *Балалар, аманбысың, шырақтарымы?* (Жамбыл), *Не сөздің, айтшы, күнім, айым* (М. Әуезов). *Әбіш, қалқам, сенбісің?* (М. Әуезов).

Мұндағы сөйлемдердің эмоциялық мағыналарын әлі де болса құбылта түсу үшін қаратпа сөздердің құрамына модальді шылау сөздер (ай, ау) қосылған.

- *Қарағым-ай, сен бе едің?* (Ғ. Мүсірепов).

- *Қарағым-ай, тұршы тезірек..... Күнім-ау не істегелі жүр едің?* (С. Мұқанов).

3. Біреуді жақын көріп, ұлық санап не еркелеп сөйлегенде, кісі атын қысқартып Ақа, Сәке, Жәке деп немесе *інішек, қарындас, апа, апеке, ағатай, жеңеше* деп, *пәленше аға, пәленше апа* деп, немесе орысшаның ізімен кісінің аты мен әкесінің атын қоса айтады.

- *Ақа, қозың бүгін түгел ме?*

- *Түгел, қарағым!* (Ғ. Сланов).

- *Ибрагим Құнанбаевич! Әрине, белгілі, сіз басы алтын адамсыз* (М. Әуезов). *Апа-ау, алты ата екені рас емес пе?*

Әдетте қаратпа сөздер адамды нысанаға алып айтылатын сөз болса, көркем әдебиетте сөйлемге ерекше эмоциялы әр енгізу үшін жансыз затты жанды, адам тәрізді қаратпа етіп те жұмсайды.

*Сайра да зарла, кызыл тіл,
Қара көңілім оянсын!*

(А б а й).

*Тыңда, дала, Жамбылды,
Тыңда, Қастек, Қаскелен,
Сөйлесін кәрі бауырың*

(Ж а м б ы л).

*Ей, Аққу, сәлем деші жолыққанға
... Еркінді қу қайғыға берме, көңілім.
Күйленіп бұрынғыдай серме, көңілім.*

(С. С е й ф у л л и н).

*- Е, кызыл гүл, таң атарда шешек атып
сыланасың...*

(С. Е р у б а е в).

*- Уылжыған ақша бет, қуарсайшы!
Жылап-жылап, мөлдір көз, суалсайшы...
Мал орнына қор болып кеткеніңше...
Өліп қана, қыз сорлы, уансайшы!*

(С. С е й ф у л л и н).

5. Қаратпа сөздер - жұртқа шешендік бет бұрудың, ұран-үндеудің ерекше бір тәсілі ретінде де жұмсалады. Мысалы, *Мырзалар! Қымбатты достар! Азаматтар!* сияқты сөздер мұндайда жиі қолданылады.

6. Қаратпа сөздердің мағыналарын күшейту үшін олар бірыңғай қатар тұрып, кейде екі жарылып не одағай сөздермен қабаттасып айтылуы да мүмкін.

- *Сақтаған, Нұрбек, сендер өз үйлеріңе баратын шығарсыңдар?* (С. Мұқанов). *Арылма, өлең, арылма, домбырам, күйден жаңылма!* - *Күнім, қарағым, сен бе едің?* (Ғ. Мүсірепов). *Балалар, аманбысың, шырақтарым, майысып көлге біткен құрақтарым?* (Жамбыл). *Ойбай, Балжан-ау, менің ойымда... ештеңем жоқ ... Көңіліңе ауыр алма, қарағым!* (С. Сейфуллин). *Ойбай-ау, не дегенің, қарағым!?* (С. Сейфуллин).

Қыстырма сөз - сөйлемге модальді мағына үстейді. Модальділік - айтылған ойға айтушының көзқарасын қоса білдіру. Әрбір сөйлемге сондай модальділік тән. Мысалы, сөйлеуші, жазушы бірдеңенің жайына көзі жетіп не болжап, не күмәнданып сөйлем құрауы мүмкін: *Қайыржан келді. Қайыржан келетін шығар. Қайыржан келер ме екен?* Сөйлемнің осындай мағыналық айырмашылықтарын түрлендіре түсу үшін оның ішіне оқшау сөз қосып айтуға да болады. Мысалы, *Мен білсем, Қайыржан, бүгін келеді. Қайыржан, шамасы, бүгін келетін болар. Қайыржан, кім біледі, келе ме екен?*

Қыстырма сөздердің бірқатары ойдың айтылу тәсілін, өз ара қатынасын, тағы басқа мағыналарды білдіреді. Қысқа сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының көзқарасын да білдіру мақсатымен қыстырма сөздер сөйлем құрамына еніп отырады.

Қыстырма сөздер осындай стильдік қызмет атқаруда сөйлемге ерекше эмоциялы-экспрессивті де мағына енгізеді. Бұл жағынан әсіресе кісінің көңіл күйін, сезімін білдіретін қыстырма сөздердің орны ерекше.

Мына атының сымбаты, шіркін, өзгеше екен! Шіркін, жер-ақ екен! (Ғ. Мүсірепов). *Шынын айту керек, мен мұны бұрын білмеуші едім. Не істер дейсің, тәйір? - деп, Қайрақбай әкеме қайрат берейін деді* (С. Мұқанов). *Е, бәсе, солай болу керек еді!* (С. Мұқанов). *Амал қанша, сен дұрыс айтып тұрған жоқсың* (Ә. Әбішев). *Биыл, несін айтасың, егіннің шығымы өте жақсы!*

§ 58. Толымды және толымсыз сөйлемдер

Айқын ойлы кісінің әрбір сөйлемі дұрыс құралып, ой-пікірі жетер жеріне жеткізіле айтылады. Ол үшін тілде бар әр алуан сөйлем түрлерін дұрыс ойдың формасы ретінде пайдаланады. Мысалы, жазушының кітабына көз жіберсек, не баяндамашының сөзіне құлақ қойсақ, олардың сөзінде сөйлемнің әр түрі болатынын аңғарамыз. Соларға синтаксистік талдау жасау арқылы дәл айқындауға болады. Ал жазушы мен баяндамашы ойын хабарлауда мына жерде сөйлемнің мына түрін пайдаланайыншы, мына түрін қоя

тұрайыншы деп жатпайды. Тілді жақсы білген кісі оның байлығына қанық болады да, тілдік жалпы дәстүр, үйреншікті дағды, тілдік сөзім бойынша ойын дәл беретін сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлем түрлерін пайдалана береді. Ол білгенін саналы сезім, стильдік тұрғы талаптарымен ұштастыра білсе, құпа-құп. Тіл байлығына қанық болудың екі жолы бар: біріншісі - ата-ана (отбасы), халық “мектебі” қазанында қайнап пісу, екіншісі - халық тілін, әдеби тілдің заңдылықтарын дербес пән ретінде бастауыш, орта, жоғары дәрежелі оқу орнында оқып үйрену. Бұл екі жолды ұштастырса тілдік тәлім-тәрбиеге, ғылыми тірекке арқа сүйеген кісінің сөйлеген сөзінде, жазған жазуында стильдік қате көп болмайды.

Стилистика ғылымының талаптары бойынша - ойын анық, дәл айтылсын, бірде-бір шашау шыққан басы артық не жетіспей жатқан сөз, дұрыс құралмаған сөйлем болмасын дейміз. Сол талаптар негізінде біршама аяқталған ойды **т о л ы м д ы** сөйлеммен де, **т о л ы м с ы з** сөйлеммен де беруге болады, бірақ соның екеуі де белгілі стильдік талапқа сәйкес құралуға тиіс. Әдетте ойды толық, дәл, барынша түсінікті етіп айту үшін құрастырған сөйлемдер толымды болсын деп үйретеміз. Әсіресе мектеп оқушыларына, студенттерге тілден сабақ бергенде, сұрақтарға жауап қайырғанда, олардың құрастырған сөйлемдері толық, ойы “семіз” болса екен дейміз. Екінші жағынан, аз сөзбен көп мағына білдіруді көздейміз. Осы екі талап тұрғысынан сөйлемдерді толымды етіп те, толымсыз етіп те құрай беруге болады.

Т о л ы м д ы сөйлемнің сипаттамасы - белгілі ойға керекті сөздердің сөйлем ішінде түп-түгел айтылатындығы. Ол үшін сөздің санының көп болуы шарт емес. Мысалы, *Раушан үнсіз отыр* деген толымды сөйлем үш сөзден құралған. *Раушан біреуден жәрдем сұраудың жайын қарастырып отыр еді* (Б. Майлин) деген де **толымды**, сегіз сөзден құралған. Бұл екі сөйлемнің екеуінде де айтылған ойды көмескі етіп тұрған не әлі де дәлелденкірей түсер сөз мынау дей алмаймыз. Ал *Жасымда ғылым бар деп ескермедім* (Абай) деген - **толымсыз**. Мұнда “Мен” деген бастауыш айтылмаған. Оны ерекше айтудың да керегі жоқ. Өйткені “ескермедім” деген сөзге жалғанған жіктік жалға-

уынан (-дім) бастауыштың “мен” екені түсінікті. *Мен көрдім ұзын қайың құлағанын (Абай)* деген сөйлем *толымды*, оның бастауышы (мен) баяндауышқа жалғанған жіктік жалғаудан да белгілі болып тұрғанмен, оны түсіріп, сөйлемді толымсыз етіп айтуға болмайды. Өйткені Абай өлеңінің сол сөйлемінде “мен” деген бастауышқа ой екпіні түсіп, сол сөз сөйлемде басқа сөзден басым мағынада айтылған.

Сөйтіп, ойды кейде толымды сөйлем арқылы айту жөн болса, кейде толымсыз сөйлем арқылы айтқан жөн. Бұл сөйлем түрлерінің қайсысын қолданған дұрыс екенін белгілі контексте ғана стилистика талаптарына сүйеніп топшылауға болады. Сөйлемнің толымсыз болуы - шұбалаңқылықты ықшамдылық арқылы жеңудің тәсілі, бірақ толымдының бәрі шұбалаңқылықтың белгісі емес, - ой дәлдігін сақтаудың амалы. Сондықтан, мысалы, *Кеменің алдыңғы тұмсығында ... мен тұрмын* дегендегідей екпін түскен бастауыштарды түсіріп айту елеулі стильдік кате болар еді.

Толымды сөйлемдер ғылыми әдебиет стилінде жиі қолданылады да, толымсыз сөйлемдер ауызекі сөйлеу тілінде, көркем әдебиетте жиі қолданылады.

Сөйлеу тілінің бір ерекшелігі - онда әдетте екі не одан көп адам өз ара беттесіп сөйлеседі. Олай сөйлескен кісілердің пікірлесу тілдік қарым-қатынасы тығыз болатындықтан, олардын сөйлемдері қысқа-қысқа, тұжырымды, бірімен-бірі ұласқан, ортақ сөзді болып та келеді. Ондайды көркем әдебиетте жазушы көбінесе диалог түрінде береді. Мына сөйлемдерге назар аударайық:

- *Осы жиналысты басқаратын адамдар керек, соған араларыңыздан бір-екі әйелді сайлауларыңыз керек, - деп әлгі әйел бір түсіндіріп өтті.*

Ермек әлденеге күлімсірей түсті де:

- *Мына келін жарайды ғой, осы кісіні сайлау керек, - деп Раушанды ұсынды ...*

- *Атыңыз кім?*

- *Раушан.*

- *Жиылысты басқарушылардың біріне Раушанды сайлауға қарсылықтарыңыз жоқ па?*

- *Жоқ.*

Осы сөйлемдер өз ара іштей логикалық байланыста болғандықтан, толымды мен толымсыз кезектесіп, бірімен-бірі сабақтасып айтылған. - *Мына келін жарайды ғой. Осы кісіні сайлау керек* дегенде, мына келін неге жарайды, неге сайлау керекті айтылмаған. Сонда да сөйлем түсінікті. Олар алдыңғы сөйлемде айтылған. Сондай-ақ “Раушан”, “Жоқ” деген жеке сөздер көп мүшелі жайылма сөйлемдердің орнына жұмсалған. Оларды толымды етіп айтқанда:

- *Менің атым - Раушан.*

- *Жиналысты басқарушылардың біріне Раушанды сайлауға қарсылығымыз жоқ, - деу керек болады.*

Жоғарғы орында бұл сөйлемдерді олай шұбаланқы құраудың керектігі жоқ. Ол арада сол бір-бір сөз бірнеше сөздің орнына жүріп тұр.

Әлгідей толымсыз сөйлемдер пьесалардың тілінде де көп кездеседі:

Т ә к е ж а н. *Абай, тоқташы, сен қайда барасың осы?*

- А б а й. *Немене, жиынға барам.*

- Т ә к е ж а н. *Барма, тілімді алсаң, барма бұл жиынға.*

А б а й. *Оны қайдан шығардың? Барамын.* (М. Әуезов).

Осы мысалдардағы толымсыздықтың негізі - қатар айтылған сөйлемдер байланысы. Ондай ара қатынас авторлар баяндауында да болады. Автор сөзіндегі бір не бірнеше сөйлем мүшесі алда айтылған сөйлемнен де түсінікті болатындықтан, кейінгі сөйлемдер толымсыз бола береді.

Шұлығынан аяғы шығып, алба-жұлба болып, бүрсендеп бір әйел келеді. Оң жақ көзі көгеріп, ісіп кеткен. Пешке аркасын сүйеп отырып ауыр күрсінді (Б. Майлин). Осы үш сөйлемнің алдыңғысы - толымды да, соңғы екеуі - толымсыз. Толымсыз сөйлемдер де әңгіме “бір әйел” туралы екені алдыңғы толымды сөйлемнен түсінікті. Сондықтан *әйелдің оң жақ көзі көгеріп, ісіп кеткен әйел пешке аркасын сүйеп отырып, ауыр күрсінді* десек, қатар айтылған үш сөйлемде бір сөзді орынсыз қайталаған болар едік. Олай ету - стильдік қате. Жазушы Б. Майлин соны сезіп, жоғарыда келтірілген мысалдағы екінші, үшінші сөйлемдерді толымсыз етіп жазған.

Сөйтіп, сөйлемнің толымсыз болуы оның жұмсалу жағдайымен, маңындағы басқа сөйлемдерге қатысымен байла-

нысты екен. Мұндағы принцип - қатар айтылған бірнеше сөйлемнің бір сөзге ортақтасуы. *Жайық бетінде... өз жүрегіннің соғуымен өзі дірілдеп, “Қазақстан” деген кеме тұр. Келіп міндім де, ең жоғарғы үшінші қабатына көтерілдім* - дегендегі ортақ сөз - кеме (*кемеге, кеме-нің*).

Сөздерді, кейде грамматикалық тұлғаларды, ортақтастыру - сөйлемдерді тұжырымды, ықшамды етіп құрудың тәсілі. Бұл тәсілді дұрыс түсініп, керегінде өз жазуында пайдалана білу үшін оның мынадай орындарға ортақ бола алатынын білу керек:

1. Екі іргелес сөйлемді бір баяндауышқа ортақтастырып айтуға болады: *Рабиға біресе есікке қарайды, біресе маған қарайды*. Осы сөйлемді Б. Майлин: *Рабиға ... біресе есікке, біресе маған қарайды* деп жазған. Мұндайды синтаксисте “сыйыса құрмаласу” дейміз. Қайсысы дұрыс? Екеуі де өз орнында - дұрыс: егер жазушы “қарайды” сөзіне ерекше мән беріп, сөйлемді ерекше экспрессивті етіп айтқысы келсе, “қарайды” сөзін іргелес екі сөйлемде де қайталауы мүмкін. Олай етпей, сөйлемді ықшамдап, Рабиғаның тек қарау тәсіліне ерекше мән беру үшін сөйлемді экспрессивті еткісі келгенде, оны Бейімбетше, *Рабиға біресе есікке, біресе маған қарайды* деу керек болады. Қазақта “Қоянды қамыс өлтірер, ерді намыс өлтірер” деген мақал бар. Осыны *Қоянды қамыс, ерді намыс өлтірер* деп екі сөйлемді бір сөйлемге сыйыстыруға болады. Бірақ екеуі бір емес: алдыңғыда экспрессивті мағына бар да, соңғыда ол жоқ, солғын. Сол сияқты *Жүнді су көтереді, жүйрікті ду көтереді, қайғыны ер көтереді* дегенде, көтереді үш рет қайталанған. Соны ықшамдап: *жүнді су, жүйрікті ду, қайғыны ер көтереді* деуге болады. Бұл арада да сөйлемді ықшамдау стиль тұрғысынан, ұтымды болмайды. “*Бір жерде күш көрсетіледі, бір жерде өнер көрсетіледі, бір жерде мінез көрсетіледі*” дегенде, баяндауыш (көрсетіледі) үш рет қайталанған. Бұлай айтуда да қайталанған сөздің пәлендей стильдік қосымша қызмет атқарып тұрғаны аңғарылмайды. Сондықтан М. Әуезов сол үш сөйлемді сыйыстырып былай жазған: *Бір жерде күш, бір жерде өнер, бір жерде мінез көрсетіледі*. Бұл әрі ықшам, әрі әсерлі.

Сөйтіп, қатар тұрған сөйлемдерде бір сөзді қайта-қайта

айтудың дұрыс болатын да, дұрыс болмай, оларды ықшамдап, ортақ етіп айтудың дұрыс болатын да жері бар.

2. Қатар айтылған сөйлемдердің алдыңғыларында аталған мүшелерді соңғы сөйлемдерге ортақ етіп толымсыз сөйлем құрауға болады:

Ұзындығы көшедей, үш қабат көгілдір кеме. Жайықтың ортасын толтыра, езуін көпірте, еркін есіп, жайқап келеді. Орал - кәдуілгі үлкен қала, оның үстіне көркем де қала. (Ғ. Мүсірепов).

Мұндағы “кеме”, “Орал” сөздерін көрші сөйлемдерде қайталап жазу сөйлеу стилін ауырлатқан орашолақтық болар еді.

Кейде сөйлем арасындағы сөздердің желісін үзбей, мағыналық байланысын күшейту үшін бір мүшені қайталамай оның баламасын, орнын басатын сөздер жұмсалады.

- Мына тиеліп келе жатқанды көрдің бе? ... Толып жатқан машина, сайман ... Ал, бұл неткен машина, не істейді?, оны екеуміз де білмейміз. Мүмкін, бір-біреуі жүз кісінің істегенін істейтін шығар! Оны екеуміз білеміз бе? Жоқ. Біз, баяғы, мал бағуды ғана білеміз! (Ғ. Мүсірепов).

3. Сөз мағынасы ортақ толымсыз сөйлемдер сөйлеу тілі стиліне тән болатындықтан, көркем әдебиетте персонаждардың өз ара беттесіп сөйлесу орайындағы диалогтарда өте жиі кездеседі;

Қол алыстың аяғы қоржын шешуге әкелді. Екеуі де малдасын құрып алып, қоржындарын шешіп, қапшыққа сап аузын байлап айран қымыздарын шайқай бастады:

- Іш, іш, бауырым түрікпен!

- Же, же, қазақ, туысқаным! (Ғ. Мүсірепов).

4. Толымсыз сөйлемнің ішінде айтылмаған, мүшелерді жоқтатпайтын белгінің бірі - жақтық қосымшалар. Жіктік жалғаулары сөйлемдегі бастауыштың, тәуелдік жалғаулары ілік жалғаулы анықтауыштардың, қай жақтық екенінің айғағы болатындықтан, ол мүшелерді екінші бірінде (ой екіні түспегенде) түсіріп, сөйлемді толымсыз етіп жұмсау көп стильге тән.

Мен ырзамын - Ырзамын. Менің айтатын сөзім көп - Айтатын сөзім көп. Біз қорықпаймыз - Қорықпаймыз. Біздің Отанымыз малға бай - Отанымыз малға бай.

Әдебиеттен мысалдар (жақшаларда түсірілген сөздер жазылған).

- *Өлеңді* қойып жүрем (едім - мен)...

- *Биекем біліп айтыпты*, шаршаған екемін (екенмін - мен). (Менің) *Даусым шығар емес*, - деп домбырасын (өзінің) қасына *қылжита салды* (Ғ. Мүсірепов).

- (Менің) *Өнегем ... болса ...* (өзімнің) тірлігімде *көрсете алдым ба* (мен), *жоқ па?* (Менің) *Өсиетім болса...* (Менің) *кұлағым, (менің) тілім барында айтып болдым ба* (мен), *жоқ па?*, *Не дәме етесің* (сен) *екеуің?..* *Не күтіп маған* (сен) *телміресің?* - *деді* (М. Әуезов).

М А З М Ұ Н Ы

| | |
|---------------|---|
| Алғысөз | 3 |
|---------------|---|

Бірінші бөлім

Стилистиканың жалпы мәселелері

| | |
|---|----|
| § 1. Стилистика курсының міндеті мен мақсаты | 4 |
| § 2. Жалпы халықтық тіл және оның формалары | 10 |
| § 3. Әдеби тіл және оның нормасы | 12 |
| § 4. Стилистика және оның жалпы халықтық тілге қатысы | 14 |
| § 5. Әдеби тілдің стильдері | 17 |
| § 6. Сөйлеу стилі | 20 |
| § 7. Кітаби-жазба стильдер | 26 |
| § 8. Іс қағаздары стилі мен ресми стиль | 30 |
| § 9. Публицистикалық стиль | 34 |
| § 10. Ғылыми стиль | 42 |
| § 11. Көркем әдебиет стилі | 44 |

Екінші бөлім

Тілдік құралдардың стилистикалық сипаттамасы

ЛЕКСИКА

| | |
|--|----|
| § 12. Қазақ тілі лексикасы туралы жалпы түсінік | 50 |
| § 13. Бейтарап (стильаралық) лексика | 53 |
| § 14. Сөйлеу тілінің лексикасы | 56 |
| § 15. Қарапайым сөздер | 56 |
| § 16. Диалектизмдер. Кәсіби сөздер | 61 |
| § 17. Кітаби лексика | 66 |
| § 18. Көнерген сөздер мен неологизмдердің қолданылуы | 70 |
| § 19. Неологизмдер | 74 |
| § 20. Сөздің экспрессивтік және эмоциональдық бояуы | 75 |
| § 21. Сөз және оның мағынасы | 81 |
| § 22. Метафора | 82 |
| § 23. Метонимия | 90 |
| § 24. Синекдоха | 91 |

| | |
|---|-----|
| § 25. Сөздің көп мағыналылығы және омоним | 94 |
| § 26. Омонимдер | 100 |
| § 27. Синонимдер | 102 |
| § 28. Антонимдер | 105 |

ФРАЗЕОЛОГИЯ

| | |
|--|-----|
| § 29. Фразеология туралы түсінік | 106 |
| § 30. Фразеологизмдердің стилистикалық қызметі | 108 |
| § 31. Фразеологиялық синонимдер | 112 |
| § 32. Фразеологиялық единицалардың эмоциональды-экспрессивті бояуы | 114 |
| § 33. Фразеологизмдердің экспрессивті стильдік қасиетіне қарай топтастырылуы | 115 |
| § 34. Бейтарап қолданылатын фразеологизмдер | 117 |
| § 35. Сөйлеу тілінің фразеологиясы | 118 |
| § 36. Кітаби сипаттағы фразеологизмдер | 119 |
| § 37. Көнерген тұрақты сөз тіркестері | 121 |
| § 38. Фразеологизмдерді қолданудың стилистикалық тәсілдері | 123 |
| § 39. Фразеологизмдердің жалпы халықтық формада қолданылуы | 125 |
| § 40. Фразеологизмдердің өзгертіліп, авторлық өңдеумен қолданылуы | 128 |
| § 41. Орыс тілі арқылы енген фразеологизмдердің қолданылуы | 134 |

Грамматикалық стилистика

| | |
|---|-----|
| § 42. Грамматикалық стилистика туралы жалпы түсінік | 140 |
|---|-----|

МОРФОЛОГИЯ

| | |
|---|-----|
| § 43. Морфологиялық құрылыстың негізгі стильдік белгілері | 147 |
| § 44. Морфологиялық тұлғалардың жеке стиль түрлеріне қатысы | 162 |
| § 45. Экспрессивті-эмоциональдық лексика жасайтын кейбір морфологиялық тұлғалар | 170 |

| | |
|---|-----|
| § 46. Есімдіктердің қолданылуы | 178 |
| § 47. Етістік тұлғаларының қолданылуы | 186 |
| § 48. Етістіктің шақтық тұлғалары | 188 |

СИНТАКСИС

| | |
|--|-----|
| § 49. Синтаксистің стилистикалық қызметі | 196 |
| § 50. Синтаксистік құрылыс және стильдер жүйесі | 200 |
| § 51. Синтаксистік синонимдер | 205 |
| § 52. Экспрессивтілікті білдірудің синтаксистік тәсілдері | 210 |
| § 53. Хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер | 212 |
| § 54. Сөйлем мүшелері | 219 |
| § 55. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі | 225 |
| § 56. Қайталама сөздер мен бірыңғай мүшелердің стильдік қызметі | 233 |
| § 57. Қаратпа, қыстырма сөзді сөйлемдер | 243 |
| § 58. Толымды және толымсыз сөйлемдер | 246 |

**Балакаев М., Жампенсов Е.
Томанов М., Манасбаев Б.**

СТИЛИСТИКА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Учебник для вузов

*Редактор С. Жұмабаева
Корректор С. Арпабеков
Дизайн Н. Сапарбаев*

Теруге 14.04.05 жіберілді. Басуға 20.05.05 қол қойылды.
Пішімі 84x108/32. Баспа табағы 16.0.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс 533.



Қазақстан жоғары оқу орындарының қауымдастығы,
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 42/44, тел 930502
E-mail: knigavuz@mail.ru.



ЖШС РПБК "Дәуір", 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.
Тел.: 42-36-31, 42-07-90, E-mail: rpikdauir@nursat.kz

